

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.1'0

Қолжазба құқығында

БУРКИТБАЕВА ШЫНАРАЙ ДУБИРОВНА

Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)

6D021200 – Түркітану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
филол.ғ. докторы,
профессор, ҰҒА академигі
Ә.Б. Дербісәлі

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD докторы, профессор
Хатиже Ширин Усер
Еге университеті (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ТАРИХИ-ӘДЕБИ ДАМУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК	
1.1 Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары шығармашылығы – көне түркі мемлекеттері жәдігерлерінің дәстүрлі жалғасы.....	14
1.2 Ұлттық құндылықтарымыз – елімізде өмір сүретін түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін айқындайтын құрал.....	20
1.3 Қазақстандағы түркі ақындары жырларында ортақ түркілік сарын және «Мәңгілік ел» идеологиясының жырлануы.....	27
1.4 Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы – Қазақстан халықтары әдебиетінің бір саласы.....	37
2 ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ТІЛДІК ТОБЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА РУХАНИ ТҮТАСТЫҚ	
2.1 Ахысқа түріктері ақындары шығармаларының даму барысы	42
2.2 Татар ақындары жырларында «Туған Отан – Қазақстан» түсінігінің жырлануы.....	67
3 ҚАРЛҰҚ ТІЛДІК ТОБЫНА ЖАТАТЫН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК.	
3.1 Тәуелсіз Қазақстан халықтары әдебиеті дамуындағы ұйғыр ақындары поэзиясының үлесі.....	85
3.2 Өзбек ақындары шығармаларының әдеби ерекшеліктері.....	108
ҚОРЫТЫНДЫ	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	138
ҚОСЫМШАЛАР	146

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста пайдаланылған келесі терминдердің анықтамалары берілді.

Автор – шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға.

Авторлық құқық – автордың жеке мүлдіктік және мүлдіктік емес құқықтары.

Адыген – Грузия Республикасындағы ауданның атауы.

Анадолы – Кіші Азияда орналасқан жер. Анадолы түбегінде Түркия Республикасы орналасқан.

Аспиндза – Грузия Республикасындағы ауданның атауы.

Ассамблея – Қандай да бір мемлекеттік немесе халықаралық ұйым органының аты.

Ахалкелек – Грузия Республикасындағы ауданның атауы.

Ахалцих – Грузия Республикасындағы елді-мекен атауы.

Ахыска – Грузия Республикасының бір ауданының атауы. «Қорқыт Ата» кітабында «Ахыска» сөзі «Ақ сықа» деп көрсетіліп, «Ақ қала», «Жаңа қала» мағыналары берілген.

Ахыска түріктері – Грузия Республикасының Ахыска елді-мекенінде өмір сүрген түріктер. Оларды тұрған жерлерінің атауымен кейде Месхет түріктері деп те атайды.

Грант – (ағылш. grant) – сыйға тарту, кеңшілік жасау, жәрдемқаржы; ғылыми зерттеулер мен талдамаларды орындау үшін мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеуге қайтарусыз бөлінетін ақшалай қаражат; сондай-ақ жеке тұлғаларға – ғалымдарға, өнертапқыштарға, авторларға, т.б. қайырымдылық, демеушілік көмек ретінде бөлінетін ақшалай қаражаты.

Диаспора – (гр. *διασπορά* - шашыраңқы) – әлеуметтік ғылымдарда ұлттық ата-жұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін халықтың бір бөлігі.

Диссертациялық жұмыста қолданылған келесі терминдердің анықтамалары берілген.

Ер түрік – Бұл атау Көк Тәңірісіне сыйынған ата-бабаларымызға қарата айтылады. Алашорданың гимнінде де қолданылған. Мысалы: «Арғы атам ер түрік, Біз қазақ еліміз. Самал тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз».

Желтоқсан оқиғасы – 1986 жылы 17 - 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.

Идеология – (гр. *идса – ой, пікір, идея + логос – сөз*) – ілім, қоғамдық сана. Таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана,

философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы.

Идея – (гр. *idea* – түсінік, елес, бейне) – ой, түпкі ой; бір нәрсенің (мысалы, көркем, ғылыми, саяси шығарма) негізгі ойы.

Компаративистика – Тікелей аударғанда «салыстыру» деген мағынаны береді. Шығармаларды салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттейтін әдебиеттану ғылымының бір саласы.

Конституция, Ата Заң – (лат. *constitutio* — яғни «құрылым» сөзінен шыққан) — Мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы.

Конфессия – (лат. *confessio* — *гибадат*) или дінге сену — белгілі бір діни ілімнің шегіндегі дінге сенушілік ерекшеліктері, сонымен қатар осы дінді ұстанатын ізбасарлардың бірлесуі.

«Мәңгілік Ел» идеясы – қазақ елінің жалпыұлттық идеясы. 13 ғасыр бұрын Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк қолға алған «Мәңгілік ел» идеясы 2012 жылы мемлекеттік ресми идея ретінде қабылданды.

«Мәңгілік Ел» идеологиясы – Қазақстанның тұңғыш мемлекеттік ресми идеологиясы.

Месхет түріктері – Грузия Республикасының Месхет елді-мекенінде өмір сүрген түріктер. Оларды тұрған жерлерінің атауымен кейде Ахыска түріктері деп те атайды.

Поэзия – (гр. *poiesis, poieo* — жасаймын, тудырамын) — өлең үлгісіндегі әдеби туындылар. Поэзия сөздің ырғақтық құрылысына, ұйқасына негізделеді. Поэзия ұғымы өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан ажырату үшін қолданылады.

Синьцзян – «жаңа жер», «жаңа шекара» деген мағынаны береді. XVIII ғасырдың орта шенінен бастап (қытайлар жаулап алғаннан кейін ұйғыр елін «Синьцзян» деп атады. Шыңжаң-Ұйғыр Автономиясы.

Судур (сутра) – сутра діни ілім болып табылады, әдетте афоризм түрлерін немесе нанымдардың қысқа тұжырымдарын айтады. «Сутра» сөзі іс жүзінде буддизм, индуизм және жайнизм сияқты бірдей нәрсені білдіреді, дегенмен, сутралар әрбір сенім құрылымына сәйкес әртүрлі. Мысалы, буддисттердің пікірінше, сутралар Будда тәрбиесі болып табылады.

Толеранттылық – (лат. *tolerantia* — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі.

Ұлттық бірегейлік – қауымдастықтың тәуелсіз ұлтқа тән белгілер мен қасиеттерге ие болуын көрсетеді. Қазақтың ұлттық бірегейлігі

Қазақстан Республикасының ұлттық унитарлы мемлекеті шеңберінде жүзеге асырылады.

Ұлттық код – Ұлтымызға тән асыл қасиеттердің жиынтығы.

Фольклор – халық шығармашылығы, яғни аңыздар, қиссалар, ертектер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар және т.б.

Этнос – (грек. ethnos – тайпа, халық) – бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. «Этнос» ұғымы әлі күнге бірыңғай түсіндірілмейді. Кең мағынада, «этнос» ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Алайда, кейбіреулер (Л. Н. Гумилевтан кейін) оны негізгі жүйе ретінде қарастырады (субэтностар, суперэтностармен қатар және т.б.).

ЮНЕСКО– (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық еңбек 130 – дан астам ұлт өкіліне пана болып, бауырына басқан қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 30 – жыл толуына орай, тәуелсіз Қазақстанның айтулы мерейтойына арналып жазылды.

Еңбекте Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы – Қазақстан халқы әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырылды. Зерттеу жұмыста қазақ жерінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиясы алғаш рет кезеңдерге жіктелініп, әдеби тұлғалары анықталып, шығармалары талданды.

Сондай-ақ, зерттеу жұмыста Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насихатталуы сараланды. Бастауын ескі түркі ескерткіштері, орта ғасыр шығармалары, Қазақ хандығы дәуіріндегі шығармалардан алған түркі поэзиясы әрқашан азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы жырларымен әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсетіп келетіндігі айқындалды.

Зерттеу еңбекте Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиясы қазақ тілінде алғаш рет зерттеліп, жүйеленіп, ғылыми айналысқа түсуімен қатар, Кеңес үкіметі тұсында мүлде көңіл бөлінбеген ахыска түріктерінің ақындары, олардың еңбектері зерделеніп, ғылыми тұрғыда қазақ тілінде тұңғыш рет қолға алынды. Зерттеу барысында елімізде өмір сүретін өзбек ақындарына да Кеңес үкіметінің қолдау көрсетпегені байқалды. Еліміздегі өзбек ақындары еңбектерінің де Тәуелсіз Қазақстан тұсында жарық көре бастағаны назарға алынды.

Қазіргі Қазақстандағы түркі халықтарының ғасырлар бойы бірге өмір сүруінің нағыз тарихи негізі Алтын Орда мемлекетінің тұтастай жалпытүркілік сипатта болуымен байланыстырылды. Өйткені, Дәшті Қыпшақ жерінде құрылып, қыпшақ тілін қолданған Алтын Орда дәуірінде түркі халықтары әдебиеттерінің өзара ықпалдастық арнасы қазақ сөз өнері дамуы үдерісіне басымырақ жинақталған.

Әлем халықтарының фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларының қатарында түркі халықтарының талай мыңжылдықтар бойы қалыптасқан сөз өнері дәстүрінің де ұлттық сипат ерекшеліктерін сақтап қазіргі заманғы өркениет кеңістігінде лайықты орынымен бағалана беретіндігі айқындалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиясын – байырғы түркі мәдениеті мен әдебиетін жалғастырып келе жатқан рухани қазына деп білеміз. Бұл жайт егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға ықпал ететін рухани фактордың бірі деп

есептейміз. Сондықтан, Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын арнайы қарастыру қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі екендігі айқын.

Бүгінгі күні көп этносты елімізде ұлтараздық жанжалдардың да бой көрсетіп қалатыны шындық. Тәуелсіз Қазақстан көп этносты мемлекет болғандықтан азаматтар арасындағы ауызбіршілік, өзара келісім, толеранттылық аса маңызды. Елімізде өмір сүретін этностардың басым бөлігін түркі халықтары құрайды. Сондықтан да, Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясын түркі халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен байланыстыра талдап көрсету арқылы ортақ түркілік бірегейлікті насихаттау, дәріптеу аса өзекті мәселе. Ұлттық құндылықтары, тегі, тілі, тарихы, діні, әдет-ғұрпы, болмысы бір негізден бастау алатын түркі халықтарының қазіргі Қазақстан территориясына қоныстану тарихын, халықтар басына төнген зұлмат жылдарды, мемлекет құрушы қазақ халқына айтылар алғаш пен көрсетілер құрметтің өлшемін сол халықтардың өз ақындарының поэзиясы арқылы түсіндіріп, талдап көрсету зерттеу еңбектің өзектілігін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) шығармаларын ежелгі түркі поэзиясындағы түркілік сарынды қазақ жерінде жалғастырып келе жатқан рухани құндылық ретінде дәріптей отырып, Қазақ елінің ұлттық идеологиясы «Мәңгілік Ел» идеологиясын насихаттауы тақырыптың өзектілігін шындайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Қазақ тілінде ғылыми айналысқа түспеген Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиялық шығармаларын кешенді түрде зерттеп, жүйелеп, тақырыптық-идеялық, жанрлық және көркемдік ерекшелігін ашып көрсету – зерттеу жұмыстың басты мақсаты.

Алға қойылған мақсатты орындау үшін мынадай нақты міндеттер белгіленді:

- тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын алғаш рет қазақ тілінде кезеңдерге бөліп, жүйелеп талдау;
- Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орнын айқындау;
- Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгілік Ел» идеологиясына сай түркілік рух пен түркілік бірегейлік концепциясын талдау;
- тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ

хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабақтастығын зерделеу;

- ежелгі түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындарының шығармаларындағы түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамқор қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс жалғастығын көрсету;

- Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясындағы әр этностың шығармаларына тән ерекшеліктерін, басымдық берген тақырыптары мен қолданған жанрларын ашып талдау.

Зерттеу пәні

Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының даму барысын талдау, шығармашылық иелерін анықтау, көтерген тақырыптарын зерделеу.

Зерттеу нысаны

Қазақстанда өмір сүретін түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) ақындарының жырлары, өлеңдері, поэзиялық шығармалары.

Зерттеуге негіз болған дереккөздер

Диссертацияны жазу барысында Қазақстандағы түркі халықтары шығармаларының мәтіндері зерттеу деректері ретінде пайдаланылды: 1. Түрік поэзиясы: Ибраһим Турки «Ахыска түркләринин тарихи, әдәбийәти вә ашықларынын қыса антологийасы» (Алматы, 2007); Çingiz Badalov. «Bütün Yönleriyle Ahıska Türkleri» (Çimkent, 2004); Ашығ Мәвлүт Әһмәдов. «Сәксәндә пәрваз» (Алматы. 2007); Шайыр Мамош. «Яранан тәбиятә вургунам» (Шымкент, 2006); Мүртәзә Лебисли (Намазов). «Аһыска халгынын шаир вә дастанлары» (Алматы. 2006), т.б.; 2. Өзбек поэзиясы бойынша: Антология поэзии «Мәңгілік Елім менің – Вечная Страна моя» / Сост.: Л. Шашкова, К. Бакбергенов, К. Құныпияұлы. (Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2016), О. Дуржонбоев. «Туркистон тупроғидан» (ТОО «Анар» баспасы. Шымкент, 2000), С. Камалқызы. «Сырлы саз» («Шах» баспасы. Шымкент, 2016), С. Камалқызы. «Кунгил мулки: сборник стихов» («Типопр. МСФ» Шымкент, 2012), «Чашма гулдастаси» Туплами/ мухаррир: Мирпулат Мирзо. (Алматы, 2003), Ә. Пратов. «Бір тал гүл» (Алматы: «Нұрлы әлем», 2009), М. Сапарова. «Аққу арман» (Кентау: «Еркін и К» ЖШС, 2013), «Чашма чамани» Туплами / мухаррир: А.Пратов. (Алматы, 2012), т.б.; 3. Ұйғыр поэзиясы бойынша: «Çağdaş uygur edebiyatı tarihi» Nazırlayan: Dr. Neşe Harbalioğlu, Dr. Raile Abdulvahit Kaşgarlı. (Gazi kitapevi, Ankara. 2017), Абдурахманов М. «Тугунләр» (Алмута: Білім, 2004), «Литература народов Казахстана» ред. С. Ананьева, (Алматы: НИЦ «Ғылым» 2004), «Современная литература народа Казахстана» ред. С. Ананьева, (Алматы: Evo Press. 2014), «Уйғур совет әдебиетиниң тарихи» (Алмута: Наука, 1986), Алимжан Тиливалди-Хамраев. «Уйғурская поэзия Независимого Казахстана» (Алматы, 2014), Абдурахманов М. «Жиллар садаси» (Алмута: Жазушы, 1999), т.б.; 4. Татар поэзиясы бойынша:

Абубакирова Фируза. «Осының бәрі біз туралы» (Қызылорда, 2007); Усманова — Юсимова Назила. «Ана теләге» (Алматы, 2005), «Остазларға ихтирам» (Алматы, 2006); Абдулкаримова Н.Ю. «Ай яктысы» (Алматы, 1997), т.б.

Сонымен бірге, тақырып желісінде салыстыру үшін әлем халықтары ақындары шығармаларының қазақша және түпнұсқа нұсқалары, Қазақстандағы түркі халықтары туралы тарих, саясаттану, әлеуметтану, тіл білімі, т.б. ғылымдары салаларына қатысты дерекнамалық дәйектелік материалдар қосымша дереккөз ретінде пайдаланылды.

Тәуелсіз Қазақстандағы ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындары шығармаларының зерттеу нысанына автор жинаған мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдар, түрік, өзбек, ұйғыр, татар тілдеріндегі түпнұсқа және аудармалық мәтіндер, т.б. материалдар да қолданылды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттерін шешу үшін жинақталған материалдарды, яғни Қазақстандағы түркі ақындарының поэзиялық шығармаларын кезеңдерге бөліп, даму барысын, ақындарын, көтерген мәселелерін, ортақ ұлттық бірегейлік концепциясы мен түркілік сипат ерекшеліктерін саралауда жүйелі-кешенді талдау, қазақ тіліне аудару, жинақтау, тарихи-хроникалық салыстырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

- зерттеу еңбекте Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы тұңғыш рет кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, ақындары танылып, шығармалары талданып, қазақ тілінде зерттелді.

- Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының түпкі ортақ әдеби негіздерінің сақталуындағы және әрқайсысының өзіндік ұлттық сипатпен даралана дамуындағы тарихи-мәдени өзгешеліктер сараланды.

- ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындары шығармаларына тән түркілік рух пен болмыс, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік концепциясы талданды.

- Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орны айқындалды.

- Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насихатталуы зерделенді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы

Зерттеу жұмысының нәтижелері Қазақстан Республикасы және туысқан түркі халықтары әдебиеттері мәселелеріне арналған отандық әдебиеттануда жинақталған ғылыми-теориялық еңбектер қатарын толықтыра алады. Сонымен бірге, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті бойынша бұрын жүйеленбеген, арнайы зерттеліп қарастырылмаған жаңа

әдеби-теориялық тұжырымдар бағалылығын танытады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақстан халықтары әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Шет елдер әдебиетінің тарихы» пәндерінен оқылатын лекция, семинар, арнайы курс, арнайы семинар сабақтарында көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары

- алғаш рет қазақ тілінде кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, ақындары танылып, шығармалары талданған Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясы өз бағасын алды;

- Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясы Қазақстан халықтары әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырылды;

- тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) әдебиеті қазақтың ұлттық, түркілік рухани мәдениетін, ортақ түркілік ұлттық құндылықтарын, «Мәңгілік Ел» идеологиясын байыта дамытуда өзіндік үлесі бар ықпалды сала болып табылады;

- түркі халықтары әдебиеті өз қайнар бастауын – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларынан алады. Түркі халықтары поэзиясы байырғы түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды;

- еліміздегі түркі халықтары шығармалары түркі қаламгерлеріне ортақ ағартушылық, әдеби-шығармашылық дәстүр сабақтастығын танытып, тәуелсіз мемлекет, ұлт болу мақсаты жолындағы түркі халықтарының ортақ мұратын, байырғы атамекендерін, өмір, табиғат құбылыстарын, тарихи тұлғаларды, түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамқор қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс жалғастығын танытады;

- Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы шығармалары әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсетуімен қатар, ұйғыр мен ахысқа түріктері поэзиясы байырғы атамекенді, отанды, түркілік рухты басымырақ жырлауымен ерекшеленсе, өзбек пен татар поэзиясының туған жер, табиғат, өмір құбылыстары, тәлім-тәрбие, діни-исламдық тақырыптарды көп қозғағандығы айқындалды.

Жұмыстың теориялық және методологиялық негіздері

Тақырыпты зерттеуде ішкі саясат, әдебиеттану, мәдениеттану, диаспора мәселелерін зерттеудің (контент-анализ) әдіснамалары негізге алынды. Атап айтқанда жүйелік, тарихи тәсіл, объективтілік принциптері, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, теориялық талдау, сипаттау сияқты әдістер қолданылды.

Тарихи принцип әдісі арқылы елімізде тұрып жатқан түркі диаспораларының Қазақстанға қоныс аудару, орналасу себептері мен салдарларына талдау жасалды. Диаспоралардың сүргінге ұшырау, туған жерден еріксіз айрылу сынды тарихи жағдайлар шындығы ақындарының жырларына сараптама жасай отырып, талданды.

Жүйелік тәсілді пайдалана отырып, көне түркі жазба ескерткіштері, сондай-ақ, одан әрідегі ауызша әдебиет үлгілерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі түркі халықтарының ауызша және жазбаша әдебиеттері шолу жасалды. Жалпы шолу жасай отырып, бүгінге дейін үзілмей жеткен ортақ түркілік сарын мен ортақ түркілік ұлттық бірегейлік айқындалып, көрсетілді. Бұл әдіснама арқылы түркі халықтарының тарихтың әр түрлі тар өткелінен өтіп, өз тілін, дінін ұмытып, өзге тілде сөйлеп, өзге дінді ұстанса да түркілік рухтан айрылмағанын анықтауға мүмкіндік берілді. Осылайша, елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының тәуелсіз Қазақстан ұстанған жолды қолдайтындығы, «Мәңгілік Ел» идеологиясын жүзеге асыруда өз үлестерін қосуға дайын екендігі анықталды.

Зерттеу жұмысының теориялық негізін компаративистика, яғни отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми қорытындылары құрайды. Әлем халықтарының сөз өнері мұралары тарихы, этнографиясы, т.б. мәселелері туралы жазылған еңбектерге көбірек көңіл бөлінді.

Диссертация жұмысын жазу барысында деректердің негізгі көзі ретінде ақындардың өз тілдерінде (түрік, өзбек, ұйғыр, татар) жазған өлеңдерін аудару, саралау және жүйелеу әдістері қолданылды.

1. ТМД халықтары ғалымдары: Л.Н. Гумилев, В.М. Жирмунский, В.А. Гордлевский, В.В. Бартольд, А.Н. Веселовский, А.Е. Еремеев, Х.Г. Короглы;
2. Қазақстан ғалымдары: Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, М. Мырзахметұлы, Ш. Елеуқенов, М. Жолдасбеков, Б. Сағындықұлы, Ә. Дербісәлі, Р. Нұрғалиев, М. Мағауин, А. Қыраубаева, М. Абдрахманов, С. Моллаутов, А. Салқынбай, С. Мақпырұлы, Д. Ысқақұлы, С. Негимов, Б. Ыбырайым, Т. Тебегенов, Б. Әбдіғазизұлы, С. Ананьева, Н. Жуанышбеков, А. Жақсылықов, Ә. Әбдиманұлы, Б. Жетпісбаева, А. Ісімақова, Б. Әзібаева, М. Маданова, Р. Авакова, Н. Келімбетов, Д. Қамзабекұлы, Т. Қыдыр, А. Әлібекұлы және т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы

Диссертация Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасында талқыланды. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жазылған мақалалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген ғылыми басылымдарда, скопус жүйесіндегі журналда және оқылған баяндамалар мақұлданған халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланды.

1. Demirci, Hikmet; Bürkütbayeva, Şınaray. “Kazak Misafirperverliği: Ülüş, Misafir Ağirlama ve Tabak Kültürü” Millî Folklor 126(Yaz2020): 198-209 s.

2. Дербісәлі Ә.Б., Бүркітбаева Ш.Д. Дидактикалық-философиялық өлеңдер – халықтық тәлім-тәрбие негізі (қазақстандық өзбек ақындары поэзиясы бойынша) Қыздар Педагогикалық Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы. №2 (78) 2019. 86-89 б.

3. Burkitbayeva Sh. D. National unity in the poetry of the Turkish people in independent Kazakhstan. Наука и Жизнь Казахстана, 2020 г., №3 с. 345-349, издательство: Рек. ККСОН МОН РК.

4. Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстан ұйғырлары: тарихи тағдыр және оның поэзиядағы жырлануы. Хабаршы ҚазҰУ (шығыстану сериясы). 4(83)2017, 138-141б.

5. Bürkütbayeva Şınaray, Hatice Şirin. Bağımsız Kazakistan’da Tatar Şiiri. Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2020, Cilt: 13, Sayı: 31, 1238-1247 s.

6. Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиетін оқытудың маңыздылығы. «Қазіргі заманғы түркітану» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары әдістемелік конференция материалдары. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2017ж, 17-қараша. 260-263 б.

7. Bürkütbayeva Ş., Junus K. Kazak ve Türk Eğitim Alanındaki İşbirliği (Al-Farabi Kazak Devlet Üniversitesi Örneğinde), Tarih, Siyaset ve Uluslararası Hukuk Bağlamında Uluslararası Hocalı Sempozyumu. 2019y, 29-30 Mart, Ankara, Türkiye, 127-139 s.

8. Бүркітбаева Ш.Д. Тәуелсіз Қазақстандағы ахысқа түріктері поэзиясы: түркілік сарын. Международная научно-практическая конференция «Взаимоотношения центральноазиатских стран с арабским миром в сфере языка, истории и культуры», посвященной 1150-летию великого мыслителя человечества Абу Насра аль-Фараби, 85-летию Казахского национального университета имени аль-Фараби, 30-летию факультета Востока. 2019 г. 19-ноябрь, с. 272-278

9. Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: ұлттық бірегейлік концепті. «Ұлы дала тұлғалары: академик Шора Сарыбаев және қазақ диалектологиясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 13-наурыз. 2020 ж., 235-240 б.

10. Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстандағы татар әдебиеті өкілдері (Ақмолда ақын жырлары). II. Uluslararası Avrasya Çalışmaları Sempozyumu Avrasya’da türkîyat ve şarkîyat çalışmaları. İstanbul, Türkiye. 2018y. Aralık. 413-419 s.

11. Бүркітбаева Ш.Д. Қазақстандық ахысқа түріктері ақындары шығармаларында «тарихи отан» тақырыбының өзектілігі. Наука и Жизнь Казахстана, №11(143)2020, издательство: Рек. ККСОН МОН РК. 140-148 б.

12. Birkütbayeva Ş. Bağımsız Kazakistan'daki uйgur şiirinin özellikleri. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы №3(73)/2020. Алматы. 209-215 б.

13. Burkitbayeva Sh.D. Lyrics about nature in Uighur poetry in Kazakhstan. ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Полит. науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология №3(136)/2021. 140-149 б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс анықтамалар, кіріспе, үш негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

1 ТАРИХИ-ӘДЕБИ ДАМУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

1.1 Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары шығармашылығы – көне түркі мемлекеттері жәдігерлерінің дәстүрлі жалғасы

Қазақстан – ежелгі ғасырлардан бүгінгі заманға дейін бүкіл түркі халықтарының ата-бабалары және олардың кейінгі ұрпақтары мекендеп келе жатқан географиялық кеңістік. Байырғы ата-бабалық сақ, ғұн, түркі дәуірлерінде іргетасы қаланып, кейінгі ғасырларда бөлек-бөлек халықтар, ұлттар, мемлекеттер болып сараланса да, қазіргі Қазақстан даласы жер бетіндегі түркі тектес халықтардың қалыптасу, даму тарихының негізгі бастау мекені ретінде айқындала түседі. Қазақстан территориясындағы б.з.д. ежелгі және орта ғасырлардағы тайпалар одақтары (сақтар, үйсіндер, сарматтар), қаңлы, ғұн, түркі және түргеш қағанаттары (552-576 ж.) Қарлұқ (756-940 ж.), Оғыз (IXғ-ХІІғ басы), Кимек қағанаты (IXғ-ХІІғ басы), Қарахан әулеті (942-1210 ж.), Қара қытайлар (1128-1213 ж.), Наймандар мен Керейттер ұлысы, Қыпшақ (ХІІ ғ.б-1219 ж.), Алтын Орда мемлекеттері – бәрі де туысқан түркі тайпаларының қазіргі Қазақстан территориясында болған тарихының көрсеткіштері.

Демек, қазіргі Қазақстанның әлемдік өркениеттегі өзіндік орнын бағалауда даламызда бүкіл түркі халықтары мәдениеті жетістіктерінің алғашқы негіздері қаланғанын, сондықтан байырғы түркі өркениеті жазба мәтіндері, мүсін, сәулет ескерткіштері (Күлтегін, Тоныкөк жазулары, Есіктен, Маңғыстаудан табылған алтын адамдар т.б.) – бәрі де түркі мәдениетінің негізгі Отаны Қазақстан екендігін дәлелдейді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қазіргі қазақ және басқа да туысқан түркі халықтарының байырғы және қазіргі отаны болып отырған мемлекетіміздің өткені мен бүгінін, болашағын жалғастыратын рухани құндылықтар хақында айтқан пікірлерінің бағдарламалық маңыздылығы айқын: «Түркі өркениеті, оның мәңгі өшпестей болып, тура мың жарым жылға жуық уақыт бұрын Еуразия құрлығының төсінде бедерленген Көне жазбалары жалпы адамзат өркениетінің үлкен қазынасы болып отырғаны бүгін баршаға мәлім.

Ал Күлтегін ескерткішіндегі қасиетті жазулар – ежелгі түркі жазба мұраларының ішіндегі ең көрнектісі. Есік қорғанынан табылған сақтар заманынан қалған күміс тостағандағы руникалық ойма жазуды айтпағанда, ғалымдарымыз Алтайда, Шығыс Түркістанда, Жетісуда, сондай-ақ, Хакасия мен Тувада тапқан екі жүзден астам ежелгі түркі жазуларының ішіндегі мазмұндысы осы саналып отыр. Міне, тарихта тұңғыш рет Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесі жасалып, Еуразияның кіндігіндегі Қазақстан Республикасының Астанасында қойылуында үлкен нысана, мән жатыр...» [1, б.10].

Тарихи әдеби даму қозғалысы – өмір шындығы оқиғалары мен сөз өнері туындыларының тығыз бірлікте болуын айғақтайтын құбылыс көрінісі. Тарихта болған оқиғалардың сипатындағы жеке тұлғалардың бүкіл халықтың тағдыры, ұрпақтар жалғастығы – бәрі де адам мен қоғам тұтастығын дәлелдейді. Бұл – қоғамдық-әлеуметтік дамудың заңдылығы.

Түркі өркениеті дәуірлерінде негізі қаланған туысқан халықтар сөз өнері шығармалары тарихи оқиғалар негізінде туып, тарихи әдеби даму көркемдік жалғастық жолын қалыптастырды. Тарихи-әдеби дамудың көп ғасырлар бойы үздіксіз жалғасқан жолында түркі халықтарының көркемдік ойлау дүниетанымы арқылы ұрпақтардың жана кезеңдерге ұласуы жүзеге асып келеді. Түркі халықтарының сөз өнері дәстүрі ежелгі замандардан қазіргі дәуірге дейінгі мың жылдықтар кезеңдеріндегі фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларының көркемдік дамуы жалғастығы жолының үздіксіз қозғалысы жүйесін құрайды.

Түркі халықтарының әуелгі пайда болуы, Азия, Еуропа құрлықтарындағы алғашқы адамдардың тас, қола дәуірлерінде аңшылықпен, мал, егін өсірумен, қолөнермен т.б. материалдық мәдениетті дамытуымен өркениет жетістіктеріне негіз қалағандығы анық. Түркі халықтары сөз өнері дәстүрінің жемістері біздің жыл санауымызға дейінгі Шумер, Вавилон, Египет өркениеттері «Гильгамеш туралы эпос», «Хаммурапия заңдары» жәдігерліктерінен бастау алатыны да ғылым арқауына алынууда. Түркі халықтары сөз өнері мұралары түпкі туыстық негіздері ортақ адамдардың әртүрлі тарихи кезеңдерден өтіп келе жатқан көркемдік эстетикалық ойлау дүниетанымының көрсеткіштері. Түркі халықтарының алғашқы қалыптасу бастауындағы алтайлықтардың, арийліктердің, сақтардың материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша қалыптастырған алғашқы қадамдарының кейінгі тарихи даму кезеңдеріне ұласқаны мәлім.

Нақтылап айтқанда, Азия мен Еуропа құрлықтарындағы ғұн, үйсін, қаңлы, түркі қағанаттары (551-766 ж.), Түркеш қағандығы (690-766 ж.), Ұйғыр қағандығы (745-840 ж.), Енисей қырғыздарының мемлекеті (V-XIII ғ.), Қарлұқ қағандығы (766-940 ж.), Қарахан мемлекеті және қарақытайлар (IX-XIII ғ.), Қимақ қағандығы, Қыпшақ мемлекеті, Хазар қағандығы (VII-IX ғ.), Дунай, Еділ, Кама бұлғарлары, Каспий, Арал өңіріндегі оғыздар империясы, Селжүк империясы, ежелгі Хорезм мемлекеті – бұлар түркі халықтары рухани мәдениетінің тарихи қалыптасуындағы мемлекеттік құрылымдар жүйесі.

Түркі халықтары әдебиетінің тарихилық болмысын құрайтын даму желісінде көне түркі (Орхон, Енисей өзендері бойынан табылған) жазба ескерткіштері Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазба ескерткіштері, көне ұйғыр жазуымен жазылған діни аударма шығармалар («Алтун Йарук», «Майтрасимит», «Бірқ Битиг», «Секиз Йүкмек Йарук», «Аш Барыс» т.б.), Қарахан мемлекеті тұсындағы алғашқы ғылыми еңбектер («Құтадғу білік», «Дивани лұғат әт-түрік», «Атабетүл Хақайық», «Қиссасул Әмбия»), орта ғасырдағы шағатай тілінде жазылған еңбектер («Маһбүбүл Кулуб», «Муһакеметүл Луғатейн», «Бабурнаме», «Ләйла вә Мәжнун», т.б.), Алтын Орда мемлекетінде жазылған шығармалар («Қыпшақтың жазба кітабы» («Кодекс Куманикус»), «Рағбузи қиссалары», «Хұсрау – Шырын»,

«Махаббатнама», «Жұмжұма Сұлтан», «Жәдігернама») маңызды рөл ойнайды.

Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының тарихи негізі болып саналатын аса көрнекті кезең көрсеткіші – Алтын Орда мемлекеті. Өйткені, Алтын Орда дәуірінде түркі халықтары әдебиеттерінің өзара ықпалдастық арнасы қазақ сөз өнері дамуы үдерісі қозғалысына басымырақ жинақталды. Қазіргі заманғы жаңаша бағалау қорытындылары бойынша: «Алтын Орда (1243-1503) – орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті Қыпшақта құрылған түрік мемлекеті» [2, б. 314].

Алтын Орда мемлекетінің құрамындағы Солтүстік Кавказдың қазіргі Дағыстан халықтары (лезгиндер, аварлар, дарғындар, құмықтар, т.б.), сонымен бірге, қабардиндер, осетиндер, шешендер, қазіргі Грузиядағы хевсурлер, тушиндер, пшавтар, т.б. – бәрі де түркі тілдес ұлыстармен араласу жағдайларын бастарынан өткізген халықтар. Алан мен адығам ұлыстарының араласуымен «...ерекше түркі тілдес халықтар қарашайлар мен балқарлардың дүниеге келгені айрықша тарихи құбылыс нәтижесі болып саналды...» [2, б. 71].

Қазіргі Қазақстандағы түркі халықтарының ғасырлар бойы бірге өмір сүруінің нағыз тарихи негізі осы Алтын Орда мемлекетінің тұтастай жалпытүркілік сипатта болуы болып саналады. Тарихи ақиқат деректері бойынша Алтын Орданың билеушілер Тоқтамыс хан мен Едіге бидің, Мамайдың билікке таласқан алауыздықтарынан әлсіреді. Алтын Орданың әбден әлсіреп, кейіннен ыдырауына себепкер болған аса ықпалды тарихи жағдай – Өмір Темірдің жойқын шапқыншылық соғыс салдарынан аса қуатты түрік мемлекеті Алтын Орданың астанасы Сарай Беркенің Астрахан, Каффа, Азия, т.б. үлкен қалаларының қиратылғанын, үлкен Түрік мемлекетінің орнына әлденеше хандықтар пайда болғанын білеміз: «Темірдің жойқын әскери жорықтары Алтын орданың құлауына әкеліп соқтырды. Соңғы билеуші Шейх Ахмед Ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазалы (1437-1556), Қасым (1445-1681), Астрахан (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (шамамен 1466) қалыптасты» [2, б. 316].

Демек, Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің тарихи негізделуінің мейілінше даралана, нығая қалыптасқан кезені – Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV-XV ғ. аралығын қамтитын Алтын Орда дәуірі әдебиетінің құрамындағы «Қыпшақтың жазба кітабын» («Кодекс Куманикус»), Рабғузидің «Рағбузи қиссаларын», Құтыптың «Хұсрау-Шырынын», Хорезмнің «Махаббатнамасын», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма Сұлтанын», Сәйф Сараидың «Жәдігернамасын» айтамыз [2, б. 176-279].

Алтын Орда дәуірі әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектері де туысқан түркі халықтары әдебиетінің біртұтас мемлекет құрамында ортақ әдеби үдеріс жағдайында өмір сүруінің көркемдік болмысын танытады. Алтын Орда дәуірі әдебиеті мұраларының жалпытүркілік әдеби үдеріс жағдайында дамығанын, ол кезеңнің кейіннен туысқан халықтардың әрқайсысының дербес ұлттық сипатымен даралана дамуына негіз болғанын зерттеушілер еңбектері де арнайы ғылыми тұжырымдармен дәлелдеді. Мысалы, әдебиеттанушы-ғалым Төрәлі Қыдыр «ummet.kz.» рухани-ағарту порталына берген «Алтын Орда – дәстүрлі дініміздің дінгегі» атты сұхбатында «Ал, Алтын Орданан тікелей еншісін алған Қазақ хандығында «Раунақул-Ислам» («Исламның шырағы») деген шығарма кеңінен тарады», деп жазады [3]. Мұнда ғалым қазақ ұлтының Алтын Орданың тікелей мұрагері екендігін атап көрсетеді. Ал, ғалым, профессор Р.А. Авакова ғылыми еңбегінде «Алтын Орда мемлекетінің титулды ұлты қыпшақтар екенін білдіретін дәлелдің бірі – тіл болып табылады. Қарапайым мысалы, Алтын Орда халықтарының тілі түркі тілі (қыпшақ) болды», деп жазады [4, б.71]. Ғалымның пайымдауы Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқының қыпшақтар екендігін нақтылай түседі.

Алтын Орда дәуірінің әдеби шығармалары байырғы түркі өркениеті дәстүрімен дамыған жалпытүркілік әдеби тіл қызметімен ерекшеленеді. Туысқан түркі ұлыстарының бір мемлекет туы астында бірлескен қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастар жүйесінен жалпыхалықтық көркемдік ойлау дүниетанымы қалыптасқанын танимыз. Жалпытүркілік әдеби даму үдерісі өзара түсінікті тіл қолданыстарымен жүзеге асатын шығармашылық еңбек жемісі. Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқы – түркілер, сонымен бірге, «Еділ бұлғарлары, орыстар, армяндар, гректер, хазарлар, қала қыпшақтары» болған [5, б. 276].

Қазіргі Қазақстан Республикасында негізгі мемлекет құрушы қазақ ұлтымен бірге қоян-қолтық өмір сүріп жатқан туысқан түркі тектес халықтардың (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар, т.б.) жағдайы – сөз арқауындағы Алтын Орда мемлекетінің дәстүрлі жалғасының жаңа тарихи кезеңдегі жалғасуы. Қазақстан Республикасындағы туысқан түркі халықтарының фольклор мұралары мен әдебиеті шығармаларының біртұтас әдеби үдеріс арнасында өмір сүруі – ғасырлар бойы жалғасқан көркемдік жалғастықты және ұлттық сипаттың сақталуын дәлелдейді. Қазақстан Республикасындағы түркі халықтары поэзиясының тарихи негіз бастаулары қатарында Алтын Орда-Египет қарым-қатынастары (XIII ғ. ортасы мен XIV ғ. соңы) да ерекше орын алады. Түркі халықтары әдебиетінің көп ғасырлар бойы біртұтас мемлекеттік құрылым мекенінде қатарласа, егізделе, үндесе дамуында Алтын Орда мен Египет мемлекеттері арасындағы сауда, әскери, мәдени қарым-қатынастары ерекше орын алады.

Екі мемлекеттің қарым-қатынастарына дәнекер дипломатиялық іс-қағаздары қыпшақ тілінде жазылған. Алтын Орда және Мәмлүк

қыпшақтары басқарған Египет мемлекеттері арасындағы дипломатиялық және мәдени қарым-қатынастар, тіл, әдебиет мұраларына ортақ тектестік, үндестік хақындағы мәселелер осы жалпытүркілік мемлекеттердің тарихи, мәдени ерекшеліктерін саралаған еңбектерде сөз болып келеді. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының жалпытүркілік көркемдік жалғастығы дәстүріне тарихи негіз болған осы кезеңді арнайы қарастырған зерттеуші А.Әлібекұлы мынадай ғылыми қорытындылар жасады: «XII – XV мыңжылдықта түркі әдебиетінде классикалық әдеби шығармалар көбірек жазылып, олардың бірнешеуі біздің заманымызға келіп жетті. Бұл ғасырлардағы түркі әдебиеті саяси-әлеуметтік төрт аймақта: Алтын Орданың қос астанасы орналасқан Еділ бойында, бірнеше мәдени ошақтар бой көтерген Сырдария жағасында, Анадолы жерінде, мәмлүктер билік жүргізген Сирия мен Мысыр аумағында дамыды» [6, б. 24].

Қазақстан – ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейін осылайша әлемдегі бүкіл түркі ұлыстарымен қоғамдық-әлеуметтік мәдени-әдеби байланыстар орталығы болып келе жатқан Мәңгілік атамекен. Әуелде біртұтас одақ кейін жеке жеке мемлекеттер болып, Азия мен Еуропа құрлықтарын ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан түркі халықтары әдебиеттерінің тарихи сабақтас негіздері қазіргі заманға жетті, енді болашаққа да ұласатыны ақиқат. Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы – сөз арқауындағы түркі өркениеті (V-VIII ғ.), орта ғасырлық Ислам дәуірі (IX-XI ғ.), одан кейінгі Алтын Орда (XII-XIV ғ.), Египеттегі мәмлүктер мемлекеттері кезеңдерінде қалыптасқан әдебиет дәстүрі жинақтаған рухани құндылық көрсеткіші. Түркі халықтарының байырғы атамекені Қазақстанда түркі ұлыстарының мол шоғырлы бөліктерінің болуы – табиғи заңдылық. Бұл – Қазақстанның түркі халықтары әдебиеттері дамуындағы ата-бабалық байырғы көркемдік сипатты сақтап дамуының көрінісі.

Әсіресе, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланған жаңа тарихы басталған күндерден бастап, мемлекетіміздегі түркі халықтарының топтары (түрік, өзбек, ұйғыр, татар, т.б.) да дербес мемлекеттері (Түркия, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Азербайжан), басқа мемлекеттердің құрамындағылары (Татарстан, Башқұртстан, Қарақалпақстан, Якутия, Алтай Республикасы, Шыңжаң-Ұйғыр автономиясы, т.б.) да – бәрі де байырғы ата-бабалар мекеніне деген жаңаша көзқарастармен қарым-қатынастар жасай бастады.

Сондықтан, қазіргі Қазақстан Республикасының қазақ және туысқан түркі халықтары тұтастығын нығайта отырып, байырғы дәстүрлі сөз өнері шығармашылығының біртұтас әдеби үдеріс арнасында дамуын жалғастыруы – тарихи әдеби дәстүр өміршеңдігінің мәңгілігін танытатын жағдай. Бұл орайда, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасына дейінгі төл тарихымыздағы ұлттық мемлекетіміз Қазақ хандығының материалдық және рухани мәдениет салаларын дамытуға аса зор ықпал жасағанын айтамыз.

Қазақ хандығы мемлекеті – төл қазақ әдебиетінің бұрынғы жалпытүркілік фольклор мен әдебиеттің негізінде даралана қалыптасқандығымен ерекшеленетін тарихи құрылым.

Академик С.А.Қасқабасов Қазақ хандығы мемлекетінің фольклор мен әдебиет дәстүрінің сақталуы мен дамуындағы ықпалды маңызының көркемдік жалғастық пен ұлттық сипатқа қатысты ерекшелігіне жаңаша ғылыми тұжырым жасады: «Он бесінші ғасырдың ортасында пайда болған Қазақ Хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өрістеп өркендеуіне орасан ықпал етіп, ерекше жағдай жасады. Алтын Орда заманында ертеден бері жалғасып, әрі қарай дами түскен жалпытүркілік руханияттың мұрагері ретінде қазақ халқы мен мемлекеті енді бұрынғы бабалардан қалған мирасты сақтап қана емес, оны байытып, жаңғырта дамытуға міндетті болып, соған күш салады» [7, б. 3].

Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы мемлекет құрушы негізгі қазақ ұлтының дамуы аясында сақталып келеді. Қазақстандағы әдеби үдерісте қазақ және басқа да халық өкілдері ақын-жазушыларының шығармашылығы да әрқайсысының көркемдік дәстүрі, ұлттық сипаты сақтала дамып келеді. Әсіресе, қазақ пен туыстас түркі халықтары әдебиетінің біртұтас әдеби үдерістегі дамуы өзіндік сипатымен даралана көрінеді.

1.2 Ұлттық құндылықтарымыз – елімізде өмір сүретін түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін айқындайтын құрал

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған алғашқы жылдардан бастап қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейлік мәселесі кеңінен талқыланып, жанжақты зерттеліне бастады.

Ғылым саласында ұлттық бірегейлік ұғымын зерттеп жүрген танымал шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық бірегейлік ұғымын әдіснамалық-теориялық тұрғыдан анықтап алу үшін ең алдымен «бірегейлік» сөзінің этимологиясына тоқталайық. «Бірегейлік» (орыс тілінде «идентичность») сөзінің түп негізі латын тіліндегі «idem», «identity» сөзінен шыққан. Оның мағынасы «ұқсау», «бірыңғай болу», «тең дәрежеде болу» дегенді білдіреді. Қазақстанда «identity» терминінің қазақ тілінде ортақ терминологиялық анықтамасы жоқ. Бірегейлікпен қатар, «ұқсастық», «біртектілік», «бірдейлік», «сәйкестік», «тақылестестік», «барабарлық» және т.б. сияқты ұғымдарды қосарлана пайдаланады. Дегенмен, жоғарыда қолданылған балама сөздер бірегейлік ұғымын толықтай ашып көрсете алмайды.

Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуын ғалымдар К.М. Байпақов, Х.А. Арғынбаев, Ж.О. Артықбаев, М.Қ. Қойгелдиев, Н.М. Масанов, М.С. Шайкемелев, Д.Х. Ахмедьянова, Т.Қ. Әуелғазина және тағы басқалар өздерінің ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырған.

Ғалым Айтымбетов Нүркен Ысқақұлы «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері» атты еңбегінде «Этностық және ұлттық бірегейлік топтық бірегейліктің екі бәсекелес түрі ретінде өмір сүреді. Дегенмен екеуін бір-бірінен мағыналық тұрғыда бөлектеп көрсететін факторларды атап айтуға болады. Этностық бірегейліктің қалыптасуында мәдени және тарихи қауымдастық факторлар анықтаса, ұлттық бірегейлік үшін саяси-мемлекеттік фактор айрықша сипатқа ие болып, алға шығады» деп жазады [8, б. 21]. Қазақстанда өмір сүріп жатқан түркі халықтары мен қазақ халқын ұлттық бірегейлік тұрғыдан алып қарауымызға толық негіз бар деп ойлаймыз. Өйткені, қазақтар да түркі тектес халықтардың бірі болғандықтан, елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтарымен шыққан түбі бір, тілі бір, діні бір, әдет-ғұрпы бір, мақсат-мүддесі бір – бір халық. Сондықтан да, бұл халықтарды ұлттық бірегейлік, түркілік бірегейлік тұрғыдан қарастырған жөн деп есептейміз. Ал, ұлттық бірегейлікті сақтау дегеніміз – еліміздің тарихына, тарихи тұлғалары мен мұраларына құрметпен қарау. Бұл орайда, түркі халықтарымен біздің өткен тарихымыз да, тарихи тұлғаларымыз бен мұраларымыз да ортақ.

Мемлекетіміздің саяси ұстанымы болған Ұлттық бірегейлік аясына елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтарын ұйыстырсақ, одан келер пайда зор. Тілдерінің туысқан тіл ретінде қазақ тіліне жақындығы тіл саласындағы қазақтандырудың пайдасына алып келері даусыз. Біздің пайымдауымызша, алдағы уақытта қазақ тілі статусының нығаюына да септігін тигізеді. Кез-келген ұлттың ұлттық бірегейлігін нығайту, қайта жаңғырту, қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтар, төл идеалдар, ұлттық мемлекеттік символдар үлкен рөл ойнайды. Ұлттық құндылықтар ұзақ уақыт бойында сол халықтың дәстүрімен және дүниетанымымен сабақтасып пайда болып, дамып жетіліп

отырады. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтар ұлттық санасының қалыптасуына да ерекше күш береді.

Ұлттық код – ұлттық құндылық кез-келген елдің тұғырын нығайтатын құрал. Қазіргі жаһандану дәуірінде қадірінді арттырып, қасиетінді білу, өзінді дұрыс бағалату үшін ұлттық құндылықтарынды білу, оны қадір тұтып, үлгі ету аса маңызды. Қазақстан ұлттық құндылықтарға өте бай елдердің бірі. Адамзат өркениетіне айтарлықтай әсер еткен түркі өркениетінен бастау алатын қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптейтін уақыт келді. Біреудің емес өз ата-бабасының жеріне мұрагер, ие болып отырған қазақ халқының ұлттық құндылықтарының тәлім-тәрбиелік маңызы өте зор. Қазіргі таңда, сан қилы тарихи кезеңді өткеріп, ұлттық құндылықтарынан алшақтаған Қазақстан елі өз ұлттық кодтарын, құндылықтарын түгендеп, дәріптеп, насихаттау ісін қолға алды.

Бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған барлық мемлекеттер үшін ұлттық құндылықтар, ұлттық идеология мәселесі өте маңызды болғаны баршаға аян. Қазақстанда да тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық код, ұлттық идеология төңірегінде мәселелер көтеріліп, түрлі ғылыми ой-пікірлер айтылып келді. Ғалым А. Салқынбай еңбегінде «Құндылықтар сапында ұлттық кодтар мықшегедей бекіген, бекітілген... ..Өйіткені, халықтың немесе этностың ерекшелігі мен бірегейлігін айқындайтын осы – ұлттық құндылықтар. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды зерделеу, оның мәні мен маңызын саралау, рухани мәдени кодты жүйелеу, дәстүр мен сенімді бағалау, қоғам өмірінде маңызды рөл атқаратын ізгілік қасиеттерді насихаттау – әлеуметтің біртұтас және кең өлшемді әлемінде толеранттықты қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады.», - деп атап көрсетті [9, б. 12]. Шетелдік ғалымдар да Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық идеология, ұлттық құндылық жөнінде өз ойларын ұдайы білдіріп болды. Мәселен, түрік саясаткері Намык Кемал Зейбек «Идеологиясы – коммунизм, жеке тұлғасы – Кеңес адамы, экономикасы – ұжымдық (коллективтік) жүйе, барлық діндерге дұшпан, атеизм ресми діні сияқты, орыс мәдениеті үстем мәдениет, орыс халқы ұлы халық, елді басқару тоталитарлық диктаторлықтың ең ауыр түрінің бірі...еді... Кеңес Одағы тарағаннан кейін пайда болған мемлекеттер осының бәріне қарама-қарсы бағытта жүрді... Белгілі бір идеологиямен өмір сүріп үйренген халық енді өздеріне идеология іздеді. Кеңес адамының орнына ше? Ұлттық азаматтық, бірақ қалай? Ұжымдық жүйеден нарықтық экономикаға өту... Қайтадан дінге оралу, бірақ қандай дінге... Тәуелді болып өмір сүріп келіп Тәуелсіз мемлекетке өту. Үстем орыс мәдениетінің ішінде ұлттық мәдениеттің жоқ болып кетпеу жолындағы жанайқайы...» - деп жазады [10].

Тағы бір саясаттанушы Мехмет Волкан Кашыкчы (Билкент университеті, саясат білімі бөлімі) «Қазақстан туралы жазбалар» атты мақаласында «2010 жылдың жазында Қазақ Ұлттық телеарнасында көрсетілген бір музыкалық бағдарлама еріксіз есімде қалды. Қазақстанда

өмір сүретін әр түрлі этникалық ұлыстардың әншілері бірінен соң бірі сахнаға шығып өз ана тілдерінде ән салып жатқанда жүргізушілер қайта қайта Қазақстанның көп ұлтты екенін айтып, мақтанып, ресми түрде 130 ұлттың өмір сүріп жатқанын Қазақ елінің үлкен байлығы етіп көрсетумен болды.

Бірақ дәл осы бағдарламада ән салған қазақ әншілері «Қазақ тілі», «Мен Қазақпын» сияқты ұлттық рухтағы әндерін шырқады. ...Қазақстанды тану, білу үшін осы телебағдарламадан артық мысал табу мүмкін емес еді. Дәл осы мысалдағы сияқты тәуелсіздігін жариялағаннан бері Қазақстанның ұлттық тұлғалық саясаты екі жақты болды. Бір жағынан мемлекеттің көп ұлтты, әр түрлі мәдениетті болуы алдыңғы сапта, баса айтылып, барлығын қамтитын «Қазақстандық» деген код жасауға күш салып жатса, екінші жағынан тегеуріні мықты «Қазақ» деген ұлттық код пайда болып жатты.» - деп жазды [11].

Әрине, ұлттық коды анық елдердің бағыттары айқын, болашақтары жарқын екені баршамызға аян.

Ал, бізде ше? Шетелдік зерттеушілер «Қазақстанда ұлттық код енді енді пайда болып жатыр», «Қазақ елінде ұлттық құндылық жоқ» дегенді айтады. Осы сынды оңды-солды әңгімелерге жауап ретінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің «Ұлы даланың жеті қыры» (Егемен Қазақстан газеті. 21 Қараша, 2018 жыл.) атты мақаласының жариялануы ұлттық кодымызды ресми түрде түсін түстеп бергендей болды.

«...біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды», [12] – деп өркениеттің қайдан шыққанын шегелеп айтқан Елбасымыздың Ұлы Даланың жеті қыры деп көрсеткен «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы Даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған «Алтын адам», «Күллі түркі әлемінің бесігі саналатын, ғасырлар бойы Қазақ жерінің тәжі болған асқар Алтай тауы», «Алғаш пайда болған сәтінен бастап Түрік империяларының аумағын қамтыған Ұлы Жібек жолы», Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» сияқты жершарындағы барша адамзат өміріне төңкеріс әкелген жаңалықтардың иесі біздің ата-бабаларымыз екендігін атап көрсетті.

Әрине, бұл Елбасы айтқан Ұлы даланың жеті қыры ұлттық кодтарымыздың тек қана жетеуі. Ал, әлем өркениетінің дамуына айтулы үлес қосқан қаншама ұлттық құндылықтарымыз – ұлттық кодтарымыз әлі күнге насихатталмай тасада қалып отыр. Ұлы далада көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыздың ажырамас бөлшегіндей болған жылқы жануары да ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып саналады. Әлем ғалымдары алғашқы жылқы малының қазіргі Солтүстік Қазақстан жерінде пайда болғанын мойындағанымен, жылқы малын алғаш қолға үйреткен түркілер

екендігін әлі күнге мойындағысы келмейді. Жылқы малына ерекше мән беретін халқымыз «Адам жылқы мінезді» деген мәтелді қолдана отырып адам баласы мен жылқы жануарынан ұқсастықтар іздейді. Мәселен, «жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» деп адамның құнын жылқымен есептеген дала заңы қазақ дүниетанымына ғана тән жәйт. Әрине, басқа ұлттар үшін адамның құнын малмен есептеу ерсі болуы мүмкін. Дегенмен, қазақ қоғамында адам құнының өлшемі ретінде төрт түлік малдың басқа түрлері алынбай жылқы малының алынуының да өзіндік сыры бар. Мінсе көлік, ішсе сусын, жесе ауқат, кисе тон, жорықта жан серігі, серттен таймас досы, ұлттық құндылығымыз – жылқы жануары туралы жазбаларды өте ерте замандағы жәдігерлерден де кездестіруге болады. Ғалым З. Сәніктің «Тарих тұнығы тереңде» атты еңбегінде «Талайдың арманы болған сақ, ғұн, үйсін тұлпарларын көршілер өте жоғары бағалап, оларды сарайларында ұстауға бар күш-жігерін салады.... ...Хан У-Ди патша бас болып, үйсін тұлпарларын жырлаған.

Тұлпарлар келді ағылып,
Шөл даладан шабылып.
Сонау қиыр батыстан,
Жатқан жаттар бағынып...
Тұлғасы хас батырдай тым айбатты,
Сайтандай сыпсындаған жел аяқты,
Келді тұлпар, ашылды есік айқара
Тегістелді асқақ тұрған Байқара» [13, б. 30].

Сондай-ақ, тағы бір қытай ақыны Вей Ин-У - дің (736-825) «Шекарада» атты жырында да түркі аттары туралы жазылады.

Түркілердің аттары,
Түркілердің аттары,
Тауға айдап барады,
Табынға айдап барады,
Әйелдер өз отарын.
Құмды кешіп, қарды шашып, пысқырады кісінеп,
Қарайды бір батысқа, шығысқа бір қарайды – адасады ізінен[14, б. 236].

Жершарындағы басты құндылық адамзат десек, сол адамзаттың дұрыс қалыптасып, саналы қоғам қалыптастыруы үшін адамдар, рулар, қауымдар, тайпалар арасындағы өзара келісім, әлеуметтік-қоғамдық тәлім-тәрбие, тәртіп, яғни, олардың арасындағы сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, бірін-бірі қадірлеуінің маңызы өте зор. «Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген дана халқымыз көшпелі өмір салтына ыңғайланған туыстық, сыйластық заңдарына

негізделген, бір басшыға, яғни, үлкенге бағынған қоғам құра білген. Осы қоғамды құру, басқару ісінің бір ұшы басқа ешбір халықта жоқ қазақтың өзіне ғана тән «Табақ тарту» дәстүрінде жатыр.

«Табақ тарту» дәстүрі біздің ұлттық құндылықтарымыздың – ұлттық кодтарымыздың бірі. Табақты ұсынғанда қай табақты кімге беру, табак ұсынылатын тұлғаның дәрежесіне қарай табақтың атауы және қай табакқа қандай жілік салу, бәрінің өз тәртібі, өз заңы болған. Сөз арқауы болып отырған «Табақ тарту» дәстүріміз яғни ұлттық кодымыз қазақ халқы Қазақ Хандығын жариялаған XV ғасырда пайда болған жоқ. Ол көне түріктер заманынан бері, ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан дәстүр. Мұны біз Әбілғазы Баһадүр Ханның «Шежере-и теракима» (Түріктердің шежіресі) еңбегінен де, Рашидеддиннің «Оғызнамасынан» да кездестірдік және ғылыми дәйектеме ретінде мақаламызда пайдаландық:

«Ebu'l Gazi Bahadır Han, “Altın çadırın başköşesinde Kün Han oturdu; bütün il iyileri ittifak kılıp koyunun başını ve sağrısı (arkasını), kuyruk sokumunu ve bağırını sırtın üstünde bırakıp Kün Han'ın önüne koydular. Her kim han olursa payları (ülüşleri) bu olsun.” şeklinde kaydetmiştir. Kapı yanında Irkıl Ata oturmuştur, ona koyunun döşü takdim edilmiş “Kim vezir olursa bu onun hakkıdır.” denmiştir. Bu ülüş ile Kün Han ve Irkıl Ata'nın orun-mevkisi belirlenmiştir (Ebülğazi Bahadır Han 1974: 46, İnan, 1987: 241-242).

Reşideddin Oğuznâmesi'nde, Oğuz Han öldükten sonra kurultay ve toylara katılan Oğuz Han'ın oğulları ve boyları arasında herhangi bir çekişme/ sorun yaşamaması için her birine töreye uygun ülüş şöyle paylaştırılmıştır: “Kün Han'ın emriyle Irkıl Hoca iki at kesti, atın birini Bozoklara, diğerini Üçoklara verdi. Atın her birini on iki parçaya ayırdı. Kün Han'ın payı olarak hayvanın boynuna yakın sırt omurgası (döş) ve bir sağ kolu verildi; diğer parçaları her boya ve Oğuz'un oğullarına has ülüş olarak pay edildi” (Togan 1982: 49-52).

Ülüş yapılan diğer hayvan uzuvları, uyluk: kalça/but; yandaş: böğür; kalça kemiği, ашıklı ilik: ашıklı kemik (arka) veya incik; amaca: kuyruk kemiği, sırt eti, kara ilik: kolun üst kısmı, kol-külek; yağrın: yağır (hayvanın omuzları arasındaki yer) olarak belirlendi. Bu paylar, pay sahibinin mutlak siyasi gücünü ve otoritesini temsil etti (Divitçioğlu 2005: 49) [15, б. 200].

Аудармасы: «Әбілғазы Баһадүр Хан, «Алтын шатырдың төрінде Күн Хан отырды; барлық ел-елдің игі жақсылары тағзым етіп, қойдың басын және бел омыртқаларымен қоса басқа омыртқаларын, қабырғаларын және өкпе-бауырын үстіне қойып Күн Ханның алдына қойды. Егер кімде кім хан болса оның үлесі малдың осы мүшелері болсын деп белгіленген еді. Есіктің жанында Ыркыл ата отырады, оған қойдың төсін ұсынады. «Кім уәзір болса, төс оған тиесілі» делінген. Малдың осы мүше жіліктерімен Күн Хан мен Ыркыл уәзірдің атқаратын қызметтері белгіленген (Ebülğazi Bahadır Han 1974: 46, İnan, 1987: 241-242).

Рашидеддиннің «Оғызнамасында» Оғыз Хан өлгеннен кейін құрылтай мен тойларға қатысқан Оғыз Ханның ұлдары мен туыстары арасында талас-тартыс болмауы үшін әрқайсысына қағидаға сай былай үлестірілген:

«Күн Ханның әмірімен Ыркыл ата екі ат сойды, аттың біреуін Бозоқтарға, екіншісін Үшоқтарға берді. Аттың әрқайсысын он екі мүшеге бөлді. Күн Ханға сыбағасы ретінде малдың төсі мен оң қолы берілді. Қалған мүшелерін әр руға және Оғыз Ханның ұлдарына үлестіріп берді» (Togan 1982: 49-52).

Дәрежесіне қарай үлестірілетін мүшелер ретінде құйрық май, құйымшақ, асық жілік, кәрі жілік, жауырын, тоқатай жілік, жамбас, жал белгіленді. Малдың бұл мүшелері үлесті (сыбағаны) алатын адамның саяси күшін яғни лауазымды қызметі мен қоғамдағы орынын білдірді (Divitçioğlu 2005: 49) [15, б. 200].

Көшпелі халықтардың тұрмыс тіршілігіне ең қолайлы тұрақ, ағаш пен киізден жасалған, дөңгелек киіз үй де ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Халқымыз үшін киіз үйдің әрбір бөлшегі шаңырағы, керегесі, уығы, түңлігі, табалдырығы, маңдайшасы, төрі, босағасы, т.б. терең философиялық мағынаға ие. «Үлкен отау», «Кіші отау», «Ақ отау», «Жас отау», т.б. атаулар беріп, әр отауды атауына сай безендіріп, ішіне қойылған жиһаздарға да мән берілген. Көшпелі ата-бабамыз киелі санап, аса қадір тұтқан киіз үйге бүгінгі жаһандану заманында шетелдіктер қалай тамсанса, көне дәуірдегі өзге халықтар да солай қызыққан. Ғалым Л.Н. Гумилевтің «Көне түріктер» атты кітабында қытай ақыны Бо Цзюйдің түркілердің киіз үйін суреттеген керемет өлеңінен үзінді келтірген.

Керегесін үйеңкіден қашаған,
Не де болса, бір керемет жасаған.
Солтүстіктің апанындай көрікті –
Көкшіл орда көк шалғынға қоныпты.
Көк күмбездей көк аспанмен таласып,
Оңтүстікке қалыпты өзі жарасып.
Қанша соқсын, шайқалмайды дауылға,
Қанша төксін мыңқ етпейді жауынға.
Қуыс та жоқ, бұрыш та жоқ, бірақ та,
Кіргендейсің жұпар иіс жұмаққа...
Көп сарайға өрнек салып тастаған

Көк ордамды өлсем – айырбастаман, [16, б. 70] – деп жырлаған ақын түркілердің киелі тұрағы – киіз үйді жарқыраған аспан түстес көгілдір түспен сипаттап, жұпар аңқыған жұмаққа теңейді. Керегесі мен уықтары өте мықты ағаштан жасалған, өте көрікті екендігін суреттеп, «мен өз үйімді хан сарайына айырбастамаймын» деп маңдайшаларына ойып жазылғандығын да жырына қосады. Ғалым, профессор Р.А. Авакова «Контактология: Түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке ықпалы» атты ғылыми еңбегінде

«Түркілердің қонысына келер болсақ, түркілердің киіз үйлері еуропалық, араб және қытай саяхатшыларын таңдандыратын еді», деп түркілер өмірінің ажырамас бір бөлігі болған киіз үйге тоқталады [4, б. 5]. Бүгінгі жаһандану дәуірінде де халқымыз кең қолданып, үлкен сұранысқа ие болып отырған қаншама мың ғасырлық тарихы бар киіз үйді ұлттық құндылықтарымыздың бірі ретінде дәріптейтін уақыт келді.

Саясаткер, шығыстанушы, француз ғалымы, профессор Оливиер Рой «...Жаңа құрылған мемлекеттердің логикасы бастан аяқ ұлттық рухта еді, бірақ Кеңес үкіметі бұл мемлекеттердің (бұл ұлттардың) шын мәніндегі жаратушысы болғаны үшін Кеңес қалдырған мұрадан өз алдына бөліне алмайтын үкімет құруға мәжбүр еді...» деп сараптады [17]. Бұндай түрлі жорамалдарға толы жазбаларға, ұлттық идеология жайындағы әр алуан толғаныстарға үкіметіміздің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында нүкте қойылды. Ол жолдауда «...Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идеология бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеологиясы» - делінген еді [18].

Бұл идеологияның Ата тарихымыздың бір кезеңінде мемлекеттік идеология ретінде уақыт сынынан өткендігі, сөйтіп, осы уақытқа дейін ел санасында тарихи сабақтастықты жалғастырып келе жатқандығы белгілі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Этносаралық қатынастар және ҚХА толеранттылығы» орталығының директоры, профессор Сатай Сыздықов «Мәңгілік ел» идеологиясын үш негізден тұрады деп атап көрсетеді. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінде) саяси жолдарды тасқа қашап жазып, дайындап, тарих сахнасына шығаруы, екіншісі – Әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни, Ата заң іргетасының қалануы [19].

Ұлттық идеология дегенде қазақ халқының ғана емес, жалпы Қазақстан халқының немесе қазақ елінің идеологиясы туралы сөз болып отыр деп түсінген жөн. «Мәңгілік ел» идеологиясы Қазақстанды мекендеген, тағдыры бір ұлттар мен этностық топтардың қатысуымен тарих сынынан өтіп, бүгінде жаһандану үдерісінде жасампаз ұлттық идеологияға айналып отыр. Жалпы ұлттық идеологияны жасау арқылы елімізді біртұтас азаматтық және саяси қауымдастыққа айналдыру – мемлекетіміздің этносаралық қатынастар мен конфессияаралық толеранттылықты тұрақты етудегі басты мақсаттарының бірі.

1.3 Қазақстандағы түркі ақындары жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясының жырлануы және ортақ түркілік сарын

«Мәңгілік ел» идеологиясы барлық түркілердің бір тарихи кезең – VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идеология болатын. Сондықтанда, тарих сынынан өткен бұл идеология бүкіл түркі дүниесі үшін ортақ болды. Біз қарастырғалы отырған тақырып Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, ұйғыр, өзбек, татар) поэзиясындағы ұлттық бірегейлік те осы идеологиямен үндесіп жатыр. Қазіргі жаһандану заманында Тәуелсіз Қазақстанда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологияға айналып, қазақ елінде тұратын барлық ұлттар мен этностар тобын ұйымдастырушы идеология ретінде қалыптасуы тиіс.

Біздің тәуелсіз елімізде өмір сүріп жатқан туысқан түркі халықтары иісі түріктің ата жұрты – Қазақ жерін әр түрлі жағдайларда мекен етіп отыр. Түбі бір түркі тектестер (ол ұйғыр, башқұрт болсын, өзбек, татар, қарақалпақ болсын) Тәуелсіз Отанымыз Қазақстанның керегесінің кең, шаңырағының биік болуын тілейді. Олар тек Қазақ жерінде ғана бақытты өмір сүріп отырғандығын түсінеді. Елімізде тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни, “Мәңгілік ел” идеологиясының жариялануы маңызды оқиға болды. Өйткені, бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеологиясынан келген түйін-тұжырым. Яғни, “Мәңгілік ел” идеологиясы отандастардың оның ішінде отанымызды мекен етіп отырған туысқан түркі халықтарының да бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз.

Бұл идеологияны қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз іс-әрекеттерінің нәтижелері арқылы қол жеткізген асуы дегеніміз жөн. Тарихта дана Тоныкөк негізін қалаған “Мәңгілік ел” идеологиясы бұдан XIII ғасыр бұрын Көк түріктер тарапынан іске асырылса, бүгінгі күн қазақ елінің бас ұранына айналуға мәжбүр. Ендігі жерде бұл идеология барша түріктің атажұрты Қазақстанның нығаюына қызмет етеді.

Тәуелсіз Қазақстан елі ұлттық құндылықтарын – ұлттық кодтарын түгендеп, жариялап, ұлттық идеологиясын нақтылап, бекітіп жатырған шақта елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтары шығармашылық иелері де Қазақстанның мәңгілік ел екендігін жырлап, насихаттап өз үлестерін қосуда. “ Қазақстан – менің Вәтиним ” атты ұйғыр ақындарының топтама жинағына алғы сөз жазған ақын Абдумежит Дөләтов

«Қазақстан охшаш гөзәл мәмликәттә яшаватқан, униң гүллинишигә үлүш қошуватқан хәликниң қәләм тутқан вәкиллири “ Қазақстан - менің Вәтиним ” намлик китапни чиқирип, алдиңларға қойди...

...Бу китап – Қазақстандики уйғур хәлқиниң өз мәмликитигә нисбәтән жүрәк нидаси “ Достлуқни, әркинликни, теңликни сөйген хәлқимизниң есил тилиги!..., ...Қазақстан тәвәсидә яшаватқан онлиған милләтләр қатариди уйғур хәлқиму бу йәрдә илгиридин чоңқур томур тартип, уни өзиниң дуниядики әң тәвәрүк жайи дәп тилға алиду. «Униңсиз бизгә һаят йоқ, яхшилик йоқ», дәп һәр қандақ йәрдә ейтқини ейтқан. Биз уйғур әвлади

буларның һәмминини чоң әждат ағзидин аңлап өстүк вә өсүватимиз», – деп жазады.

Аудармасы: «Қазақстан сияқты керемет мемлекетте өмір сүріп жатырған, оның гүлденуіне үлес қосып жатқан халықтың қолына қалам ұстаған өкілдері «Қазақстан – менің Отаным» атты кітапты шығарып, алдыларыңызға қойды...

...Бұл кітап – Қазақстандағы ұйғыр халқының өз (қазақ) мемлекетіне деген жүрек лүпілі «Достықты, еркіндікті, теңдікті сүйетін халқымыздың ізгі тілегі!..., /...Қазақстан елінде өмір сүріп жатқан ондаған ұлттардың қатарында ұйғыр халқы да өзінің тамыр жайып, өсіп – өнген қазақ жерін жерұйық мекені деп есептейді. «Онсыз бізге өмір жоқ, жақсылық жоқ», деп әр жерде айтқаны айтқан. Біз ұйғыр ұрпағы бұлардың барлығын үлкен аталарымыздың аузынан естіп өстік және өсіп жатырмыз» [20, б. 10].

Қазақ елі тәуелсіздік алғанда қуаныштарын жарыса жырына қосқан ұйғыр ақындарының бірі – М. Абдурахманов еді. Қазақ жеріндегі ұйғыр диаспорасының көрнекі ақындарының бірі, туысқан қазақ пен ұйғырға ортақ ақын болып саналатын ақын, ғалым М.Абдурахмановтың жырлары да негізінен патриоттық сарында жазылған. «Қазақ досыма», «Әссалам уйғурум», т.б. өлеңдерінде түркі халықтарының үзілмеген тарихи жолы, дербес мемлекеті бар халық болған шындығы, тәуелсіздікті аңсаған ізгі ойы, қазақ халқының аялы алақаны мен достық құшағы, т.б. сан алуан елдік, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер романтикалық-реалистік сарын тұтастығымен жырланған.

Ақынның «Қазақстан» атты өлеңінен Қазақ жерін мәңгілік Отан, құтты мекен сезінгенін байқаймыз.

...Туғулған қутлуқ диярим,
Әзизсән маңа анамдәк.
Бақимән,
Қанмас хумарим,
Өзәндин кудрәт алай дәп....

...Туылған құтты мекенім,
Әзизсің маған анамдай.
Мәңгілік
Қанбас құмарым,
Өзіңнен күдірет алғандай....

...Бағдики әркин кушлириң,
Тағлириң, чәксиз далариң –
Барчиси һаят хушлуғум,
Қазақстан, қутлуқ диярим [21, б. 269].

...Бақтағы еркін құстарың,
Тауларың, шексіз жайлауың
Баршасы өмір құштарың,
Қазақстан, құтты мекенім.
(Ауд. Ш.Бүркітбаева)

Ұйғырлардың қазақ елінде басқа ұлттармен терезесі тең, еркін тыныстап өмір сүріп жатқанын туысқан қазақ халқының кең пейілінің арқасы деп білетін Махмут ақын әрдайым қазақтарға ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырып отырады. Қазақ зиялыларымен етене араласқан ақын қазақ достарына сырын бөлісіп, қуаныш-қайғысын ортақтасады. Түбі бір туысқан қазақ халқының тәуелсіз мемлекет атанғанына қуана, қызыға

қарайтынын ашық түрде жырлаған ақын осы жаңа тарих жолында ұйғырлардың да өздеріне бұйырған бақытты сезінетінін айтады. Қазақтың ұлттық өркендеу жолындағы жемісті, жеңісті істерінің бәріне дерлік қуанған дос, туыс халық өкілінің көңілі жыр жолдарымен шынайы ақтарылған. Ақын «Қазақ досыма» атты өлеңінде:

«Бақытыңды қалайша бағаламан?!

Түбіміз бір, ешкімді алаламан.

Сыймағанда еліне ұйғыр-қазақ,

Бірін – бірі өзара паналаған» [22, б. 265] .

Тағы бір ұйғыр диаспорасы ақыны Патигүл Мәхсәтова да еліміздің тәуелсіздігіне, халқымызға, жерімізге деген үлкен құрмет пен ыстық ықыласын жырларына арқау етеді. Мына жалған дүниеде жалғыз Отаны бар екендігін, оның атының «Қазақстан» екендігін мақтанышпен жырлайды. Кіндігімен байланған туған Отаны қазақ елінің айбатты, мықты болуын тілейтін ұйғыр ақыны Қазақстанның дамуы жолында бар іске дайын екендігін жазады. Ақынның «Қазақ досыма» атты өлеңінен Қазақ елінің тәуелсіздігі сол елде өмір сүріп жатқан түркі тектес халықтар үшін де қаншалықты қымбат екендігін көреміз:

«Тәуелсіздік, еркіндік ту алғанда,

Қазақтың ақындары қуанғанда-

Мен де бірге қуандым достарыммен,

Қолым еркін жеткендей бұл арманға.

Қандай ғажап қазақтың азаттығы,

Артта қалды қараңғы, азап түні...», - деп жырлайды [23, б. 10].

П. Мәхсәтованың «Яшна, Қазақстан» өлеңінде ұмытылып бара жатқан тілін, дінін, әдет-ғұрпын қайта тірілтіп, жоғын жоқтап, барын түгендеу бақытына ие болған елдің келешегінің жарқын болуын тілеген шын дос, туыс көңілін көреміз.

...Көк туғуң йәлпүлдәйду көктә әркин,

Қолунда арман қылған бәхит – әркиң.

Сән билән шатлиғиңни тәң бөлүшүп,

Яшайду ижил – инақ барчә хәлқиң.

Мәдһийләп язсам азлиқ қилар дастан,

Чүнки биз томури бир дәрәк – бостан.

Улашсун тоюң тойға мәңгү-әбәт,

Йәниму гүлләп, яшна, Қазақстан [24, б. 154].

Аударасы:

...Көк туың желбірейді көкте еркін,

Қолыңда арман қылған еркіндігің.

Сенімен шаттығыңды тең бөлісіп,

Жасайды қоян-қолтық барша халқың.

Мадақтап жазсам аздық етер дастан,
Өйткені біз тамыры бір бәйтерекпіз.
Ұлассын тойың тойға мәңгі абат,
Жайна гүлдей, жаса Қазақстан (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.).

Ал ақын Хуршидә Илахунованың «Мустәқил Қазақстан» (Тәуелсіз Қазақстан) атты жырынан қазақ елінің тәуелсіздігіне деген шексіз қуанышын, елдің дамуына, ел ішіндегі бірлікке, қазақ халқының ақ көңіліне деген сүйіспеншілігін көреміз. Мың өліп мың тірілген қазақ халқының бүгінгі заңғар бейнесіне сүйсінген ақынның риясыз қуанышы жыр жолдарына ақтарылған.

«Миң өлүп, миң тирилгән» бағрим қазақ, / Азатлиқ туғини көккә көрәрдиң сән. / Күткәндиң бу мубарәк күнни узақ, / Тәғдирниң буйруғида көкәрдиң сән. / Мустәқил Қазақстан әзиз макан, / Теғиндәк қәддиң бүйүк турувалдиң. / Қийинчилик чүшти башқа, йәндиң аман, / Астана – тажу – тәхтни қурувалдиң...» [25, б. 99].

Аудармасы: «Мың өліп, мың тірілген бауырым қазақ, / Азаттық туын көкке көтердің сен. / Күтгің ғой бұл мұбарак күнді ұзақ, / Тағдырдың бұйрығымен көгердің сен. / Тәуелсіз Қазақстан азиз мекен, / Тау секілді қасқайып тұрып алдың (иілмедің) / Қиыншылық түсті басқа, жеңдің аман, / Астана – тәжің-тағың құрып алдың...».

Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек әдеби өкілдерінің шығармалары Қазақ елі ұстанып отырған «Мәңгілік Ел» идеологиясының өзектілігін, тәуелсіздіктің маңыздылығын, елдің тыныштығы мен сол елде өмір сүріп жатқан халықтар арасындағы өзара келісім, қазақ еліне, жеріне ризашылық т.б. тақырыптарды қозғайды. Елімізде жарты миллионнан астам өзбек диаспорасы өмір сүреді. Түбі бір туысқан қазақ жерінде емін-еркін өмір сүріп отырған өзбектер Қазақстанның тәуелсіздігі басты байлығымыз деп түсінеді.

Өзбек диаспорасының көрнекі ақындарының бірі Эрназар Рузиматовтың «Туркистон фарзандиман» («Түркістан перзентімін») жырынан ақынның туған қазақ еліне, жеріне деген махаббатының шынайы бейнесін көреміз:

Улуғ Ахмад яссавийнинг

Тупроғида изи бор,

Хоки пойи тутие –

Туркистон фарзандиман [24, б. 189].

Ұлы Ахмет Яссауидің

Мекеніңде изі бар,

Топырағыңа тәу етер

Түркістан пензентімін.

Қожа Ахмет Яссауи сияқты ұлылардың ізі қалған Мәңгі Елдің Ұлы Даласының кіндігіне орналасқан Түркістан қаласының мерейінің әрқашан үстем екендігін, келіп-кетер қонағы үзілмейтін, құт-берекесі мен бақ-дәулеті ешқашан ортаймайтын тарихи қаланың перзенті болғанын мақтан

етеді. Э.Рузиматов «Шимкентим» («Шымкентім») өлеңінде де қаланың атын асқақтатып «Бұқара мен Самарқантқа тең қаласың» деп жырлайды. Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан қаланы Арыстан баба мен Қожа Ахмет Яссауиға мекен болып, Йгүнеки мен Атаиға дастан жаздырған, жасыл желек жамылған жас келіндей хас сұлу, қазақтың қасиетті қаласы деп дәріптейді.

Жас ақын Шохмурод Молайхоновтың «Қозоғистон – элим менинг» атты өлеңінен туған жері үшін жаны құрбан жас ұланның бұлқынысын көреміз. «Жон элим, Қозоғистон, Томиримда оққан қон. Сенга фидодир жоним, Бағрингда шод хар оним. Бағрингдай феълинг хам кенг, Келмас сенга хеч ким тенг. Пойтахтим – гул Астанам, Мангу еруғ кошонам» [26, б. 161].

Аудармасы: «Жан елім, Қазақстан, Тамырымда аққан қан. Саған құрбан жаным, Бауырыңда бақыттымын, Ыстық кең құшағыңда, Саған ешкім тең келмейді. Басымдағы тәжім – гүл Астанам, мәңгілік мекенім.», деп жырлайды. «Ватан ягонадир» жырында жалғыз Отанының туып – өскен Қазақстан екендігін айтады:

Ота макон, она юртим Қозоғистон,
Яссавий бобом етган қадим Туркистон,
Ботирларинг айлагай сенга фидо жон,
Бу муқаддас заминда Ватан ягона...[26, б. 161-162].

Аудармасы:
Ата мекен, ана жұртым Қазақстан,
Яссауи бабам өткен ескі Түркістан,
Батырларың айбатты саған пида жан,
Бұл қасиетті жерде Отан жалғыз...

Өзбек диаспорасының тағы бір ақыны Зохид Абдирахимовтың «Қозоғистон» өлеңінде «Жонажон юртимнинг боғлари бустон, / Эзгуликка хар дам қалби нурафшон, / Сени деб яшайман хар вақт, хар қачон, / Гуллайвер, яшнайвер, хур Қозоғистон!... / ...Мустақил Ватанмиз, байроғимиз бор, / Боболарнинг рухи бизга мадаккор, / Шу сабабли дейман такрор ва такрор, / Гуллайвер, яшнайвер, хур Қозоғистон!» [27, б. 58].
Аудармасы:

«Жанарған елімнің бақтары гүлстан, / Изгілікке толған жүректер нұрланған, / Сен деп өмір сүремін әр сәт, әрқашан, / Гүлдене бер, жайнай бер, еркін Қазақстан!... / ...Тәуелсіз Отанымыз, байрағымыз бар, / Бабалар рухы бізге риза, / Мына себептен деймін қайталап және қайталап, / Гүлдене бер, жайнай бер, Тәуелсіз Қазақстан!».

Ал ақын Шоахмад Шопулатовтың «Бу менинг ватаним – Қозоғистоним» (Бұл менің Отаным – Қазақстаным) өлеңінен де елімізде өмір сүріп жатқан өзбек ағайындардың Қазақ мемлекетіне, қазақ еліне өз

тағдырларын сеніп тапсырғанын байқаймыз. Өмірдегі бар байлықты, бақытты, шаттықты, тыныштықты тек қана Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстырады.

Қазақстандағы түркі ақындарының түрікшілдік сарындағы өлеңдері жалпы адамзаттық ұрпақтар сабақтастығы дүниетанымына негізделгендігімен ерекшеленеді. Азаматтық-отаншылдық сарындағы өлеңдердің жалпытүркілік сарынмен жырлануы тәуелсіздік жолындағы қазақ халқының қаһармандық тарихын ұрпақтар жадында жаңғыртады.

Қазақстандық түрік ақыны Али Паша жырларында ұлттық бірегейлікті, бауырластықты, Отанға деген махабатты, туған елге деген сүйіспеншілікті, қазақ халқына деген ризашылықты жырлайды. Али Пашаның «Қазақтарға ризамын» өлеңінен елімізге жер аударылған барлық түрік халқының қазақ жұртына айтқан алғысын көреміз. Ақын жырында бастарындағы ауыр жағдайды түсініп, көмек қолын ұсынып, құрметтеген, “Ер Түрік қанынан жаралған түбі бір қандасым!” деп бауырына басқан қазақтарға мәңгі қарыздар екендіктерін жазады. Ақын қазақ халқының бойындағы ең асыл қасиеттерді – мейірімділікті, ізгілікті, бауырмалдылықты, қонақжайлықты, жомарттықты, білімділікті мадақтайды.

Gelip düştük Kazakistan eline
Şehrine köyüne böldüler bizi

Biz Kazak halkından çok hürmet gördük
Yahşi, yaman günde sorulduk sorduk
Fitneyi fesadı beraber kırdık
Evlerine, yurtlarına aldılar bizi.

Аудармасы:

Келіп түстік Қазақстан еліне,
Бізді бөлді қала, ауыл жеріне...,

...Біз құрмет көрдік қазақ халқынан,
Олар да түсініп, халіміздің толқыған.
Біздерді санап өз бауырларына,
Атамыз Ер Түрік жаралған қанынан... [28, б. 37].

Жырында, «Қазақ – Түрік атамыздың кенже баласы» деп түркі халықтарындағы «қара шаңырақ иесі – кенже бала» деген дәстүрді де тіліне тиек ете отырып, Қазақ елінің көне түріктерден қалған «Мәңгілік Ел» идеологиясының заңды мұрагері екендігін нақтылайды.

Қазақ – Түрік атамыздың кенже баласы,
Намысты, жомарт қып туған анасы,
Өте көп қазақтың білімді данасы,
Тарихи кітаптан танитын бізді... [29, б. 18]. (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын жырларынан ежелгі түркі әдеби ескерткіштері мен қазіргі түркі ақындары шығармалары арасында сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы бар екенін байқауға болады. Көк түрік ұрпақтарының қай ғасырда да есіктері болаттан, үйлері тастан көркем салынатынын, қанша рет өшсе де қайта жанатынын, қанша рет өлсе де қайта тірілетінін жырлайды.

Ұрпақтарының бәріне ортақ бұл түркілік сарын – «Мәңгілік ел» идеологиясын ұстанған Ер Түріктің бұрынғы айбынды даңқын аңсау, содан қуаттану, сол арқылы түркілік өр рухтың аласармайтын келешегіне сену. Ақын Бекир Перишан да осы түрікшілдік сарынның мұң мен сенім тұтасқан поэтикалық сипатын жырлаған. Бүкіл түркі баласы қасиетті деп санап, қадір тұтқан көк бөрінің бөлтірігі екенін де еске салып «Ойынан жатса, тұрса бір шығармай, ұлиды тауын аңсап бөлтірігің», деп жырлайды.

Ақын «асыл түрік», «батыр түрік» тіркестерімен текті түркі халықтарын көкке көтеріп оқырман назарын өзіне аударады. Жанымда қуат беріп сен тұрғанда мен ешкімге де дес бермеймін деп шабыттанған елім, жерім деп еңіреген ерлердің психологиялық портретін, әдеби бейнесін жасайды.

«...Өзгеге мені еріксіз табындырдың, \ Сарғайтып, сабылдырдың, сағындырдың. \ Жете ме Ата Түрік құлағына, \ Әнінді айдалада салып жүрдім. \ Армысың, еңіреген Ер Түрігім, \ Арнадым саған жырдың ең сұлуын. \ Ойынан жатса, тұрса бір шығармай, \ Ұлиды тауын аңсап бөлтірігің. \ Қайдасың асыл түрік, батыр түрік, \ Арманым көкірегімде жатыр тұнып. \ Артымда асқар таудай сен тұрғанда, \ Ешкім де басына алмас батырсынып [29, б. 2].

Қазақстандық ахысқа түріктері өкілдерінің бірі, ақын Хукиев Ибрагим Катипоғлуның «Мен Түрікпін» атты өлеңінен де өздерін ежелден көк бөрінің тұқымымыз деп өр санаған түрік халқының ұрпағына тән асқақ рух, қайсар мінез-құлықты көреміз. Айбынды түрік халқының өткен тарихындағы алып тұлғаларын айшықты мән-мағына бере жырына қосқан ақын, өзінің кімнің ұрпағы екенін мақтанышпен жырына арқау етеді:

...Бура, Темір, Баязиттің тағындағы сәулет Мен,
«Жібек жолы» үстіндегі шөл, теңіз, үкімет Мен.
Мен Атабек, мен Османлы, Қорқыт ата ізімін...
...Түркістаннан Византияға күннің нұрын алып аққан Мен,
Қадим Тұран бірлігінің ошағын да жаққан Мен.
Мен Яссауи, Мен Фараби, Юнус Әміре сынды азулы,
Рун-и-Орхон, Көктүріктерден қалған ескі жазумын...
...Шумақтарға толтырсам да бітпес мендегі қуаныш пен уайым,
Түрік ұлын сақтадың Сен, бақытын бер, Құдайым! [29, б. 25].

Ақын көк түріктердің көне дәуірдегі сан қилы тарихында қол бастаған кесек тұлғаларды мақтанышпен тізбектеп, әлем тарихында айрықша із қалдырған кешегі түркі халқының ерлігін жалғастырар бүгінгі ұрпағының да осал еместігін «Мен» арқылы жеткізген. Осы сөзбен ғылымда, білімде, дінде, соғыста, ерлікте, батырлықта өз орнын ойып көрсеткен ірі тұлғалар тудырған түркілердің дарабоз екендігін айшықтай түскен. Қазақ тілінде де жыр жазатын ақын Хукиев Ибрагимнің қазақша жазған мына шумақтары түркілердің бесігі болған Қазақ жері мен тіліне арналған:

Тарихтың бір парағын көтерейін Шығыстан,
Бабаларым бір-бірін жүрегімен ұғысқан.
Көнекөздер сөйлесін менің ғажап тілімде,
Азияның ұлымын: Топырағым – Түркістан... [30, б. 249].

Жырларын негізінен қазақ тілінде жазатын түрік ақыны Дямуршаев Тельман Асланоғлу «Қадірлеймін қазақты» атты жырында өзінің түріктік, ұлттық түбінің қазақ қанымен тектес болмысын тарихи сана тұрғысынан жазады.

Ұлтым түрік, қазақ болып өстім мен,
Қазақтармен бірге ғұмыр кештім мен...
...Кәрі Сырдың суына мен жуындым,
Қадір тұтып, қастерлемес суын кім?...
...Уа, халқым, мақтан етем бәріңді,
Сіздерменен бірге салып әнімді.
Тәуелсіздік туын көкке көтерген,
Сүйем әркез күндей жарқын күнімді [29, б. 52].

«Сыр елі» атты өлеңінен түркі халықтарының ежелгі атамекендерінің бірі Сырдария өзені бойын жағалай орналасқан қазақ халқының тұрмыстық-әлеуметтік ортасын, сол ортадан мәңгілік бақыт, абырой тапқан түріктердің бәріне ортақ ризалық көңіл-күй әуендерінің халықтық сипаттағы шынайылығын көреміз:

...Салтым да бір, ғұрпым да бір, Сыр елі,
Халқым да бір, жұртым да бір, Сыр елі.
Қара көзім, қара шашым, ақ пейілім,
Бәрі ұқсас, сыртым да бір, Сыр елі...
...Көтеретін ұран да бір, Сыр елі,
Сақтап келген мұрам да бір, Сыр елі.
Табынатын Тәңірім де жалғыз-ақ,
Бағыштайтын Құраным бір, Сыр елі [31].

Ақын өлеңінде бүкіл түбі бір түркі халқының сана-сезімі, сырт бейнесі, салт-дәстүрі, іші-сырты, жан-тәні, жалбарынар құдайы, оқитын құраны, тілер тілегі бәрі, бәрі бір, ортақ екендігін жырлайды.

Тағы бір түрік ақыны Асампалы Зияоғлу Чалабовтың «Қазақстан» атты өлеңінде де қазақ еліне ризашылығын «Халыққа бейбіт өмір сыйлаған, Риза болмаған жан қалмаған» сияқты жыр жолдарымен жеткізеді. Ақын «Сүргіндегі халықтың дертін түсінген, Сен болдың, Қазақстан! Қасірет шеккен байғұстың айрылу шерін түсінген, Сен болдың Қазақстан!» [32, б. 13], деп сүргінге айдалып келгенде сүйеніш, пана болған, кеңпейілді, туысқан қазақ жұртына алғыс жолдауын арнайды.

Татар диаспорасының әдеби өкілдері де Қазақстанда өмір сүріп жатқан түркі халықтарының бірі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастыруға, «Мәңгілік Ел» идеологиясын қолдауға, дамытуға өз үлестерін қосуда. Қазақстандағы татар поэзиясында қиын күнде қолын созып, пана болған, бауырына тартқан қазақ жұртын қадірлеу, құрметтеу басты тақырыптың бірі.

Ақын Гриф Тимурұлы қазақтың жыр алыбы Жамбыл Жабаевқа арнаған жырында, Жамбыл тек қана қазақтың ақыны емес татардың да ақыны, ол кісіні «Біздің ақын» деп басқа халықтар да мақтанады деп жырлайды:

Тик казахлар гына тугел, Татарлар да аны кадерләр. Жамбыл – безнең ақын, диеп Башка халыклар да әйтерләр...	Тек қазақтар ғана емес, Татарлар да оны қадір тұтады. «Жамбыл біздің ақын», деп Басқа халықтар да айтады...
--	--

...Бүгенгәчә Жамбыл жырын, Сөеп жырлай иркен, киң дала... Мин де татар баласы да, Жамбыл жырларына сокланам [31].	Бүгінге дейін Жамбыл жырын, Сүйіп шырқады, кең далам. Мен де, татар баласы да, Жамбыл жырларына табынам.
--	---

Еліміздегі татар диаспорасының орыс тілді ақыны Абубакирова Фируза Абрахманқызы шығармаларында бар өмірінің Қазақстанмен тығыз байланысты екендігін ашық жазады. Ақын «Менің Қазақстаным – Менің тағдырым!» («Мой Казахстан – Моя Судьба!») өлеңінде туысқан қазақ жерінің туған Отаны болғанын мақтанышпен мойындайды:

Так исторически сложилось, И так судьба распорядилась, Что породнил всех Казахстан, Отчизною любимой стал!... [33, б. 317]	Тағдырдың тәлкегімен, Жазмыштың пәрменімен, Барлығы Отан еткен Қазақстан, Болдың Сен, сүйікті Отан!...
---	---

Зерттеу жұмысымыздың нысанына сай Қазақстандағы түркі тектес халықтар поэзиясын зерделей отырып, ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстанып, ұрпақтарына аманат еткен, ал, бүгінгі күнге дейін сан түрлі жапсырма идеологиямен өмір сүрген еліміз қол жеткізген тәуелсіздікпен бірге қайтадан жариялау уақыты келген, пісіп-жетілген «Мәңгілік ел» идеологиясының елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының (ұйғыр,

өзбек, ахыска түріктері , татар, т.б.) да табиғи болмыстарына етене жақын екендігін көрдік.

Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясындағы айтылар ойдың біреу екендігін, оның Қазақ елінің тәуелсіздігі, елдегі бірлік, бір мүддеге қызмет ету, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, тыныштық, өзара келісім, т.б. яғни, бір ғана «Мәңгілік Ел» идеологиясының айналасында тоғысатынын білдік. Елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтары диаспорасы өкілдері де заман талабына сай ата-бабадан мұра болып қалған ұлан-байтақ Қазақ жерін мекендейтін барлық халықтардың болашағы жарқын болуы үшін ұлттық-мемлекеттік идеологияның таптырмас құрал екендігін құптайды [34, б. 348].

Дәстүрлі түркілік дүниетанымымыздан бастау алған осы «Мәңгілік Ел» идеологиясы жолында қызмет етуге дайын. Егемен Қазақстан халқы үшінші мыңжылдықты үлкен сапар үстінде қарсы алып отыр. Ел, жер иесі қазақ халқының алдына қойған мақсат-міндеттері айқын. Осы алға тартылған мақсат пен міндеттер – қазақ топырағында өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдерінің де сара жолы, өмірлік бағдарламасы.

Бұл мақсат мен міндеттер – Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастықтағы лайықты, тарихи орынын жоғары дәрежеде қамтамасыз ететіні күмәнсіз. Бұл ұлы сапарда Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық ұлттар қоян-қолтық бірлесіп, иық тіресіп қазақ халқын қолдауға міндетті. Өз кезегінде жер иесі, ел иесі қазақ халқының да осы ұлы сапардың керуенбасы болып, барлық ұлттарды Отанымыздың байлығы мен қуатын арттыруға бас болып бірлестіріп, әр ұлттың мәдениетін сақтап дамытуға қамқоршы болу міндеті көрсетілген. Оны басқа халықтар диаспоралары үнемі ұмытпай жүруі тиіс.

1.4 Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы – Қазақстан халықтары әдебиетінің бір саласы

Түркі халықтарының әдебиеті – әлемдік сөз өнері арналарының көрнекті саласы. Түркі өркениетінің адамзат тарихындағы көрнекті сала болып қалыптасуында, дамуында көркемөнер туындыларына тән көркемдік жалғастықтың аса ықпалды қызметі айрықша сақталған. Байырғы сақ, ғұн. түркі дәуірлерінде басталған дәстүрлі сөз өнеріндегі лирикалық және эпикалық шығармалар үлгілері түркі халықтарының әдебиеттерінде барлық

ғасырларда да жаңара, жаңғыра жалғасты. Көркемдік жүйедегі тарихилықтың ең басты идеялық-композициялық желіні құрайтыны, шығармаларда халық өмірінің романтикалық-реалистік сарындар тұтастығымен бейнеленуі, көркем шындықты сан сырлы, терең мағыналы ойлармен жинақтап көрсететін жалпыхалықтық сөздік қор мен сөздік құрам үлгілерінің шеберлікпен пайдаланылуы, т.б. ерекшеліктері – дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығына негізделген әдеби жалғастық заңдылығы.

Бұл орайда, Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының байырғы замандардан бүгінге дейінгі ұласқан әдеби жалғастық жүйесіндегі ұлттық бірегейлік пен ұлттық сипат табиғи заңдылығының сақталғандығын анық байқаймыз. Себебі, қазіргі заманғы түркітануға арналған тарих, әдебиеттану, фольклортану, тіл білімі, этнография, т.б. ғылымдар салаларындағы нәтижелер байырғы дәстүрдің сақталғандығын, жаңашылдықтың қосылуында байырғы сілемдердің сақталуын дәлелдейді.

Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар, т.б.) поэзиясындағы дәстүрлі жалғастық және ұлттық бірегейлік пен ұлттық сипаттың сақталуында байырғы замандарда фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларында қалыптасқан үлгілердің ғасырлар бойы жалғасып келген көрінісін аңғарамыз. Түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларындағы тақырып пен идея, сюжет пен композиция стильдік-тілдік өрнектер, т.б. ерекшеліктер жалғастығы танылады.

Әлем өркениеті – халықтардың мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан материалдық және рухани мәдениет салалары қазыналарынан құралған адамзат дамуының көрсеткіші. Түркі халықтарының түп тамыры дәуірлеріндегі тайпалар (сақ, гүң, үйсін, қаңлы, т.б.) негізіндегі мемлекеттер, империялар дәуірлерінің тарихи оқиғалары, тұлғалары салт-дәстүрлері – бәрі де фольклор мен әдебиет шығармаларында бейнеленді.

Түркі халықтарының сөз өнері мұраларында эпикалық көрнекті жазба ескерткіштер әдебиеттегі тектес туындылардың негізін қалағандығы ақиқат. «Көне түркі әдебиеті (VI-IX ғ.)», «Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғ.)», «Алтын орда-Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.)» [35] болып ғылыми жүйеленген тарихнама жолында мынадай көрнекті эпикалық шығармалар бар: «Орхон ескерткіштері («Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге Қаған)», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама» (VI-IX ғ.), Жүсіп Баласағұнның «Күтты білік» дастаны, Ахмет Иассаuidiң «Ақыл кітабы», Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы» (X-XII ғ.) Рабғузидың «Рағбузи қиссалары», Кұтыптың «Хұсрау - Шырын» Хорезмидің «Махаббатнама», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан», Сәйф Сарайдың «Жәдігернама», «Түрікше Гүлстан» дастандары т.б.

Түркі халықтары әдебиетінің тарихындағы ортақ мұралар болып саналатын осы шығармалардың кейінгі дамудағы эпикалық шығармашылыққа да әсер еткені ақиқат. Тәуелсіз Қазақстандағы түркі

халықтары әдебиетінде байырғы заманғы әдеби үрдіс ұлттық және жалпытүркілік дәстүрлер тоғысуы жағдайында жалғасты.

Қазақстандағы түркі халықтарының тәуелсіз мемлекетімізді жаңаша өркендету, ұлттық және жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарын игеру жолындағы ортақ көзқарастары, қоғамдық-әлеуметтік қызметі әртүрлі ұйымдар арқылы жүзеге асырылып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар – бәрі де мемлекетіміздің нығаюы бағдарламаларымен сәйкес әрекеттер жасауда. 2006 жылғы (2006 жылғы 4 наурыз күнгі мәжілісінен бастап Ассамблея мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіле бастады) бас қосуларда Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік қазақ тілінде сөйлеуді, жазуды Ата Заңға сәйкес қатаң ұстануы жаңаша серпін туғызғандай болды.

Қазақстандағы түркі халықтары ақын-жазушыларының шығармалары тарихи түп негіздері, діні, тілі тектес, діні ортақ болғандықтан түркітану ғылымының тіл білімі, фольклортану, әдебиеттану, мәдениеттану салалары бойынша сабақтастырыла қарастырылады. Сондықтан, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті салаларын ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бері Қазақстан Республикасы университеттеріндегі «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бөлімдерінде оқытылып келе жатқан «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» пәні [36, 3-20] типтік бағдарламасы аясында кеңейте, дамыта оқытудың өзектілігі анық.

Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетін құрайтын Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарындағы ақын-жазушылар [37] қатары да мәлім. Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті құрамында ахысқа түріктері ақындары шығармаларының да өзіндік орыны айқындалуда. ХХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап Қазақстанды мекендей бастаған ахысқа түріктерінің өкілдері [38] арасынан қаламгерлік талантымен танылғандары да бар. Түріктер – Қазақстан халқының байырғы ата-бабалық тарихи болмысына толық сәйкес сақталған түркілік ұлт өкілдері. Түркия Республикасындағы және Кавказдағы Грузия жеріндегі түріктік тарихи мекендерінен ажыраса да қазақ топырағындағы ұлттық-этнографиялық сипатын жоғалтпауы – тарихи мәдени дамудың жемісі.

«1944 жылы Грузияның Ахалцих, Адыген, Ахалхалак т.б. аудандарында ежелден мекендеп келген түріктер...» [38, б. 3] жер аударылып келеді. «...басқа да диаспоралар секілді қазір олардың да «Түркия» атты мәдени орталығы жұмыс істейді. Түріктер жиі қоныстанған оңтүстік облыстардың 27 мектебінде ана тілінде оқытатын бастауыш сыныптар бар. Қазақ радиосының бірінші бағдарламасында түрік тілінде хабарлар беріледі» [38, б. 3].

Ахысқа түріктері қаламгерлері де ортақ Отаны Қазақстанда еркін шығармашылық жұмыспен айналысуда. Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан ахысқа түріктерінің арасынан ақындық өнерімен танымал болған қаламгерлер туындыларының бірқатары тәуелсіздік жарияланғаннан бері

соңғы онжылдықтарда жарық көруде. Ш. Бадаловтың, Р. Мемедоглының, Ю. Зейректің, А. Шалабовтың, А. Вейселоглының, І. Агараның, М. Әһмәдовтың, Шайыр Мамоштың, М. Лебиштің (Намазовтың), З. Йектаидың, С. Піриеваның, А. Піриевтің, т.б. авторлардың туындылары Қазақстандағы түрік әдебиетінің әдеби орынын дәлелдеуде.

Қазақстанның Оңтүстік аймағын мекендеп отырған өзбектер қазақ елін өз еліндей көреді. Барлық құқықтары қорғалған өзбектердің өз ана тілдерінде мектептері, театр, теле-радио кешендері, үйірмелері, көптеген газет-журналдары, т.б. әлеуметтік мүмкіндіктері мол. Еліміздің ең ірі қалаларында ұлттық мәдени орталықтары бар. Тәуелсіз Қазақстан жеріндегі өзбек әдебиетінің тарихы өте әріден бастау алады. Өзбектің атақты ақындары Юсуф Сареми мен Абдулхамид Лузуми Оңтүстік Қазақстан жерінде дүниеге келіп, өздерінің шығармаларын жазған. Қазақстан тәуелсіздік алған соң еліміздегі өзбек қаламгерлері мен қазақ әдеби тұлғалары арасындағы дәстүрлі шығармашылық байланыс нығая түсті. Еңбектері ақпарат құралдарында жарияланып, кітап болып басылып, көпшілік қауымға танылып, белсенді шығармашылықпен айналысып жүрген өзбек диаспорасының ақын-жазушыларының басты басты тұлғалары: Э. Рузиматов, Т. Юлдашев, И. Жуманов, Ш. Шопулатов, С. Акрамов, П. Бобоев, П. Иброхимов, А. Пратов, З. Моминжанов, т.б.

Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті өкілдерінің ең басым бөлігі – ұйғыр әдебиетінің еншісінде. Ұйғыр поэзиясы ақындарының лирикалық, эпикалық туындылары ұлттық сөз өнерінің дәстүрлі жолын жалғастыра дамып келеді. Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр поэзиясында Махмұт Әбдірахмановтың, Рахымжан Рузыевтің, Аблиз Һазимнің, Патигүл Сабитованың, Абдукерим Ғаниевтің, Хуршида Илахунның, Абдуғопур Құтлуқовтың, Сабутжан Маматқұловтың (Надуру), Жамшитжан Розахуновтың, Тельман Нұрахуновтың, Шайрам Баратованың және т.б. ақындардың шығармалары оқырмандарына танымал.

Ал, ұйғыр прозасының дамуына өзіндік үлестерін қосқан белгілі қаламгерлердің шығармалары да Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің мәртебесі биіктігін дәлелдейді. Зия Сәмәди, Мухлисов Юсупбек, Камал Асамдинов, Ахметжан Аширов, Шаим Шаваев және т.б. жазушылар ұйғыр прозасының көркемдік болмысын қалыптастырды. Осылардың ішінде поэзияда да, прозада да (Т. Нурахунов, П. Сәбитова, т.б.), проза мен драматургияда да (Зия Сәмәди, М. Зулфикаров, т.б.) қатар қалам тербегендер де, шығармашылығында көркем аудармамен, ғылыми-зерттеулермен қоса айналысқандар да бар. Ұйғыр әдебиеттануының көрнекті тұлғасы М. Хамраев (1936-1983) еңбектері – бүкіл түркі халықтары сөз өнеріне ортақ теориялық құндылығымен белгілі.

Қазақстанда татар әдебиетінің қаламгерлері де бар. Ибрагим Салахов, Асғадулла Хамидуллин шығармалары да уақыт тынысына үндескен сипатымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстанның төл ақындары Г.

Хайруллин, Р. Абдусаламов, Н. Усманова, Р. Гузаиров, Н. Абдулкаримова. Ал, еңбектерін орыс тілінде жазатын татар ақындары Ф. Тамендаров, Ф. Байгелдин, Т. Каримов, Р. Мусин, Ф. Абубакирова, Н. Абдулвалиева т.басқалар.

Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті – әлем өркениеті рухани құндылықтарының маңызды саласы. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихи дамуының арнасында байырғы түркі өркениеті тұтастығы желісінің де сақталатындығы, жалғасатындығы ақиқат. Үкімет қаулысымен (2006 жыл 28 маусым) бекітілген «Этносарлық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделін жетілдіруінің 2006–2030 жылдарға арналған бағдарламасы» мемлекетіміздегі халықтар диаспораларының біртұтастығын нығайтуға бағытталған.

Ұлттық мәдениетін, тілін, дәстүрлерін сақтауға, дамытуға бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланатын, театрларын мемлекет қаржыландыратын, ұлттық-мәдени орталықтары жетекшілеріне гранттар бөлінген біздің Тәуелсіз Қазақстандағы диаспоралар нағыз демократиялық қоғамға тән хал-ахуалды сезінуде. 23 республикалық және аймақтық, 470 облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық ұлттық-мәдени орталықтары, 73 музыкалық, 41 сурет, 97 өнер мектептері [39, б. 3] еркін шығармашылық жұмыс істеп жатқан Қазақстанда туысқан түркі халықтары әдебиеті де дәстүрлі жолын еркін жалғастырып келеді.

Әлем халықтары әдебиетінің қалыптасуы, даму жолы – адамзат дүниетанымының айнасы. Ұрпақтар жалғасуында адамгершілік қасиеттердің асыл сапалары эстетикалық-гуманистік тағылымымен игерілуі басты назарларда болып келеді. Адамдардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәлім-тәрбиелік игі дәстүрлерін сөз өнері шығармалары арқылы насихаттау, ұрпақтардың санасына ықпал ету, байыпты дүниетанымын қалыптастыру әлем әдебиетіндегі дидактикалық әдебиет мұраларының, оның ішінде поэзиялық шығармалардың мазмұны мен пішініне негіз болады.

Қазақстандағы түркі поэзиясының тарихи-әдеби даму үдерісіндегі көркемдік жалғастығы жүйесіндегі негізгі ерекшеліктері әдебиеттегі мазмұн мен пішін поэтикасы аясында бағаланады. Қазақстандағы ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының барлығы да дәстүрлі лирикалық және эпикалық жанрлардағы шығармашылық үдерісті дамыта жалғастырды. Қазақстандағы түркі поэзиясының лирикалық шығармаларында азаматтық-отаншылдық сарын басым сипатпен жырланды. Адамдардың жан әлеміндегі туған жерді, атамекенді сүйген көңіл-күйлерін, жүрек сырларын бейнелеуде ақындарда лирикалық-философиялық, лирикалық-көсемсөздік сарынмен жырлау айрықша орын алды. Ақындардың лирикалық-эпикалық тұтастықпен жырланған шығармаларына халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан фольклорлық-этнографиялық дәстүрлі көзқарастары арқау болды.

Ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар т.б. түркі ұлыстары өкілдері ақындарының шығармаларында Алаш елінің атамекені Қазақстан, қазақ халқы туралы жырлауға баса мән берілген. Ақындар түркі халықтарының байырғы Отаны Қазақстанды мәңгілік атамекен, ұрпақтарға пана болған қасиетті жер тұрғысында ардақтап жырлады. Қазақстандағы түркі ақындары шығармаларының өзара поэтикалық біртектестігі әсіресе тақырып, идея жағынан тұтастығы ғасырлар бойы сақталған түркілік дүниетанымдағы көркемдік ойлау, «Мәңгілік Ел» түсінігінің жалғастығын дәлелдейді.

2 ОҒЫЗ – ҚЫПШАҚ ТІЛДІК ТОБЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА РУХАНИ ТҰТАСТЫҚ

2.1 Ахыска түріктері ақындары шығармаларының даму барысы

Қазақстан халықтарының әдебиеті әлем өркениетіндегі рухани құндылықтар болып саналады. Қазақтың ежелгі замандардан бүгінгі күнге дейін жеткен ата-бабалық мәдениет дәстүрлері мемлекетіміздің түбі бір түркі тектес халықтар диаспоралары мұраларымен үндес, тектес сипатымен бағаланады. Біртұтас түркі мәдениеті ұғымының ғасырлардан жеткен жолын Қазақстанның жаңа тарихын бірге өркендетуге ат салысып келе жатқан бауырлас, қандас халықтардың да жалғастыратыны анық. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақ даласы – Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы» [40,

б. 53] деген тарихи тұжырымы ұлттық мәдениетіміздің өркениеттік деңгейін танытатын болмысын айқындайтын ойлармен сабақтасады:

«...сөз Оңтүстік пен Шығыс, Солтүстік пен Батыс, арасындағы жолайрықта қазақ даласы мен қазақ қалаларының ұлы мәдениеттерге дәнекерлік еткені туралы болса керек. Әлімсақтан бері – Бабырдан Бейбарысқа дейін, Елетміштен Шоқанға дейін – солай еді ғой. Қазақ мәдениеті біздің түркі бабаларымыздың мәдениеті сияқты, қандай әсер-ықпалды бастан кешірсе де, томаға-тұйықтыққа берілмеген ұдайы синкретті болып отырған» [41, б. 18]

Байырғы түркілердің қара шаңырағы – Қазақстан болғандықтан планетамыздың барлық құрлықтарында өмір сүріп жатқан түбі бір түркі халықтарының барлығы да біздің Отанымызды, даламызды мәңгілік тірек, медет тұтып келеді.

Ахысқа түріктері – сондай халықтардың бірі. «Түріктердің негізгі ата қонысы өзіміздің Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойы» [38, б. 3]. Түркі тілдес оғыз тайпаларының негізінде кейіннен түрік ұлты қалыптасты. Қазіргі Сырдария (Сейхун) және Әмудария (Жейхун) өзендерінің орта және төменгі ағысы жағалау атыраптарын қамтыған «Шекаралары Жейхуннан Каспий теңізіне дейін ұлан-ғайыр жерді алып жатқан...» [42, б. 9] «Оғыз-Жабғу мемлекеті» негізінде түрік атты ұлттың кейінгі ғасырларға ұласқан үлкен тарихы басталады.

Қазақстандық түрік қаламгерлердің шығармашылығы Х-XX ғ. аралығында Кіші Азиядағы Анадолы түбегінде орналасқан Түркияның арғы-бергі тарихы аясында бағаланады. Түркия тарихының басталуы Тұраннан Х ғасырда аттанған оғыз тайпаларының әуелі Хорасанға қоныстануы, олардың Анадолыдағы Византиядан тартып алған жердегі Кония сұлтандығымен бірігуі, Селжүк мемлекетінің негізінде Ертоғырыл баласы Османның (Оспанның) қайраткерлігімен құрылған Осман түркілері империясының құрылуы, оның алты ғасыр бойы Еуразия кеңістігіндегі ықпалды билігі – бәрі де тарих ақиқаты. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақтың түп атасы» атты шежіре дастанында түрік және қазақ халықтарына ортақ сол кезең шындығын, тарихи тұлғалар тағылымын жырлайды:

«...Бірталай аз уақыт әскер жиып,
Ер Тоғырыл есті батыр деп атанған.
Хан емес көп әскердің басы болған,
Қартайып сөйтіп жүріп жасы болған.
Орнына Оспан деген ұлы отырып,
Ертоғырыл 90 жаста Опат болған.
Осы Оспан көп ел алып хан болыпты.
Ақылды, аса айлалы жан болыпты.
Келгенше осы кезге сол ат өшпей,
Оспанды түрік деген даң болыпты.
Ұғып ал осы сөзді жас ұландар,

Өз бауырың ол түрік те осыны аңғар.
Құл болып біз қорлықта отырсақ та,
Көп шыққан атамыздан арыстандар [43, б. 72-73].

Қазақстандағы түрік ақындары шығармаларының ғасырлар бойы желісі үзілмегендігінің себебі екі туысқан халық зиялыларының қай кезеңде болсын өзара байланыста болуы. Қазақтың XX ғасырдың басындағы қайраткерлері Ш. Құдайбердиевтің, М. Жұмабаевтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Шоқайдың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың, С. Сейфуллиннің және тағы басқалардың еңбектерінде Түркия мемлекеті, түрік халқы туралы үнемі арнайы айтылады. Олар қазақ халқының арғы-бергі тарихындағы өзге түркі ұлыстарымен, оның ішінде түріктермен байланыста болудың тарихы маңызын басты назарда ұстады.

Мысалы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Ыстамбұл һәм қалалар» атты мақаласында 500 жыл бойы Еуропа мен Азияда түркі өркениетінің ықпалын жүргізген Түркияның, оның бас қаласы Ыстамбұлдың саяси әлеуметтік хал-ахуалы, Англия, Франция сынды державалардың иелігіне өту қаупі туралы алаңдау пікірін айтқан [44, б. 301-302].

Ал, Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 – жылдарындағы тарихи әдеби дамуы үдерісіндегі көрнекті тұлғалардың бірі Сәкен Сейфуллин «Түркияның жайы» (1924) атты көсемсөздік мақаласында бүкіл түркі халықтарының рухани дем беруші орталығы Түркия Республикасының жан-жақтан және іштей құрсаулаған алпауыт мемлекеттер құрсауынан құтылған жеңісіне, жаңарған тұлғасына сүйінішті, қуанышты сөзін арнайды:

«Мәңгілік қайта тұрмастай ұйқыға кетті деген қарт Түркия қазір оянып, жатқан орнынан қайта тұрып, қайта жасап, жаңа күшпен, жас қайратпен қимылдап жаңа тұрмысқа кірісе бастады. ...Түрік халқының ұлт сезімі оянып, буындырып, үнін өшіруге айналған Еуропа жалмауыздарына қарсы тұруға ашынған аюдай майданға шықты. Еуропа капиталынан ұлтты қорғау ұраны лезде күллі Түркияға жайылды, халықтың ұлттық намысы лезде қайта қозып, күннен-күнге өршіп, қалың өрттей ұлт қозғалысы түрік халқын билеп әкетті» [45, б. 271-273].

Жаңа Түркия Республикасының Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған осындай тарихи жеңісіне Қазақстандағы қайраткерлер де осылайша зор ықыласпен қарады. Бұндай көзқарас Түркия Республикасы мен Тәуелсіз Қазақстан Республикасы араларындағы қазіргі заманғы қарым-қатынастар арқылы жалғасуда [46].

Қазіргі Қазақстандағы ахысқа түріктері – тарихымыздың арғы бастауларынан біздің заманымызға ұласқан жалпытүркілік өркениет және Түркия Республикасы дамуымен сабақтас бағаланады. Географиялық орналасқан мекендері бағзы замандардан бері атамекендері болса да мемлекеттердің, шекаралас аймақтардың кейде келісімсіз, кейде келісіммен

бөлінулерінің зардаптары қарапайым халыққа тиетінін осы түріктер тағдырынан көреміз. Қазақстанда өмір сүріп жатқан түріктерді біз «ахыска түріктері» немесе «месхет түріктері» деп атаймыз. Ахыска да, Месхет де Грузиядағы елді мекендердің атаулары. Тек, сол жерлерді мекендеген түріктерді Ахыска немесе Месхет түріктері деп атап кеткен. «Қорқыт Ата» кітабында «Ақ сыка» (Ақ қала, Жаңа қала мағыналарын берген) деп көрсетілген жер ескі оғыздар мекені болған.

Ахыска түріктерінің шығу тегіне қысқаша тоқталсақ. Ахыскалық түріктер – Волга өзені арқылы батысқа келген, 1068 жылы орыстарды жеңіп, оңтүстік Ресейге қоныстанған қыпшақ түріктерінің ұрпақтары. Қара теңіздің солтүстігін қол астарында ұстаған қыпшақтардың бір бөлігі оңтүстік Кавказды, бір бөлігі Қырымды мекендеп, кейіннен бұл аймақтарда Алтын Орда билігі құрылады. Қазіргі Грузияның ең үлкен өзендерін жағалай қоныстанған қыпшақтар сол заманда Селжүктердің қол астында болған Тбилиси уәләйатын тартып алып, 1267-1578 жылдар аралығында бүкіл Тбилиси аймағына үстемдік жүргізеді. Грузин қолбасшылары Кур Басардың, Кутлуг Асланның да қыпшақ тегінен шыққандығы белгілі.

Жалпы, бұл аймақтар ешуақытта түгелімен грузиндердің қол астына өтпеген. Сондықтан да, халқының көпшілік бөлігін түріктер құрайды. Ахыска түріктерінің ата-бабалары қыпшақ түрікшесінде сөйлеген. Кейіннен, 1578 жылы (бұл сұлтан III – Мұраттың кезі) Грузия Осман империясына қосылады. Шекаралық аймақтарды нығайту мақсатымен ол жерлерге Анадолының ішкі аудандарынан (Кония, Токат, Йозғат, т.б.) түріктер әкелініп орналастырылады. 1829 жылғы Едірне келісімі бойынша бұрынғы жерлер Ресейге қайтарылады. Сол түріктер бергі жақта қалып қояды. Қазіргі ахыска түріктері – сол түріктердің ұрпақтары. Осы 250 жылдың ішінде бұрынғы қыпшақ түріктерінің тілі толық оғызданып кетеді (1578-1828).

Қазақстандағы түріктер XX ғасырдың 20-30 жылдарында әуелі Түркия мен КСРО – ның мемлекетаралық келісімінің, кейіннен КСРО – ның қуғын-сүргінінің зардабын тартты. 1944 жылдың 14-қарашасында Ахыска, Ахылкелек, Аспинза, Адиген және Богдановка аудандарын мекендеген ең азы 220 ауыл, 120000-ға жуық Ахыска түрігі Сталиннің бұйрығымен Орта Азияға және Қазақстанға жер аударылады. Міне, Ахыска түріктерінің Қазақстанға келу, атажұртын қайта мекен етуінің себебі осындай. Қазақ жерін көп жылдардан бері мекендеп келе жатқан түрік халқының арасынан ақындық шығармашылығымен танымал болған қаламгерлер туындыларының бірқатары Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі соңғы онжылдықтарда жарық көруде.

Хукиев Ибрагим Катипоглуның, Бадалов Баһадүр Абдуллаһоглуның, Караев Камал Караоглуның, Мусаев Әмірстан Берфаоглуның, Шыңғыс Бадаловтың, Раушан Мамедоглының, Ю.Зейректің, Асампалы Шалабовтың, Али Паша Вейселоглының, Бекир Перишанның, Ашығ Мәвлүт

Әһмәдовтың, Хаста Хасан, Шайыр Мамоштың, Мұртаза Лебислинің (Намазовтың), Зейнул Йектаидың, Тельман Дямуршаевтің, т.б. авторлардың туындылары Қазақстандағы түрік поэзиясының әдеби орынын дәлелдеуде.

Қазақстандағы ахысқа түріктері поэзиясын екі кезеңге бөлеміз. Бірінші кезең Кеңестік Қазақстан дәуіріндегі кезең (1945-1991), ал, екінші кезең Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бергі уақыт. Бірінші кезең өкілдеріне Бекир Перишан, Али Паша Вейселоглу, Хукиев Ибрагим Катипоғлу, т.б. ақындарды жатқызамыз. Ал, екінші кезең ақындарының саны едәуір. Өйткені, еліміздің тәуелсіздік алуы ахысқа түріктері ақындарының да кең тыныстап, өз ойларын ашық жырлауына мүмкіндік берді.

Қазақстандық түрік ақыны Бекир Перишанның лирикалық өлеңдері оқырмандарға кең танымал. Бекир Перишан 1932 жылы Грузия Республикасының Аспинза ауданының Торольта ауылында өмірге келген. 1944 жылы басқа да Ахысқа түріктермен бірге Қазақстанға жер аударылады. Айдауда жүргендіктен ұзақ жылдар бойы өз өлеңдерін жариялай алмайды.

Тек, 1983 жылы Әзербайжанда алғаш рет өлеңдерін «Жаңа дауыс» пен «Жұлдыз» журналдарына және «Әдебиет және өнер» газетіне жариялау мүмкіндігіне ие болады. Кейіннен, 1988 жылы “Алаудай боп жанамын!” («Горю как факел») атты шағын кітабы жарық көреді. Сондай-ақ, Бекир Перишанның Қазақстан баспасөздерінде «Қазақстан әдебиеті», «Огни Алатау» газеттерінде және «Ленинское знамя» Қаскелең аудандық газетінде де бірнеше өлеңдері жарияланады. Ақынның «Тағы да Отан туралы», «Біз босқынбыз», «Олар», «Босқа кетті», т.б. өлеңдері сөз арқауындағы депортацияға ұшырған туған халқының қасіретті тағдырына арналған.

Туған өлкесінен еріксіз жер аударылған босқандардың ортақ көңіл – күйі лирикалық қаһарманның жанжүйе тебіреністерімен бейнелеген. Бекирдің «Босқа кетті» өлеңінде де айдауда жүрген жанның өз өміріне наразылығы, қорлануы, бұл дүнияға келгеніне өкінуі, күйінуі шынайы суреттелген:

Қазақшасы: «Дұшпаным болды кәпірден, \ Туғанымға өкінем. \ Сүргінге айдап өз елімнен, \ Жат – жұртта жүзім күледі. \ Жат – жұртта мені шеттетті, \ Әр кешкен күнім текке өтті. \ Ақымақ, қуыс кеуделер сөзі, \ Жанымды менің дерт етті...[29, б. 20]. (жолма-жол аударған Бүркітбаева Ш.)

Ақын жырлары негізінен автология жанрында жазылған. Яғни, сөзді өзіндік тура мағынасында жиі қолданған. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарынан сөздердің түгелдей өзінің бірінші, негізгі мағынасында алынғанын көреміз.

Ақынның «Біз босқынбыз» өлеңінде де тағдыр тәлкегіне ұшыраған халқының бұрынғы айбынды, абыройлы кезеңі мен босқыншылыққа ұшыраған кездегі аянышты жағдайы салыстырыла, сабақтастырыла жырланған. Жаратылысынан еңбекқор, бейнетқор, діндіріне берік, сөзіне нық, сертіне бек, жүрісіне тұрысы сай айбынды түрік халқының жай-күйін

«Бұл күндері босқындармыз, Секілдіміз тірі өлік», деп суреттей отырып, өлместің күнін көріп, дауыл қуған кемедей дұшпан қайда қуса, солай қарай қашып бастарын сауғалап, әрең халық болып жүргендерін ашына жырлайды.

Сондай-ақ, ақын өлең сөзде дауысты дыбыстар үндесе қайталанатын ассонанс стилін де шебер қолданған. Төменде берілген жыр жолдарынан мұны анық байқауға болады. «Ел едік біз еңбек құмар, \Еңбек десе ерлеп тұрар... \ ...Бұл күндері босқын болдық, \Жел үп етсе желдеп тұрар. \ Гулеп тұрған тілі – көрік, \ Халық едік діні берік...».

Автор ерлік, әділдік, адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді ту етіп көтерген түрік халқының басына түскен жағдайды суреттейді. Жырдың халықтық сипаты оның сюжетінен, идеялық бағыт-бағдарынан айқын көрініп тұр. Жалқау, надан, жатыпшілерде ісіміз жоқ, еңбекқор, қолдары шебер, сөздері шешен, дініне берік, сәнді киіне білетін, текті ел едік қазір кімбіз, жел қуған қаңбақтаймыз деп жырлайды. Өлеңнің буын ырғағы үйлесімді, қарапайым тілмен көркем жеткізілген. «...Басымызға лайықты- \ Киюші едік жылы бөрік. \ Бұл күндері босқындармыз, \ Секілдіміз тірі өлік. \ Дауыл қуған біз кемеміз, \ Бізден тұрақ іздемеңіз. \ Қырық жеті жыл бойында, \ Босып, көшіп біз келеміз. \ Қайда барып, қайда тұрсақ, \ Өлмес күнді ізденеміз. \ Басын әрең құрап халық, \ Таулар асып, қыр аттадық...[31]. (аударған Бүркітбаева Ш.)

Ақын түрік босқындарын бауыр тартып қамқор, пана болған, егін, бау-бақша өсіруі үшін жер, мекен-жай берген қазақ еліне ризашылығын білдірген. Өзенін де, топырағын да қызғанбаған сол елге алғысын («У орнына бал жаладық, құм орнына шекер жедік») айта отырып, бәрібір туған Отандай сезіне алмаған көңіл-күй шындығын да жазады: «...Өз Отаның болмағасын, \ Ойланасың, толғанасың. \ Біреулерге өгейсің сен, \ Біреулерге қолбаласың. \ Біреулерге келімсексің...[31]. (аударған Ш.Бүркітбаева.)

Түркі өркениеті жазба ескерткіштеріндегі поэзиялық мұралардан бастап желісі үзілмей келе жатқан тақырып – ататек негізі түріктік асқақ көңілді, перзенттік мақтанышты жырлау.

Бұл – түрікшілдік дүниетаным. Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерінде негізі қаланған, содан бері ғасырлар бойы түркі ақындарының басты тақырыбы болып келе жатқан түрікшілдік жырлары ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасқан тақырыптың өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Бекир Перишанның аталған «Тағы да Отан туралы» өлеңіндегі түрікшілдік дүниетаным аясындағы ойларының лирикалық сыршылдығы, гуманистік-отаншылдық мағынасы поэтикалық бейнелілікпен өрнектелген. Еуропа алпауыттары алдында белі бүгілген елін қайта тіктеп, еңсесін көтерген, түріктердің атасы атанған Мұстафа Кемал Ататүрікке «түрік» деп мөр басылған жүрегін тапсыруға дайын екендігін жырлаған ақын, Отаны жоқ жерде өзінің қара құл екенін де жасырмай жырына қосады:

«Менің Ана – Отаным Түркия елі, \ Маған қымбат сол жердің бір сүйемі. \ Қайран анам шет жайлап жүргенімде, \ Сен сүймесең бетімнен кім сүйеді?!... \ ...Кешірімсіз жазадай кешіккені, \ Сенсіз жерде құлмын мен есіктегі. \ Топырағыңды алаңсыз кешіп жүрсем, \ Алаңсызбын имандай мешіттегі....». Туған ел, туған Отан жолында жанын құрбан етер түрік ұлының түріктікті, тектілікті ту еткен ұшқыр ойы сол жолда ештеңеден тайынбас көңіл-күйі шыншыл реалистік сарынмен жырланған. «...Менің мынау жұдырықтай жүрегіме, \ Ұғылы деп түріктің мөрі басылған. \ Бөтен жұртта тұрса да бақ тұрағым, \ Отан үшін өлуге шақ тұрамын. \ Ататүрік қасыңа түбінде мен, \ Мөр басылған жүректі тапсырамын [31]. (аударған Бүркітбаева Ш.)

Қазақ поэзиясындағы Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың және кейінгі толқын ақындардың түрікшілдік сарындағы өлеңдерімен поэтикалық үндестігі анық байқалады.

Әсіресе, Мағжанның «Орал тауы», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма», «Тез барамын», «Тұранның бір бауында», «Түркістан», т.б. өлеңдеріндегі түркі халықтарының ата-бабалар қалыптастырған айбынды тарихынан қуаттанған ұрпақтардың мақтанышы, сағынышы, арман-үміті, мұңы-шері – бәрі де қамтыла жырланған еді.

Мысалы, Мағжанның Ер Түріктің ата-бабалық айбынын, даңқын елестеткен жыр жолдарының түрікшілдік көңілкүйді өршіл романтикалық рух биіктігіне көтеретіні анық. «...Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе? \ Түрікке адамзатта ел жеткен бе? \ Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял, \ Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?...» [47, б. 174]

Бекир Перишан ақынның «Мен Түрікпін» атты өлеңіндегі асқақ ойлардан да осындай түрікшілдік сарын сезіледі. Айбынды Ер Түріктің жер-жаһанға даңқы жайылған батырлық-қаһармандық даңқты тарихын сол ата-бабалық елдік, ерлік дәстүрді жүдеп-жадап жүрсе де ұмытпайтын кейінгі ұрпақтар көңілі жырланған: «Ғарыштың шыққан күндей бұлтын түріп, \ Ежелден даңқым асқан Ұлтым Түрік. \ Айырылып сол Түріктің құшағынан, \ Көңілім жабырқап жүр, күлкім суып. \ Дариға-ай, жаралғалы не көрмедім, \ Шамалы асып-тасып, көгергенім. \ Ей, тағдыр, неткен қатал, неткен сұмсың, \ Жат-жұртқа мені еріксіз көгендедің! [49] (аударған Бүркітбаева Ш.)

Бұл жолдарда Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңіндегі жалпы түркілік мұңлы-шерлі көңіл-күймен үндес: «Алыста ауыр азап шеккен бауырым, \ Қуарған бәшешектей кепкен бауырым. \ Қамалған қалың жаудың ортасында, \ Көл қылып көздің жасын төккен бауырым... \ ...Қорғасын жас жүрекке оғы батты, \ Күнәсіз таза қаным судай ақты. \ Қансырап, әлім құрып, естен тандым, \ Қараңғы абақтыға берік жапты...» [47, б. 173].

Ұрпақтарының бәріне ортақ бұл сарын – Ер Түріктің бұрынғы айбынды данқын аңсау, содан қуаттану, сол арқылы түркілік өр рухтың аласармайтын келешегіне сену. Бекир Перишан да осы түрікшілдік

сарынның мұң мен сенім тұтасқан поэтикалық сипатын жырлаған. Бүкіл түркі баласы қасиетті деп санап, қадір тұтқан көк бөрінің бөлтірігі екенін де еске салып «Ойынан жатса, тұрса бір шығармай, ұлиды тауын аңсап бөлтірігің», деп жырлайды. Ақын «асыл түрік», «батыр түрік» тіркестерімен текті түркілерді көкке көтеріп оқырман назарын өзіне аударады. Жанымда қуат беріп сен тұрғанда мен ешкімге де дес бермеймін, деп шабыттанған елім, жерім деп еңіреген ерлердің психологиялық портретін, әдеби бейнесін жасайды. Жырлары оқуға жеңіл, оқушының патриоттық сезімін оятып, бірден баурап алады.

Армысың, еңіреген Ер Түрігім,
Арнадым саған жырдың ең сұлуын.
Ойынан жатса, тұрса бір шығармай,
Ұлиды тауын аңсап бөлтірігің.

Қайдасың асыл түрік, батыр түрік,
Арманым көкірегімде жатыр тұнып.
Артымда асқар таудай сен тұрғанда,
Ешкім де басына алмас батырсынып [31]. (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Түркі халықтары ақындары шығармаларындағы дидактикалық-философиялық шығармалардың басым бөлігі адамның фәнидегі тіршілік сапары, өмір жолы туралы болып келеді. Бұл жалпытүркілік поэзия қалыптасуындағы орта ғасырлық сопылық поэзиясы алыптары (Қожа Ахмед Иассауи, Ахмед Иүгеніки, Сәйф Сарай мен Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұн, т.б.) шығармалары үрдісінің жалғастығы сезіледі.

Мысалы, Қазақстандағы түрік ақыны Бекир Перишанның «Адам деген жолаушы», «Қазылған ор», «Жыраудың алтын күмбезі», «Қызғанба», «Еркек пен әйел туралы», т.б. өлеңдерінде фәни дүниенің тіршілік қозғалыстарындағы адамдар және әртүрлі қасиеттер саралана бағаланады. «Адам деген жолаушы» өлеңінде мықтылық пен әлсіздік, меймандостық, жомарттық пен сарандық, дәулеттілік пен кедейлік, ізденгіштік-білімдарлық, момындық, ынжықтық пен өжеттік, дүниеқұмарлық (алтынқұмарлық), көңілділік пен қайғыға салыну, саяхатшылдық, күншілдік зардабын тарту, сәтсіздік пен сәттілік, өмір сапарынан аман өту, (адаспау мен адасу), ұрлықшылық пен адалдық және т.б. сан алуан қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар сапырылысқан өмір сапары – жолға, адам тағдыры – жолушыға баламаланған.

Ақын жырларының дені түркі тілдес халықтардың жазба поэзиясының бастау бұлағы болған дидактикалық, яғни, үгіт-насихаттық, өсиет-сарын сипатында түзілген жырлар.

Өлеңдерінде тағдырдың әртүрлі сипаттарын, қуанышты да, қайғыны да қатардағы қызметті де, басшылықты да, бәрін де басынан кешіретін адам

тағдырының күрделі қайшылықтарға толы болмысы жырланған. Ақын адамдардың фәнидегі тіршілікте тек ғана алға ұмтылатын өршіл арманмен, құштарлықпен өмір сүретінін, фәнидің өткінші екендігін біле тұра араздасатынын, жауласатынын, бірақ өмір сапарындағы жолаушы-адамның бәрібір артына мәңгілік жалтақтайтын алаң көңілін де айтады:

...Адам деген жолаушы Меккеге кеткен,
Пайғамбарлар Меккені мекен еткен.
Қағбаның қайтқан соң тасын сипап,
Күнәсінен айығар бастан өткен [31].

Түркі халықтары ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері халықтың тәлім-тәрбие көзқарастары негізінде жырланған. Адамдардың өмір жолдары кезеңдерінде жақсылық пен жамандық жалғасқан қарама-қайшылықтары әлемінде өмір сүретін ақындар келер ұрпақтардың санасына сіңіруді ойлайды. Мағыналы өмір жолдарынан өтіп келе жатқан адамдардың отбасылық берекесі, дүниеқоңыздықтан аулақ болуы – түркі ақындары жырларының көркемдік түйіндеулері болып төгіледі.

Сөз басындағы түрік ақыны Бекир Перишанның («Еркек – үйдің тынысы, әйел – жиған ырысы», «Еркек – шебер бағбан, әйел – жеміс бағылан») саралана көрсетіледі, еркек пен әйелдің өзара қатынасы, бір-біріне көзқарасы, махаббаты, екеуінен өнген ұрпақтың маңызы дидактикалық насихат, ұлағат тағылымымен бағаланған:

«...Ермек үшін үйленбе, /Арам болсаң үйге енбе. / Әйел гүл-гүл жайнайды, / Еркек күн боп сүйгенде». Отбасындағы еркек пен әйел махаббаты, тұрмыстық қатынастардағы мінез-құлық психологиясы – тәлім-тәрбиелік мәні зор мәселе. Қанағатпен, қайырымдылықпен жұптасып, ар-ұят пен шынайы махаббатпен қызықты өмір сүру мәселесін айту – ақын жырының өзегі. Бекир Перишанның «Қызғанба» атты өлеңіндегі мазмұн мен пішін тұтастығы аясында лирикалық қаһарманның – еркектің сүйген жарына – әйеліне арналған жан сыры, тілек-назы тұрмыстық көзқарас, дүниетаным тұрғысында айтылған. Қарапайымдылық, сабырлылық, дүниеқоңыздылықтан аулақ болу, алтыннан арды жоғары қою, сүйген жарға арналған әуелгі ықылас-пейілден өмір бойы айнымау, қарапайымдылықпен, адал махаббатпен өмір сүру ұлағаты үлгі-өнеге сипатымен ұлықталған:

...Орап, бөлеп қоймасам да торқаға,
Адал болдым отбасыма, ортама
Семьямыз ұқсап тұрды пейішке,
Жиған мүлкім жұпынылау болса да.
Өзің болдың менің айтар өлеңім,
Өзің болдың рухани қорегім.

«Ашылсын!» – деп Сенің көңіл гүлдерің,
Жүрегімнің мейіріне бөледім [31].

Түркі халықтары поэзиясындағы дидактикалық шығармаларда адамдардың ата-бабалық, діни-исламдық салт-дәстүрлерге адалдығы, сол жолға ұрпақтарды да тәрбиелейтін ұлағаты дәріптеледі. Ақын Бекир Перишанның «Құрбан айт күні» атты өлеңінде дүние жүзі мұсылмандарына ортақ қасиетті дәстүр құрбан айт күнгі іс-әрекеттер арқау болған. Оқиғалық-сюжеттік нышандары жүйеленген өлеңде Құрбан айт күнгі таңертеңгі қарбалас қозғалыстар («Құрбан айт – мұсылмандар құрбан шалды, Құранын оқи сала жылдам шалды») қолында пышағы, бірақ құрбанға арналған малын жайғауға шамасы келмей тұрған көрші қарияның хал-ахуалы («Қолында пышағы бар жалаңдаған, көңілі әлденеге алаңдаған, қалтырап екі қолы, тізелері»), өтініші («Көмектес – деп өтінді – балам маған») – үлкен мен кіші арасындағы адамгершілік қарым-қатынас мәдениеті сипатымен баяндалған. Дидактикалық өлеңнің поэтикалық түйіні – Құрбан айты күнгі адамгершілік қатынастардың айрықша сапамен даралана көрінетінін байқату: «Отын жағып, Құрбанын шалып бердім, / «Бата бер!» – деп қой басын алып келдім. / Айт күні – мұсылманның мейрам күні, / Мен сөйтіп ақ батаға қарық болдым» [31].

Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері адам өмірінің мағыналы, мәнді өтуі сипатын поэтикалық көркемдікпен сипаттайды. Ақындар жалпы тіршілік қозғалыстарының қарама-қайшылықтардан құралған сипатын философиялық тұрғыдағы толғаныстармен байыптайды. Лирикалық қаһарманның – ақынның жеке тұлғасын даралай мінездеу арқылы мағыналы өмір сүру жолында шығармашылық шабытпен, романтикалық аңсармен фәнидегі ақырғы тынысына дейін туған халқына, жалпы адамзатқа пайдалы қызмет жасау жолындағы күрескер, адал адамдардың поэтикалық бейнесі жинақтала айқындалады. Бұл орайды, тағы да түрік ақыны Бекир Перишанның «Жырдың алтын күмбезі» атты өлеңіндегі адамгершілік-гуманистік дүниетаным көзқарастарының эстетикалық тағылымын айқын көреміз: «Бұл өмірдің ілесіп ағынына, / Ұшып келе жатырмын жанұшыра...», «...Жырдың алтын күмбезін қалағанда, / Дүние оған таң болып қарағанда. / Қуансын менің қазақ бауырларым, / Достығымды паш етіп бар адамға» [31].

Қазақстандық түрік ақыны Али Паша 1924 жылы Оңтүстік Грузияның Аспинза ауданында дүниеге келген. 1944 жылы 14-қарашада басқа да Ахысқа түріктерімен бірге Қазақстанның Алматы облысы Есік ауданы Тау – Түрген ауылына жер аударылады. Халық ақыны жырларында достықты бауырластықты, Отанға деген махабатты, елге деген сүйіспеншілікті, қазақ халқына деген ризашылығын жырлайды.

Ахыска түріктерінің басынан кешкен ауыр азабын, халқының бүгінгі мен ертеңін сөз етеді. Али Пашаның «Қазақтарға ризамын» өлеңінен елімізге жер аударылған барлық түрік халқының қазақ жұртына деген шексіз ризашылығын көреміз. Олардың бастарындағы ауыр жағдайды түсініп, көмек қолын ұсынып, құрметтеген, “Ер Түрік қанынан жаралған түбі бір қандасым!” деп бауырына басқан қазақтарға мәңгі қарыздар екендіктерін айтады.

Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді – мейірімділікті, ізгілікті, бауырмалдылықты, қонақжайлықты, жомарттықты, білімділікті мадақтайды. Жыр қарапайым қауымға бірден түсінікті болатындай түрде қанатты сөздермен түйінделіп, сомдалып, көркемдік бүтіндік ішінде дестеленген. Ақын жырларында әлеуметтік мәселелерді жырлайтын үлкен бір сала азаматтық лириканы жиі қолданған. Өлеңдерін қара өлең ұйқасымен (ааба) жазған.

Gelip düştük Kazakistan eline,	Келіп түстік Қазақстан еліне,
Bizi böldüler şehirine, köyüne,	Бізді бөлді қала, ауыл жеріне,
Tez öğrendik Türk kazaklar dilini,	Тез үйрендік қазақтардың тіліне,
Hürmetli bir konuksaydılar bizi...	Қонақ деп сый көрсетті бізге де.

...Biz hürmet gördük Kazak halkından,	Біз құрмет көрдік қазақ халқынан,
Onlar da bilirler garip halinden,	Олар да түсініп, халіміздің толқыған,
Bizleri saydılar öz kardeşlerinden,	Біздерді санап өз бауырларына,
Atamız Er – Türk saydılar bizi.	Атамыз Ер Түрік жаралған қанынан.

Kazak, Türk Atamızın genç balası,	Қазақ – Түрік атамыздың кенже баласы,
Mert, cömert doğurur Kazak anası,	Намысты, жомарт қып туған анасы,
Çokça var Kazakta bilgin danesi,	Өте көп қазақтың білімді данасы,
Tevarih kitaplardan bilirler bizi.	Тарихи кітаптан танитын бізді.

[28, б. 148-149] (жолма-жол аударған Бүркітбаева Ш.)

Ақын жырларынан ежелгі түркі әдеби ескерткіштері мен қазіргі түркі ақындары шығармалары арасында сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе жатқан көркемдік жалғастық бар екенін байқауға болады. Көк түрік ұрпақтарының қай ғасырда да есіктері болаттан, үйлері тастан көркем салынатынын, қанша рет өшсе де қайта жанатынын, қанша рет өлсе де қайта тірілетінін жырлайды. Ақын күн сайын есіне түсетін туған Отан мен сол құйтұрқы саясат құрбаны болған елі мен жерін, олардың басынан өткен азапты күндерін тамаша суреттеп, жеңіл ұйқаспен көркем жеткізген.

«...Ahıska Türkleri pulat kapısı, Evleri taştan, muhkem yapısı, Elimizden çıktı tamam hepsi, Şu sürgünün günleri yadıma düştü. Dumanlı, çiskinli şu güzel dağlar, Çiçekli, nergisli, meyveli bağlar, Vatanın hasreti yürekler dağlar, Elması, armudu yadıma düştü.»

Қазақшасы: «...Ахыска түріктері болат есігі, /Үйлері тастан, салынған көркем. / Айрылды бәрінен Отан бесігі, / Сол сүргін күндер, есіме түсті. /

Тұман басып, тұнжыраған таулар, / Әр сағат, әр минут Отанды еске алар, /
Апырай, бұл қайғы қашан бітер?! / Сол азапты күндер, есіме түсті [28, б.
150]. ауд. автор.

Ақын Али Пашаның төменде беріліп отырған «Қазағым» өлеңінен қазақ елінің тәуелсіздік алғанына шын пейілмен қуанған бауырдың шынайы тілегін көреміз. Қазақ елін Тұранның жұлдызына теңеген ақын отарлаушы ел, яғни, Кеңес үкіметінің тағы құлап, бұлт сейіліп жарқырап күн шыққанын шаттана жырлайды.

Müşgöl hallerimiz mutluya döndü	Мүшкіл халіміз бақытқа айналды
Selamünaleyküm – merhaba Kazak’ım.	Ассалаумағалайкүм Қазағым.
Turanın yıldızı buluttan çıktı	Тұранның жұлдызы бұлттан шықты
Selamünaleyküm – merhaba Kazak’ım.	Ассалаумағалайкүм Қазағым.

Yıkıldı Sovyet’in tac ile tahtı	Құлады Кеңестің тәжі мен тағы
Nur gibi parlıyor İslam’ın bahtı	Нұр болып жанады Исламның бағы
Turan’ın Türkleri azata çıktı	Тұранның түріктері азаттыққа шықты
Selamünaleyküm – merhaba Kazak’ım.	Ассалаумағалайкүм Қазағым.

[28, б. 88] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақынның төменде беріліп отырған «Аспинзам» атты өлеңі туған жері, жасыл желек жамылған, сұлу Аспинзамен қоштасқан жанның қайғылы, қимас сәтін көз алдына әкеледі. Ақын баршаға түсінікті қарапайым сөздермен тарихи оқиғаның жанды картинасын жасаған. 1944 жылғы Сталин сүргінге айдаған кездегі жер жәннаты Аспинзаның солғын кейпін, бір заманда көкпен таласқан сәнді асқар тауларының шөгіп кеткен бейнесін баяндайды. Әйтсе де автор сол елінен кетердегі туған жердің жадау бейнесін, табиғат картинасын баяндап қана қоймайды көркем шығармаға тән көріктеу құралдарын да қолданады. Өлеңнің соңғы шумақтарында ақын «Оралармыз Құдай жазса өз Отанға, әзірге қош боп тұр, сұлу Аспинзам!» деп жырлайды. Бұдан біз асқақ рухты ақынның алдағы күннен үмітін үзбей, бір күні Отанға қайта оралатынына кәміл сенетіндігін көреміз:

Tarihin bin dokuz yüz kırk dördünde,
Kara bahtlı oldum, güzel Aspinza’m.
Sürgün emri verdi gavur bizlere,
Etiler perişan elin Aspinza’m.

Şu süsen, sümbüllü dağların kaldı,
Cennete benzeyen bağların kaldı.
Yasemin güllerin saraldı soldu,
Kıyamam terkedem seni Aspinza’m.

Қазақшасы:

Жыл мың тоғыз жүз қырық төртінде,
Бақытсыздыққа ұшырадым, сұлу Аспинзам.

Сүргінге айдау әмірін берді кәпір біздерге,
Бейшара күй кешті елің, Аспинзам.

Сәнқой, сүмбілді тауларын қалды,
Жәннәттан аумайтын бауларың қалды,
Жасмин гүлдерін сарғайды, солды,
Қия алмай, тәрк еттім сені, Аспинзам

[30, б. 294 - 295]. (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазақстандағы түрік ақындарының түрікшілдік сарындағы өлеңдері жалпы адамзаттық ұрпақтар сабақтастығы дүниетанымына негізделгендігімен ерекшеленеді. Азаматтық-отаншылдық сарындағы өлеңдердің жалпытүркілік сарынмен жырлануы тәуелсіздік жолындағы қазақ халқының қаһармандық тарихын ұрпақтар жадында жаңғыртады.

Ахысқа түріктері арасынан шыққан, 1935 жылы 15 мартта Грузияның Аспинза ауданының Төменгі Ошора ауылында дүниеге келген, кейіннен Өзбекстанның Самарқанд аймағына жер аударылған Бадалов Бахадүр Абдуллаһоглу 1960 жылы Қазақстанның Шымкент облысының Қарасу ауылына қоныстанады. Ақынның жырлары негізінен Отанға деген сағынышты, перзенттік махаббатты, патриоттық сезімді жырлайды. Оның «Не болды» атты өлеңінде туған халқының атамекен қоныстары, туған жерден еріксіз ажыратылған қасірет, тауқымет, қуғын-сүргінде жүргендердің аянышты хал-ахуалы реалистік сипатымен жырланған:

Kafkas ülkesinden gelen Türk eli,
Vetenlerin bilmem hali ne oldi?!
Evlerimiz uçmuş bağlar kurumuş,
Ėobiyet'e geçen Salı ne oldi?!

Кавказ елінен келген түрік халқы
Отанның білмеймін халі не болды?!
Үйлер ұшып, баулар құрғады
Гобиетке өткен сейсенбі не болды?!

Ėobiyet kayalı taşlı yeridi,
Ahaşen birazca başlı yer idi.
Anda'si Varnet'i yaşlı yer idi,
Ahir kövün Seren-cami ne oldi.

Гобиет таулы-тасты жер еді,
Ашашен біраз басты жер еді,
Андасы, Варнеті көне жер еді,
Ахыр ауылдың Серен мешіті не болды.

Vetenler boşandı geldi garibler
Geçti nice nice kövden Arifler
Yuvadan ayrılan el'i terifler
Gelen yad-yabancı el'en ne oldi...

...Отан бос қалды, келді басқалар,
Өтті ауылдан қаншама ғалымдар.
Ұясынан айырылған, қорқытып, қуылғандар
Келген жат елің не болды...

[49, б. 137-138] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақынның жоғарыда берілген өлеңінде түгелдей бір ұйқасқа құру немесе ұйқасты бірнеше тармақтарда өзгертпей сақтап, отыру тәсілі бірыңғай ұйқас тәсілін қолданған. Бұл тәсіл басқа халықтарда да бар, дегенмен түркі поэзиясында бірыңғай ұйқастың өз ерекшелігі, өз дәстүрі бар. Өзгешелігі сол – бірыңғай ұйқасатын жолдардың ара-арасында

ұйқассыз жолдар қалып отырады. Сондай-ақ, бір ұйқас көптеген тармақтарда қайталанатын да ұйқасатын сөздерде ешбір жасандылық болмайды, табиғи үйлесімді көрінеді. Ақынның мұң мен шерге толы өлең жолдарында мәңгілік атамекеннің, ата-қонысын аңсаған халықтың көңіл-күйі танылады. Әрбір халықтың туып-өскен жері, Отаны – мәңгілік тілегінің өзегі. Ақынның өлеңдерінен туған жерінен, атамекенінен еріксіз ажыраған қайғылы адамдардың жан дүниесіндегі күйзелістердің элегиялық-психологиялық сипатын ұғамыз.

Ақын жырынан біз Ахысқа түріктерінің құғын-сүргінге ұшыраған тарихынан хабардар боламыз. Туған жерінен қуылған жандардың, басқа елдерді жерсінбей жатсынуы, ішқұса күйге түсуі, өз Отанын аңсауы реалистікпен суреттеле жырланған. Баһадүр ақынның «Отан» атты өлеңінде де туып-өскен мекеннің сұлу пейзаждық көріністері, жасыл өлкедегі әсем бақтар, тау қойнауларының, баурайларының жанға жайлы, жұпар иісті атырабы, адамдардың да, құстардың да өзара үндескен бейбіт тірлік тынысы романтикалық сағынышпен, өкінішпен жырланған. Ақынның отаншыл жырлары – уақыт шындығының поэтикалық шежіресі. Туған жердің жанға дауа көк орай белдерін, көк шалғын орманды тау бөктерлерін перзенттік махаббатпен жырлаған азаматтық сарынды өлеңнен ұлттық және жалпы адамзаттық ортақ көңіл-күйі психологиясының тағылымын танимыз.

Қазақстандағы Ахысқа түріктерінің тағы бір ақыны – Мутиев Зейнулла Габбароглу. Ақын 1930 жылы Аспинза ауданының Төменгі Ошора ауылында туылған. Өзбекстанға жер аударылған Зейнулла Мутиев 1959 жылы Қазақстанның Шымкент облысының Қарасу ауылына қоныс аударды. Халқының басына түскен қуғын-сүргін, ауыр азапты жырлаған ақынның «Ауылдар, аман бол!» өлеңі ғасырлар қойнауына жол тартқан тұтас бір тарихты алдына жайып салады. Эпикалық баяндау аясында тарихи деректердің шындығы жүйеленген өлеңнің идеялық-композициялық желісінде елден-елге босып кеткен түрік халқы ұрпақтарының аянышты хал-ахуалы айтылған. Туған өлкедегі жастық шақ, аң аулап, мал бағып, егін егіп, ұрпақтарды тәрбиелеген бақытты кезеңнің сағымдай бұлдырып артта қалғаны сағынышпен еске алынады:

Tarih 1944 yılında	1944 жылында
Neçe canlar gözi kaldı eli'nde	Қаншама адам екі көзі ел жұртта,
Şalonlar düzüldi demir yolunda,	Вагондар тізіліп темір жолына,
Kövler selamet kal diyen ağlasın.	«Ауыл аман бол!» деп жыласын!...

[49, б. 148] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қыстың қақаған күнінде елден, жерден, мал-мүліктен айырылып, вагондарға тиеліп жер аударылған адамдардың о дүниеге өз Отанынан кетуге зар болған, мақсат-мұратына жете алмаған көңіл-күйі бейнеленген. Тұтас тарихи сюжетке құрылған бұл жырда белгілі бір оқиғаның желісі реалистік шындықпен суреттелген. Шығармада көркемдік бүтіндік

сақталған, тілі қарапайым, әрі жеңіл, оқушысына түсінікті, тез баурап әкетеді.

Элегиялық шығарма – лирикалық қаһарманның жандүние күйзелістерін (егілу, жылау, т.б.) бейнелейтін психологиялық сипатты туынды. Халықтың қуғын-сүргінге ұшыраған аса ауыр трагедиялық хал-ахуалын сыншыл реализм аясында баяндай жырлаған шығармадан Жаратушы Алланың құдіретіне мүнәжат еткен мұсылмандық шынайы ықылас-ниеті көрінеді. Тұрақты Отанынан, атамекенінен еріксіз айрылған халықтың мәңгі-бақи тек қана атамекенін аңсайтыны, ешбір елге үйренісе алмайтыны табиғи сипатымен жырланады. Күйзелген кейіпкер сыры – отаншыл азаматтардың ортақ мұңы:

Vetenim hakkında ğam karalıyam,	Отанды ойласа қайғыдан қан жұтқан,
Gabbar'ın oğlıyam Oşoralı'yam.	Габбардың ұлымын Ошора шаһардан.
Familyem Mutiyev çoh yaralıyam	Тегім Мүтиев жаны жаралы,
Zeynul kimi Türki diyan aĝlasın.	Зейнулды Түрік дегендер жыласын

[49, б. 152] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазақстандағы ахысқа түріктері ақындарының бірі – Хукиев Ибрагим Катипоғлу. Ақын 1952 жылы 10-қаңтарда Өзбекстанның Самарқант облысына қарасты Хатыржы ауданының Палван-ата ауылында дүниеге келген. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Облыстық «Алтын қауырсын» марапатының және Сайрам ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегері. Халықтар достығы мен халықтар бірлігін қолдағаны және мәдениетті дамытуға қосқан үлестері үшін Оңтүстік Қазақстан облысы халықтар Ассамблеясы және Қазақстан Республикасы Білім министрлігі тарапынан бірнеше ордендермен марапатталған. Шымкенттің тарихи музейінде Хукиев еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Ақынның «Жүрек тілегі», «Ахысқа түріктерінің тарихы, мәдениеті және әдет-ғұрпы», «Тұран жұртым – Түркістаным», «Елу жылдық фәни дүнияым», «Ибн Сина трактаттары», т.б. кітаптары жарық көрген. «Хакан» және «Юсуф Сайрамай» драмалары өзбек театрында ойналды. «Ахысқа оқиғасы» драмасынан фильм түсірілді. Ақын шығармаларын төрт тілде (қазақ, түрік, өзбек және орыс тілдерінде) жазады.

Ақын Хукиев Ибрагимнің төменде беріліп отырған «Қозоғистоним» өлеңінде туған Қазақстан еліне, жеріне деген сүйіспеншілік жырланған. Азияның бесігінде мызғымас қамал болып орналасқан Қазақстан қадір-қасиетін дәріптеп, жарқын келешегіне қызыға жыр арнайды.

Осиё бешигида улғайиб топдинг камол,
Толейнг бахт-шарафга тулик Қозоғистоним.
Куп миллатли элинг бор, қулингда имкон-амал,
Номинг жумла жахонда улуғ Қозоғистоним.
Қадим тупроқ – Туркистон кузларимга тутиё,
Табаррук қадамини қуйган неча авлиё,

Бобом Яссавий рухи берар дилларга зиё,
Туғма Маккам, Мадинам улуғ Қозоғистоним,
Булсин босган қадаминг қутлуғ Қозоғистоним.

Аудармасы:

Азия бесігінде өркендеп салдың қамал,
Бөлендің бақ-шаттыққа туған Қазақстаным.
Көп ұлтты елің бар, қолыңда мүмкіндік мол,
Атағың шартарапта ұлық Қазақстаным.
Қасиетті топырағымен Түркістанның көздерімді сүртейін
Қасиетті аяғымен басқан неше әулие,
Бабам Яссауи рухы берер жүрекке күш
Туылған Меккем, Мадинам ұлық Қазақстаным,
Болсын гүл-бақша қадамың құтты Қазақстаным.

[24, б. 235] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Отанынан жер аударылған түрік халқының 12 жыл бойы заң қызметкерлерінің бақылауында болғаны баршамызға аян. Ақын «Жаратқан, сен маған біраз сабыр бер!» атты өлеңінде сол заң қызметкерлерінің құрсауында жүрген жандардың тілімен үн қатып, адам баласының азаматтық-отаншылдық сезіміне ортақтасатын Жаратушы Аллаға жалбарынады. Кімнің әмірімен, не үшін осылай сүргінге айдалып, қатал жазаланғанын білмей, түсіне алмай дал болған бейшара жанның «Қиянат оғымен жараландым мен, Жазылды маңдайыма жылау-сақтау», деп жазмыштың жазуына көндігіп тек қана Жаратқаннан «Сен, маған сабыр бер!», деп жалбарына медет сұрауы шынайы дестеленген. Жырда тағдырдың ауыр соққысынан қажыған, туған Отанды іздеп шарқ ұрған жанның психологиялық портреті шынайы суреттелген. Жырдың ырғақтары өзара үйлесімді, тілі қарапайым қауымға түсінікті жеңіл. Отанының басындағы тарихи жағдайға қынжылған ұлтшыл, патриот жанның көңіл-күйі көркемдік тұтастық негізінде баяндалған:

...Тоғұлдуғум vetenim nerede kaldı,	...Туған Отаным қайда қалды,
Kismetim yolumu nereye saldı,	Тағдыр жолымды қайда салды,
Hasretten kalbimi bin bir dert aldı.	Қайғыдан жанымды мың дерт шалды
Bu acı kıametі taşımah için	Бұл ащы қияметті көтеру үшін
İlahım sen bene birez sabır ver.	Жаратқан, сен, маған сабыр бер.

[49, б. 131] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақынның «Мен түрікпін» атты өлеңінен де өздерін ежелден көк бөрінің тұқымымыз деп өр санаған түрік халқының ұрпағына тән асқақ рух, қайсар мінез-құлықты көреміз. Айбынды түрік халқының өткен тарихындағы алып тұлғаларын айшықты мән-мағына бере жырына қосқан ақын, өзінің кімнің ұрпағы екенін мақтанышпен жырына арқау етеді. «Мен Түрікпін» өлеңі тарихи, әлеуметтік, көркемдік тұрғыдан алып қарағанда қазақ жыраулары толғауларына ұқсас. Біз бұдан ежелгі түркі әдебиеті мен қазіргі түркі әдебиетінің арасындағы сан ғасырларға созылып жатқан

көркем дәстүр жалғастығын көреміз. Ақын көк түріктердің көне дәуірдегі сан қилы тарихындағы кесек тұлғаларды мақтанышпен тізбектеп жырлайды.

Сондай-ақ, әлем тарихында айрықша із қалдырған кешегі түркілердің ерлігін жалғастырар бүгінгі ұрпағының да осал емес екендігін «Мен» сөзі арқылы берген. Ғылымда да, ілімде де, дінде де, соғыста да, ерлікте де, батырлықта да өз орнын ойып көрсеткен ірі тұлғалар тудырған түркілердің дарабоз екендігін осы сөзбен ашықтай түскен. Міне, осы «Мен» сөзі өзінің композициялық құрылымы тұрғысынан жыраулар поэзиясын еске түсіреді. Бұл секілді сөз қайталау әдісін кезінде қазақ жыраулары жиі қолданған.

Мәселен, Қазтуған Сүйінішұлы (XV ғасыр) өзінің бір толғауында «туған жер» деген мағынада қолданылған «жұрт» сөзіне ерекше екпін беріп, қайталап отырған:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұл Сүйініш,
Күйеу болып барған жұрт.

Мұндай құрылымдағы қарапайым сөзбен жазылған жырдың өзі бейне бір жыр-толғау секілді ырғақты, ұйқасты болып келеді. Автор белгілі бір сөздерді немесе сөз тіркестерін рефран ретінде бірнеше қайталап айту арқылы осы ұғымдарға оқушы назарын көбірек аударып отырады. Қарапайым тілмен көркем жазылған жыр оқушысын тез баурап, ұлттық рухын көтеріп, мақтаныш сезімін оятады:

...Ben Uluğbek samalardan, ilm-i-urfan arayan,
Ey, vah, katil oğlum diye, ruhu mengü ağlayan.
Ben Meşreb'im ben Nasimi tabanından kesilen.
Mahtumkulu benim kendim, yürek-bağrı ezilen.
Zulümlere baş eğmeyen, sürgünlere sabreden,
Garib düşüp, kanlar yutup, dünya yüzün kabreden.
Ben dünenki Atatürk'üm hoklar üzre baş eğen...

Аудармасы:

...Мен Ұлықбек білімдарлардан ілім теңізін сұраған,
«Ойбай, ұлым қанішер!» - деп, жаны сыздап жылаған,
Мен Мәшрәппін, Мен Насими табанынан таусылған.
Мақтымқұлың менің өзім, бауыр еті езілген,
Залымдарға бас имеген, сабыр еткен, төзіммен,
Бейшара ғып, айналдырған жердің бетін қабірге,
Мен кешегі Ататүрікпін дұшпандары бас иген...

[30, б. 3] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ал «Рухымызды көтеріңдер» атты жыр-монологынан ақынның халқы бастан кешкен сүргін қасіретін айна-қатесіз көз алдыңызға елестетесіз. Ибрагимнің өзі осы жырының алғысөзінде былай деп жазады:

«1944 жылдың қуған-сүргін азабы... Бұл азапта шәйт болған әкемнің әкелері, анамның аналары, ауыр тағдыр түсіме кіреді. Олар сұрақ қояды, мен жауап беремін... Ахысканың гүлдері солды ма? Таулары жылап еріді ме? Бұлақтары құрғады ма? Кітаптары жанды ма? Қайғылы тарихы парақталды ма? Қайдан бұл халге түстік? Ахысканың гүлдері солды, таулары жылап еріді, бұлақтары құрғады, кітаптары жанды, қайғылы тарихы парақталды. Бірақ Отанында отансыз сенің бұл сұрақтарыңның мәңгі сақталғанына шүкір, ей, азиз Адам!».

Ақынның бұл өлеңінде Ахысқа халқының басына түскен ауыр жағдай қаз-қалпында берілген. Шығармада реалистік шындық көзге ұрып тұр. Сүргінге айдалып жол бойы бірі әке-шешеден, бірі іні-бауырдан айрылып, бірі жұқпалы індеттен көз жұмып, сүйектері жол-жөнекей қалғандар бүгінгі күн өз ұрпақтарына о дүниеден тіл қатып «бізді ұмытпаңдар, құлыптастарға, тарих беттеріне жазыңдар», – деп тұрғандай өлген адамдарды сөйлетіп, тірі адамға ұқсатып бейнелейді. Мұның бәрін автор зор ақындық шабытпен, өз қаһармандарының ішкі жан дүниесіне терең поэтикалық барлау жасау арқылы суреттейді.

Тағы бір Қазақстандық түріктердің дәстүрлі халық ақыны Мамош Қаһраман оглу 1928 жылы Ахалкелек ауданының Хавет ауылында дүниеге келген. 1944 жылы Мамош жанұясымен бірге Сталиннің әмірімен айдалып өз Отанынан Орта Азияға жер аударылды. Орта Азиядағы Қазақстан Республикасының Алматы облысы, Талғар ауданына қоныстанады. Қазір Талғарда тұрады. Оның жырлары туған топыраққа деген қимастық сезім, мәңгі сарқылмас сағынышқа толы. Ақынның «Ардаһан өзеніне арнау» өлеңінде Түркия шекарасын екіге бөлген Ардаһан өзеніне мадақ, мақтау сөздерін арнайды:

...Туркијә сәрһәдини икијә бөлән, Мәрфәтин чохдур Ардаһан чајы. Ичиндә јашыјан гөзәл балыхлар, Мөһәббәтин тарихдә Ардаһан чајы...	...Түркия шекарасын екіге бөлген Күдіретің күшті Ардаһан өзені Суында жүрген сұлу балықтар Тарихта жыр болған Ардаһан өзені... [50, б. 25-26] (ауд. Бүркітбаева Ш.)
--	---

Мусаев Амирастан Бәрфа оглу қазақ жерінде туылған түрік ақыны. Ақын 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында өмірге келген. Оның жырларының да негізгі тақырыбы халқының басына түскен зобалаң жылдар тарихы, туған халқының басынан өткен зұлмат жылдарға бейжай қарамайтыны, елінің санасында мәңгі өшпестей болып сақталып қалған азапты жылдардың ауыр қайғысы. Ақын нақақтан-нақақ жала жабылып, сүгінге айдалып, сүйектері жол-жөнекей ит-құсқа жем болған халқының залымдардан көрген қорлығын қарапайым тілде жеткізген. Жабырқау көңілдерін қазақ жерін қоныстанып, көркейіп, жетілген бүгінгі жарқын күндеріне шүкіршілік етіп жұбатуы қарапайым көркем суреттеудің тамаша үлгісі.

Қазақстандық ахыскалық дәстүрлі түрік ақындарының бірі – Караев Камал Кара оглу. Ол 1938 жылы Грузия ССР-і, Аспинза ауданының Базирхана ауылында дүниеге келген. Еңбегі жемісті болған ақын бірнеше орден, медальдармен марапатталды. 2005 жылы ЮНЕСКО-ның «Орден коха» және Еуропа академиясының «Құрметті профессоры» атақтарын алды. Осы жылдар ішінде ақынның үш кітабы жарық көрді және өзі үш фильмге түсті. Бүкіл ғұмырын халық игілігі жолында сарп еткен, өзіне екінші Отан болған қазақ жеріне, еліне мәңгілік борыштар екендігін мойындайтын ақынның шын пейілін төмендегі «Дұрыс танып, оң қабылда сіз мені» атты жырынан да көреміз:

...Истәрдимки һәр милләтнән дост олаг,
Газах халгыны бөжүк гардаш тәк биләк.
Өз јериндә олардан өрнәктә алаг,
Дүзгүн аныб доғру ганын сиз мәни...

Аудармасы:

...Қалар едім, барлық ұлтпен дос болсақ,
Қазақ халқын үлкен аға деп білсек.

Өз жерінде алсақ үлгі олардан

Дұрыс танып, оң қабылда сіз мені...[30, б. 182]. (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазақстандық жас түрік ақындарының бірі – Шыңғыс Бадалов. Ол 1976 жылы Қазақстанның Шымкент облысының Қарасу ауылында дүниеге келген. Жас ақынның туған жері қазақ топырағы болғанымен ата-бабасының қасиетті жерұйығы болған атамекендеріне деген үлкен ілтипаты, туған Отанның («Отан ойыма түскенде») қадір-қасиетін құрмет тұтуы жырларында шынайы өрнектеледі. Айтар ойын қарапайым, жеңіл суреттеумен жеткізетін жас ақын Ш.Бадаловтың өлеңдерінен көне түркі әдебиетінің қайнар-бастауларына еліктейтіні байқалады. Өлеңнің соңғы шумағына өз атын қосып жырлау көне, орта түркі жырларына тән дәстүр. Біз Шыңғыстың бұл өлеңінен түркі әдебиеті әлеміндегі сан ғасырларға созылған көркемдік жалғастығына тағы да куә боламыз.

Зейнул Фаһри оглу Фаһриев (Йектайы) 1934 жылы Грузияның Ахыска ауданының Уравел ауылында дүниеге келген. Сүргінге айдалғанда Қызылорда облысының Қармақшы ауданы Ш-Интернационал ауылына келіп түседі. Ахыска түріктері арасында ақындығымен, айтыскерлігімен кең танылған Зейнул Фаһриоглуның бірнеше кітаптары жарық көрген. Ақынның әдебиет әлеміндегі лақап аты – Йектайы. Шығармаларын да негізінен осы атпен жариялайды.

Ақынның жырларында асыр салған, қимас балалық шағы өткен туған өлке Ахысканың тау-тасы, орман-өзені, сай-жырасы дәріптеледі. Ақын жырларында бірде туған жеріне көрік бере бұраландап аққан Күр өзенімен сырласса, бірде туған жерінің хал-жағдайын сұрап, елінде қалғандардың ахуалінен хабар алғысы келіп ынтыққан жанның көңіл-күйін білдіреді. Төкпе жыр әдісінде жазылған бұл өлеңдерінің тілі өте жеңіл, айтар

ойын да астарсыз ашық айтады. Көз алдына табиғаттың таңғажайыптарын, суы зәмзәм бұлақтан, жағасы көк майса құрақтан тұратын туған жердің көрінісін әкеледі. Жырларында тақырып бүтіндігі сақталып, көркемдік құралдар шеберлікпен қолданылған.

Ақынның «Отанымды мен ұмытпаймын» [51] атты – өлеңінде лирикалық қаһарманның романтикалық тұлғасы елестейді. Әдеби шығарма – тіршілік қозғалысындағы күрескер, арманшыл адамдардың қайсар рухты болмысын көркем шындық бояуларымен ұғындыратын рухани таным тұғыры. Ақынның азаматтық-композициялық желісінде өр рухты, намысты, отаншыл, күрескер адамның поэтикалық тұлғалануы дараланған. Тұрмыстық қарама-қайшылықты қозғалыстары ағынында өзіндік қайсарлығынан айнымаған құрыш мінезді адамдарға тән мінез-құлық психологиясының ерекшеліктері романтикалық реалистік бояуларымен жырланған. Жырда тірідей кессең де, өртесең де, өлтірсең де Отанынан бас тартпайттын ұлтшыл, нағыз патриоттың бейнесі суреттелген. Дұшпан тізесін батырған сайын қасқайып қарсы тұрып, иілмеген отаншыл жанның өр кеудесін, дара тұлғасын шыншыл реализммен ашып көрсетіледі. Мұнды лирика көркем баяндалған.

«Жараспас» атты өлеңінде де лирикалық қаһарманның жан әлеміндегі романтикалық сарынды қуатты ойларды аңғарамыз. Өлеңнің поэтикалық түйіні – адамзат ұрпақтарының туған жерінде, атақонысында, Отанында ғана қуатты, мығым тұрпатта өмір сүре алатынын дәлелдеу. Өмір қозғалысындағы мағыналы өмір сипаты да осындай өршіл рухты, отаншыл қайсар адамдардың шынайы көңіл тазалығынан құралатыны да ақиқат. Ақын тұрақты атамекені, Отаны бар адамдардың бақытты көңіл-күйін, азаматтық ұстанымын романтикалық мұңлы-шерлі сарынымен жырлайды. Өзге елде аянбай етсең де еңбегіңнің еленбей қалтарыста қалуы мүмкін екендігін, басқа отанда қанша талпынғанмен діттеген мақсатқа жетудің оңайға түспейтіндігін, бәрін, бәрін отансыздықтың кесірінен деп ашына жырына қосады.

Қазақстандық түрік ақыны Дямуршаев Тельман Асланоғлу 1940 жылы 9-қантарда Грузия ССР-інің Адыген ауданының Цыхицубан ауылында дүниеге келген. 1944 жылы ақын жанұясы Қазақ ССР-інің Қызылорда облысы, Қарамақшы ауданының «III- Интернационал» ауылына күшпен қоныстандырылады.

Ақын өз Отанынан еріксіз ажырағаннан соң, Отан еткен мекені қазақ жерінде тынымсыз еңбек етіп, елдің көркеюіне өз үлесін қосқаны үшін Қазақ үкіметі тарапынан бірнеше орден, медальдарымен марапаталады. Төрт тілді (қазақ, орыс, түрік, кәріс) меңгерген ақын Телман Дямуршаевтың тағы бір ерекшелігі – жырларын негізінен қазақ тілінде жазатындығы. Ол («Қадірлеймін қазақты») жырларында өзін шеттетпеген қазақ еліне, жеріне деген ризашылығын айтады. Өзі мекен еткен Қызылорда өңіріне, Сыр бойы халқына деген үлкен сүйіспеншілігін жырларына арқау етеді. Ақын өзін

ахыска түрігі болғанымен, Кәрі Сырдың суына шомылып өскен қазақтың қара домалақ балаларының бірімін деп есептейтінін, еліміздің тәуелсіздік туын бірге көтерісуге әрдайым дайын екендігін жырлайды:

Ұлтым түрік, қазақ болып өстім мен,
Қазақтармен бірге ғұмыр кештім мен,
Жақсылармен қатар жүрдім жасымнан,
Ділін, тілін кем білмеймін ешкімнен...

...Уа, халқым, мақтан етем бәріңді,
Сіздерменен бірге салып әнімді.
Тәуелсіздік туын көкке көтерген,
Сүйем әркез күндей жарқын күнімді... [29, б. 52].

Өзінің түріктік-ұлттық негізінің қазақ қанымен тектес болмысын тарихи сана тұрғысынан жырлаған ақынның азаматтық сарынды ойлары лирикалық қаһарман тұлғасын даралайтын көркемдік жинақтау сипатымен де ерекшеленеді. Азаматтық лирикаға тән көтеріңкі рух сарыны басым байқалады. «Сыр елі» атты өлеңінде түркі халықтарының ежелгі заманғы атамекендерінің бірі Сырдария өзені бойына орналасқан қазақ халқының тұрмыстық-әлеуметтік ортасын поэтикалық өзіндік өрнектерімен бейнелей жырлайды. Ақынның бұл өлеңі композициялық құрылымы жағынан түркі әдебиеті жыраулар поэзиясына ұқсас.

Ақын Ровшан Мамедоғлу Исмайлов 1966 жылы Грузия Республикасының Лагодехи ауданының Габал ауылында дүниеге келген. Ақынның 2007 жылы «Сүргін» атты тұңғыш кітабы жарық көрді. Ақын жырларында негізінен туған елінің басына түскен сүргін жылдарды, халқы шеккен ауыр азаптан сыр шертеді. Бір заманда «Түрік деген сөзді естігенде қорқыныштан дірілдейтін талайлардың Ер Түрік ұрпағының сағын сындыруға ынтық болып, түрік қанын телегей-теңіз сел қылып ағызып, өз қандарына тұншықтырсам деп армандаған залымдардың қара пиғылын ақын реалистік тұрғада жырлаған.

Ровшанның «Сүргін» атты дастанында халқының басына түскен азапты жылдар көрінісі, қанішер Сталин мен оның жандайшабы Берия тарапынан жасалған қанды жоспар тарихи дәлелдер негізінде көркем суреттелген. Дастанның идеялық-композициялық желісінде тарихи кезең шындығы шынайы бейнеленген.

Дастандағы негізгі кейіпкер – халық. Ахыска жерін мекендеген түрік халқының тыныш, бейбіт тұрмыстағы хал-ахуалының өктем, озбыр шешімнің салдарынан кенеттен бұзылғаны, жазықсыз адамдардың атамекендерінен еріксіз ажырап, басқа өлкелерге аттандырылғаны – эпикалық шығарманың құрылымындағы авторлық баяндаулар мен кейіпкерлер сөздері арқылы айқындалған. Эпикалық шығарманың «Қанмен қойылған қол» атты бірінші бөлімінде КСРО атты мемлекеттегі халықтар

тағдырына өздерінше үкім, шешім шығарған Сталин мен Берияның іс-әрекеттері әшкереленген.

Қатыгездік, жендеттік іс-шаралардың негізгі ұйымдастырушылары, үкім шығарушылары болған осы екі адамның дастандағы даралана бейнеленуі шығармадағы олардың ішкі монологтары және өзара диалогтары арқылы жырланған. Эпикалық шығармалардағы кейіпкерлер диалогтары арқылы олардың ішкі діл әлемін таныту – әдебиет тарихындағы дәстүрлі тәсіл. Ақын осы тәсілді үйлесімді түрде қолданған. Шығарманың идеялық-композициялық сипатын танытатын осы поэтикалық тәсіл арқылы нысанға алынған тарихи кезең шындығы, қуғын-сүргіндерді ұйымдастырушылардың да озбыр іс-әрекеттері дәлелдене түскен.

Мысалы, дастанда Берияның оңашада өзімен-өзі іштей түйілген, қатыгездік жоспарларын ойлап тұрған сәті де реалистік сипатымен көрінеді. Берия – ХХ ғасырдың 30-50 – жылдарында Кеңес Одағында болған саяси-әлеуметтік оқиғалардың негізгі орындаушыларының бірі. Оның саяси-әлеуметтік қызметі мемлекет басшысы Сталиннің қызметімен сабақтас бағаланды. Әсіресе, 1937-1938 жылдардағы және 1941-1945 ж.ж. Екінші дүниежүзілік соғыс, сонымен бірге, 50-жылдардың басындағы аласапыран оқиғаларға тікелей жауаптылығы тұрғысынан айтылады. Ақын «Сүргін» дастанында Берияның Кавказдағы Ахыска түріктерін атамекендерінен қуып шығу жоспарын құрғаны, оны Сталинге баяндап, дәлелдеп мақұлдатқанын тарихи деректер негізінде жазады.

Дастан кейіпкерлерінің бірі – Сталин де озбырлық пен қатыгездікті, халықтар тағдырын өктемдікпен шешуі қаталдық тұғырында бейнеленген. Оның шектен тыс сақтығы, ешкімге сенбейтіндігі, жанындағы Берия секілді ақылшыларының айтуымен кейде өзі де жетік білмейтін қатал, қате шешімдер жасағандығын жазады.

Мысалы, оның Берияның жоспарына әуелде ойлана, күмәндана қарағанына да автор назар аударған:

Stalin:

-Sürgün etmek biraz çetin olacak,

Zamanın, devranın pis gelişidir.

Türkler bu işte metin olacak

Merdanelik bu onların işidir...

Сталин:

Сүргінге айдау, шектен шығу емес пе?

Заманың тұр мынау бет алып егеске.

Түріктер бұл істе ұста емес пе?

Мәрттік, батырлық Ататүрік ісі елес пе?...

[52, б. 111] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Берия бейнесі – Сталин сынды күрделі тарихи тұлғалардың талай қателіктерге ұрынуына себепкер болатын екіжүзді кеңесшілердің жинақталған бейнесі. Кавказдағы түріктердің, қарашай-балқарлардың,

шешендердің, Волга бойындағы немістердің, Қиыр Шығыстағы кәрістердің Қазақстанға жаппай жер аударылуында, әрине, Сталиннің жанында жүргендердің ақыл-кеңестерінің де ықпал еткені анық. Дастандағы Берияның арандату-азғыру сөздері де халықтар тағдырын тәлкекке түсірудегі аса зиянды кеңес болғанын айғақтайды.

Дастандағы зұлымдық шешім шығарушының сөздері де тарихилық аясында жырланған. Кавказға жақын Түркия мемлекетінің туысқан түркі халықтарына қамқорлық жасауынан сескенген, сақтанған адамның қатал шешімі де адамдар тағдырларын тәлкек еткен тоталитарлық-тирандық басқару жүйесінің қатыгез келбетін елестетеді. Ақынның осы «Сүргін» атты дастаны – депортацияға ұшыраған көптеген халықтар тағдырында ортақ әлеуметтік апат келбетін елестететін шығарма. Дастандағы авторлық-эпикалық баяндаулардың да, кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарынан да аталған қуғын-сүргін оқиғаларының шын жүзін көреміз.

Ақынның лирикалық-публицистикалық толғаныстары уақыт пен кеңістіктегі жеке тұлғалар, халықтар туралы жекелік және жалпылық ұғымдарын тұтастыра қарастырғандығымен ерекшеленеді. Эпикалық шығарманың негізгі идеялық-композициялық желісін құрап тұрған поэтикалық сарын ақынның уақыт келбетін, қуғын-сүргін қасіретін тарихи реалистік сипатпен жырлауы. Ақын – уақыт қасіретін сыншыл реализммен жырлаушы қайраткер. Шығармадағы көркемдік бейнелеулердің психологиялық мегзеулі егіздеулік өрілімдерінен халық қасіретін өмір шындығы мен көркем шындық тұтастығымен танытуға тырысқан ақын идеясын аңғарымыз.

Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы дамуы жолындағы жалпытүркілік жалғастық пен ұлттық бірегейлік ерекшеліктерін осындай азаматтық сарынды шығармалар арқылы да байқаймыз. Саяси-идеялогиялық, тоталитарлық-тирандық озбыр саясат салдарынан қуғын-сүргінге ұшыраған түркі халықтары ақындарының азаматтық сарынды шығармалары ежелден сақталған әдеби дәстүр жолындағы елдік, отаншылдық тақырыптарды жырлау жалғастығын танытады.

Қазақ жерінде өмір сүріп жатқан тағы бір түрік ақыны Ашығ Гүлалы Кочалы оғлу. Ақын 1932 жылы Аспинза ауданының Ван ауылында дүниеге келген. 1944 жылғы сүргінде Қазақстан Республикасының Шымкент қаласына жер аударылған. Ақын жырлары негізінен туған жер, кіндік кескен топыраққа бір аунасам, құмарым қанғанша Кавказ тауларынан ескен самалмен тыныс алсам деген арман-тілекке бағышталған. Елден кеткенде асқар таудың көкорай бөктерінде қалған ауылдарының көркем келбетін араға жылдар салып оралғанда таба алмай қалған жанның психологиялық көңіл-күйін жеткізеді. Ақын өлеңдерінен соңғы шумаққа өз атын қосып жырлайтын көне түркі әдебиеті жырларына тән дәстүр жағастығын да көреміз.

Қазақстандағы түрік ақыны Асампалы Зияоглу Чалабов 1950 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қасымбек ауылында дүниеге келген. Жырлары негізінен туған отанды аңсап, атамекені туған жермен еріксіз қоштасу дертіне шалдыққан жаралы жүректің мұңын шертеді. «Айдауда жүрген Ахыска түріктеріне, Жоқ, жоқ оралу Отанға.» – деп енді туған елге қайта оралудың мүмкін еместігін, туған жердің мәңгіге көзден бұлбұл ұшқанын түсінген жүрек бұлқынысы ақын көкірегінен зарлы жыр («Жанды жүрегім») болып төгіледі. Поэзиялық шығармаларда тақырып нысанына алынған мәселелер ақынның романтикалық және реалистік көркемдік шешімімен жырланады.

Әсіресе, мұңлы-шерлі, сағыныш пен үмітке, торығуға толы өлең шумақтары жалпылық мәнмен жырланғанда уақыт пен кеңістіктегі оқиғаларды, құбылыстарды көркемдік жинақтаумен өрнектейді. Халықтың басына түскен ауыр қасіретті лирикалық қаһарманның сезімімен беруде адамның ішкі жан әлеміндегі күйзелістердің шынайылығы сезіледі.

Ақынның келесі бір «Айдаудағы жан сыздайды» өлеңі Кеңес үкіметі тұсында елдеріне баруға тиым салынған халықтардың бірі осы Ахыска түріктері екендігінен мағлұмат береді. Ана тілінде мектеп болмағандықтан, ана тілдерінде ұғыса алмайтын ұрпағының келешегіне алаңдайды. Туып-өскен атамекенінде, Отанында мекендеген халықтардың отбасыларының, балаларының, жалпы адамдардың өзара қарым-қатынастары ана тілі арқылы жүзеге асады. Билік жүйесінің қатал шешімімен өзге халықтармен мидай араласып кеткендердің ана тілдерінде қарым-қатынастар жасауы өте қиын іс. Ахыска түріктерінің ана тілдерінің тар өрісті жағдайға ұшырауы – депортацияға ұшыраған халықтардың бәріне де ортақ жағдай. Өлеңдегі азаматтық сарын лирикалық қаһарман арқылы тұтас халықтың ауыр қасіретін танытуымен ерекшеленеді. Түркі халықтарының ақындық-жыраулық поэзиясындағы атамекен хақындағы дәстүрлі сарын жалғастығы аңғарылады.

«Ахыска түріктері» атты өлеңінде де Ахыска түріктерінің тағдыры арқау етіле отырып, ата-бабалардың бейіттеріне кейігі ұрпақтың беймәлім болашақ тағдырына алаңдаған перзент көңілінің психологиялық хал-ахуалы танылады.

Ақын жырларында әрдайым қазақ халқына деген ризашылғын тілге тиек етіп отырады. Сүргінге айдалып сенделіп жүрген шақтарында кеуделерінен итермей, құшақ жая қарсы алып, бір тілім нанын бөліскен туысқан қазақ жұртының кеңпейілдігіне таңданысын еш жасырмайды. Оның төмендегі «Қазақстан» атты өлеңінде бауырлас қазаққа деген ризашылығы «Халыққа бейбіт өмір сыйлаған, Риза болмаған жан қалмаған» сияқты жыр жолдарымен төгіледі:

Sürgün milletin
Derdini tağıdan
Sen oldun,

Сүргіндегі халықтың
Дертін түсінген
Сен болдың,

Kazakistan!
Hasret çeken geribin
Ayrılık derdi anlayan
Sen oldun,
Kazakistan!

Қазақстан!
Қасірет шеккен байғұстың
Айрылу шерін түсінген
Сен болдың,
Қазақстан!

...Milletleri barış yaşatan
İnsanları memnun eden
Ana dile yol açan
Sen oldun,
Kazakistan!

...Халықтарға бейбітшілік сыйлаған
Адамдарды бақытты еткен,
Ана тілге жол ашқан
Сен болдың,
Қазақстан!

[32, б. 13] (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Арнау өлең түріндегі бұл жырында ақын еуропа халықтары поэтикасына тән ұйқассыз шумақтардан тұратын ақ өлең үлгісін қолданған. Ақын жырлары негізінен саяси-әлеуметтік лирика жанрымен жазылған. Жырларында лирикалық кейіпкердің Отан-анаға яғни Қазақстанға қарата ақтарыла тебіренуі тарихи шындықпен жырлаудың поэтикалық-психологиялық болмысын аңғартады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан түріктерінің тарихи тағдыр жолы мен оның көркем шығармаларында бейнеленуі арқылы сөз өнерінің халықтық сипаты айқындалады. Тарихилық пен көркем шындық арқылы халық тағдырының күрделі жолы кейінгі ұрпақтарға жетеді. Еліміздегі түрік диаспорасы ақындарының шығармаларынан түйгеніміз қиын күнде қолтығынан демеген туысқан қазақ халқына айтар алғыстары мен көрсетер құрметтерінің шексіз екендігі.

2.2 Татар ақындары жырларындағы «Туған Отан – Қазақстан» түсінігінің жырлануы

Тәуелсіз Қазақстандағы татар диаспорасы – Қазақстанның ежелгі заманғы тарихи кезеңдерімен сабақтас байланыстары бар халық. Бұдан мың жыл бұрынғы палеолит, тас, қола дәуірлері мәдениет бастауларынан (абашевтік, қиып жасау, қазанжаны, ананьдік пьянобор мәдениеттері) іргетасы қаланған татар ұлтының ежелгі дәстүрлері бар. Б.д. IV-VII ғ. қазіргі Татарстанның оңтүстік бөлігінде именьковтік мәдениет тайпалары мекендесе, солтүстігінде азелиндік тайпалар орналасқан. “Татар” атауы түрік пен моңғол рулары арасында өте ертеден (VI-IXғ) мәлім. Татарлар – түрік тектес халықтар арасында саны жағынан ең көп халықтардың бірі.

Ал, VI-VII ғ. Түркі қағанаттары мен қазіргі Татарстан байланыстары күшейген. Зерттеулерде татарлардың б.з.д. IV ғ. Ғұндардың, Түркі, Хазар қағанаттарының құрамында болғанын айтады. Соңғы зерттеулер [53, б. 5-13] скиф, ғұн, бұлғар, хазар қазіргі татардың негізі екенін айтады. IV ғасырға дейін қазіргі Татарстан жеріне волгалық, камалық болгарлардың ығыстырылған мадьярлық (протовенгерлік) тайпалары мекендеген. Татарстанның қазіргі территориясы X-XIVғ. Волгалық-Камалық Булгарияның құрамына кірген, қалаларында қолөнер мен металлургия дамыған, өзіндік жазуы, әдебиеті мен өнері дамыған. 1177 жылы (жаңа зерттеулер бойынша) Волгадағы болгарлық қамал Қазан құрылған [54, б. 298].

Татарлар мемлекетігі Қазан хандығы (1438-1552) тұсында жалғастық табады. Волга бойы және Орал төңірегіндегі түркі халықтары 1223-1240 ж. Алтын Орда қыпшақ мемлекетінің құрамында болған, XV-XVI ғ. дербес өмір сүрген Қазан хандығы Ресей патшалығының 1545-1552 ж. басқыншылық жорықтарының нәтижесінде тәуелді елге айналды. Татар халқы 1552 жылдың 15 қазанын өз тарихындағы ең қаралы күн деп есептейді. Ресей патшасы Қазан хандығын жойғаннан кейін татарлардың әлеуметтік, ұлттық, діни қысым салдарынан жер дүниеге босуы басталған. Олардың Орта Азия, Қазақстан Республикаларындағы саны бір миллионнан

асып түседі. XX ғасырдың 20-30 ж. бері Татарстан Ресей мемлекетінің құрамындағы Автономиялы Республика болып өмір сүруде [54, б. 295-308].

Татарлар – түркі тілдес халықтардың бірі. Қазақстандағы ең байырғы түркі халықтарының бірі ретінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастыруға, мол үлес қосып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан тарихи жарияланымдар бойынша татар диаспорасының ұлттық және әлемдік өркениеттегі лайықты орыны айқын көрінеді.

Мысалы, Ә. Құлманбайдың «Қазақ даласына қалай қоныстанған?» атты мақаласында татар халқының әлем елдеріне орналасуы туралы деректер берілген: «ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша әлемдегі татар халқының жалпы саны – 6648,7 мың адам. Олар дүние жүзінің барлық елдерінде өмір сүріп жатыр. Ең көп қоныстанған жері Ресей Федерациясы. Олардың басым бөлігі өздерінің тарихи Отаны – Татарстанда, Башқарстанда және Удмурт Республикасында қоныстанған. Сондай-ақ, татар халқының өкілдерін Түркия, Қытай, Германия, Австралия, АҚШ, Жапония, Канада, тағы басқа мемлекеттерден де көптеп кездестіруге болады» [55, б. 2].

Қазақстандағы татар диаспорасының алатын орыны саны жағынан да, қоныстану мерзімі жағынан да өте ауқымды. Қазіргі Қазақстаннан қырым татарын да, қазан татарын да, уфа татарын да, бұрынғы Нижегородский мен Саратов губерниясының мишар татарларын да, касим татарларын да кездестіресіз. Әсіресе, қазақ жеріндегі татар диаспорасының үлкен бөлігін құрайтындар – XX ғасырдың 50-жылдарында Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр Автономиясынан елімізге ағылған Іле татарлары. Татарлардың көп шоғырланған жері – Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павладар, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы. Қазақ даласында бірнеше ғасырлардан бері бірге өмір сүріп келе жатқан татар халқы диаспорасының да өзіндік тарихи жолы бар.

Тарихи деректер бойынша татарлардың қазақ даласына қоныстана бастауы 1552 жылы Қазан хандығының құлауынан кейін басталатыны айтылады. «...Первая крупная волна из Поволжья на Урал, в Сибирь, в Казахстан и в Среднюю Азию началась сразу же после трагедии 1552 года. Бессмысленное кровопролитие и грабежи победителей при подавлении очередных народных восстаний опять вызывали новые, большие или малые, потоки беженцев в просторы Казахстана» [56, б. 153].

Ал, жоғарыда аталған Татарстан Республикасы Сыртқы Байланыстар Департаментінің мәліметтерінде «Первоначальными точками расселения татар во второй половине XVIII века был Уральск, с 1760 года царским правительством было разрешено заселение Припиской линии, и татары устремляются в построенные на ней крепости Петропавловск и Семипалатинск. В конце следующего столетия в этих городах существовала развитая сеть татарских кварталов, мечетей, медресе и школ-мектебов. В

1862 году в Семипалатинске жили 6 тысяч человек, треть из них – татары. В 1915 году в Петропавловске было 65 тысяч жителей», 1\3 из которых также представляли татары. Потомки первых татарских переселенцев весь XIX век следовали дальше, вглубь казахской степи. Так возникли крупные диаспоры в Кокчетаве, Акмолинске, Павлодаре, Атбасаре. Во второй половине XIX века татары из Семипалатинска и Петропавловска стали селиться в Верном (ныне Алматы)» [57, б. 6] – деп көрсетеді.

Татарлардың Қазақстанды қоныстану жағдайы тарихшы Г.Т. Хайруллиннің «История татар» атты кітабында былай көрсетілген «Нередко татары уходили в казахские земли, не выдержав налогового бремени или избегая солдатчины... У местного населения татары чаще всего находили доброжелательное отношение, уют и степное гостеприимство. В свою очередь, татары приносили сюда свою культуру оседлой жизни, приверженность к исламу и высокий уровень грамотности» [56, б. 153]. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың 1773-1775 ж. Е.Пугачев бастаған көтеріліс аяқсыз басылғаннан кейін сол көтеріліске белсене қатысқан [54, б. 298] Еділ, Орал, Жайық атыраптарындағы татар, башқұрт халықтарына жасалған отаршыл озбыр саясаттың қуғын-сүргінінен, қудалауынан кейін де татарлар атажұрттарынан Қазақстан аймақтарына қоныс аударғаны белгілі.

Ал, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде татар іскерлері, көпестері Қазақстандағы ұсақ сауда істерінің қалыптасуы мен дамуына жетекші болды. Татар және қазақ іскерлерінің бірлескен шағын кәсіпорындары Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Қарабұтақ және т.б. елді мекендерде ашылды. Г.Т. Хайруллиннің жоғарыда аты аталған еңбегінде де татарлар мен қазақтардың сауда-саттық қарым-қатынасы жайында мол мәліметтер бар: «В различных казахских поселениях (особенно в связи с оживлением торговли, начиная с XVIII века) стали появляться постоянные торговые точки, затем и мечети с муллами. При мечетях открывались мактабы и медресе, в которых обучались и татарские, и казахские дети. Еще в те годы на караванных путях появился Кызыльяр (Петропавловск). Недалеко от города было образовано торговое место, где построили также и мечеть. Здесь развернули свою работу предприниматели Бирушев, Муратов, братья Табиевы, а в Семипалатинске – братья Мусины, в Верном – И. Габделжаппаров, отец и сын Каиповы и т.д. В XIX веке резко увеличилось проникновение татарских предпринимателей в Казахстан, расширялись взаимосвязи татар и казахов» [56, б. 154].

Ал, Татарстан Республикасы Сыртқы Байланыстар Департаменті берген мәліметтерде татарлардың қазақ жеріндегі кәсіпкершілікпен шұғылдануы жөнінде көптеген қызықты фактілер бар. Мына бір жолдарға көз жүгіртсек: «Родоначальник династии, казанский татарин Муса Мусин начинал с выделки кож. Умирая в 1832 году в возрасте 92 лет, он оставил сыну Садыку приличное состояние. На эти деньги Садык открыл магазины в Семипалатинске, Аягузе, Зайсане, начал строить мукомольный завод,

который пустили в эксплуатацию его сыновья. Дети Садыка Латиф, Фатых и Салим приумножили богатство семьи. Латиф Мусин, закупив более 50 пароходов и барж, наладил грузовое и пассажирское судоходство по всему Иртишу. Увлёкся он и горным делом, развернув золотодобычу в рудниках Алтая и Восточного Казахстана. Вскоре в Семипалатинске, Змеиногорске, Усть-Каменогорске открылись принадлежащие ему ювелирные магазины. В его руках были сосредоточены и основные перевозки хлеба в Россию. Капитал постоянно увеличивался: в 1900 году Мусины имели в российских и казахских банках 2,5 миллиарда золотых долларов США» [57, б. 6].

Қилы тағдыр талқысымен қазақ жерін қоныстанған татарлардың өздерімен бірге мәдениеттің, өркениеттің, ағартушылық пен діннің жарқын сара жолын ала келгені де ақиқат. Мәселен, Қазан қаласы маңындағы Кайбицы селосының тұрғыны Тухватуллин Мутыгулла өз қаржысына Орал қаласындағы кезінде атақты татар ақыны Ғ. Тоқай [56, б. 158] 11 жыл оқып, еңбек еткен «Мутыгия» медресесінің іргетасын қалады. Бұл медресе Қазан қаласындағы «Мухаммадия», Уфа қаласындағы «Галия», Орынбор қаласындағы «Хусайния» медреселері қатарында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы көзі ашық айдындарды даярлауға үлкен көмегін тигізді. Бұл медреселер беретін білімі мен жеткен жетістіктері жағынан қазіргі жоғары оқу орындарымен тең болды. Татар ақын-жазушыларының шығармалары [58, 59, 60, 61, 62, 63] Қазақстанда үздіксіз жарық көрді, қазақ әдебиетінің көркем аударма ісінің үлкен бөлігін құрайды. Татар мен қазақ халықтарының мәдени және әдеби байланыстары өте ертеден басталған. Ежелгі этникалық туыстықтың мәдени, тілдік, рухани жақындықтың жарқын белгілері әр тараптан-ақ айқын көрінеді. Түрік тілдес халықтардың ішінде қазақпен құда-жекжат болып көп араласқан татарлар деуге болады. Қазақпен төсекте басы, төскейде малы қосылған елді іздесек алдымен татарларды атаған болар едік. Қазақша ән шығарып, опера жазған, қазақ музыкасын дамытуға қосқан үлесінің өзі ұшан-теңіз Латиф Хамиди сынды композиторының орны өз алдына бір бөлек. Латиф Хамидидің Қазақстан Республикасының алғашқы мемлекеттік әнұраны авторларының бірі екені баршамызға белгілі.

Қазақтың тіл байлығына ғашық болып өткен татар классик, ақын-жазушыларының Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибрагимовтан берідегілердің өзі үлкен шоғыр. Бұлардан бұрын өмір сүрген, шығармаларын негізінен қазақ тілінде жазған татар, башқұрт мәдениетінен нәр алған Ақмолда Мұхамедиярұлының үш халыққа бірдей ортақ саналуының өзі сирек құбылыс. Қазақтың төңкеріс алдындағы өмірі жайлы өте бағалы еңбектер қалдырған Сабыр Шариповтың есімі мен еңбегі де еш ұмытылмайды. Зерттеушілердің [53, 54, 55, 56, 57] көрсетуінше, Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың дені Қазан қаласындағы татар баспаханаларынан шықты. Татар баспагерлердің күшімен татар баспаханаларынан қазақ тілінде шыққан кітаптардың қазақ даласына қандай

білім нұрын сепкенін, қазақ халқының ұлттың оянуына қаншалық зор ықпал жасағанын бәріміз білеміз. Еліміздегі татар диаспорасы Қазан төңкерісінен кейінгі жас қазақ мемлекетінің мемлекеттік және мәдени құрылымын жаңаша құруға белсене атсалысты.

Қазақ әліпбиін құрастырғандардың бірі – Мухамматбилал Химасутдинов. Сондай-ақ, театр өнерінің қазақ жеріне татарлар арқылы келгені де шындық. XX ғасырдың 20-жылдарында Петропавловскіде, Қостанайда, Атбасарда, Павлодарда, Оралда ерікті театр өнерпаздарының ошақтары құрылды. Ал, Алматыда болашақ қазақ театрларының әртістері таланттарын шыңдаған жұмысшы жастардан құрылған татар театрлары жұмыс істеді. Қазақ даласындағы материалдық және рухани мәдениет дамуының арнасында татар халқының қайраткер ұл-қыздарының есімдері мол. Бұл арада, біз әрине ағартушылық және әдеби байланыстар жүйесіне ғана тоқтала аламыз. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғ. басында Қазақстандағы жәдитизмнің таралуына И.Гаспиринский, Ш. Маржани, К. Насыри сынды татар қайраткерлері ықпал етті. «Ғалия» медресесінде татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтан және соның үлгісіндегі татар ағартушыларынан татар, башқұрт ақындары Ш. Бабич, Х Туфан, С. Құдаш және қазақ ақын-жазушылары М. Жұмабаев, Б. Майлин, Ж. Тілепбергенов, А. Мұстафин, т.б. білім алды. Семейде мұғалімдік қызмет атқарған Р. Елікбаевтың да қазақ еліндегі ағарту саласына қосқан үлесі зор. Тарихшы, этнограф, дінбасы Құрбанғали Халиди (1846-1913), Шахмардан Кашафутдин (1864-1920), Ахмет Уразаев Курмаши (1855-1883), Мифтахудин Ақмолла (1831-1895), Зариф Башири және т.б. көрнекті татар ағартушылары қазақ халқының рухани мәдениетін дамытуға зор еңбек сіңірді.

Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан татарлар да еліміздегі басқа диаспоралар сияқты өздерінің ұлттық салт-дәстүрін, тілін, дінін сақтап, дамытып отырған диаспора. Тәуелсіз Қазақстандағы татарлардың ең үлкен ұлттық бірлестігі – «Идел» атты татар және татар-башқұрт қоғамдық және мәдени орталығының Ассоциациясы. Ол Қазақстан Республикасының 15 облысындағы 18 ұлттық-мәдени орталықтың басын біріктірген.

Сонымен қатар, бұл бірлестік – Қазақстан халқы Ассамблеясының толық құқылы мүшесі. «Идел» бірлестігі татар мәдениетін сақтап қалу мақсатында көптеген ғылыми-практикалық конференциялар жасап, татар тілінде газет, кітап шығарып, әр түрлі бағдарламалар ұйымдастырып келеді. Жыл сайын республика деңгейінде «Сабантой» тойланады, жыл сайын Өскемен мен Семей өңірінде «Ертіс сазы» атты музыкалық фестиваль өткізеді. Татар диаспорасы туралы хабар тарататын «Қазақстандағы татар әлемі» атты жаңалықтар порталы да жұмыс істейді. Орал қаласында Ғабдолла Тоқай атындағы ғылыми-әдістемелік татар орталығы да татар диаспорасының рухани үйі ретінде қызмет көрсетеді. Қауымдастық төрағасы өз сөзінде былай деді: «Біздің Отанымыз – Қазақстан. Осы жерде

туып-өстік, білім алдық, жұмыс істеп жүрміз. Қазақстандағы татарлар өзге ұлт өкілдерінен артық тұрмаса, кем қалып жатқан жоқ. Қазақстан мен Татарстан тығыз бауырластық қарым-қатынаста. Қазақстанда тұратын татарлардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жоғары деңгейде. Ұлттық дәстүрлер нығаюына барлық жағдай жасалған» [55, б. 2].

Тәуелсіз Қазақстандағы татар диаспорасының әдебиеті бұрынғы кеңес үкіметінің саяси бұғауынан босанып толық еркіндік алған жаңа, еркін әдебиет дәрежесіне жеткен мәдени, әдеби мұра ретінде қалыптасты. Тәуелсіздік жылдарының бірінші жартысы Қазақстанда әдеби өрлеу кезеңі болды. Бұл әдеби өрлеу өз кезегінде елімізде өмір сүріп жатқан диаспоралар әдебиетіне де игі әсерін тигізді. Шығармашылық иелеріне ой еркіндігі мен мол мүмкіндіктер берілді. Көптеген тың әдеби туындылар жарық көре бастады. Әсіресе, поэзия, проза, публицистика тұрғысынан бірқалыпты даму жолына бет бұрған тәуелсіз еліміздегі татар әдебиеті өз оқырмандарын шынайы өмірлерін бейнелейтін, ұлттық болмыстарынан хабар беретін шығармаларымен сусындатты.

Жалпы, татар диаспорасының әдеби мұрасы төңірегінде әңгіме қозғалғанда қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы татар поэзиясының негізгі тізгіні аға буын өкілдерінің, яғни, жас кезінде қазақ жеріне келіп, өмірінің негізгі бөлігін өткізген Қазақстанды өз Отаным деп санайтындардың қолында екендігі баса назар аудартады. Ғылыми жұмысымыздың зерттеу нысаны Тәуелсіз Қазақстандағы татар поэзиясы болғандықтан, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі татар поэзиясына тоқталамыз. Шығармаларын татар тілінде жазған Қазақстандағы татар ақындары Г. Хайруллин, Р. Абдусаламов, Н. Усманова, Р. Гузаиров, Н. Абдулкаримова, т.б. Ал, еңбектерін орыс тілінде жазған татар ақындары Ф. Тамендарова, Ф. Байгелдина, Т. Каримова, Р. Мусина, Ф. Абубакирова, Н. Абдувалиева тағы басқалар. Татар ақындары жырлаған негізгі тақырып: туған тіл тағдыры, өткен тарих тағылымы, өскелең ұрпақ келешегі, туған татар жеріне, еліне деген сағыныш, Қазақстан және қазақ халқына деген құрмет. Сонымен қатар, татар ақындары көптеген қазақ ақындарының еңбектерін татар тіліне аударды.

Башқұртстан Республикасында туып, саналы ғұмырын қазақ жерінде өткізген Қазақстандық татар ақыны Г. Хайруллин Тәуелсіз Қазақстандағы татар ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі. Ақын өлеңдерін «Тимер Заһит» атты лақап атпен татар тілінде жазған. Тәуелсіздік жылдарында ақынның «Дусларымның уйлары һәм моңлары» («Достарымның ойлары мен мұңдары», 1997), «Казанға хат» («Қазанға хат», 1998), «Қызық дөнья» («Қызық дүния», 1999), «Сүзләрем сиңа кала» («Сөздерім саған қалсын», 2000), «Комда қалған эзләр» («Құмда қалған іздер», 2004), «Татар дигән халық» («Татар деген халық», 2005), «Гомер йомгагы» («Өмірдің ақыры», 2009), «Юлга чыктым» («Жолға шықтым», 2012) т.б. бірнеше еңбектері жарық көрді.

Г. Хайруллин әр түрлі тақырыпта: саяси-қоғамдық, философиялық, махаббат, шынайы өмір қарым-қатынастарын, туған халқының қилы тағдырын, түркі тілдес екі халық қазақ пен татардың туысқандығын жырлады, ата-анаға, отанға, табиғатқа, әйелге деген махаббат туралы жазды. Көптеген шығармалары орыс, түрік, ұйғыр тілдеріне аударылды. Ақын поэзиясы жырлаған негізгі тақырып туған татар халқы мен татар тілінің тағдыры. Ақын «Туған телем өчен ачынам» («Туған тілім үшін ашынамын») өлеңінде татар тілінің құрып бара жатқандығын, келер ұрпаққа жетпей ұмытылып кетуі мүмкін екендігін, яғни татар тілінің жойылып кету қаупін ашына жырлайды. Ол «Туған тел» («Туған тіл») атты өлеңінде туған тілді сақтау, сүю керек екендігін тіл бар жерде халықтың бар екендігін, тіл жоқ жерде халықтың да жоқ екендігін жазады. Түбі бір түркі халықтарына арнаған «Төрки туганнар» («Түркі бауырлар») жырында «Біз тарих жолында бір-бірімізден айрылсақ та,/ Біздің тамырымыз түбімен жұлынған жоқ,/ Қазан Абай жолын басып шығарса,/ қазаққа төл бала болған Тоқай татардың мақтанышы», деп жазады. Ақын «Олуг Мөхәммәд» («Ұлық Мұхаммет»), «Алтын Урда» («Алтын Орда»), «Атилла» және т.б. жырларында түркінің тарихына үніліп, батыр бабаларды мадақтайды. «Кыпчак каны» атты жырында «Акбүз атка килә менәсем дә, Кулларыма кылыч аласым. Дошманнарны кырып ташлар идем, Кем туктатыр кыпчак баласын?!», аудармасы: «Ақбоз атқа мінсем де, Қолдарыма қылыш алсам, Дұшпандарымды кырып тастар едім, кім тоқтатады қыпшақ баласын?!» (жолма-жол ауд. автор) деп батыр қыпшақтардың ұрпағы екендігімен мақтанады.

Г.Хайруллин татар халқының тарихында алтын әріппен жазылған хандарының бірі, елі үшін, жері үшін дұшпандарымен алысқан Ұлық Мұхаммет ханды ұлықтап, жырлаған «Олуг Мөхәммәд» («Ұлық Мұхаммет») атты жырын автология жанрымен жазып, сөзді тура мағынасында қолданған. Ақын өлеңдерін автоним (грек. autos - өзі, нағыз және опута - есім) – бүркеншек атпен жазған.

«...Шәһри Қазан – гүзәл меркез, күрген хөрмет,
 Яулаган ул тирә-юньдә шан вә шәһрәт/
 Татар яклап, саклап, кылгай ул мәрхәмәт,
 Олуг Мөхәммәд хан, Олуг Мөхәммәд.
 Хак Тәгаләм, укыйм сина мең-мең рәхмәт,
 Барип житсең догаларым вә мөнәжәт.
 Бакый дөнъяң булсын, димен, тик бер жәннәт,
 Олуг Мөхәммәд хан, Олуг Мөхәммәд»[31]

Аудармасы:

«Қазан шаһары әсем орда, көрген құрмет,
 Жан-жағынан жалындаған мың сан қошемет.
 Татарды қорғап, сақтап көрсеткен мейірім,

Ұлық Мұхаммет хан, Ұлық Мұхаммет.
Хақ Тағалам, айтамын саған көп көп рахмет,
Жетсе ғой өзіңе дұғаларым мен тілегім.
Өмір бер мәңгі демейін, нәсіп ет жәннәт,
Ұлық Мұхаммет хан, Ұлық Мұхаммет» (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Түркі тілдес халықтар ішінде татар халқының дұшпан тарапынан аяусыз езілгені, тіпті, жатжұрттықтардың бұл халықты жер бетінен жоқ етіп жіберуге дейін барғаны белгілі. Татарлар – әрдайым осындай жантүршігерлік басу-жаншудың құрбаны болып отырса да, қайтадан есін жиып, аяққа тұрып, дұшпанға қарсы бас көтеруден еш тынбаған халық. Ақын «Милләтем» («Халқым») өлеңін осындай рухы биік, ержүрек ұлтына арнаған. Өлеңінде ол қаны судай ақса да алған бетінен қайтпайтын қайсар халқына деген мақтаныш сезімін білдіре отырып, халқының келешегіне алаңдайтынын да жасырмайды. Тілінен, дінінен айрылып әлі күнге шейін өз тәуелсіздігін ала алмай отырған елінің болашағын ойлап, қамығады:

«...Язмыш сине бик күп орды, сукты,/ Калдымәле көчең-кодрәтең?/
Яңа ғасырларда табарсың мы/ Лаек урын, бөөк милләтем?/ Сихри акбүз атқа менәрсеңме,/ Очарсыңмы жилләр жилләтеп?/ Киләчәктә татар дигән халық/
Яшар микән, газиз милләтем?/ Үз-үзеңне саклап калырсыңмы,/ Булдыралырсыңмы, милләтем?/ Булдыралырсыңмы?!» [31] Аудармасы: «Тағдыр сені аямады, ұрды, жықты,/ Қалды ма әлі күш-қайратың?/ Жаңа ғасырда таба аласың ба,/ Лайықты орын, өзіңе, Ұлы халқым?/ Сиқырлы ақ боз атқа қонармысың,/ Жылдардан жылдарға ағып ұшармысың?/ Келешекте татар атты халық, өмір сүрер ме екен, ғазиз елім?/ Өзінді өзің сақтап қалармысың,/ Қалармысың, елім?/ Қалармысың?!».

«Қазақстандағы және әлемдегі татарлар және әдеби-мәдени байланыстар», «История татар», т.б. көптеген құнды еңбектердің авторы ақын Г. Хайруллин поэзиясынан қазақтың қара сөзін шапан жауып өзіне қайтарған жоғары деңгейдегі қазақ поэзиясының әсері анық байқалады. Барлық тақырыптарға қалам тербеген ақын тар заманда татар халқына пана болған, бауырына тартқан қазақ халқына әрдайым ризашылығын білдіріп отырған. Қазақ елінің тәуелсіздігін зор қуанышпен қабылдаған ақын ұлы даланың ортасында бой көтерген басқалаға арнап, «Әкияттәге бер могжиза сыман, Киң далада үскән башкала. Озын гомерле бул, бәхетле бул, Гөрләп яша, гүзәл Астана.» аудармасы: «Дүнияға келдің ғажайып сынды, Кең далада бой көтерген бас қала, Ұзақ ғұмырлы, бақытты бол, Жайнап жаса, ару Астана», (жолма-жол ауд. автор) жыр-шашу ұсынады. Қазақтың жыр алыбы Жамбыл Жабаевқа арнаған жырында «Жамбыл ақын тек қана қазақтардікі емес, бәрімізге ортақ, ол біздің де ақынымыз», – деп мақтанады.

Тек қазақтар ғына тугел,
Татарлар да аны кадерләр.
Жамбыл – безнең ақын, диеп

Башка халыклар да әйтерләр...
...Бүгенгәчә Жамбыл жырын,
Сөеп жырлый иркен, киң дала...
Мин дә, татар баласы да,
Жамбыл жырларына сокланам [29]

Аудармасы:

Тек қазақтар ғана емес,
Татарлар да оны қадір тұтады.
«Жамбыл біздің ақын», деп
Басқа халықтар да айтады...
...Бүгінге дейін Жамбыл жырын,
Сүйіп жырлады еркін, кең далам.
Мен де, татар баласы да, Жамбыл жырларына табынам.

(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Еліміздегі татар диаспорасының талантты ақындарының бірі – Р. Абдусаламов. 1939 жылы Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында дүниеге келген. Татар мен қазақ тілдерін жетік білетін ақын жырларын екі тілде бірдей жазады. Өлеңдері татар мәдени орталығы шығаратын «Фикер» газетінде үздіксіз жарияланып тұрады. Ақынның «Изге юллар» (Ізгі жолдар) атты өлеңдер жинағы 2008 жылы Алматы қаласында жарық көрді. Поэзия әлемінде өзіндік дара жолы, бағыт-бағдары бар ақынның бұл жинағы оның туған жері Құлжа өңірінде өткізген балалық шағынан сыр шертетін очерктермен басталады. Елімізге тәуелсіздікпен бірге келген шығармашылықтағы ой еркіндігі Р.Абдусаламов өлеңдерінен анық көрінеді. Ақын «Казанға мең ел» («Қазанға мың жыл») атты өлеңінде қилы заманды басынан кешірген Қазан қаласының қаншама қайсар тұлғаларға мекен болғанын дәріптеп, Қазан қаласына деген ыстық ықыласын ашық жеткізеді:

...Мәңге халыкның исендә син, Қазан,
Болгар-татар арасында күп қаһарман.
Таралса да бөтен дөньяга безнең туган,
Шәһәр исеме күңел түрендә уршашкан.

Китсен караңгылык, атсын таң!
Гөлләнеп кенә торсын яңа заман.
Яктырып кына торсын синдә һаман,
Өметкә жит, сүнмә, дәртле Казан! [62, б. 40].

...Мәңгі халықтың есіндесін сен, Қазан!
Бұлғар-татар арасында қаһарман.
Шашылса да бөтен елге туғандар,
Шаһар есімі көңіл түбіне орнаған.

Кетсін қараңғылық, атсын таң!
Гүлденсін тек жаңа заман.
Жарқырап тек тұрсын сенде аспан,
Арманыңа жет, сөнбе, дертті Қазан!.... [62, б. 40].

(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Р.Абдусаламов өлеңдерінде үйлестік әуезділігі мен әсерлі, әсем дыбысталуын күшейтетін стильдік тәсіл анафора жанрын қолданған. Ақын жырларында «Сөз өнерінде» әдепкі қайталау деп аталып, шумақтың немесе өлең жолдарының басында үндесе, үйлесе қиысатын бірыңғай бастамалар, яғни, өлеңдегі әр жол немесе әр тармақтың ылғи бір сөзбен басталып, қайталана беретін анафора әдісінің әуездік анафора, синтаксистік-ырғақтық анафора, лексикалық анафора, әуендік-лексикалық анафора секілді түрлерін кең қолданған.

Ақын Абай, Тоқай жырларын оқып өскендіктен Абай жолымен жүріп, Абай ғұламадан тағылым алғанын, өзге ұлттарды бауырына тартқан Абай халқына риза екендігін жырларымен жеткізеді. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнаған жырында: «...Быел тулса да аңа 150 яшь,/ Безнең белән бергә Абай,/ Син халыққа көндез-кояш,/ Төндә булдың якты ай...». Аудармасы: «...Биыл толса да 150 жас,/ Бізбенен біргесің Абай./ Сен халыққа күндіз-күн,/ Түнде болдың жарық ай...» [62, б. 68] (Аударған Ш.Бүркітбаева). Лирик ақындар санатына кіретін Р.Абдусаламов махаббат лирикасын кеңінен жырлады. «Син генә» («Сен ғана»), «Сөйгәнем» («Сүйгенім»), «Ике мэхәббәт» («Екі махаббат»), «Мэхәббәткә багышланған» («Махаббатқа арналған»), «Беренче мэхәббәт» («Бірінші махаббат»), «Яшьлек мэхәббәте» («Жастық махаббатқа»), т.б. өлеңдерінде ақын адамдар арасындағы сүйіспеншілікті, адал сезімді, алғашқы махаббатты, әйел затының сұлулығын сөзбен суреттейді.

2012 жылы Қазақстандағы татар және башқұрт диаспорасы Ассоциациясы ұйымдастырған Республикалық татар тіліндегі жыр мүшайрасы ең үздік поэзиялық шығармаларды жинақ етіп шығарды. Р. Абдусаламовтың жинаққа кірген таңдаулы жырларының бірі «Изге туган телем...» өлеңінде ақын кенестік цензурадан құтылған, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан жеке адамның сезімімен өрнектелген ой желісі өмір шындығын жырлайды. Халықтың басынан өткен қиын кезеңдерден кейін өз ұрпағының туған елге, ата жұртқа жетуін ойлауы – ұлттық-азаматтық ойдың көрінісі. Ақын жасы келгеніне, қартайғанына қарамастан туған елге қайтуды аңсайды. «Казанға қайту» («Қазанға қайту») өлеңінде:

«Ватаным! Изге туган илем! – деп,/ Ерак жирләрден, чит илләрден арып-талып,/ Татар халыкы киләләр сине сагынып,/ Шатлана яратып, сөклана шаккатып./ ...Без кайтмасак кайтыр балалар,/ Хұдай язса кайтыр оныклыр./ Кайтыр әле бабалар йортына,/ Хезмәт итәр тұған халкына.» Аудармасы: «Отаным! Изгі туған елім! – деп,/ Жырақ жерден, шет елден

арып-ашып,/Татар халқы келеді сені сағынып,/ Шаттана қуанып, сұқтана таңқалып./ ...Біз қайтпасақ қайтар, қайтар балалар,/ Құдай қаласа қайтар ұрпақтар./ Оралар әлі бабалар,/ Қызмет етер туған халқына» [62, б. 43]

Ақын Р. Абдусаламов поэзиясы адам баласының жоғары құндылықтары адамгершілік пен мейірімді насихаттап, шынайы өмірді жырлауы арқылы ерекшеленеді.

Татар диаспорасының татар тілінде жазатын ақындарының бірі – Н. Усманова. Ақын 1931 жылы ҚХР–ның Шыңжаң Ұйғыр Автономиясының Іле округі, Құлжа қаласында дүниеге келген. Ақын шығармашылығында татар халқының қилы тағдыры, өткен ғасырлардағы тарихи өзгерістер жырланады. Сондықтан да, Н.Усманова жырлары татар халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, танымдық өмірінен мол мағлұмат беретін дереккөз ретінде құнды. Ақын «Ана теләге» («Ана тілегі» 2005), «Остазларға ихтирам» («Ұстаздарға құрмет» 2006), «Онытылмас шәхесләребез» («Ұмытылмас тұлғалар» 2009), «Татарларның милли йоллалары», «Сағыш» («Татарлардың ұлттық 2013), т.б. бірнеше поэтикалық және публицистикалық еңбектердің авторы.

Өлеңдерінің дені лирика жанрында жазылған ақын жырларының құрылысы қарапайым, тілі жеңіл. Өмірде кездесетін сан түрлі тақырыпты жырлап, оқырмандарын баураған. «Ана теләге» (Ана тілегі) поэзиялық жинағында ақын өзі туып-өскен Құлжа жеріндегі татарлардың тілі мен дәстүрін, мәдениетін сақтап қалу жолындағы күресін, татар халқының жан айкайын барша адамзатқа жеткізеді. Ақын жинағының тарихи дерек ретіндегі құны өте жоғары. «Безнең тамыр Қазанда» (Біздің тамыр қазанда) атты өлеңінде өзінің туған жері Шығыс Түркістан болғанымен, шыққан тегінің Қазан жерінен екендігін, негізгі түп тамыры Қазанда жатқанын айтады. Ақын жырларын негізінен азаматтық лирика мен саяси-әлеуметтік лирика жанрларында жазады. Халықтың, қоғамның жағдайын шығармаларына арқау еткен ақын лирикасында азаматтық сарын басым.

«Язмыш илткән бабаларны чит жиргә,
Тамыр жәйгән яфрак ярган шул жирдә.
Ләкин, өзелеп сагынганнар илләрен,
Идел буйы моңлы Казан жирләрен.

...Чөнки безнең Казанда бит тамырлар,
Қазандықтар тамырынан танылар.
Жатсынбайды, туғандарын таниды,
Туған елде жанды жылы қабылдар [59, б. 36]

Аудармасы:
Жазмыш айдап бабаларды жат жерге,
Тамыр жайдық, бүршік жардық жат жерде.

Бірақ аңсап сағынады атажұрт,
Еділ бойы мұңды Қазан жерлерін.

...Өйткені, Қазанда біздің арғы тамырлар
Қазандықтар тамырынан танылар.
Жатсынбайды, туғандарын таниды,
Туған елде жанды жылы қабылдар [59, б. 36]

(жолма- жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын «Қазан» атты өлеңінде Қазан қаласының арғы бергі тарихынан мол мағлұмат береді; Алтын Орда империясы[1438-1552 ж.] ыдырағаннан кейін құрылған Еділ-Кама бұлғарлары негізінде құрылған мемлекеттің [57, б. 454] , одан кейін Ресейдегі Губерния орталығы (1708-1920ж.), кейіннен Татар Автономиялы Республикасының (1920-1991ж.), Татарстан Республикасының (1992 жылдан) астанасы [57, 541] болып қызмет еткен Қазан қаласының – мұсылмандық Шығыс пен Еуропа мәдениеті жетістіктерін бірдей бойына жиған қала екендігін, сонау замандардан мәдениет пен өркениет ордасы ретінде талай халыққа үлгі-өнеге, жолбасшы болғандығын мақтанышпен жырлайды. Ақын жырында:

«Кемнәр синнән белем алмаған, / Кайсы милләт үрнәк алмаған./ Син белемнең бөөк ордасы, / Мәдәният, басма, юл башы. / Кайсы улың утта янмаған, / Сине уйлап тыныч ятмаған. / Әдеп, тәртип һаман саклаган, / Казан исемең өзелеп ятлаган...» [59, б. 40].

Аудармасы: «Кімдер сенен білім алмаған, / Қандай ел сенен үлгі алмаған. / Сен білімнің үлкен ордасы, / Мәдениет, баспа, жол басы. / Қайсы ұлың отта жанбаған, / Сені ойлап тыным таппаған, / Әдеп, тәртіп әркез сақтаған, / Қазан есімін сағынып жаттаған...».

Ақын жырларынан талай зұлматты бастан кешкен татар халқының жауына бас имей, қаншама қиыншылық көрсе де, мойымай алға ұмтылған, қаншама басып, жаншылса да елін, жерін сақтап қалуға тырысып, дұшпанына беріспеген асқақ рухын көреміз. Патриот ақын басынан өткерген сан мыңдаған шапқыншылықтар нәтижесінде жер бетіне тарыдай шашылса да жойылып кетпей, қайта көбейіп отырған қайсар ұлтына асқан ризашылық, зор мақтаныш толы азаматтық сарындағы лирикалық жырларын арнаған. Қазан қаласының өткен тарихын жырлау арқылы ақын жер бетіндегі барлық татарлардың ұлттық-отаншылдық сезімін жырлаған.

Татарларның кайсы жирдә
Йөрәк каны таммаған.
Татарларның кайсы жирдә
Беләкләре талмаған.

Татарлардың қайсы жерде,
Жүрек қаны тамбаған.
Татарлардың қайсы жерде,
Білектері талмаған.

Кайсы илдә батырлары
Төрмәләрдә ятмаған.

Кайсы елде батырлары,
Түрмелерде жатпаған.

Хәсрәт тулы йөрөкләре
Сагыш илә чатнаган.

Қасірет толы жүректері
Сағыныш кернеп шатынаған.

Тукай, Такташ шигырьләрен
Халык жырлап ятлаган.
Ассалар да, чапсалар да
Динен, телен саклаган [61, б. 45]

Тоқай, Такташ өлеңдерін,
Халық жырлап, жаттаған.
Асса дағы, шапса дағы,
Дінін, тілін сақтаған.

(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Азаматтық сарын мен қайсарлық рухын да, халықтың жан дүниесіндегі сезім тебіреністерін де, классик ақындар жырларынан қуаттанған, ұлттық ділін, қасиетін сақтаған ұрпақтар тұлғалары дараланған. Азаматтық сарынды лирикалық өлеңдегі идеялық ой-түйіні – татардың ұлттық ділінің қуаттылығын дәлелдеу. Поэтикалық мағыналы тіркестермен («Жүрек қаны тамбаған», «Білектері талмаған», «Қасірет толы жүректер») поэзиялық шығармадағы азаматтық ойды анық білдірген.

Ақынның «Біздің бабалар» атты өлеңінде де Татарстаннан жырақта, алыстағы елдерде жүрген татар ұлтының ұрпақтарына арнау-тілектері жырланған. Басқа елдерде жүрсе де, татардың ұлттық ділін, тілін ұмытпай, атажұртындағы Тоқай ақынның мұрасынан тағылым алған, мектептер ашқан ұлағат өнегелері жырланған. «Әгәр булса канатым» (Егер болса қанатым) атты өлеңінде де адамдардың сағыныш сезімі, ата-бабаның байырғы мекендеріне (Қазан, Еділ) құштар ықыластарын қарапайым тілде жеткізген. Лирикалық қаһарманның романтикалық асқақ ойларымен татар халқының бас қаласы – астанасы Қазанға, ондағы тарихи орындарға (Сүйембике мұнарасы, т.б.) ынтызар отаншыл перзенттік махаббат сезімін бейнелейді.

Ақын Н. Усманованың өзі екінші отаным деп қабылдаған қазақ жерінде өсіп-өнгені, еркін білім алып, еңбек еткені, елге танылып, құрмет көргені, бәрі туысқан қазақ халқының кеңпейілділігінің арқасы екендігі ақиқат. Мұны түсінетін ақын қазақ халқына, қазақ еліне деген ризашылығын жырларымен жеткізеді. Сонымен қатар, Н. Усманова көптеген қазақ ақындарының жырларын татар тілінде сөйлетті.

Бұл ақынның тәуелсіз Қазақстандағы татар диаспорасының әдебиетіне қосқан үлкен үлесі. Қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтің 2002 жылы жарық көрген «Аманат» атты кітабынан 90 өлеңді татар тіліне аударып, 2008 жылы жинақ етіп шығарды. «Мақатаев Мокағали шигырьлар» атты бұл аударманың алғысөзінде Н.Усманова «қара сөз құдыретінің шебері М.Мақатаевтің өзі өмір сүрген ортадағы әділетсіздіктер мен қарама-қайшылықтарға бас имеген өр мінезі секілді жырларының да өр мінезді болуы мені ғашық етті», деп жазады.

Ақын Абдулкаримова Найлә Юсупқызы Семей облысы, Жаңа Семей ауданының Зүбайыр ауылында дүниеге келген. Г. Тоқай, Һ. Такташ, М. Жәлел жырларын оқып, ізбасары болған ақын негізінен дидактикалық

сарындағы жырлар жазған. Ақынның дидактикалық мазмұндағы өлеңдерінде халықтық философия, педагогика, мораль, этика мәселелері, гуманистік сарындар баяндалып, халықтық көркемдік және эстетикалық түсініктері, сан замандар мен ғасырлар бойы жинақталған білік, ақыл, тәжірибе, әдеп-ғұрып, тұрмыс-салттағы өнегелі дәстүрлер жырланады. Н. Абдулкаримова көптеген қазақ ақындарының жырларын татар тіліне аударған. А. Құнанбаевтің табиғат лирикасын, Ж. Жабаевтің төкпе жырларын, М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын және Ш. Құдайбердиевтің «Еңлік-Кебек» поэмасын татар тілінде сөйлеткен. Ақынның философиялық-дидактикалық, тәлім-тәрбиелік мәндегі жырларын оқырмандары жылы қабылдады. Туған жері Семей өңіріне арнаған жырлары ерекше мақтаныш, ұлы махаббатқа толы. «Семей» атты жырында өзі дүниеге келген өлкедегі қазақ қаласының тарихын, оған деген халық ықыласын жеткізеді:

Алтай тауы итәгенде,
Қара урманның янында,
Су буенда, киң яланда,
Жиде шатыр корылған.
Семипалатинск булып
Исеме кабул ителгән.

Алтай тауы етегінде,
Қара орманның жанында,
Су бойында, кең алаңда,
Жеті шатыр құрылған.
Семипалатинск болып
Есімі қабыл етілген.

Сәмәй диләр, Симәй диләр
Созне бозып сөйлиләр.
Жиде палат булган диләр
Жиде нур чәчкән диләр [63, б. 19].

Сәмәй дейді, Симәй дейді
Сөзін бұзып айтады.
Жеті шатыр болған дейді
Жеті нұр шашқан дейді.

(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Тәуелсіз Қазақстандағы татар диаспорасының танымал ақындарының бірі – Фируза Әбрахманқызы Әбубакирова. Ол 1952 жылы Қызылорда қаласында туған. Әр түрлі тақырыптарды жырлайтын ақын өлеңдерін негізінен лирикалық жанрда жазған. Қазақ елінде туып, өскеннен кейін, қазақ жерінде болып жатқан саяси және әлеуметтік жағдайлар басты тақырыптардың бірі екендігі белгілі.

Ақын елдегі бірлік, ұлттық бірегейлікті, түркілік рухты жырлаған. Жырларын орыс тілінде жазатын Ф. Әбубакированың «Мой Казахстан – Моя Судьба!» (Менің Қазақстаным – Менің тағдырым!) жырынан бар өмірі, қуанышы-қайғысы Қазақстанмен байланысты екендігін ашық жазғандығын көреміз.

Так исторически сложилось,
И так судьба распорядилась,
Что породнил всех Казахстан,
Отчизною любимой стал!

Тағдырдың тәлкегіменен,
Жазмыштың пәрменіменен,
Барлығы Отан еткен Қазақстан,
Болдың Сен сүйікті Отан!

...Казахов, турков и корейцев,
Славян, татар, узбеков, немцов,
Чеченцев, греков и других,
По духу близких и родных!

...Қазақтар, түрік, кәрістер,
Славян, татар, өзбек, немістер.
Шешен, грех және басқалар,
Жаны жақын, рухы бір туыстар!

[58, б. 19] (жолма-жол ауд. Ш.Бүркітбаева.)

Ф. Әбубакирова 1991 жылы Қызылорда қаласында құрылған облыстық татар қоғамдық орталығының белсенді мүшесі. Ақынның көпке танымал «Горжусь тем, что я – Татарин» (Татар болғанымға мақтанамын) атты өлеңі татар болып дүниеге келгенін Жаратқанның үлкен сыйы деп түсінетін ақынның өз ұлтының патриоты екендігін дәлелдейді. Ақынның бұл өлеңін ішкі жан сырын, шынайы көңілін оқырмандарымен бөлісу шығармасы десе де болады. «И это все о нас» (Барлығы біз жайында) атты өлеңінде ақын шыққан тектері мен ата-бабасы өмір сүрген атамекенінің жау қолынан талай талант-таражға түскен қайғылы тарихы жайлы сыр шертеді. Ақын жырларында әдебиет пен өнерде кең қолданылатын, өмір құбылыстарын сол қалпында, нақтылық сипаттарын сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс реализм әдісін шебер пайдаланған.

Қазақ жерін екінші Отан етуіне мүмкіндік жасаған туысқан қазақ халқының ықылас-пейіліне мәңгі қарыздар екендігін жазады. Татар халқының қилы тағдыры, ата-баба мекенін аңсау, туған татар жеріне деген сағыныш жырларынан көрініс тапқан ақынның «Казань, Казань – Ты в сердце у меня» (Қазан, Қазан – Сен менің жүрегімдесің) атты жыры да Отан тақырыбына арнаған жалынды жырларының бірі.

Древняя и вечно молодая,
Наша несравненная Казань,
Летопись веков твоих листая,
Все тебе любовью платят дань.

Өзі қарт, өзі мәңгі жас,
Тендессіз біздің Қазан,
Парақтарың ғасыр жазбасында,
Бәрі саған ғашықтық салығын төлеуде.

...Жгли тебя враги, уничтожали,
Реками лилась людская кровь,
И не раз с землей тебя ровняли,
Ты ж из пепла возродилась вновь! [58, б. 31]

Өртеді сені жауларың, көзсіз құтырған,
Сел болып ақты қызыл қан.
Сен едің жермен-жексен боп, сосын,
От болып қайта тұтанған!

(жолма-жол ауд. Ш.Бүркітбаева.)

Татар диаспорасының орыс тілді ақындарының бірі – Ф. Тамендаров. 2002 жылы ақынның «Солнца светлого сиянье» (Күн сәулесі), 2005 жылы «Зеркало на ладони» (Алақандағы айна) жинағы жарық көрді. Әдеби сыншы Б. Қанапьянов ақын туралы «Ф. Тамендаровтың метафоралар мен поэтикалық нұсқалар әлеміне келуі қуантады және үміттендіреді ...поэзия мұхитында ол өзін іздеді, әлемде болып жатқан қайғылы жәйттарға құлақ түріп, жанайқайын білдірді. Бір сөзбен айтқанда, ақын біз өмір сүріп

отырған құбылмалы заманда өз сүрлеуін салып келеді» деп жазады. [64, б. 3-4].

Ақынның жинақ кітабына пікір жазған жазушы, сыншы Г. Бельгер: «многие строки автора хочется цитировать: они подкупают своей ясностью, искренностью, исповедальностью, открытостью, доверчивостью» [65, б. 7]. Ақынның Отан, Атажұрт, өлке, ел, табиғат жайында жазған жырларының барлығы дерлік Қазақстан жері және Қазақ халқы туралы. «В Египте» (Египетте) өлеңінде:

«Зимой в Египте бархатно и нежно / Ласкает солнце твой прелестный стан, / А где-то ураган бушует снежный, / Там далеко любимый Казахстан...»

Аудармасы: «Мысырда қыста мақпалдай әрі жұмсақ / Күн сіздің сүйкімді бетіңізді сүйеді, / Бір жерде қарлы боран соғып жатыр, / Сүйікті Қазақстанда алыс жерде...» (жолма-жол ауд. Ш.Бүркітбаева.) – деп жазса, Шанхай (Қытай) қаласында жүрген кезінде жазған өлеңінде: «Но где-то на Западе, чудится мне, / Белеет мой Тенгри в родной стороне...» Аудармасы: «Батыста бір жерлерде, сезінемін, Аппақ менің Хан Тәңірімді, туған жақтан...».

Ф. Тамендаров жырларында өмір құбылыстарын табиғи қалпында айтып, баяндауды мақсат ететін бейнелеу тәсілін, бір затты немесе адамды суреттегенде оның бейнесін, қимылын айна қатесіз, жеріне жеткізе айтып, елеусіз тастауға болмайтын бөлшектеріне дейін қалдырмай жеткізуді мақсат ететін натурализм әдісін кең қолданған.

Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, қайда жүрсе де әрдайым Қазақстанды есінде ұстап жүретінін байқаймыз. Қазақ жерін, қазақ халқын туған жерім, туған халқым деп сансыз жыр арнаған ақын балалар ақыны ретінде де кең танымал. 2009 жылы шыққан «Золотая роза Гулистана» (Гүлістанның алтын розасы), 2014 жылы жарық көрген «Дельфин – голубая спинка» (Дельфин – көкпеңбек арқа) атты кітаптары балалар әдебиетіне қосылған үлкен олжа іспетті болды.

Орыс тілді татар ақындарының бірі – Ф. Байгелдинов. 2006 жылы «Астральный взгляд» (Астрал көзқарас) кітабының жарыққа шығуы ақынды қалың жұртқа танымал етті. Ақын осы еңбегі арқылы өзінің қоршаған ортамен және жалпы әлеммен байланысын баршаға түсіндіре алды. Кітап жарық көргеннен кейін ақынның оқырмандары көбейді. Кітабына «След крыла» (Қанат ізі), «Прощание» (Қоштасу), «Молчат в ночи карагачи» (Қарағаштағы түнде үнсіз бол) т.б. танымал өлеңдері енген. Өлеңдеріндегі ақынға ұнайтын түс – сирен түсі, ең жақсы көретін серіктесі – Алла-Тағала, сүйікті мезгілі – қыс. Ақынның қысты жақсы көруі, өмірдің да қыстай аппақ болуын қалайтындығының белгісі болса керек. Ақын өлеңдері әрқашан әділдік, тазалық, имандылық пен шындықты жазады. Ол өзінің «Жизнь - ожерелье» (Өмір – сәндік бұйым) өлеңінде былай деп жазады:

Жизнь, словно суетный вокзал...
В этой жизни всё не просто...
Жизнь прошла виденьем странным
...Жизнь – ожерелье дней, минут, мгновений...
Нанизанных на ниточку Судьбы [66, б. 11]

Аудармасы:

Өмір ығы-жығы вокзал сияқты...
Бұл өмірде ештеңе оңай емес...
Өмір қас-қағымда түсініксіз өте шықты
Өмір – күндер, минут, сәттердің бұйымы
Тағдыр жібіне тізілген... [66, б. 11] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақынның 2008 жылы «Провинциальные истории» (Ауыл хикаялары) атты кітабы жарық көрді. Өмірдегі оқиғаларды боямасыз, қаз-қалпында суреттеп жырлаған, шынайы теңеулерге толы жырларынан тұратын кітабы оқырмандар тарапынан жоғары баға алды. Жазушы, сыншы Г. Бельгер ақын Ф.Байгелдиновті «незаурядной личностью, аналитиком, рассуждающим нестандартно, свежо, любопытно», – деп атады. [67, 40]

Орыс тілді татар ақындарының бірі Равиль Мусиннің жырларының дені қазақ халқы мен қазақ жеріне арналады. Қазақ жерін туған отан сезінген ақын көңіл-күйі, туған жерге деген махаббаты бірден оқырманын өзіне баурайды. «Казахская степь» атты өлеңінде ақын:

Ты – Родина наша, основа и крепь.
На ста языках воспевается Степь.
Народы живут тут единой семьёй:
И скромный работник, и громкий герой [68, б. 42].

Аудармасы:

Сен – біздің Отанымыз, түбіміз, тірегіміз.
Жүз тілде ән салады Ұлы Дала.
Халқымыз бірлікте, тату-тәтті өмір сүруде:

Қарапайым жұмысшы да, атақты батыр да, деп (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.) жырлайды. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінен қазақтың арғы-бергі тарихынан хабардар екенін, өзі де сол тарихтың кейбір тұстарына куәгер болғанын байқаймыз. Ақынның төмендегі «Желтоқсан» жыры да қазақ елі тарихының бір парағына арналып жазылған шығармасы.

Декабрь холодного года.
Лежит человек на снегу.
Свобода! Свобода! Свобода! –
Повсюду восстания гул....

Ызғарлы жылдың Желтоқсаны.
Қар үстінде жатыр адам.
Бостандық! Бостандық! Бостандық!
Айнала толған халық....

Кочевника быстрая лошадь.

Көшпенділердің аттары жүйрік.

На шее гонца – амулет.
Из древности, прямо на площадь
К восставшим спешит Махамбет

Арғымақтың мойынында – тұмар.
Өткен ғасырдан алаңға тура
Көтерілісшілерге асығады Махамбет

Свобода! Свобода! Свобода!
Дороже и жизни, и ран.
Декабрь холодного года.
Бессмертный уже Желтоқсан! [68, б. 41]

Бостандық! Бостандық! Бостандық!
Өмірден де, өлімнен де қымбат.
Ызғарлы жылдың Желтоқсаны.
Өлімсіз, мәңгі Желтоқсан!

(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазіргі заманғы татар поэзиясы біздің бүгінгі өмір сүріп отырған шынайы өмірімізді бейнелейді, ұлттық болмысымыздан хабар береді. Елімізде, жалпы дүниежүзінде болып жатырған күрделі өзгерістерді, жаңа ғасырдағы жаңалықтарды дұрыс бағалай білу қажеттігі қазақ әдебиеті құрамында бағаланатын татар диаспорасы ақындарына да керек. Өйткені, мұның бәрі шындықты философиялық және көркемдік тұрғыдан зерделеп, шығармашылық тұлғаны шындықтан тыс әлемге жетелеп, поэзиядағы ұлттық ерекшеліктер мен тарихи шындықтарды іздеуге талпындырады.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің көрнекті саласы татар ақындарының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-әдеби дәстүрлі жолы жаңа тәуелсіз дәуір, жаңа ғасырда да жалғаса береді.

3 ҚАРЛҰҚ ТІЛДІК ТОБЫНА ЖАТАТЫН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

3.1 Тәуелсіз Қазақстан халықтары әдебиеті дамуындағы ұйғыр ақындары поэзиясының үлесі

Қазақстанда өмір сүріп жатқан түркі тектес халықтардың бірі – ұйғырлар. Ұйғырлардың тарихи атамекені – қазіргі Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр Автономиясы. Ұйғырлардың материалдық және рухани мәдениеті жөнінде көптеген еңбектер бар.

Ол еңбектер ескі аңыз-шежірелер, қытай жылнамалары және батыс пен шығыс елдері зерттеушілерінің, әсіресе, орыс ғалымдарының қаламынан туындады. Бұл халық жайындағы алғашқы мәліметтер қытай жылнамаларында кездеседі. Ұйғыр тайпалары тарихи дәуірлердің әр кезеңінде Тәңірі Тау (Тянь-Шань) тауларын орталық етіп, шығыста Моңғолия жайлауларын, батыста Балқаш көліне дейін, солтүстікте Ертіс бойлары және оңтүстікте Тарым ойпаттарына дейінгі жерлерде өмір сүрген. Ұйғыр халқының құрамы негізінен «он ұйғыр» және «тоғыз ұйғыр» деп аталатын тайпалар бірлестіктерінен құралған. Әрқайсысында санына сәйкес тайпалардан тұратын осы бірлестіктер VIII ғасырдың орта шенінен ұйғыр деген ортақ атқа ие болған. Көк түрік хандығы құлағаннан кейін дербес Орхон-Ұйғыр хандығын (745-840) құрған. [69, б. 167-171]

Өзінің салтанат құрған заманында ұйғыр қағанаты (745-840) Алтайдан Хинганга, Саян қырқаларымен Гобиге дейінгі аралықтағы көптеген түркі тілдес тайпалардың басын біріктірген. Осы дәуірдің аса құнды ескерткіші – Мойын Шор қағанның атымен сақталған тас жазу. Бұл хандық құлағаннан кейін ғылыми кітаптарда XIX ғасырдан бастап Шығыс Түркістан деп аталып кеткен (қазіргі Синьцзян ұйғыр автономиялы аудан) өңірде Идиқұт ұйғыр хандығы (880-1250), Қараханлылар хандығы (870-1213) жоғарыда аталған тайпалар негізінде салтанат құрған. Алғаш ұйғыр тайпалары құрған Қараханлылар хандығының құрамына кейінірек басқа да түркі тайпалары қосылған. Бұл хандықтың түркі халықтарының өмірінде ерекше рөл атқарғаны баршаға мәлім. Шығыс Түркістан XIII ғасырдан XVI ғасырға дейін Шыңғыс империясының және Темурилер мемлекетінің құрамында болып, XVI ғасырдың басынан бастап дербес Сәидийә хандығын (1514-1682) құрған. XVII ғасырдың аяғында Жоңғарлар басып алғаннан кейін ұйғыр елі бағынышты вассал ретінде болды. 1758-жылы Шығыс Түркістанды Манчжүр-Қытай империясы жаулап алды. Ұйғырлар осындай шытырман кезеңдерді бастан кешірген.

XIX ғасырдан бастап ұйғырлар жөнінде орыс және басқа да батыс және шығыс елдері ғалымдарының көптеген еңбектері дүниеге келген.

Олардың ішіндегі екі есімді атамай өтуге болмайды. Бұл есімдердің біріншісі – ұлы қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов. Ол ұйғыр еліне барып жазған еңбектері арқылы бұл халықты дүниеге таныстырған [70]. Екінші есім – академик В.В. Радлов, әсіресе оның «Құтадғу білік» кітабына кіріспе ретінде жазған «К вопросу об уйгурах» (1893) еңбегі ерекше тұрады. Ш. Уәлиханов барған сапары кезіндегі ұйғырлардың қытай басқыншылары азабындағы ауыр жағдайын ашына жазған еді [70, б. 346-526]. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов «Алыптың адымдары» [71] атты тарихи-этнографиялық кітабында Шығыс Түркістандағы ұйғырлар туралы ғылыми бағалаулар жасады.

Ұйғырлар негізінен Қазақстанның Жетісу өңірінде тұрады. Туысқан көрші елдің ғасырлар бойы барыс-келіс жасап, араласып-құраласып жатуының нәтижесінде ауқымды бөлігінің Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарын қоныстануы да заңды құбылыс. Ұйғырлар – еліміздің ең үлкен аудандарының бірі Ұйғыр ауданының жеріне көшіп келіп мекендеп отыр. Ал, қазіргі Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарына (Шелек, Есік өңірлеріне), Алматы және оның айналасына ұйғырлар 1881-1883 жылдары көше бастаған. ХVІІІ ғасырдың орта шенінен бастап (қытайлар жаулап алғаннан кейін ұйғыр елін «Синьцзян» деп атады. Синьцзян – «жаңа жер», «жаңа шекара» деген мағынаны береді) манчжүр-қытай басқыншылығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы тоқтаған емес. Ұйғыр халқы сол кезден бастап өз азаттығы үшін сан рет атқа мінген. Солардың ішінде бүкіл өлке болып қозғалған көтерілістер 1825 жылы, 1864 жылы, 1931 жылы, 1944 жылдары болған еді. Алайда әрқашан бұл көтерілістер жауыздықпен басылып отырды.

Қазақ топырағына көшу мәселесіне келсек, 1864-1867 жылдары болған көтеріліс нәтижесінде Шығыс Түркістанда екі сұлтандық Жетішар және Іле сұлтандығы құрылады. ХІХ ғасырдың орта шенінде Қытай елінде дикандар көтерілісі етек алып, Қытай империясы Шығыс Түркістандағы көтерілісті басуға әлі келмеді. Ал, Ресей империясы бұл өлкеде ұйғырлардың дербес мемлекет болып салтанат құруының басқа туысқан түркі халықтарға әсер етуінен шошынды. Ресей неше түрлі айып, сылтаулар тауып 1871 жылы Іле өлкесін басып алды. Қытай империясы өз ішіндегі дикандар көтерілісін басқаннан кейін, 1877 жылы Йәттәшәр хандығын қиратты. Іле өлкесінде орыс әскерлері тұрғандықтан оны дипломатиялық жолмен алуға тырысты. 1881 жылы 24-ақпанда Қытай мен Ресей арасында Ілені Қытайға қайтарып беру жөніндегі келісімшартқа қол қойылады. Келісімнің екінші бабында бұқара халықтың өз қалауы бойынша Ресей империясы территориясына яғни Қазақ жеріне көшуге рұқсат берілуі көрсетіледі. Ондағы мақсат Жетісу өңірін игеру үшін (диканшылықты дамыту үшін) арзан қол күші керек болған еді. Йәттәшәр хандығын басып алудағы Қытайдың жауыздығынан хабардар болған халық орыстың патшасын Қытайға қарағанда әділетті деп ойлап Жетісу өңіріне көше

бастаған. Сол жылдары көшкен халықтың саны 45 мыңнан астам еді. Қытай үкіметі көшкісі келмегендерді ауыр жазаларға тартқан.

Ал, Ресей тарапы, патша үкіметі болса, өз кезегінде көшіп келгендерді құл ретінде қолданған. Халықтың зорлық-зомбылыққа, надандыққа қарсы шығуы, бостандықты аңсауы жырларына арқау болды. Бұл дәуірдегі ұйғыр поэзиясы негізінен осы тақырыптарды қозғап, шебер жеткізе білді. «Көш-көш» дастанында орыстардың езгісі, халықтың оларға деген жеккөрініш, жиіркеніш сезімі, жанайқайы, өз отандарын сағынуы, көш барысында көрген азаптары, қазақтың жеріне келіп орналасулары былай суреттеледі:

Ag padişa leşkeri, Altun kolap taş kesti. Dixanlarni köç köç dep, Qiliç bilen baş kesti. «Almutığa köç» deydu, Barar yerimiz qumluq. Ras gepini eytmaudu, Közi kök, beşi yunluq [72, б. 2-3].	Ақ патша әскері, Алтын іздеп тас кесті. Егіншілерге көш, көш деп, Қылыш пенен бас кесті. «Алматыға» көш дейді, Баратын жеріміз құмды. Шындықтарын айтпайды, Көзі көк, басы жүнді...
--	--

(ауд. Бүркітбаева Ш.)

Жоғарыда келтірілген шумақтардан Алматыны жерсінбей, жері құмды екен деп, өз туған жерлеріне жетпейтіндігін айтып, Алматыны қорашсынып, көңілдері толмағандығын байқаймыз. Сол жерге алып келген орысты («көзі көк, басы жүнді») шындықты айтпай әкелді деп налиды.

Bu yolda tola mandim, Bu yol minin yolduşum. Herip eçip kelgende, Su berdi bir qolduşum[72, б. 2-3].	Бұл жолда ұзақ жол жүрдім, Бұл жол маған жолдас болды. Қалтырап, аш келгенінде, Су берген бір кісі болды...
---	--

– деп жаяулап, жалпылап, арып-ашып, аш-жалаңаш жеткендерінде жергілікті халықтың, қазақ қандастарының көмек қолын созып, ішерге ас, киерге киім бергенін жазады. Ал, төмендегі шумақтардан туған жерге деген сағыныш, Іленің сұлулығын әспеттеп, әр талын тұнған маржанға теңейді. Бөгде елде жұмыс істеп қажыдық, шаршадық деп Ресей империясының қара жұмысқа жегіп, жер жыртқызып, егін еккізіп, құл есебінде пайдаланғанын ашына жырға қосады. Жарытып тамақ бермей, жұмысқа салғандарына қорланып, тағдырларына лағнет айтады.

İli yolida tallar, Her tallarda marcanlar. Xeçnin şehride işlep, Uprap ketti bu canlar. Hoymu xar bulup kettuq, Yaqa yurtlarda işlep. Yar xalta evetiptu, 'Yisun' dep toqaç çişlep [72, б. 2-3].	Іле жолында талдар, Әр талда маржандар. Басқаның қаласында жұмыс істеп Қатты шаршады бұл жандар. Мұншама көп қорландық, Өзге елде жұмыс істеп. Әйелім қалта жіберіпті, «Жесін» деп бір тілім нан...
---	--

(ауд. Бүркітбаева Ш.)

Алматы қаласының маңындағы Алматы облысына қарасты Шелек елді мекеніне әкеліп, орналастырғанда, «Шелек керемет, Шелекке барасындар» деп еді, Шелектің мақтайтындай ештеңесі де жоқ, жап-жасыл туған жер артта қалды, Шелегің шаңы бұрқыраған жер екен деп, тағдырларына өкпе артады. Жыр жолдарынан жайқалған туған жерлері мен салыстыра алмай Шелекті жерсінбеген ұйғыр халқының көшпесек залымның қолында ойыншық боламыз деген қорқыныш сезімдері де анық байқалады.

Çilek, Çilek deydiken,
Maхtıғuçilik yoқ çilek.
Kelgiçe yayaқ kelduқ,
Tetür iken bu pelek.
Köçmen bolған ademler,
Qilvige qarap mandi.
Köçmey kalған ademler,
Zalim qulida qaldi [72, б. 2-3].

Шелек, Шелек дейді,
Мақтайтындай түгі жоқ,
Келерде жаяу келдік,
Тағдырымыз терісіне айналғандай.
Көшпенді болған адамдар,
Құбылаға қарай жүрді.
Көшпей қалған адамдар,
Залымның қолында қалды.

Ұйғырлардың басым бөлігі Алматы облысының Жаркент елді мекенін қоныстанды. Дастанда Жаркент деген жерге көшіп кетіп жатыр деп, елдің сол жаққа үдере көшкенін де, елден естігендері бойынша Жаркент жақта қарағаш көп дейді деп, Жаркентке барсақ күніміз қандай болады деген алдағы күндеріне алаңдаушылықтары да жыр жолдарынан көрінеді.

Osekke baramiz деп,
Ösekçi хiyal qildi.
Yarkent digen yerlerге,
Köçür barғанlar boldi [72, б. 2-3].

Осекке барамыз деп,
Жалған қиял болды.
Жаркент деген жерге.
Көшіп кеткендер болды.

Басымызға түскен бұл жағдайға қарсы қолданар шара жоқ, көшпейміз десек те одан пайда жоқ, Атақоныс – Құлжа залымдардың қолында қалды, туған жерде дұшпанның ойран салуы жанымызды ауыртады, қолдан келер қайран жоқ, деп жырлайды.

Ketmeymiz digen bilen,
Bu işqa nime çare.
Ğulcini besip aldi,
Dilimiz sunuқ pare [72, б. 2-3].

Көшпейміз десек те,
Бұл іске бар ма шара.
Құлжаны басып алды,
Құлазыған жанымыз парам-парша...

(ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазақстанға ұйғырлардың олай-бұлай көшуі кейін де, ХХ ғасырда да болып тұрды. 1918 жыл қызылдардың «ұйғырларды ату жылы» деп аталады. Біраз ұйғыр тағы да Құлжа жаққа көшіп кеткен. Ұйғырлардың қазақ топырағына көшуі тағы да 50-жылдардың екінші жартысында қызыл қытайлардың саясаты нәтижесінде басталды. Соңғы үлкен көшу 1962 жылы Құлжадағы қанды оқиғадан кейін болды. Өз заманында орыс империясы мен қытай империясы орнатқан шекарадан халықтарымыздың осылай әрілі-

берілі өтуі – тарих тауқыметінің көрінісі ғана емес, туысқан қазақ пен ұйғыр арасындағы бауырластықтың, достықтың да ерекше көрінісі [73, б. 139-140].

Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр поэзиясы – жаңа дәуірге қадам басқан, Тәуелсіз Демократиялық Қазақстандағы өтпелі кезеңде дамып, өркендеген ұйғыр диаспорасының мәдени мұрасы. Тәуелсіз Қазақстанда шығармашылық иелеріне еркін әдеби кеңістікте шығармашылықпен айналысуларына мүмкіндік берілген. Қазақстан тәуелсіздік алған 90-шы жылдардың алғашқы жартысы елде әдеби даму кезеңі болды. Бұл кезең Қазақстандағы ұйғыр диаспорасы ақындарының шығармашылығына да үлкен әсер етті. Саяси цензураның құлауы, жаңа бағыттағы әдеби туындылардың жарық көруіне, жеке басылымдар мен бұрын тиым салынған шығармалар легінің жарық көруіне, Ұйғыр халқының тарихи отанымен – Шыңжаң Ұйғыр Автономиясымен тығыз байланыс жасауына мүмкіндік берді. Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр диаспорасы әдебиетін ғалым А. Тиливалди-Хамраев [74] үш кезеңге (бірінші кезең – 1986-1991 жылдар, екінші кезең – 1992-1996 жылдар, үшінші кезең – 1996 жылдан бастап бүгінге дейін) бөліп қарастырады.

Бірінші кезең – 1986-1991 жылдар аралығы. Әдеби дамудың бұл сатысын К.Юргенсеннің терминімен «әдеби тарихи ұлттық-мәдени төңкеріс» кезеңі деп атаса да болады. Бұл кезеңдегі ұйғыр әдебиеті басқа да ұлттардың әдебиеті сияқты көркем шығармаларда ескі мен жаңа көзқарастың қатар өмір сүруі кезеңін басынан өткерді. Дегенмен, 1980 жылдардан кейінгі әр түрлі саяси өзгерістер, Кеңес Үкіметі жүргізген «Қайта құру» стратегиясы Қазақстандағы ұйғыр поэзиясында жырланбаған десе де болады. Тек, ақын М. Садировтың «Дәврим хитави» («Дәуір үні») атты өлеңі «Қайта құру» тақырыбына жазылған көркем дүние. Дегенмен ақын «Қайта құруды» өзінше түсініп, өзінше жырлайды. Ол «Қайта құру – бұл халықтың жүрегінің үні, біз өмір сүріп отырған дәуірдің үні, Қайта құру – бұл алға ұмтылу, биіктерге қол созу, барлық жамандықтан арылып, әділдікке, теңдікке, шындыққа ұмтылу», деп дәстүрлі кеңестік сана-сезімге қарама-қарсы ойларын, жаңаша ойлай бастаған халықтың үнін жеткізген:

Өзгәртип қуруш бу – дәврим хитави,
Хәлқим жүригидин яңриған аواز.
Өзгәртип қуруш бу – алға интилиш,
Йүксәк чоққиларға қилинған пәрваз.

Өзгәртип қуруш бу – вижданни паклаш,
Рәзил пәйтләрдин болуштин жирақ.
Өзгәртип қуруш бу – хәлиқ авази,
Адиллик, пакликқа чәксиз иштияқ [74].

Аудармасы:

Қайта Құру бұл – дәуірдің үні,
Халықтың жүрегіндегі жанайқай.
Өзгәртип қуруш бу – алға интилиш ұмтылыс,
Биік шыңдарға қарай ұшу.

Қайта Құру бұл – ар-ожданың таза,
Рэзил пәйтләрдин болуштин жирәк жырақ.
Қайта Құру бұл – халықтың үні,
Әділдікке, пәктікке шексіз құмарлық. (ауд. Бүркітбаева Ш.)

Екінші кезең – 1992-1996 жылдар аралығы. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі әдебиет. Бұл кезеңде өзіндік жаңа жанрлар, бағыттар қалыптасып, кеңес дәуірі талаптарынан арылған жаңашыл әдеби арналар пайда болды. Ұлттық тақырып әдебиеттің негізгі нысанына айналды. Елімізде болған 1986 жылғы «Желтоқсан» оқиғасы қазақ әдебиетінде қалай насихатталса, Қазақстандағы ұйғыр поэзиясында да кең жырланды. Ұйғыр әдебиет өкілдері Қазақстанның тәуелсіздігін үлкен тебіреніспен қарсы алды. Әсіресе, жас буын шығармашылық иелерінің негізгі тақырыбына айналды.

Үшінші кезең – 1996 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңді Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының дәстүрлі, салмақты, қоршаған ортасын өзінше суреттеп, өзінше жеткізіп, ойын ашық айта алатын әдеби кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңдегі ұйғыр поэзиясы Қазақстанның егемендігін, оның президентін, қазақ халқының ғұлама, ойшылдары Абай, Шәкәрім, М. Әуезов, т.б. сондай-ақ, қазақтың ұлттық тарихи батырлары мен мәдениет саңлақтарын насихаттап жырлады. Қазақ елінің Тәуелсіздігі еліміздегі ұйғыр диаспорасының аға буын өкілдері Халил Хамраев, Савутжан Маматкулов, Роза Қадири, Масимжан Зулъпикаров, Долкун Ясенов, Изим Бахниязов, Илахун Жалилов, Илахун Ушуров, Хуршидә Илахунова, Малик Садиров, Рахимжан Розиев, Рахилия Хапизова, Ташполат Наматов, Изиз Изимов және тағы басқа да ақындардың шығармашылығына әсер ете бастады.

Сондай-ақ, орта және жас буын ақындары мен жазушылары да Тельман Нурахунов, Патигул Махсатова, Жамшит Рузахунов, Абдумежит Дулатов, Бахар Рахимов, Нурахмет Ахметов, Шаирям Баратова т.б. өз шығармаларында Қазақстанның тәуелсіздігін, туысқан екі халық қазақ пен ұйғырдың достығын, еліміздегі өзгерістер мен жаңалықтарды суреттеп, жырлады. Қазақстандағы ұйғыр диаспорасы ақындары жырлаған тақырып қазақ ақындарының тақырыптарымен астасып жатты. Оған себеп туысқан екі халық ақындары арасындағы өзара достық қарым-қатынас.

Мысал ретінде Илья Бахтия мен Мұқағали Мақатаев, Хизмет Абдуллин мен Қуандық Шаңғытбаев, Махмут Абдрахманов пен Тұманбай Молдағалиев, Абдужамит Дулатов пен Дулат Исабеков арасындағы шынайы достықты айтса болады. Жалпы, туысқан екі халық арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан осы мызғымас туыстық, адал достық, өмірлік

бірлік ұрпақтан-ұрпаққа ең ұлағатты мирас болып қала бермек. Бұл ұлағатты мұра екі халықтың келешегінің бұзылмас негізі, кепілі екендігі ақиқат.

Сондықтан да, қазақ-ұйғыр достығы көптеген ақындардың отты жырларына өзек болған. Ұйғырдың көрнекті ақыны Н.Искәндәровтің осы достыққа арналған өлеңі де азаматтық лирикаға тән поэтикалық сипатымен ерекшеленеді. Ақын екі елдің (қазақ пен ұйғырдың) туысқандығын, бір-біріне жақындығын, қуаныш пен қайғысының да бір екендігін, тіпті, көктегі күннің де ортақ екендігін жырына қосады:

Егіз көктін нурлар куюп,	Егіз көктен шашылған нұр,
Күлүп тұрған күниміз бир.	Күліп тұрған күніміз бір.
Бағдин елип құлақларға	Бақтан теріп құлақтарға
Қисқан қизил гүлимиз бир.	Қыстырған қызыл гүліміз бір.
Бир алмини бағдин үзүп,	Бір алманы бақтан үзіп,
Чишләп йесәк, теңиму бир.	Бөліп жесек, теңдей қылып.
Мухәббәт һәм шатлиғимиз,	Махаббат пен шаттығымыз,
Жүригимиз беғиму бир – [22, б. 147].	Жүрегіміз, бағымыз бір –

деп жырласа, қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевтің ұйғыр халқына арнаған өлеңі оған берілген жауап сынды:

Уйғурлар қан жан бағрим,	Ұйғырлар қан, жан бауырым,
Сән билән бирғу тәғдирим.	Сенімен бірге тағдырым.
Аңлисам муңлуқ нахшаңни,	Тыңдасам мұңды үніңді,
Титрәйду биллә дил тарим [22, б. 147].	Дірілдеймін, жаным ауырып.

Бұл екі ақын айтқан шынайы сөздер екі халықтың бір-біріне деген құрметі мен сенімін паш етіп тұрғандай.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуы еліміздегі басқа этникалық халықтармен бірге ұйғыр диаспорасы поэзиясының дамуына да үлкен мүмкіндік туғызды. Ұйғыр ақындары өз ойларын еркін айтып, көсіле жырлады. Ұйғыр ақындары Нурахмәт Әхмәтов, Гүлнар Авутова, Тельман Нурахунов, Пәтигүл Махсатова, Иминжан Тохтияров, Шәйрәм Баратова, т.б. тәуелсіз еліміздегі береке, бірлікті жырлап, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазақ жеріндегі ұйғыр диаспорасының көрнекі ақындарының бірі – Махмут Абдурахманов. Ақынның «Жиллар садаси» (1999) (Жылдар үні), «Түгүнләр» (2004) (Тұжырымдар), «Маһарәт чоққисифа интилип» (2009) (Шеберлік шыңына ұмтылу), т.б. көркем шығармалары мен ғылыми еңбектері жарыққа шықты. Туысқан қазақ пен ұйғыр халқына ортақ ақын болып саналатын М. Абдурахмановтың жырлары да негізінен патриоттық сарынмен жырланған. Тарихи отандарында өмір сүріп жатқан ұйғыр халқының қытай үстем таптарынан көріп отырған ауыр езгісі ақынның жанына батып, тыныштық бермегенін оның жырларынан аңғару қиын

емес. Төмендегі «Пәләк чәрхи» (Дөңгеленген дүние) атты өлеңі де сондай ұлтшыл, отаншыл сезімдегі жырларының бірі:

Өзи ели болсиму чәксиз, паянсиз, Өз елі болса да шексіз, баянсыз,
Жаһанға тарилип кәткән уйғурум. Жаһанға шашылып кеткен, ұйғырым.
Тәғдиргә тәлмүрүп жүрдүң амалсыз, Тағдырға телміріп жүрдің амалсыз,
Тәлийиң талашта өткән уйғурум. Тағдырың тартыста өткен, ұйғырым.
[22, б. 326]

М. Абдурахмановтың «Қазақ досыма», «Әссалам уйғурум», т.б. өлеңдерінде түркі халықтарының үзілмеген тарихи жолы, дербес мемлекеті бар халық болған шындығы, тәуелсіздікті аңсаған ізгі ойы, қазақ халқының аялы алақаны мен достық құшағы, т.б. сан алуан елдік, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер романтикалық-реалистік сарын тұтастығымен жырланған. Ақынның «Қазақстан» атты өлеңінен Қазақ жерін мәңгілік Отан, құтты мекен сезінгенін байқаймыз. Жалпы түркі поэзиясы төгілген ұйқасқа негізделгендіктен, түркі тілдес халықтар жырларының табиғатына сіңісе алмаған ақ өлең (ағылшынша «blank verse» Еуропа халықтарының поэтикасына тән, ұйқассыз жыр) жанрын кейбір ақындарымыз ғана бірді екілі жырларында қолданған. М. Абдурахмановтың төменде келтірілген өлеңінен ақ өлең жанрын қолданғанын байқауға болады.

...Туғұлған қутлуқ диярим, Өзизсән маңа анамдәк. Бақимән, Қанмас хумарим, Өзәндин кудрәт алай дәп....	...Туылған құтты мекенім, Өзизсің маған анамдай. Мәңгілік Қанбас құмарым, Өзіңнен күдірет алғандай....
...Бағдики әркин кушлириң, Тағлириң, чәксиз далариң – -	...Бақтағы еркін құстарың, Тауларың, шексіз жайлауың
Барчиси һаят хушлуғум, Қазақстан, қутлуқ диярим [22, б. 269].	Баршасы өмір құштарым, Қазақстан, құтты мекенім.

Ұйғырлардың қазақ елінде басқа ұлттармен терезесі тең, еркін тыныстап өмір сүріп жатқанын туысқан қазақ халқының кең пейілінің арқасы деп білетін Махмут ақын әрдайым қазақтарға ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырып отырады. Қазақ зиялыларымен етене араласқан ақын қазақ достарына сырын бөлісіп, қуаныш-қайғысын ортақтасады. Түбі бір туысқан қазақ халқының тәуелсіз мемлекет атанғанына қуана, қызыға қарайтынын ашық түрде жырлаған ақын осы жаңа тарих жолында ұйғырлардың да өздеріне бұйырған бақытты сезінетінін айтады. Қазақтың ұлттық өркендеу жолындағы жемісті, жеңісті істердің бәріне де қуанған дос, туыс халық өкілінің сезімі шынайы жырланған:

...Менің үшін кейде аспан қаралы аспан.
Көңіл жүйрік алайда ала қашқан.

Келгендеймін бәйгеден сен келгенде,

Қалсам-дағы байлаулы мама ағашта. [22, б. 150] (ауд. Мырзалиев Қ.)

Қазақ елі тәуелсіздік алғанда қуаныштарын жарыса жырына қосқан ұйғыр ақындарының бірі тағы осы М. Абдурахманов еді. Ақын «Қазақ досыма» атты өлеңінде: «Бақытыңды қалайша бағаламан?! / Түбіміз бір, ешкімді алаламан. / Сыймағанда еліне ұйғыр-қазақ, Бірін – бірі өзара паналаған.»; «Қызғанышпен қараймын шаттығыңа. / Досың үшін қуанбау қатты күнә! / Жаным кейде сыздайды, Жаяу адам / Қарағандай кәдімгі аттылыға... \ Жүрегімді қаншама тілімдедің?! / Қуан енді, Жадыра! Күлімдегін! / Сенің тілің ғарыштан тіл қатқанда, / Белін буды өлмеске тілім менің». Қазақ елінде ұйғырдың көйлегі көк, қарыны тоқ екендігін мына шумақтарымен жеткізеді: «...Ұйғыр өзін бұл жақта тоқ санайды, / Жылайды қарт жырақта ақ самайлы. / Қайырылса қанаты қыран елдің \ Сай-сүйегің қалайша қақсамайды?!» [21, б. 150].

Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр поэзиясының кең танымал ақыны Жәмшит Розахунов. Поэзияда өзіндік ерекше таңбасы бар ақын жырлары ұлттық бояуға қанықтығымен дараланады. Туған халқының менталитетіне етене жақын жырлары оны халық арасында жоғары құрмет, зор атаққа бөледі. Белгілі сыншы, ақын А. Изимов Жәмшит Розахуновтың қазіргі ұйғыр поэзиясына қосқан өлшеусіз үлесін былай деп бағалайды: «Шаирнің рубайирида инсан тәбиитини, инсанпәрвәрлик вә изгүлүкни тәрипләш билән биргә кишиләр арисидики бир-бирсигә охшимаидиған камчилик, илләтләрнің кесиридин кишиләрдә йүз бериватқан роһий өзгиришләрни ипадиләп бәргән, ипадиләп бәргәндә уларни өзгичә бир маһарәт билән көрситишни билгән» [75, б. 287].

Аудармасы: «Ақынның рубайлары адам табиғатын, адамгершілік пен ізгілікті жырлауымен бірге адамдар арасындағы бір-біріне ұқсамайтын жаман мінез-құлықтардың кесірінен адам бойында пайда болатын рухани өзгерістерді де сипаттайды. Сипаттап қана қоймай өзгеше әдіспен шебер жеткізе білген».

Ақынның «Йоллар түгимәйду» (Жолдар бітпейді) (1986), «Аққулар қайтқанда» (2009), «Ой тамчилири» (Ой тамшылары) (2009), «Кәңликни кинәймән» (Кеңдікті іздеймін) (2012) т.б. еңбектері оқырмандарының ықыласына бөленді. Ж. Розахунов шығармашылығы ұйғыр ауылымен тығыз байланысты. Жырларында ауыл өмірін дәріптеп, ауылдан ұзақта өмір сүру адамзаттың табиғи болмысынан алыстауы деп түсінеді. Ақын жырларының негізгі кейіпкері – ауыл диқаны. Кішкентай ауылдағы қиын да қызықты диқан өмірін бүкіл Қазақстандағы еңбекші ұйғыр өмірімен ұштастырады. Ұлттық салт-дәстүрді сақтаған ұйғыр ауылы әлі күнге өзін шақырып тұрғандай сезінетінін, әлі күнге отыз ұлға (оттуз оғул) қосылып ойнағысы келетінін жасырмай жырларына («Бизнің балилик» Біздің балалық, «Ақ сийир балладиси» Ақ сиыр балладасы, т.б.) қосады. Жырларында шығыстық үлгідегі рубай, судур (сутра), т.б. жанрларды

қолдануы ақын шығармашылығына өзгеше бояу қатады. Қалың жұрттың ішінде жалғыздық сезінетін жүрегі нәзік ақын жанын өмірдегі қиыншылықтар мен қуаныштардың барлығы жаралайды. Арал теңізінің тартылуы, «Назигум», «Садира Палван» сияқты ұлттық батырлардың қайғылы өмірін ақын жеке басындағы қасіреті секілді сезінеді. Қашан да қайшылықтарға толы өмірмен бетпе-бет тұрғандай күйді бейнелейтін жырларында барлығын жеңе білу үшін сабырлы болу керектігін үндейді.

...Ялғузмән, ялғузлуқта ой улишар,
Тәшвишлик хияллардин көз толишар.
Адәмнің көңли әйнә, шундақ пәйттә.
Йекинлар дидариға зар болушар.

...Жалғызбын, жалғыздықта ой алысар,
Сан түрлі қиялдар көз алдында көлбеңдейді.
Адамның көңілі жалғыздықта байыз таппай
Жақындарының дидарын көруге зар болады [74, б. 200].

Ж.Розахунов жырлары адам құндылықтарын баға жетпес байлық ретінде қарастырады. Ұйғыр шығармашылығын жалпықазақстандық мәдениеттің бір бөлшегі ретінде алып Қазақстан деген үлкен елдегі қуаныш пен қайғының, жеңіс пен жеңілістің бір екендігін жырлайды. Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге ертеңгі күнге деген құлшыныш, үміт пен сенімнің пайда болғандығын жазады. Ұйғыр әдебиетінің сыншылары Жәмшит ақынды ұйғырдың ақиық ақындары Назаргожы Абдусематова мен Абдулхай Мухаммадидің поэзиядағы жолын жалғастырушы ізбасары деп біледі. Тәуелсіз Қазақстанда тәуелсіз ойларын еркін жеткізген ақын Қазақ жеріндегі ұйғыр диаспорасы поэзиясының айнасы іспетті.

Рахимжан Розиев – Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының көрнекі, талантты ақыны. Оның жырларын ұйғыр халқы сүйіп оқиды. 1998 жылы жарық көрген «Тумар» (Тұмар) атты еңбегі ақынның есімін асқақтатты. Бұл жинағына жаңа поэмалары, жаңа балладалары мен жырлары енген. Кітапта тарихи отаны Шығыс Түркістанға арнап жазған жырларына бөлек тарау арналған. Он өлеңдер жинағы жарыққа шыққан Р.Розиевтің сегіз ауқымды дастаны жарияланған. Ақын көптеген әдеби және қоғамдық-саяси мақалалардың авторы. Р.Розиев өмірді өзгеше көзбен көріп жырлайтын, сегіз қырлы бір сырлы ақын. Тарихи отаны Шығыс Түркістандағы туған халқының басындағы ауыр жағдай жырларындағы негізгі тақырыптардың бірі:

Вәтән – Вәтән мейри мәнәдур,
Муһаббитим пүтүн тәнәдур.
Жирақтимән, азатмән-шатмән,
Лекин Вәтән көңлүм сәнәдур.

...Шатлик күтәрәлнің аһ-зари,
Токлуқ күтәрәлнің базари,
Әшу түздә ялғуз муңлинип,
Мени күтәр атам мазари [74, б. 153].

Аудармасы:
Отан – Отан бәрі саған сыйған ғой,
Махаббатыммен мауқымды басайын.
Жырақта жүрмін, азатпын-шатпын,
Бірақ Отаным көңілім сенде.

Қайғы-мұң кетті шаттық келді,
Тоқтықтың базары келді.
Бірақ түзде жалғыз мұңайып,
Мені күтеді атамның мазары. (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Жырларында аңыз-ертегілер мен мифтерді, халық ауыз әдебиетін кең қолданатын ақын жырларынан жалпытүркілік ұлттық нақыш айқын байқалады. Р.Розиев жырларында әрқашан бір-біріне қарама-қайшы екі кейіпкер, екі ой жүреді. Әсіресе, «Рохлардин мәдәт» (Рухтардың күші) поэмасында екі дауыстың бір-бірімен салғыласуы анық естіледі. Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының талантты ақыны, ғалымы М. Абдрахманов Р. Розиев шығармашылығына өте жоғары баға берген. Ақынның «Мин ой» (Мың ой) атты поэмасы туралы былай деп жазады:

«...оқиғаның негізгі, басты параметрлерін анықтап алу және оларды үлкен шеберлікті қажет ететін, өлеңге тән, үйлесімділікпен жеткізе білу маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, Р.Розиевтің «Мин ой» поэмасының жетістігін автордың «Мин уй», «Тулпар», «Сирлик айдиңларда», «Омар» өлеңдерінен жинақтаған тәжірибесінің жемісі десек болады. Көптеген сыншылар «Мин үй» поэмасына дәйекті салыстырмалы теориялық және практикалық талдау жасап, мақалалар жазды. «Мин уй» - лирикалық және эпикалық принциптер органикалық түрде қатысатын кең, панорамалық шығарма» [76, б. 139].

Көне түркі аңыз-әпсаналары, ертегілері мен ұйғыр халқының ауыз әдебиетін бойына сіңірген Р. Розиев жырлары тәрбиелік мәні зор, өміршендігімен ерекшеленеді.

Ақын Абдуғоपुर Қутлуқов 1940 жылы Құлжа (Қытай Халық Республикасы) қаласында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақстанға келген ақынды қазақ елі жылы қабылдады. Қазақ жеріне келе сала бірнеше кітабын («Гүлдер және жан» (1969), «Зәйтуна» (1972), «Әкенің жері» (1972), «Әсия» (1973), «Қайсар» (1977)) жарыққа шығарады. Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының зиялы қауымы, танымал ақындары мен жазушылары

А.Кутлуқов шығармашылығын жоғары бағалады. Ақынның 1988 жылы жарық көрген «Сәйярә сәргүзәштлири» атты өлеңдер жинағы Қазақ жеріндегі ұйғыр поэзиясын жаңа белестерге көтерді. Ақынның «Сәйярә сәргүзәштлири», «Шаир отқа охшайду», «Муңлуқ қәбир», «Жоңғар бүркити», «Көчкән юлтуз», «Уйғур қизи», «Уйғур оғли» т.б поэмалары мен балладалары оқырмандар тарапынан жоғары бағаланған, көркем туындылар.

А.Кутлуқовтың 2009 жылы жарыққа шыққан «Қиран қисмити» атты еңбегінде Қазақстанда өмір сүріп жатқан барша ұйғыр диаспорасының көкейінде жүрген барлық тақырыптар жырланған. Кітапта ұлттық образдар мен ұлттық рух, түркілік сарын, Қазақ жеріндегі уайымсыз, қайғысыз, бақытты өмірлері, ұйғыр халқының басынан кешкен тарихи оқиғалары, тарихи отандарындағы қандастарының жағдайы бәрі, бәрі жазылған:

...Бунда көрдүм мән тәңликниң зор тимсалини,
Бунда көрдүм мән әркинлик һур висалини.
Қәлбләргә қериндашлиқ, достлуқ дилға яр,
Немә арман болса адәм азат бәхтияр.
Кәч күздиму яшнап турар ба Қазақстан,
Герби, гимни, байриғи бар, тәрипи дастан.

Аудармасы:

...Мұнда көрдім мен теңдіктің дәмін,
Мұнда көрдім мен еркіндіктің шын әнін
Жүрегіммен бауырлықты, достықты сезінемін
Бар арманы орындалған, адам азат, бақытты.
Қара күзде де жайнап тұрар Қазақстан,
Елтаңба, әнұран, байрағы бар тілдерде дастан [74, б. 166].

Ақынның Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жазған жырларының дені жер бетіндегі түркі тілдес халықтардың ауызбіршілігі, ұлттық бірегейлік, айбынды түркі рухының қайта тірілуі тақырыптарына арналған. Қазақстандағы ұйғыр диаспорасы поэзиясына өзіндік қолтаңбасымен, ерекше леппен келген ақын Магамедимин Обулкасымовтың жырларынан қазіргі қазақ, өзбек, ұйғыр поэзиясының әсерімен бірге классикалық сарынды да көруге болады. М. Обулкасымов Қазақстандағы тарихи жағдай «Желтоқсан оқиғасының» мәнісі мен елдегі бетбұрысты алғаш болып аңғарған ақындардың бірі.

Ақынның 1986 жылы жарық көрген «Бешинчи океан» (Бесінші океан) атты кітабын оқыған оқырманы оның жырларынан жаңа заманның келе жатқанын сезінген еді. М. Обулкасымов жырларында тарихи тақырыптар кең қозғалып, туған ұйғыр халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, фольклоры, ауыз әдебиеті, түркі халықтарына ортақ ұлттық құндылықтар жырланған.

Оқырмандары жоғары бағалаған «Садиғаң кетәй, хәлқим» (1998) (Садағаң кетейін, халқым), «Сән бүйүк дәрдим» (1999) (Сен ауыр дертім) еңбектері ақын шығармашылығының шыңы іспетті. Классикалық шығыс жанры мәснәуи сарынындағы «Иккиликләр» яғни егіз ұйқас екі жол шумақты шебер қолданған ақынның көптеген жырлары «Нида» жанрымен жазылған. Ұлы Абай мен Шәкәрімді үлгі тұтқан М. Обулкасымов Шәкәрім жырларын («Шакарим» 2009) ұйғыр тіліне аудару ісінің өзіне бұйырғанын үлкен бақыт деп біледі.

Ақынның Қазақстан тәуелсіздігінің тағасы қағылып, ұлттық идеологиясын жарияған соңғы он жылдың жүзінде жазған жырларының дені көне түріктердің ұлы дәуірінен сыр шертеді:

«...Дәриха, кени әнди шу заманлар,
Дүшмәнгә әжәл болған мәрт хақанлар»

Аудармасы:

«...Дариға, қайда енді ол замандар,
Дүшпанға ажал болған мәрт Қағандар», – деп дүшпанына атының өзі ажал болып елестеген батыр да батыл ел билеуші қағандарды іздеп, түрік ата-бабасының аты дүркіреп тұрған заманды аңсайды. Ортағасырлық шайырлар Омар Хайам, Жүсіп Баласағұн, Низами, Әлішер Науаи т.б. шығармаларын бойына сіңіргендігі жырларынан анық байқалады. Ақын өткенді білмей, тарихты танымай бүгінді немесе ертеңді білу, бағамдау мүмкін еместігін жазады:

«Барчидин тән мәһрум бир мункус әвлад,
Жаһаләт – от тамуғ чәккүси пәръяд.
Өзиниң тәктиниң кимлигини билмәс,
Улардин нә нишан, қалғай изгү ат»

Аудармасы:

«Бәрінен мақұрым болған мәңгүрт ұрпақ,
Жәһәннәм, тозақ оты тартқаны азап.
Өзінің шыққан тегін, жөнін білмес,

Олардан не белгі қалар, не ізгі ат», – деп ата-бабасының, шыққан тегінің кім екенін білмейтін мәңгүрт ұрпақтың атар таңы азапта, батар күні тозақта екенін, өмірді сүргені, сүрмегені белгісіз, не аты не заты қалмайтынын жазады. Ақын жырларында тегін білу ұрпақты төрге сүйрейтінін, бүкіл түркі халықтарында ата-тектің қаншалықты қадірлі екендігін түсіндіргісі келеді.

Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының орта буын ақындарының бірі Тельман Нурахунов. 1964 жылы Алматы облысында дүниеге келген ақын Қазақстан Республикасының «тіл туралы заңының» жобасын дайындауға белсене атсалысқан тіл жанашыры. Ақынның «Жан әуені», «Көз бен жүрек», «Шын жүректен», «Ауылдан келген жігіт», «Өмір тауқыметі»

жинақтары жарық көрді. Ақынның философиялық терең тақырыптарға қалам тербеуі өзге ақындардан өзгешелей түседі. Мұндай терең мағыналы, тылсым ойларға құрылған жырларын көпшілік қауым түсініп, қабылдай бермейтіні де белгілі. Т. Нурахуновтың мұндай өлеңдерінен ұйғырдың манихей дінін ұстанған ақындарының шығармаларында кездесетін жан мен тәннің тазалығы мен шынайылығын байқаймыз.

Сонымен қатар, будда дінінде үлкен философиялық мәні бар «мутлак бошлук» (пустота) яғни, «бос, ештеңе жоқ» түсінігінің мотивтері айқын байқалады. Сан түрлі тақырыпта сан алуан бояумен жыр жазған ақынды сопы – ақын ретінде де танимыз. Жақсы мен жамандық, қуаныш пен қайғы тайталасқан өлеңдерінде екі образды бір-бірімен шебер тартыстырады. Сопы ақындарға тән «Иман» сенімін жырлайды. Сопылық поэзиядағы махаббат символы болған ортадағы жанған от – ол – Алла Тағала, ол – сұлу жар, ал, оны айналып ұшып жүріп отқа қанатын күйдіретін көбелек Алла Тағалаға немесе сұлу жарға ғашық жан пәлсәпәсін ақын жырларынан да байқаймыз.

Патигүл Мәхсәтова Қазақстандағы ұйғыр поэзиясында өзіндік орны бар ақын. Ақынның «Жүрәктин төкүлгән яш» (Жүректен төгілген жас) 2007 ж., «Мән мүһәббәт кучиғида» (Мен махаббат құшағында) 2002 ж., «Диянәт» (Намыс) 2003 ж., «Ой тамчилири» (Ой тамшылары) 2009 ж., т.б кітаптары жарық көрді. Сонымен қатар, әдебиеттану және публицистика саласына байланысты да бірнеше ғылыми мақалалары жарыққа шықты. Поэзияға өзіндік, ерекше леппен келген П. Мәхсәтова оқырмандарын ұлттық идеяға толы жырларымен баурады. Жырларындағы негізгі кейіпкерлер – зұлымдық пен ізгілік. Ал, мазмұны екі образ арасындағы талас-тартыс төңірегінде өрбиді. Зұлымдық ол тарихи отанына озбырлық жасап жатқан жаулары, ал ізгілік болса, қарапайым халықтың бейнесі. Ақын жырлары жоғары оптимизм, өмірге құштарлық, отансүйгіштік, ұлтшылдық, тәуелсіздік, жігер, қайрат, намыс тақырыптарын жырлайды. Төменде үзінді берілген «Қазақ досыма» атты жырында Қазақстанның тәуелсіздігі басындағы бағы, қазақ халқы бауыры, жаны екендігін жазады. Ақын өлеңдерінде өмір жайлы, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдарын өз көңіл-күйімен терең ұштастырып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы лирикалық поэзияның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлап, өлеңдерінде жалпы әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір сала – азаматтық лирика жанрын кең қолданған.

Қандай ғажап қазақтың азаттығы,
Артта қалды қараңғы, азап түні...
Мен де бірге сайрадым, сайрандадым,
Қайта қонып басыма қайран бағым.
Менің туған Отаным – Қазақстан,
Кіндігіммен өзіңе байланғанмын.

Қазақ досым, өзіңмен тағдырласпын,
Мұнайғанда сырласып, қалжыңдастым...», – деп жырлайды [23, б. 10].

Ұйғыр халқының талантты ақыны Хуршидә Илахунованың «Жутум – анам пурайду» (2001) (Туған жерде анамның иісі бар), «Турнилар» (1978) (Тырнарлар), Бөшүк нахшиси» (1988) (Бесік жыры), т.б. еңбектері жарық көрді. Ақын Отанды сүю, құрметтеу, ел тәуелсіздігі, қоршаған табиғат, жастық шақ, бала-шаға, жанұя, ата-анаға сүйіспеншілік, мәңгілік махаббат, өмір сүруге құштарлық тақырыптарында лирикалық жырлар жазған. Оның «Мустәкил Қазақстан» (Тәуелсіз Қазақстан) өлеңінде қазақ елінің тәуелсіздігі, елдің дамуы, ел ішіндегі бірлік пен береке, ақ көңіл қазақ халқына арналған алғыс мен сүйіспеншілігі жырланған. Ақын жырларында өлең тілінің бейнелілік сипатын арттыра түсетін эпитет, теңеу, метафора, әсірелеу, т.б. поэзияда жиі кездесетін ауыспалы мағынада қолданылатын сөздерді үйлесімді, орынды пайдаланған.

«Миң өлүп, миң тирилгән» бағрим қазақ, / Азатлиқ туғини көккә көрәрдиң сән. / Күткәндиң бу мубарәк күнни узақ, / Тәғдирниң буйруғида көкәрдиң сән. / Мустәкил Қазақстан әзиз макан, / Теғиндәк қәддиң бүйүк турувалдиң. / Қийинчилик чүшти башқа, йәндиң аман, / Астана – тажу-тәхтни қурувалдиң...» [25, б. 3].

Аудармасы: «Мың өліп, мың тірілген бауырым қазақ, / Азаттық туын көкке көтердің сен. / Күттің ғой бұл мұбарак күнді ұзақ, / Тағдырдың бұйрығымен көгердің сен. / Тәуелсіз Қазақстан азиз мекен, / Тау секілді қасқайып тұрып алдың (иілмедің) / Қиыншылық түсті басқа, жеңдің аман, / Астана – тәжің-тағың құрып алдың...».

Ұйғыр диаспорасы поэзиясында өзіндік орны бар, тәуелсіздік жылдарының тағы бір көрнекі ақыны Шайрам Баратова. Поэзия әлеміне батыл жырларымен келген ақынның «Шатлиққа Тәшналик» (Шаттықты сағыну) атты кітабы 2013 жылы жарық көрді. Ш.Баратова жырларындағы лирикалық басты кейіпкер тарихи отанын аңсаған, ата-баба мекенін көруді армандаған, ұлтшыл рухтағы ұрпақ бейнесі. Ақын «Шатлиққа Тәшналик» (Шаттықты сағыну) кітабының «Ана Вәтән – қутлуқ дияр» (Ана Отан – құтты мекен) атты бөлімін тұтастай тарихи атамекеніне арнаған. Қытай езгісіндегі туған халқының басындағы жағдай, оған араша бола алмаған, шарасыз ақын жанайқайы жырларына арқау болады. Төменде тарихи Отанына арнаған жырларының бірі «Гәр көрмисәм...» (Егер көрмесем...) өлеңі берілген.

Уйғурумниң өмүр йоли азаплиқ,
Тилигини пәқәт һурлуқ, азатлиқ.
Набут қилди талай жигит-қизини,
Яв-дүшмәнниң яман ойи, каззаплиқ.

Ұйғырымның өмір жолы азапты,
Тілегі тек еркіндік пен азаттық.
Қырып салды талай қыз бен жігітті,
Жаудың жаман ойы, кәззәптық.

Мән шу қәйсәр, улук хәлиқ әвлади, Мен қайсар, ұлы халық баласы,
Өз қайғумдин артуқ мана әл дәрди. Өз қайғымнан артық маған ел мұңы.
Ахирәткә көзүм очуқ кетимән, Ақыретке көзім ашық кетемін,
Гәр көрмисәм азат болған Вәтәнни... Егер көрмесем азат болған Отанды.

[74, б. 24] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Шайрам Баратова адам өміріне қатысты барлық тақырыптарды жырлаған ақын. Туған жерге сүйіспеншілік, балалық шаққа саяхат, Атамекеннің қадірі, тарихи Атажұртты аңсау, туған халыққа деген жанашырлық сезім, Тәуелсіз Қазақстанның ертеңіне сенім, бостандықтың қадірі, қасиетті қазақ жері, ардақты қазақ халқына ризашылық пен алғыс, бәрі, бәрі ақын жырларынан көрініс тапқан. Соңғы жылдарда әсіресе ұйғыр жанұялары арасында Еуропаға көшіп кету дәстүрі жиілеп кетті. Осы «Еуропаға көшу» мәселесіне де өз ойын жырларымен жеткізген ақын былай жырлайды:

Әрик сәндә, мәйли буйри әйипкә, Ерік сенде, мейлі бұйыр айыпқа,
Қизикмаймән һәргиз әсла ғәрипкә. Қызықпаймын ешқашан бейтаныс
батысқа

Билип қалғин дилимдики сиримни, Біліп алғын жүректегі сырымды,
Бу дунияда жәннәт мәнчүн шәриктә Өмірде жәннат мен үшін шығыста

[74, б. 111] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ш. Баратованың жоғарыда келтірілген төрт жол шумағы рубай жанрында жазылған. Өлеңнің әр шумағы тиянақты ойды білдіреді. Бірінші, екінші, төртінші тармақтар бірыңғай ұйқасады да, үшінші тармақ ұйқаспайды. Ақынның «Шатлиққа Тәшналик» кітабында Шығыс халықтарының поэзиясында, соның ішінде түркі тілдес халықтардың әдебиетінде кеңінен тараған рубай жанрында жазылған өлеңдеріне тұтас бір бөлім арналған. Ақын жырларында тақырып мазмұнына қарай бөліп қаралатын элеуметтік лирика жанрын қолданған. Көбінесе қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғаған ақын заманға, халықтың тарихы мен бүгінгі тағдырына өз көзқарасын білдіріп жырлаған. Шайрам Баратова жырларынан лирикалық поэзияның өз ішінде тақырыбына қарай бөлінетін түрлері саяси лирика, азаматтық лирика, философиялық лирика, көңіл күй лирикасы, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы сияқты жанр түрлерінің барлығын көруге болады.

Қазақстандағы ұйғыр поэзиясының талантты жас буын өкілдерінің бірі – Вильям Молотов. Ақынның «Көк бөрә әвладимән» (2013) (Көк бөрі ұрпағымын), «Йултузларлы арманда» (2018) (Жұлдыздарды арманда), «Қәлбимән асмани» (2019) (Жүрегімнің аспаны), т.б. кітаптары жарыққа шыққан. «Көк бөрә әвладимән» (2013) (Көк бөрі ұрпағымын) атты кітабы осы заманның лирикалық, эпикалық көркем туындысы ретінде ұйғыр жастарына рух беріп, қанаттандырды. Үнемі ізденісте жүретін ақын, бүгінгі тарихи Отаны Шығыс Түркістандағы ұйғыр халқының басындағы жағдай

мен Тәуелсіз Қазақстандағы кейбір саяси әлсіздікті көріп өскен ұрпақ ретінде тарихқа үніліп ата-баба рухын аңсайды.

Жырларынан ұйғыр ақындары Назарғожа Абдусемятов пен Абдулхай Мухаммадидің, қазақ поэзиясының алыптары Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаевтың дәстүрін жалғастырушы ақын екенін көреміз. Өткен мен бүгінді сараптай отырып, келешекке үміт берер жырлар жазып, адамзатты рухтандыра білуі ақынды басқа жас ақындардан даралай түсті.

Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұйғыр диаспорасы ақындары кең қалам тербеген жанр – табиғат лирикасы. Табиғат лирикасы барлық түркі халықтарына ортақ жанр десек те болады. Болмыстары табиғатпен біте қайнаған түркі тектес халықтар әдебиетіндегі табиғат лирикасы өз алдына үлкен тақырып. Ұлттық және жалпытүркілік әдеби даму желісінде бағаланатын Қазақстандағы ұйғыр поэзиясы Махмұт Абдурахмановтың, Һезим Искәндеровтың, Рахымжан Рузыевтің, Аблиз һазимнің, Патигүл Сабитованың, Абдукерим Ғаниевтің, Хуршида Илахунның, Абдуғопур Құтлуқовтың, Сабутжан Маматқұловтың (Надуру), Жәмшит Розахуновтың, Тельман Нұрахуновтың, Шайрам Баратованың шығармаларындағы табиғат лирикасын құрайтын өлеңдер дәстүрлі жалғастық сипатымен айқындалады. Мысалы, Махмұт Абдурахмановтың «Құтлуқ таң» (Құтты таң), «Булбұл» (Бұлбұл), «Бояқлар» (Бояулар), «Қизил гүл» (Қызыл гүл), «Яз кечиси» (Жаз кеші), «Яғмурдан кейин» (Жаңбырдан кейін) өлеңдері, т.б. [77, б. 267-298]

Ұйғыр ақындары поэзиясындағы табиғат лирикасы – түркі халықтары әдебиеті классикалық поэтикалық үрдістерінің көрсеткіші. Ақындар табиғат құбылыстарын, көріністерін деректі, дерексіз заттар (гүл, бұлбұл, бұлт, Алатау, құс, өзен, Шарын, т.б.), жыл мезгілдері (көктем, жаз, күз, қыс) атаулары арқылы қолданылатын поэтикалық ажарлау, құбылту, айшықтау бейнеліліктерімен жырлайды. Табиғаттың сан алуан құбылыстарын поэтикалық бейнеліліктердің айқын бояулы тіркестерімен, кейіптеулік-символдық астарлаулы-мегзеулі мағыналарымен тұтастандыра жырлайды. Өлеңдердегі лирикалық кейіпкерлердің қоршаған жаратылыс сырын түйсінуді, сезінуді, қабылдауы сәтіндегі психологиялық күрделі болмысы арқылы адамзаттың табиғат құбылыстарымен, тіршілік қозғалыстарымен тоғысқан, тұтасқан жанжүйелік болмысы да айқындалады.

Түркі халықтары поэзиясындағы табиғат лирикасының халықтық көркемдік ойлауына негіз болған – географиялық топонимикалық атаулар. Махмуд Қашқаридің сөздігіндегі «Түркі халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздері» атты бөлікте де түркі жұртының, оның ішінде ұйғыр халқының ата-бабалық мекендері нақты көрсетілген. Мысалы: «Уч – атақты шаһар; Алуш – Қашқардағы ауыл; Удун – Хотан шаһарының жанама аты; Қызылоз – Қашқар тауындағы қыстақ; Алтунқап – Ұйғыр еліне жақын тау; Кәми Талас Ұйғыр елінің шекарасындағы өткел; Кіңут – Ұйғыр шекарасындағы кішкентай шаһар...» [79, б. 13-18]. Түркі халықтарының, оның ішінде ұйғыр ақындарының поэзиясындағы табиғат лирикасында

тұрақты жырланып келе жатқан пейзаждық бейнелеулерде осындай ежелгі атамекендердің тұрақты орын алып келе жатқаны да ақиқат. Мәселен, төменде үзінді берілген ұйғыр халқы арасында кең тараған «Көш-көш» дастанында да атамекен атаулары өте көп кездеседі.

...Yarkent digen yerlerge,
Köçüp barğanlar boldi.
Yarket digen yerlerde,
Qara yaǵaç kör iken... [72, б. 3]

Жаркент деген жерге.
Көшіп кеткендер болды.
Жаркент деген жерде,
Қарағаш көп дейді...

Сөз арқауындағы ұйғыр ақындары Махмұт Абдурахмановтың, Рахымжан Рузыевтің, Аблиз һазимнің, Патигүл Сабитованың, Абдукерим Ғаниевтің, Хуршида Илахунның, Абдуғопур Құтлуқовтың, Сабутжан Маматқұловтың (Надуру), Жәмшит Розахуновтың, Тельман Нұрахуновтың, Шайрам Баратованың табиғат лирикасын құрайтын лирикалық өлеңдері де жалпытүркілік және ұлттық классикалық көркемдік дәстүрдің жалғасы тұрғысында танылады.

Ақындар ежелгі түркі поэзиясындағы дәстүр ізімен көктем көріністерінің, гүлдер әсемдігінің, бақ сұлулығының, құстар, бұлбұл сайрауының, таң арайы шырайының, тау айбынының және т.б. сан алуан көріністердің адамдардың санасына, көңіл-күйіне эстетикалық әсер беретін, адам ойымен егізделген хал-ахуалдың психологиялық болмысын бейнелейді. Мысалы, Махмұт Абдурахмановтың «Қизил гүл», Жәмшит Розахуновтың «Кәл, баһарим», «Қар арилаш яғиду ямғур...», Рәхимжан Розиевтің «Тағ вә йәр», «Ямғур вә нахша» атты өлеңдерінде адамдардың көңіл-күй әлемінің әсем гүлдермен ажарланатын сипаты жырланады. Жәмшит Розахуновтың «Кәл, баһарим» («Кел, көктемім») атты өлеңдеріндегі пейзаждық бейнелеулердің эстетикалық әсерлілігі айқын:

Әй, баһар!
Рәхмәт издәп кәлгиниңгә,
Жүригим хаһишини билгиниңгә!...
Көрситип йәр-жаһанға сий-илтипат,
Көңлүнни маңиму һәм бөлгиниңгә!
Гүл тутуц, рәхмәт, издәп кәлгиниңгә!

Әй, көктем!
Рахмет іздеп келгеніңе,
Жүрегімнің лүпілін сезгеніңе!...
Көрсетіп жер-жаһанға сый-сияпат,
Көңілімдегі мұңды бөлгеніңе!
Гүл алып, рахмет, іздеп келгеніңе!

Сездиңму бәк сеғинип күткинимни
Өзәңгә йә сиғинип өткинимни?!
Халамсән сәнму мениң дил кетидин,
Беғишлап саңа ғәзәл пүткинимни?!
Гүлдәстә қилип уни тутқинимни?!...
[80, б. 9]

Сездің ба бек сағынып күткенімді,
Өзінді сағынып күндер кешкенімді?!
Сен де мені шынымен қалайсың ба,
Арнап саған ғазал жазғанымды?!
Жырдан гүлшоқ ұсынғанымды?!...
(жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Шаирәм Баратованың «Баһар кәлди» (Көктем келді) атты өлеңінде де жасыл желек жамылып жасанатын көктем мезгілінің тіршілік біткенді ерекше күйге бөлейтін сиқырын жырлайды.

Ясандырып аләмни баһар кәлди, Жасандырып әлемді көктем келді,
Көркәмлинер қыз кәби жаһан әнди. Көріктенер қыз кейпі жаһан әнмен.
Ғәриқ қилип қәлбимни гөзәлликкә, Қарқ қылып жүрегімді сұлулыққа,
Маңа көкләм бәк қайнақ илһам бәрди... Маған көктем көп қайрат берді...

[80, б. 75] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын Ж. Розахуновтың «Бозторғайның нахшиси» («Бозторғайдың үні») өлеңінде адамдардың жан-жүйесіндегі сапырылысып жатқан көңіл-күйіне үндестік, демеу-дауа іздейтін сәттері жырланған. Гүлден-гүлге ұшып-қонған құстардың қанат қағыстарынан, сайрауынан, көктем таңындағы әуенді саздарынан жаны ләззат алатын лирикалық қаһарман тұлғасы дараланған.

Асмандики бозторғай,
Қанатлириң талдиму?
Сайрап-сайрап тохтимай,
Нахша-күйиң қалдиму,
Жүрек-бағриң қандиму?
Яшап, яйрар маканиң,
Чәксиз дала, көк асман,
Иқбалға жор имканиң,
Сәндә немә бар арман?
Әй, бозторғай, қат зуван! [80, б. 29]

Аспандағы бозторғай,
Қанаттарың талды ма?
Сайрап-сайрап тоқтамай,
Әнің-күйиң қалды ма,
Жүрек-бауырың қанды ма?
Жаса, жайқал мекеніңде,
Шексіз дала, көк асман,
Келешекке мол үмітің,
Сенде қандай арман бар?
Әй, бозторғай, дауысы зор!

Ақын Рәхимжан Розиевтің «Ямғур вә нахша» атты өлеңінде табиғаттың көгеріп-көктеуінің себепкері жаңбырдың құдыреті арқылы қырлардың, алқаптардың, егін, гүл өскен жерлердің құлпыратыны, терең сайлардың сел боп аққан суларға толатыны, кең даланың ақ бидайы жайқалып, дән қоймаларының астыққа толатыны, жер-жаһанды жапқан алқызыл гүл бәйшешектердің әтір, жұпар-хош иісінің жайылатыны лирикалық тебіреніспен төгілген. Таулардың пейзаждық бейнелеулермен жырлануы – түркі поэзиясының дәстүрлі ерекшелігі.

Ямғур йеғип өтті баһарда
Дәл-дәрәкләр чиқарди чокан.
Дәрәкләргә олишип кушлар,
Мәлимиздә көтәрди чуқан.
Беғимдики гүл ечип порәк,
Һәсүн бәрмәк бопту баһарға.
Бәргидики тикини бирақ
Санчилмақчи гүл чирай ярға.
Тирилипту әшу ямғурда

Жаңбыр жауып өтті көктемде
Тал-теректер шешек атты.
Теректерге қонып құстар,
Ауылымыз у-шу болды.
Бағымдағы гүл бүр жарып,
Көрік қосты көктемге.
Бойындағы тікені бірақ
Қадалмақшы гүл шырай жанға
Тіріліпті бұл жаңбырда

Будушқақлар йейишип қанат... Арам шөптер жапырағын жайып...

[83, б. 24] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақындар поэзиясында табиғаттың күз мезгіліне қатысты өлеңдерде мұңлы-шерлі, элегиялық сарындар мол болып келеді. Рәхимжан Розиевтің «Күзнің гөзәллігі» («Күздің сұлулығы») атты өлеңінің идеялық-композициялық желісінен табиғат көріністері, құбылыстары мен адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік іс-әрекеттері тұтасқан болмысы танылады: «Деди достум, Көңүлсиз ярдәк, / Күзму йәнә йетип кәлди тез. / Гоя тари үзүк дутардәк / Бағда булбул сайримас гүлсиз...» [83, б. 24]. Аудармасы: «Деді досым, Көңілсіз жүрдік, Күз ба тағы жетіп келді тез. Ішегі үзілген дутар секілді, Бақта бұлбұл сайрамас гүлсіз...»

Ал, ақын Ш.Баратованың «Күз» атты өлеңі береке, ырысы мол мезгілдің артықшылығын жырлайды:

Күз кәлди тағларға, бағларға,

Күз кәлди далаға, сайларға.

Бир жилиқ деханның әмгиги,

Қуюлди хаманға, саңларға[81,б.76-77]. Құйылды қырманға, амбарға.

Күз түсумен бірге бәйшешек солып, ағаштардың сидиып, жапырағынан айрылғанын, жалпы, көңілсіз күздің бейнесін тамаша суреттеген ұйғыр ақындары берекелі, мерекелі алтын күзді де көз алдына керемет елестетеді.

Күз келиду болғинида тамам яз,

Бу пәсилдә берикәт бар, арман аз.

Йәр-йүзини гөзәлликкә бөләшчүн,

Салди баққа йопурмақтин паяндаз....

Күз келді өте шықты жаз,

Бұл мезгілде берекет мол, арман аз

Жер-жүзін әсемдікке бөлеуге,

Жайды баққа жапырақтан кілемді

...Бар жаһанға тәкши чечип алтунни,

Чиқсиму гәр бәк сүзүлүп таң нури.

Бир дәмдила һөкүмран боп аләмгә,

Яғар чапсан күзнің әркә ямғури...

...Бар әлемге шашып алтынды,

Көтерілді сызылып таң нұры

Бір сәтте әмірші боп әлемге,

Жауып жатыр күздің ерке жаңбыры...

[81, б. 78] (жолма-жол ауд. Бүркітбаева Ш.)

Табиғит пен адам тұрмысының егізделе бейнеленуі түркі халықтары поэзиясында тұрақты жырланған, қазақ поэзиясындағы жыраулар (XV-XVIII ғ.) поэзиясында да (Асан Қайғы, Қазтуған, т.б.), XIX ғ. – XX ғ. Абай, Мағжан, Шәкәрім, т.б. шығармаларында дамытыла қолданылған. Ұйғыр ақындары да осы дәстүрлі ұлттық сипатпен байыта түсті.

Қыс – түркі ақындары поэзиясында тұрақты жырланып келе жатқан жыл мезгілдерінің бірі. Ақын Ш. Баратова «Қар һәққидә» (Қар туралы) атты өлеңі де қыс мезгілінде өлкемізде сән-салтанатымен патшалығын құрып, сұлтандығын жүргізген аппақ қарды сипаттап, дәріптейді. Қардың жауғаны, бұлақтардың жиектеріне мұз қатқаны, тау шоқылардың тақ құрған патшалар

секілденіп, ақ қардан шапан жамылғаны, боран соғып омбы қардың жиналғаны, аспандағы жұлдыздардың да мұзға қонғандай мөлдіреуі, таңсәриден тұрған қойшының қойын өріске жайғаны, диқан жігіттің қар тоқтатып атыздарға жол ашқаны, табиғаттағы әсем нәрселердің бірін де боз қырау көмкергені – бәрі де қыс мезгілінің өзіндік сұлулығы, әсемдігі екендігі бейнеленген:

Өлкәмгә тәхт құрғач хақан – қар,
Чүшиду асмандин чаққан қар.
Қизиғи, ва достлар, көп өтмәй,
Йошурар изимни яққан қар...
...Аппақ қар дилимдәк,
Юмшақ қар көңлүмдәк.
Чүшиду асмандин,
Тутаймән гүлүм дәп...[81, б. 77].

Өлкеме тақ құрған қаған – қар,
Ұшады аспаннан жауған қар.
Қызығы, ей, достар, көп өтпей,
Жасырар ізімді жауған қар...
...Аппақ қар жүрегімдей,
Жүмсақ қар көңілімдей.
Түседі аспаннан,
Ұстаймын гүлүм деп...

Һ. Искәндеровтың «Киш күнлири» («Қыс күндері») атты өлеңі де дәстүрлі тақырыпқа арналған. Табиғатпен біте қайнаған халқының іс-қимылы мен мінез-құлығын қарлы-мұзды қыс мезгілі мен жайнаған гүлстан жазға теңейді. Қаһарлы қыстың артынан жадыраған жаздың келетіні сияқты, тер ағызған еңбектің артында зейнеті бар екендігін де салыстыра сипаттайды.

Әмгәк-иссиқ қар, мұзуңни, полатларни еритқан,
Әмгәк-баһар, әмгәк-һаят, әмгәк кимни керитқан.
Улуқ хәлқим әмгәк билән алтун әсир яратқан,
Қишта аққан тәрлириндин яз көрунәр-гүлстан [84, б. 168-169].

Аудармасы:

Еңбек – ыстық қар, мұзыңды, болатыңды еріткен,
Еңбек – көктем, еңбек – өмір, еңбек кімді кім еткен.
Ұлы халқым еңбекпенен алтын ғасыр жаратқан,
Қыста аққан терлеріңнен жаз көрінер – гүлстан.

Ақын М. Абдурахмановтың өлеңдерінде таңның атуы, бұлбұлдың сайрауы, гүлдердің жайқалуы, адамдардың осы қозғалыстарға қатынасы («Қутлуқ таң»), ғашықтармен бұлбұл саздарының әсемдігімен сабақтастығы («Булбул»), гүлдердің, әсіресе, қызыл гүлдің адамдардың жан дүниесін байытатын әсері («Қизил гул»), күні бойы жарқыраған күннің түнде бататыны («Қара пәрдә тәкши йейип»), атыраптың даланың, ой-қырдың, жайлаған жан-жануар қозғалыстары тоғысқан жазғы кеш («Яз кечиси»), баласына мейірімін төккен анадай күн жарқырап тұрған аспанды бұлттың жапқаны, қайта ашылған сәттерінің адам мен басқа да тіршілік заттарына әсері («яғмурдан кейін») ақын жырларының поэтикалық өзегін құрайды. «Бояқлар» өлеңінде табиғаттың қайта түлеу, ояну кезеңіндегі өзгерістердің

сан алуан реңк түстердің жалпы өмір, тіршілік қозғалыстарының да күрделі сипатымен шендестіріледі:

Иәр көксигә кисип гөзәл көкләм кәлгәндә,
Иәр куяшқа зоклинип қарар йешил көз билән.
Түткүл жаһан, айлинар йешилликниң тәхтигә,
Шунда отлуқ нислирим баялғандәк көк билән... [85, б.291].

Аудармасы:

Жерді кеудесіне қысып көктем келгенде,
Жер күн көзіне сұқтанып қарайды жасыл көзімен.
Төрткүл дүние, айналар жасылдықтың тағына,
Сонда оттай ойларым боялғандай көк түске...

Табиғат пейзажи қимылға, адаммен қарым-қатынасқа, мағыналыққа толы. Ұйғыр поэзиясындағы табиғат лирикасы да біздің қанымызға дарып, санамызға сіңіп кеткен табиғаттың шынайы болмысын жырлайды. Көктем келсе, біз сөгілген бұлт пен ойнаған найзағайды еске аламыз. Жаз шықса, көкорай шалғынға аунағандай боламыз. Күз болса, дымқыл су бүріккен тұманға шомылғандай әсерде боламыз. Қыс түссе, қақаған боран мен аппақ ұлпа қарды көз алдымызға елестетеміз. Таң самал, сағым, жел, жаңбыр, үскірік, аяз бәрін бәрін сол күйінде сезінеміз. Ұйғыр ақындарының «Көктем», «Күз», «Қыс», «Жаз» мезгілдерін суреттеген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көз алдына елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Жазғы ауыл, тынық түн, аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесі, гүрілдеген өзен жыр шумақтары арқылы тұтас бір картина ретінде көз алдына келеді.

Қорыта келе айтарым, Қазақстандағы әдеби үдеріске қазақ жерінде өмір сүріп жатқан ұйғыр диаспорасының поэзиясы да түркі халықтары поэзиясы қатарында қосылды. Ұйғыр ақындарының лирикалық және эпикалық жырларынан азаматтық-отаншылдық көзқарастағы жалпытүркілік сарынның басым жырланғандығын аңғарамыз. М.Абдрахмановтың «Қазақстан», Ғ.Искәндеровтың «Егиз көктен нурлар құйып» (Көк жүзінен нұр төгіліп), А.Мухәммәдийдің «Ечилмас көңлүм» (Басылмас көңілім), «Яш журегим» (Жас жүрегім), т.б. өлеңдерінде халық тағдыры, қазақ пен ұйғыр халықтарының ғасырлар сынағынан өткен достығы азаматтық рухпен жеткізілген.

Ұйғыр ақындары өлеңдерінің басым бөлігі байырғы атамекен Шығыс Түркістанның азаттығын аңсаған арманы, Қазақстанның егемендігі, туысқан қазақ халқының бауырмал көңілі, т.б. тақырыптар болып келеді. Мысалы, Илья Бахтияның «Отан туралы», «Ана жұртқа хат», Х. Нәмраевтің «Қазақстаным менің», «Отаннан жақсы жар болмас» т.б. өлеңдері оқырмандарға кеңінен танылды. Сонымен қатар, «Отан – Қазақстан»

тақырыбы тәуелсіздік жылдарындағы ұйғыр поэзиясында ең көп жырланған тақырыптардың бірі болды.

Ақындар шығармаларында «Қазақстан» концептісі – қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ортақ Отаны, қасиетті мекені, қара шаңырағы, дүниенің төрт бұрышындағы түркі тектестердің атажұрты екендігін жырлады. Мысалы: ақын Абдумежит Дөләтов поэзиясында «Қазақстан» сөзі «әлемнің мөрі» (тамга, мөр-хат) мағынасында қолданылды, ал, Рахимжан Розиевте «Қазақстан» сөзі «достық пен келісім елі» түсінігін берсе, Абдуғопур Қутлуковта «қандас, қаны бір» (қандашлиқ достлук), Патигүл Махсатовада «Қазақстан» сөзі «мәңгі дастан» (әбәдий дастан), сөзінің баламасындай қолданылып, Мирзахмат Меримов поэзияларында «жайқалған гүл» мағыналарын берді [86, б. 201]. Ұйғырдың танымал ақыны Абдумежит Дөләтов «Қазақстан – вәтиним мениң» атты өлеңінде армандардың орындалатын елі Қазақстан деп, туған-туысын, жақынын – жанын, бәрін Қазақстанға сеніп тапсыратынын жазады.

Уйғур дегән намда йезилған
Келәчәккә мөр – хетим мениң.

Арманлардин қанат пүркүзгән,
Қазақстан – вәтиним мениң[20, б.13].

Ұйғыр деген атпен жазылған
Болашаққа мөр - хатым мениң.

Армандарға қанат бітірген,
Қазақстан – Отаным мениң.

Қазақ жеріндегі ұйғыр поэзиясы жүз жылға жуық уақыт бойы үстемдік еткен коммунистік идеология, қоғам және қоғамдағы бұрылыстарға, өзгерістерге қарамай, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, халықтың армандарын жүзеге асыруға және ұлттық ой-сана, мәдениет пен әдебиет, әдет-ғұрыптарын жалғастыруға тырысты. Бүгінгі күн Қазақстандағы ұйғыр поэзиясы өз дәрежесінде уақыт тынысымен үндесе тың идеяларды жырлап, жаңа шығармашылық жетістіктерге жетуде.

3.2 Өзбек ақындары шығармаларының әдеби ерекшеліктері

Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан түркі тектес халықтардың басым бөлігін өзбектер құрайды. Қазақ пен өзбек ежелден Орта Азия кеңістігінде қоян-қолтық араласып, қатар күн кешіп келе жатқан тілі, діні, ділі бір туыс халықтар. Түркі халықтарының ішінде бір-бірінен ең соңында ажырап, енші алған, бір кездері бір халық болған қазақ пен өзбек тағдырдың жазуымен XV ғасырдың екінші жартысында бір-бірінен бөлініп, бөлек отау

тікті. Осы айырылысуға түрткі болған тарихи себептер мен өзбектердің көші-қон мәселелерін Х. Вамбери, В.Д. Греков, А.Ю. Якубовский, А.А. Семенов, Б. Ахмедов, Т. Сұлтанов, Б. Кәрібаев сынды т.б ғалымдар зерттеді. «Өзбек» сөзінің шыққан тегі жайында ғалымдар бірауыздан Алтын Орданың билеушісі Өзбек ханның (1312-1342) атымен тығыз байланысты екендігін айтады. Алтын Орда мемлекеті ыдырағанда Жошы ұлысының сол қапталындағы көшпелі тайпалар заманында Өзбек ханның ұлысы болғандықтан, олар өздерін «өзбекпіз» деп атайды.

Осы ұшы-қиырсыз далада 1428 жылы билік жүргізген Әбілқайыр ханның ұлысы «Көшпелі өзбектер мемлекеті» деген атпен тарихтан белгілі. Кейін, Әбілқайыр ханның өмірінің соңында (1469 ж.ө) көшпелі өзбек мемлекетінен өзбек, қазақ, ноғай ұлыстары бөлініп, жеке-жеке мемлекеттерге немесе ұлттарға айналды. Ал, Маураннахр халқының «өзбек» аталуына келсек, Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан 1500-1510 жылдары өзіне қарасты Дешті-Қыпшақ тайпаларын яғни көшпелі өзбектерді бастап келіп, Маураннахрды Темір әулеттерінен тартып алады.

Бұдан кейін, Маураннахрда Шайбани әулеті басқаратын өзбек мемлекеті пайда болды. Тарихшы Т.Сұлтанов «Өзбек» сөзі Шайбан ұрпағымен бірге Маураннахр мен Хорезм аумағына өткен тайпалардың атына айналды»[87, б. 56] – деп жазады. Дегенмен, өзбектердің ұлттық құрамы бір текті емес, бірнеше компоненттерден тұрады. Тарихшылар өзбектердің «Орта Азиялық бөліктегі ежелгі отырықшы халық (оларды біз сарттар дейміз), сондай-ақ, кезінде дербес мемлекеттер болған қарлұқ, оғыз, моңғолдар яғни, Селжүк, Қарахан, Темір мемлекеттері және қазақпен қаны да, тегі де бір көшпелі өзбектер» [88, б. 212] секілді әлеуметтік-ұлттық топтардан тұратындығын айтады.

Мұны тарихшы М.Тынышбаев та өз шығармасында: «Өзбектер қышлақтарда тұрса, сарттар қалаларда өмір сүреді. Өзбектен «руың кім» деп сұрасаң, «Кеңегес, Қыпшақ, Қатаған, Барын» деп жауап береді да, сарттан ру сұрасаң, тек «қалалықпын» деп жауап береді» [89, б. 178] деп жазады. Ұлттық құрамының әркелкілігіне қарай, өзбек ұлтының тілі де біркелкі емес. Өзбек тілі – Хорезм өзбектерінің тілі, Ферғана өзбектерінің тілі, Жызак, Сұрхандария-Қашқадария өзбектерінің тілі болып бөлінеді.

Тілші ғалымдар өзбек тіліндегі өзгешеліктерді былайша жіктейді: «Өзбек тілі негізінен Қарлұқ, Оғыз, Қыпшақ диалектісі болып бөлінеді [90, б. 564]. Қазақ хандығы мен Өзбек хандықтары, яғни екі туысқан мемлекет Орта Азия қалаларын алма-кезек иемденіп отырған. Қазақ хандығы күшейген кездері Ташкент, Хорезм, Самарқанд, Ферғананы жаулап алса, Бұқар, Қоқан хандықтары күшейген кездері Түркістан, Әулие-ата, Ташкент, Сайрам қалаларын өзіне қаратқан. 1582-1598 жылдары Тәуекел хан Самарқанд, Ташкент, Ферғананы Қазақ хандығының құрамына енгізді. Есім хан билік құрған 1598-1628 жылдары Бұқар хандығы Ферғана мен

Самарқанды өздеріне қайтарып алады. Бірақ, бұдан кейін екі ғасыр бойы Ташкент аймағы Қазақ хандығының құрамында болды.

Бүгінгі Оңтүстік Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзбектердің ата-бабалары негізінен көне Исфижаб (қазіргі Сайрам), Манкент, Ясы сынды қалалармен олардың маңына топтасқан қалашықтарда өмір сүрген. Сонымен қатар, Қоқан хандығы тұсында Ташкент, Хорезм, Самарқанд, Ферғана сынды қалалардан көшіп келіп, жергілікті халықпен аралас өмір сүрген. Қазақстанның оңтүстігін қоқандықтардан бұрын 1780 жылдары Ташкент билеушісі Жүніс қожа жаулап алған болатын. Жүніс қожаға дейін Ташкент пен Ходжент уәлаяты Қазақ хандығының құрамында болды. Бұған дәлел, 1720-1739 жылдары Ұлы Жүздің орталығы Ташкентті Жолбарыс ханның билеп тұруы. Жолбарыс ханға Ташкент аймағымен қоса, Сайрам, Шымкент, Түркістан, Ходжент атырабындағы көшпенділер мен диқандар бағынған. [91, б. 53]. Ташкент билігін Жолбарыс хан (1739) өлгеннен кейін Төле би, одан кейін Жүніс қожа қолына алады [92, б. 127].

Сондай-ақ, тарихшы Ә.Диваев Жүніс қожаға бағынышты болғандардың ішінде өзбектермен бірге қазақтың Қаңлы, Шаңышқылы, Бағыс және Рамадан тайпалары да болған деп көрсетеді (93, б. 151). XVIII ғасырдың екінші жартысында Қоқан қаласын астана еткен қоқандықтар күшейіп, XIX ғасырдың басында қазақтың Ұлы Жүзінің жерлерін жаулап алады. Дәлірек айтсақ, Әлім хан тұсында (1799-1809) 1808 жылы Ташкентті, 1809 жылы Шымкент, Сайрам, Әулие-Атаны басып алады. 1816 жылы Қоқан билеушісі Омар хан Түркістанды басып алып, үлкен той береді [94, б. 157-161].

Қоқан билеушілері жаулап алған жерлеріне бекініс салып, онда салық жинаушы Қоқан әскерлерін ұстап отырған. Яғни, Қазақстанның оңтүстігінде өзбектер Қоқан дәуірінде сауда-саттық жасап, сондай-ақ, жергілікті қазақтардан салық жинау үшін жіберілген Қоқан әскерілерінің келуімен пайда болғанын аңғаруға болады. Тарихшы И.Ерофееваның ғылыми еңбектерінде өзбектердің XIX ғасырдан бастап Оңтүстік Қазақстанда қоныстана бастағаны жазылады. 1750 жылға дейін билік құрған Барақ хан тұсында 10 мыңдай Найман және Қоңырат, Арғын, Дулат руларының қоныстанғандығы айтылады [95, б. 76-80].

Оңтүстік Қазақстан тұрғындары Қоқан езгісіне ұдайы өз қарсылығын білдіріп келген. Патшалық Ресей Қоқан хандығына шапқыншылық жасағанда жергілікті қазақтар діні бір қоқандықтарға емес, Ресей әскерінің жағына шыққан. Себебі, қоқандықтар өздеріне бағынышты жергілікті қазақтарды аяусыз азаптап, ауыр салықтар салып келген [96].

Ресми деректер бойынша қазіргі таңда қазақ жерінде жарты миллиондай өзбек халқы өмір сүреді. Еліміздің Оңтүстік аймағын мекендеп отырған өзбек халқы қазақ елін өз еліндей көреді. Барлық құқықтары қорғалған өзбектердің өз ана тілдерінде мектептері, театр, теле-радио кешендері, үйірмелері, көптеген газет-журналдары, т.б. әлеуметтік

мүмкіндіктері мол. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Талдықорған, Қызылорда қалаларында ұлттық мәдени орталықтары бар.

Тәуелсіз Қазақстан жеріндегі өзбек әдебиетінің тарихы өте әріден бастау алады. Өзбектің атақты ақындары Юсуф Сареми мен Абдулхамид Лузуми Оңтүстік Қазақстан жерінде дүниеге келіп, өздерінің шығармаларын жазған. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген өзбек әдебиетінің танымал өкілі Ю.Сареми Сайрам маңындағы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ірі сауда орталығы болған ескі қала Исфиджабта туылған. Абдулхамид Лузуми болса, ХХ ғасырдың басында Шымкентте дүниеге келіп, шығармаларын сол жерде жазған. Шығыстың жарық жұлдыздары Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Атаи және тағы басқа ескі түркі әдебиеті классиктерінің есімдері, орта ғасырда түрік мәдениеті мен әдебиетінің орталығы болған ескі Сайрам жерімен тығыз байланысты. Қазақстан тәуелсіздігін алғанға дейін жергілікті өзбек ақындарының есімдері қалың оқырманға танымал болған жоқ. Кеңес үкіметі тұсында елімізде өмір сүріп жатқан өзбек ақын-жазушылары өз шығармаларын кеңінен таныту үшін Өзбекстанға көшіп кететін.

Дегенмен, елмен әрдайым тығыз байланыста болатын. Қазақстан тәуелсіздік алған соң еліміздегі өзбек қаламгерлері мен қазақ әдеби тұлғалары арасындағы дәстүрлі шығармашылық байланыс нығая түсті. Қазір Қазақстанда «Чашма», «Чимкент», «Сайрам», «Исфижоб», «Шуъла», «Кудрат Хикмат», «Куккие илхомлари», «Камолот», «Карвон», «Атойи», «Шамчиروق» сияқты көптеген өзбек әдеби бірлестіктері жұмыс істейді. Бұл бірлестіктердің даму жолдары әр түрлі болғанмен мақсат-міндеттері біреу ғана. Ол әр түрлі ұлт өкілдерін бауырына басқан Тәуелсіз Қазақстан Республикасында бейбітшілік пен тыныштықты, достықты, өзара келісімді нығайтуға атсалысу.

Еңбектері еліміздің ақпарат құралдарында жарияланып, кітап болып басылып, көпшілік қауымға танылып, белсенді шығармашылықпен айналысып жүрген өзбек ақын-жазушыларының басты басты тұлғалары: Э. Рўзиматов, Т. Юлдашев, И. Жуманов, Ш. Шопұлатов, С. Акрамов, П. Бобоев, П. Иброхимов, А. Пратов, З. Моминжанов, Д. Сайфуллаев, Ё. Мадалиев, Б. Сабит, Б. Абдураимов, Э. Маммат, К. Юсуфалиев, Б. Жумаев, С. Камолова, У. Каримова, Г. Хасанова, Т. Пирназарова, Б. Муталов, К. Солибеков, С. Мумин, О. Режаметова, И. Юнусметов, Ш. Юсуфалиева, Р. Нишанкулова, А. Саидмуродов, М. Бегметова, Ш. Эргешов, Б. Мирасулов, С. Махмурзаева, М. Сапарова, т.б.

Жоғарыда аты аталған әдеби-мәдени бірлестіктері «Назм юлдузлари» («Поэзия жұлдыздары»), «Офарин!» («Бәрекелді»), «Истикболим – истиклолим» («Менің тәуелсіздігім – менің болашағым»), «Сайрам талантлари» («Сайрам таланттары») сияқты әртүрлі шығармашылық байқаулар мен фестивальдар ұйымдастырады. Өзбек ақын-жазушыларының шығармалары негізінен «Әлем әдебиеті» (Астана), «Дала»

(Алматы), «Муштум» (Ташкент), «Гулистан» (Ташкент) журналдары мен «Оңтүстік Қазақстан» (Шымкент), «Қишлоқ хаёти» (Ташкент), «Ишонч» (Ташкент), «Жанубий Қозоғистон» (Шымкент) газеттерінде жарияланады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының «Бойчечак» журналы мен «Жануб жарчилари», «Мартөбе», «Сайрам садоси», «Жамият ва маърифат», «Сайрам сабоси», «Болажон», «Исфижоб», «Адабиёт ва санъат» газеттерінде үздіксіз жарияланады.

1987 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында өзбек шығармашыл зиялы қауым өкілдерінің бастамасымен «Чашма» (Бұлақ) әдеби бірлестігі құрылған болатын. Еліміз тәуелсіздік алғалы қарқынды жұмыс жасаған бұл бірлестіктің ақын-жазушылары «Қанот қоқди» («Қанат қақты»), «Тўёна» («Сыйлықтар»), «Турон чечаклари» («Тұран гүлдері»), «Чашма гулдастаси» («Чашма» гүлдестесі), «Чашма мавжлари» («Чашма толқындары»), «Чашма чамани» («Чашма» гүлбақшасы), «Ёшлар овози» («Жастар дауысы») сияқты ұжымдық жинақтар мен көптеген кітаптарды оқырман қауымға ұсынды. Сонымен қатар, «Чашма» әдеби бірлестігінің мүшелері қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын өзбек тіліне аударып, газет-журналдар бетінде жариялады.

Өзбек халқының қарқынды жұмыс жүргізіп отырған тағы бір әдеби бірлестігі 1997 жылы құрылған «Чимкент» бірлестігі. Бірлестіктің бастамасымен 2006 жылы тәуелсіздігіміздің 15 жылдығына арналған «Отанға мадақ» атты алғашқы поэзиялық байқауларын өткізді. 2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Отанға мадақ» поэзиялық байқауын өткізіп, 2013 жылы «Чимкент – ижод гулшани» («Шымкент – гүлденген шығармашылық қаласы») атты әдеби жинақ шығарды. «Чимкент» шығармашылық бірлестігі мүшелерінің көптеген кітаптары өзбек тілінде жарық көрді.

М. Розметовтың «Ишқ достони» (1993), «Мухаббат можароси» (1997), «Вафодорим» (1999), Х. Гултураевтың «Муборак хаж сафари» (2007), «Уч кунлик дунё» (2008), «Журналистик хавас» (2008), Ю. Эргаш «Қайтар дунё» (2010), «Умр поғоналари» (2011), «Ойдан тушган одамлар» (2013), «Султон Жалолиддин» (2013), «Биз билган ва билмаган дунё» (2014), Т. Эрматтың «Кўнглимдаги гапларим – Сизларга армуғон дўстларим» (2007), «Хаёт ва саломатлик дурдоналари» (2012), З. Ташмухаммедованың «Изхори дил», «Тухфа» (2008), М. Юлдашеваның «Малохатим» (2006), М. Ибрагимованың «Дилда борим» (1993), К. Зокировтың «Хаётдан топилган жавоҳирлар» (2009), «Шеърият бўстони» (2010), А. Абдукаримовтің «Ёшлик завқи» (2008), М. Аташевтің «Эртақлар оламида» (2009), Т. Усмоновтың «Тақдир китоби» (2010), «Улфатларим» (2011), А. Абдухоликова «Хаёт доволлари» (2011), Р. Диловарованың «Бахт нишонаси» (2011), М. Султонованың «Яхшиликдир хаётнинг нақши» (2011), С. Муминнің «Кўркам наволар» (2008), «Хижрон ноласи» (2012), Н. Мухаммедованың «Хаёт қиссаси» (2013), П. Намоздың «Виждон азоби» (2011), «Мақсаднинг саргузаштлари»

(2012), «Оқ кушлар, оппоқ кушлар» (2014), С. Мўмин мен З. Ташмухаммедованың «Икки дил таронаси» (2012), З. Ташмухаммедова, К. Зокиров, С. Мўминнің «Уч нозим назми» (2013), т.б. кітаптар мен кітапшалар жарық көрді.

2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында өзбек халқының «Сайрам» атты тағы бір әдеби бірлестігі құрылды. Бұрын Кеңес үкіметі кезінде құрылып, 90-жылдарда жабылып қалған, кейін қайта ашылған бұл бірлестіктің белсенді мүшелері Х. Тиллахұжаева, М. Қодиров, Х. Йўлдош, Э. Султонова, И. Мамадаминов, А. Пратов және С. Зиёбековтер. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында ақын У. Собирдің бастамасымен 2002 жылы ашылған «Исфижоб» әдеби бірлестігінің қолдауымен Х. Кўчқоров, С. Шомуродов, Х. Одилова, О. Тиллахұжаевтың кітаптары жарық көрді. Бірлестіктің 2003 жылы Алматы қаласында «Исфижоб инъоми» атты ұжымдық жинағы жарыққа шықты. Түркістан қаласында «Кудрат Хикмат» және «Куккие илхомлари» әдеби бірлестігі көп жылдардан бері жұмыс жасап келеді. Бұл бірлестіктердің мүшелері көптеген әдеби-мәдени байқаулардың иегерлері.

2012 жылы Сайрам ауданының Қарабулақ ауылында «Шуъла» («Шұғыла») әдеби бірлестігі құрылды. Бірлестік мүшелерінің шығармалары «Жанубий Қозоғистон», «Сайрам садоси», «Сайрам сабоси» газеттерінде және «Бойчечак», «Камалак» журналдарында жарияланды.

Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Қулкент ауылында «Камолот», Түлкібас ауданының Озодлик ауылында «Карвон», Қазығұрт ауданының Турбат ауылында «Атой» және Төле би ауданында «Шамчирок» атты өзбек әдеби-мәдени бірлестіктері бар. Жоғарыда аты аталған бірлестіктердің барлығы да бір мақсат, бір тілек, бір идеологияға, қазақ елінің тәуелсіздігінің нығаюына, бірлікке, достыққа, тыныштық пен өзара келісімге, түркілік ұлттық рухқа тәрбиелеуге, еңбекқорлыққа, мейірімділікке, үлкенге құрмет көрсетуге жұмыла қызмет етуде.

Еліміздің тәуелсіздігінің арқасында өзбек халқы бірнеше әдеби-мәдени бірлестіктер құра білді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының Жазушылар Одағына өзбек этносының бірнеше ақын-жазушылары, атап айтқанда, И. Жуманов, Х. Кўчқоров, Б. Собитов, А. Пратов, З. Мўминжоновтар қабылданды. Өзбек қаламгерлерінің еңбектері Алматы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларының баспаханаларында басылды. Басым бөлігі қазақ тіліне аударылды. 2009 жылы Алматыда А. Пратовтың «Бір тал гүл» атты кітабы қазақ ақыны И. Сапарбаевтың аудармасымен қазақ тілінде жарық көрді.

Қазақ ақын-жазушылары Қ. Ергөбек, Қ. Мырзалиев, М. Шаханов, Х. Есенқараева, С. Әбдірахманов, т.б шығармалары өзбек тілінде жарық көрді.

Елімізде жыл сайын өзбек халқы әдеби-мәдени бірлестіктерінің демеуімен өз қаламгерлерін рухани және материалдық жағынан қолдау мақсатында «Назм юлдузлари» («Поэзия жұлдыздары») атты

Қазақстандағы өзбек қаламгерлерінің форумы өтеді. 2003 жылы өзбек халқының облыстық драма театры ашылды. 2012 жылы Қазақстан Республикасы өзбектерінің «Дўстлик» Ассоциациясы жанынан «Ижодкор» атты шығармашылық бірлестік құрылды. Оның мақсаты еліміздегі өзбек қаламгерлерінің ең мықты өкілдерін іріктеп, бірігіп жұмыс жасау.

Елімізде өмір сүріп жатқан өзбек этносының поэзиясын жалпылама екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезеңге Кеңес үкіметі тұсындағы поэзияны, ал, екінші кезеңге Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі поэзияны жатқызамыз. Бірінші кезең ақындарына Э. Рўзиматов, Т. Юлдашев, И. Жуманов, Ш. Шопўлатов, С. Акрамов, П. Бобоев, П. Иброҳимов, А. Пратов, З. Мўминжанов, Д. Сайфуллаев, Ё. Мадалиев, т.б. Ал, екінші кезең ақындарына ойларын ашық айтып, кеңінен жырлаған еліміз егемендік алғаннан бергі барлық өзбек ақындарын жатқызуға болады. Олар Э. Рўзиматов, Т. Юлдашев, И. Жуманов, Ш. Шопўлатов, С. Акрамов, П. Бобоев, П. Иброҳимов, А. Пратов, З. Мўминжанов, Д. Сайфуллаев, Ё. Мадалиев, Б. Сабит, Б. Абдураимов, Э. Маммат, К. Юсуфалиев, Б. Жумаев, С. Камолова, У. Каримова, Г. Хасанова, Т. Пирназарова, Б. Муталов, К. Солибеков, С. Мўмин, О. Режаметова, И. Юнусметов, Ш. Юсуфалиева. Р. Нишанкулова, А. Саидмуродов, М. Бегметова, Ш. Эргешов, Б. Мирасулов, С. Махмурзаева, М. Сапарова, т.б.

Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек әдебиеті өкілдері негізінен поэзия жанрында көп қалам тербеген. Өзбек ақындарының жырлары еліміздің тәуелсіздігін мақтан тұту сезімі, елдің тыныштығы мен сол елде өмір сүріп жатқан халықтар арасындағы өзара келісім, қазақ еліне, жеріне деген ризашылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, махаббат, достық, т.б. тақырыптарды қамтиды. Өзбек халқының көрнекті ақындарының бірі Эрназар Рўзиматов. 1990 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болған ақын, Кеңес үкіметі тұсында-ақ өзбек халқының ықыласына бөленген, кең танылған қаламгер. Оның қаламынан көптеген туындылар жарық көрді. «Қовун палак» («Қауын»), «Пахта құшиғи» («Мақта туралы ән»), «Тинчимаган Эргаш» («Сотқар Эргаш»), «Табиб бобо ва менинг саргузаштларим» («Дәрігер ата және менің басымнан өткен оқиғалар»), «Чинор тагидаги учта қиз» («Шынар түбіндегі үш қыз»), «Туркистон ва Робия Султонбегим» («Түркістан және Рәбия Сұлтанбегім»), «Туркистон гуллари» («Түркістан гүлдері»), «Қадимий Сигноқ ва отчопар қиссаси» («Көне Сығанақ туралы қисса»), т.б. көптеген еңбектері жарық көрді. Жырларын негізінен мектеп қабырғасындағы жасөспірімдерге арнайтын ақын шығармалары мейірімділікке, достыққа шақырып, ұлттық құндылықтарымызды бағалайтын елін сүйген патриот болуға үндейді. Ақындығымен қатар Түркістан қалалық өзбек мәдени орталығын басқарып отырған Э. Рўзиматов талантты аудармашы ретінде де елге танымал. Ол қазақ қаламгерлерінің көптеген шығармаларын өзбек тіліне аударды. Қ. Мырзалиевтің «Кумуш күнғироқ», Ә. Дүйсенбиевтің «Шеърлар тұплами»,

Қ. Ергөбектің «Адабиет ва абадият». Ақынның еңбектері «Өзбек балалар әдебиеті антологиясына» енген. Э. Рұзиматовтың бірқатар шығармалары қазақ, орыс, тәжік тілдеріне аударылды. Ақынның туған елге, жерге арнаған жырларының бірі – «Туркистон фарзандиман» («Түркістан перзентімін») өлеңінде ақын:

...Меҳмонга меҳри дарё,...
Туркистон фарзандиман.
Эл суянчи, фидойи жон,
Халқи учун кўкси қалқон,
Ўғлонларин қадди расо –
Туркистон фарзандиман.
Улуғ Аҳмад Яссавийнинг
Тупроғида изи бор,
Хоки пойи тўтиё –
Туркистон фарзандиман[24, б.189].

...Мейманына мейірбан
Түркістан перзентімін.
Елге сүйеніш, пида жан,
Халқы үшін көкірегі қалқан,
Ұлдарың келбетті -
Түркістан перзентімін.
Ұлы Ахмет Яссауидің
Топырағында ізі бар,
Қасиетті топырағы -
Түркістан перзентімін.

Э. Рұзиматов бұл өлеңінде қазақ поэзиясында ерте кезден өте жиі қолданылып келе жатқан жеті-сегіз буынды өлең өлшемін шебер қолданған. Жеті буынды өлеңнің тармағы екі бунақтан (4 буын – 3 буын), сегіз буынды тармағы үш бунақтан (3 буын – 2 буын – 3 буын) құралады. Осы екі түрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі ретпен топтасады. Жеті-сегіз буынды өлеңнің қазақ поэзиясында Абайдан бастап лирикалық өлеңдерде орныққан ырғағын ақын өз жырларында пайдаланған.

Қожа Ахмет Яссауи сияқты ұлылардың ізі қалған Түркістан қаласының мерейінің әрқашан үстем екендігін, келіп-кетер қонағы үзілмейтін, құт-берекесі мен бақ-дәулеті ешқашан ортаймайтын тарихи қаланың перзенті болғанын мақтан етеді. Э. Рұзиматов «Шимкентим» («Шымкентім») өлеңінде де қаланың атын асқақтатып «Бұқара мен Самарқандқа тең қаласың» деп жырлайды. Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан қаланы Арыстан баба мен Қожа Ахмет Яссауиға мекен болып, Йүгнеки мен Атаиға дастан жаздырған, жасыл желек жамылған жас келіндей хас сұлу, қасиетті қала деп дәріптейді. Ақынның төменде берілген өлеңінде қолданған әдіптеме ұйқас (редиф) тәсілі араб, парсы және түркі тілдес халықтардың ақындық өнерінде кеңінен қолданылады. Сөздің үнділігін, саздылығын, нақыштылығын, келісімін арттыратын редиф өлең түрі ақын жырларына да көрік берген.

Машғал шарқим машғалидир,
Тарихи кенг Шимкентим,
Самарқанду Бухорога доврұғи
Тенг Шимкентим...
...Бепоен бу заминида шох
Улуғбек қизи бор,
Шому Ироқларға туташ
Ипак йулин изи бор.

Шығыстан алаулаған
Тарихы кең Шымкентім,
Самарқанд пен Бұқараға
Тең Шымкентім...
...Бепоен бұл заманда Шах
Ұлықбек қызы бар
Шам мен Иракқа созылған
Жібек Жолының ізі бар

Арсланбобу Яссавийга маскан
Булган – Шимкентим.
Атоий хам Югнакийга достон
Булган – Шимкентим...[24, б. 191-192]

Арыстан-Баба, Яссауиға мекен
Болған – Шымкентім.
Атаи мен Йгүнекиге дастан
Болған – Шымкентім....

(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын өз шығармаларында әрдайым бейбітшілікті, ел ішіндегі тыныштықты, халықтар арасындағы өзара келісімді, ұлттық құндылықтарымызды, дінімізді баға жетпес байлығымыз деп жырлайды. Қазақ пен өзбектің түбі бір туысқан халық екендігін, бір Отанның ұланы, бір елдің ұрпағы екендігін жазады. «Дустлик қушиғи» («Достық жыры») атты өлеңінде:

Инсонларга дўст сўзи,
Пайғамбардан қолған сўз.
Доно халқим беғараз,
Дил кўрига олған сўз...
...Сирбай Мавленов, Миртемир
Ажралмас дўст бўлишган,
Ғафур Ғулом, Собит хам
Дўстикка ҳисса кўшишган.
– Оға боласи, – дер Мухтор,
Мусо Ойбек жўрасин,
Бир қориндек тушгандек
Ака-ука бўлишган.
Ўзбек, қозоқ бағри кенг,
Хар бир ишда хамдам, тенг...[24, б. 190-191]

Адамзатқа дос сөзі
Пайғамбардан қалған сөз,
Дана халқым риясыз,
Жүрегінен шыққан сөз
...Сырбай Мәуленов, Миртемир
Ажырамас дос болған,
Ғафур Ғулам, Сәбит те
Достыққа қосқан үлесін.
– Аға баласы, – дейді Мұхтар,
Муса Айбек құрдасын,
Бір қарыннан шыққандай
Аға – көке санаған
Өзбек, қазақ құшағы кең,
Барлық істе болған тең...

(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын Мұхтардың Мұса Айбекті «аға баласы» деп құрметтейтінін жырына қосып, бірін-бірі «ака-көке» деп сыйласқан, құшағы кең туысқан өзбек-қазақ арасындағы шынайы қарым-қатынасты жырлайды. Адал достықтың үлгісі болған ел зиялылары Сырбай мен Миртемир, Ғафур мен Сәбит арасындағы достықты дәріптейді. Ақын жырларына қарап шығармаларын негізінен лирикалық жанрда жазғанын байқаймыз. Жырларынан лириканың басты сипатын, яғни, адамның әр түрлі құбылыстарды, жағдайларды қалай қабылдап сезінгенін бейнелеу, оның ой-сезімін, алған әсерін суреттеу арқылы жеткізу тәсілдерін қолданғанын көреміз. Ақын жоғарыда келтірілген өлеңінде лирика жанрының толғаныс түрін қолданған.

Тәуелсіз қазақ еліндегі өзбек ақындарының бірі – Олимжон Дуржонбоев. Ақынның көптеген жырлары жергілікті және облыстық газет-журналдарда жарияланды. 2000 жылы «Туркистон тупроғидон» («Түркістан жерінде») атты кітабы жарық көрді. Кітабына атын берген «Туркистон тупроғидон» («Түркістан жерінде») атты өлеңінде ақын барша түркі халықтарының ата-бабасының мекені болған Түркістаннан өсіп-өнген

ғұламаларды тізбектеп жазады. Арғысы ойшыл-философ, әмбебап Әл - Фараби, ақын, ғұлама, сопы Қожа Ахмет Яссауи, азулы қолбасшы Ақсақ Темір бергісі Миртемир Турсунов, т.б. жырына қосады. Кітабына кірген «Туркистон Мадхи» («Түркістанға мадақ») жырында Түркістан мен Сырдарияның таңғажайып табиғатын әсем сөзбен суреттеп, Түркістанның маңайындағы Ташанақ, Икан, Қарнақ т.б. елді мекендерде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген құрметін, сыйластығын, еңбекқорлығын баса айтып, жырлайды. Махаббат тақырыбына кең тоқталған ақынның бұл еңбегіне «Мухаббат» («Махаббат»), «Мухаббат тулкинлари» («Махаббат толқындары»), «Мухаббатсанми?!» («Махаббатпысың?!»), «Айри тушма мухаббатдан» («Махаббаттан айырма»), «Сенсиз» («Сенсіз») атты өлеңдері жарияланған. Сонымен қатар, ата-анасына, достарына арнаған жырлары да шынайы, әсерлі тілмен жазылған. Олимжон Дуржонбоев өлеңдері негізінен қара өлең ұйқасымен жазылған. Төрттармақтардың бірінші, екінші және төртінші жолдары бірыңғай ұйқасады. Шын мәнінде, бұл ұйқас барлық өлең түрлерінде кездеседі, дегенмен бастапқыда қара өлең түрінде қолданылғандықтан «қара өлең ұйқасы» деп аталып кеткен. Бұл ұйқас әуезділігі, үнділігі жағынан өте келісті мағыналық жағынан да жағымды болып келеді. Ақын «Абай» атты өлеңінде Ұлы Абайдың әдеби мұрасы тек қана қазақтардың емес бүкіл түркі әлемінің құнды мұрасы. Абай өлеңдері байға да, кедейге да жол сілтейтін шамшырақ секілді болған. Оның жырлары мен қара сөздері қырғыз, түркімен, өзбек, тәжік арасында кең танымал, - деп жазады:

...Элим деб, юртим деб ёнган ёлқин сен, ...Елім деп, жұртым деп
Халқи тилидасен, эзгу талқинсен, Халықтың тіліндесің, жатталған
Сирли-синоатли улкан оқинсен, Сырлы-өнерлі үлкен ақынсың,
Бутун ўзбек эли алқайди сени!... Бүкіл өзбек елі қолдайды сени!...
...Халқим шоирингни кўқларга кўтар, ...Халқым ақыныңды көкке көтер,
Бутун туркий эли алқайди сени![98, б. 11] Бүкіл түрік елі қолдайды сени!
(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Соатой Камалқызы – еліміздегі өзбек халқына кең танылған ақындарының бірі. Ақынның онға жуық топтамада өлеңдері шыққан. «Кўнгил мулки» («Жан байлығы»), «Қалбим туғёни» («Жүрегім тыншымайды»), «Ед этган яхшиларим» («Еске аламын, қымбаттыларым»), «Сирли соз» («Сырлы саз») атты еңбектері жарық көрген. Ақын жырларындағы басты тақырып: адамдық қасиетті ұлықтау, рухани байлықты биікке көтеру, үлкен адамгершілік пен азаматтық мұрат. Көңіл-күй лирикасы шеберінің «Сирли соз» («Сырлы саз») (2016) кітабында мейірімділік пен адамгершілік, махаббат пен достық, туған елге, жерге, ата-анаға деген шынайы сезімге толы жырлары берілген. Сондай жырларының бірі «Қозоғистон-Ватаним менинг» («Қазақстан – Отаным менің») өлеңінде барлық Қазақстан халқының Абай мұрасынан өнеге алып, Жамбыл жырларымен сусындап, батыр Бауыржанға ұқсап сап түзеп, бойларына күш

бітіп, мәңгіге өшпейтін, қазақтың небір саңлақ даналарының ізі жатқан ұлы далада өмір сүріп жатқанын мақтанышпен жырлайды. Ақын өлеңін әдіптеме ұйқасында жазған. Яғни, ұйқас сөздерден кейін қайталанып отыратын қосақ сөз не болмаса сөз тізбегін қолданған. Қазақ поэзиясында сирек кездесетін бұл ұйқас түрі араб, парсы түркі халықтары ақындарының шығармаларында кең қолданылады. Әдебиеттану терминологиясында редиф деп аталатын ұйқастың бұл түрі өлең сөздің нақыштылығын, әдемілігін, саздылығын арттырады. Төменде өлеңінен үзінді келтірсек:

Мен туғилган бу диер, Қозоғистон аталур
Қуп улканинг тилида, номи достон аталур,
Йигитлари Ватанга содиқ посбон аталур
Рахна солмас хеч бир ев, тиниқ осмон аталур,
Ватан ерин гуллатмоқ, орзу – армоним менинг
Мехрим уруғин сочай, етса дармоним менинг...
...Таъриф этмоққа етмас юзта достоним менинг,
Гулла, яшна, камол топ, Қозоғистоним менинг! [99, б. 7-8]

Қазақшасы:

Мен туылған бұл мекен Қазақстан аталар.
Сан өлкенің жадында аты дастан аталар.
Жігіттері намысты, құрыш, айбат аталар,
Жік түсірмес ешбір жау, тыныш аймақ аталар.
Жер бетінде бағы зор, арзу-арманым – елім,
Жүрем мейір шашып мол, жетсе дәрменім менің...
...Суреттеуге теңеу таппан, ғажапстаным менің,
Жаса, жайна, өркендей бер, Қазақстаным менің! [99, б. 7-8]

Ақын бұл өлеңінде аллитерация (дыбыстас) тәсілін қолданған, яғни бірыңғай дыбыстардың үндестігі, нақтырақ айтқанда, әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Аллитерация тәсілі Гомерден Абайға дейінгі ақын атаулының бәрінде кездеседі.

Соатой Камалқызының 2012 жылы жарық көрген «Кунгил мулки» («Жан байлығы») атты кітабына өмір, махаббат, адамгершілік туралы ойларын жеткізген жаңа жырлары енген. Тәуелсіз Қазақстанның егемендігінің баянды болуын тілеген ақынның шынайы ниеті жырларынан көрініс тапқан. «Қозоғистоним» өлеңінде ақын:

...Етсам бешигимсан, орзум эшиги,
Пойимни гулларга ураган узинг.
Сени деб уради куksимда юрак,
Сени деб жаранглар куй, кушиқ, сузим.

Онам мехри каби бағринг уммони,

Отамдек суюксан боғу бустоним.
Замининг макондир не-не дахога
Сен менинг юртимсан–Қозоғистоним [100, б.71]

Аудармасы:
...Әлдилер бесігім – арман есігі,
Жолымда ақ гүлге ораған өзің.
Отан деп тулайды перзент жүрегі,
Отан деп толғайды ән-жырым, сөзім.

Анамдай кеңсің, көркемсің, өзің,
Әкемдей асқарым – ғажапстаным.
Ғұлама жандар өзіңде өтті,
Менің ғазиз Отаным – Қазақстаным! (Ауд. Н.Төремұратов) [99, б. 48]

Ақынның 2010 жылы шыққан «Ед этган яхшиларим» («Еске аламын, қымбаттыларым») атты кітабына туған-туыстарына, ата-аналарына, іні-қарындастарына, жақын-жуықтарына, оқушыларына, дос-жаран, әріптестеріне арнаған өлеңдері кірген. Соатой Камалқызы жырларының басым бөлігі өзбек халқының тілі мен дінін, әдет-ғұрпын дәріптеуге арналған. «Оно тилим» («Ана тілім»), «Халқим» («Халқым»), «Танти дехқон узбегим» («Жомарт дихан өзбегім») жырларында еңбекқор өзбек жұртының адалдығы мен мейірімділігі, жомарттығы мен меймандос көңілі шеберлікпен суреттеледі.

Шоахмад Шопулатов өзбек халқының «Чашма» әдеби-мәдени бірлестігінің мүшесі, елге танылған ақыны. Көптеген жергілікті мүшәйралардың жеңімпазы. 2002 жылы Ташкент қаласында басылған «Шукрона» («Алғыс») атты жинаққа ақынның отан туралы жазған жырлары басылды. Қазақ жерінде өмір сүріп жатқан халықтардың арасындағы өзара достық, өзбек халқының еңбекқорлығы, қазақ халқының кеңпейілдігі Ш. Шопулатов жырларының басты тақырыбы болып табылады. Ақынның «Бу менинг Ватаним – Қозоғистоним» («Бұл менің Отаным – Қазақстаным») атты өлеңінде қазақ жерінде өзін бақытты, еркін сезінетін, өміріне риза жанның шынайы бейнесі суреттелген:

Олатоғ ортидан куёш нур сочган,
Халқимга мехри-ла бағрини очган,
Кувончидан кунгиллар хайқирип шошган
Шу ерга тўкилган ох, киндик қоним,
Бу менинг Ватаним – Қозоғистоним.

Хаётим фаровон, дўстлар кадрдон,
Ўз эрким кўлимда, қийналмас виждон,

Ислондай диним бор, комилдир иймон,
Яшнайти хаётим, чексиз имконим,
Бу менинг Ватаним – Қозоғистоним [102, б. 9].

Аудармасы:

Алатау ортадан күн нұрын шашқан,
Халқыма мейіріммен құшағын ашқан,
Қуаныштан күн көзі жарық нұр шашқан,
Бұл жерге тамған алғаш кіндік қаным,
Бұл менің Отаным – Қазақстаным.

Өмірім ғажайып, достар қадірлі,
Өз еркім өз қолымда, қиналмас ар-ождан
Исламдай дінім бар, кәміл иман,
Жайнайды өмірім, мүмкіндігім шексіз,
Бұл менің Отаным – Қазақстаным.

(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ақын поэзияда жиі қолданылатын, дәстүрлі он бір буынды, аралас буынды өлең өлшемін пайдаланған. Жоғарыда келтірілген өлеңінде поэзиядағы синтаксистік өрнектер, сөйлемдердің өрнектелу үлгісі – оралым түрін қолданған. Оралым бір шумақты да, бірнеше шумақты да, кейде тіпті өлеңді түгелдей қамтитын синтаксистік өрнек. Оралым түрі сөйлемдердің мағыналық жағынан әр түрлі тәсілмен топтасуы ақын жырларында жиі кездеседі.

Закиржан Моминжанов – ақын, аудармашы. Лақап аты Зокир Ахмад. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1993 жылы жарық көрген «Бахор камалаги» («Көктем кемпірқосағы») атты алғашқы өлеңдер жинағын оқырмандар жылы қабылдады. Кейіннен 1996 жылы өзбек тілінде «Ирмоқлар туташганда» атты кітабы шықты. Оның артынан 2001 жылы «Тўёна», 2013 жылы «Чимкент – ижод гулшани» атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Бірнеше мүшәйралардың өлеңдер жинағында өлеңдері жарияланды. 1992 жылы қазақ тіліндегі «Мүшәйра-92» жинағында, 1999 жылы «Қанат қақты» өлеңдер жинағында (С. Сәрсенбековтың аударуымен), 2003 жылы «Тұран толқындары» жинағында (М. Ақынбековтың аударуымен) бірнеше өлеңдері жарық көрді. Қазақ және орыс тіліндегі шығармаларды өзбек тіліне аударумен айналысады. Оңтүстік Қазақстан облыстық Өзбек театрында ақынның аударуымен Ж. Хұдайбердиевтің «О, ұлы сұлтан», Ә. Файзуллаевтің «Батыр», А. Оразбековтің «Жалғыз алма» пьесалары қойылды. З. Моминжанов жырлары туған жер, ел, туысқан қазақ халқына ризашылық, махаббат т.б. тақырыптарды жырлайды. Ақынның «Ассалом, Астана!» (Салем, Астана!) атты өлеңінен қазақтың бас қаласына деген махаббатын, сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін аңғарасың:

...Мендай ошиқ бұлар бир кўрган киши,

Гарчанд таъби инжиқ, қаҳрли қиши,
Гўзалдир, бетакрор, сержилва Ишим,
Ассалом, Астана, мўътабар шаҳар!

Юртимда буғдойнинг жони яралган,
Жаҳонга шуҳрати, номи таралган.
Бугун пойтахт бўлиб қайта яралган,
Ассалом, Астана, муҳташам шаҳар!... [24, б. 222]

Аудармасы:
...Мендей ғашық болар бір көрген кісі,
Болса да табиғаты қатты, қаһарлы қысы,
Хас сұлу, теңдессіз, нұрлы айдын Есіл,
Салем, Астана, қадірлі қала!...

Елімде бидайдың жаны жаралған,
Жаһанға атағы, даңқы таралған.
Бүгін астана болып қайта жаралған.
Салем, Астана, сымбатты қала!... (сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Ұлттық рухты көтеретін патриоттық сарындағы, түркілік тұтастық, елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар арасындағы ынтымақтастық, өзара келісімді дәріптейтін жырларымен оқырманын тапқан ақын шығармаларын негізінен азаматтық лирика жанрында жазған. Әлеуметтік мәселелерді қозғап, халықтың тағдыры туралы ой қозғап, өз толғаныстарын жеткізген ақынның жырлары саяси-әлеуметтік лирика жанрында да жазылған. Ақын төменде берілген жырында силлабикалық және силлабо-тоникалық өлең жүйесіндегі ұйқассыз Еуропа халықтарының поэтикасына тән ақ өлең жанрын шебер қолданған.

...Қозоқ, қирғиз, ўзбек, туркман...
Бир буғин насли,
Ғаним келса, туркий хеч вақт
булмаған таслим,
Халқим, сен – чун
бошланмоқда истиқбол фасли –
Она – ватан нашъасини
хис эт, замондаш!... [24, б. 223]

...Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен...
Түбі бір болған,
Дұшпан келсе, түріктер еш уақыт
бас имеген, берілмеген,
Халқым, сен үшін
басталды келешек ісі –
Бізге керек – Отанды сүю,
сезіну, замандас!...

(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Қазақстандағы өзбек халқының танымал ақындарының бірі, өлеңдері Рахим Рашид лақап атымен танылған – Абдирахим Пратов. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, көркем сөз өнері шеберінің шығармалары Қазақстан мен Өзбекстанның мерзімді баспасөз беттерінде жарияланады. Қаламгердің «Ўз дунём бор»

(«Өз әлемім бар») және «Бір тал гүл» (қазақ тілінде) атты кітаптары жарық көрді. Алматы, Шымкент, Ташкент қалаларында әр жылдарда басылған «Ёшлар овози», «Турон чечаклари», Қанот қоқди», «Чашма гулдастаси», «Чашма мавжлари» жинақ-топтамааларда өлеңдері басылды. «Бойчечак», «Камалак» балалар журналдарының негізін қалады. «Адабиёт ва санъат» («Әдебиет және Өнер») газетінің редакторы. Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек халқы әдебиетінің қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан А. Пратов жырлары сан алуан тақырыпты қамтиды. Еліміздің тәуелсіздігінің нығаюы халқымыздың тыныштығының кепілі деп санайтын ақын жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, ата-баба салып кеткен соқпақпен жүруге, тарихқа тағзым етуге, киелі атажұртты қадірлеуге, отанды сүйуге, отанға қызмет етуге үндейді. Ақын «Атамекен» атты жырын «бар түріктің бесігі» болған Түркістан қаласына арнап, өзбек-қазақ бөлінбеген Тұранды жоқтайды:

...Дүние-ай, сенің қай мәнің қалды? Дүние-ай, сенің қай мәнің қалды?
Қан төккен ойран, майданың қалды... Байраққа қанша байладым жанды?!
Түлеген түпкі түркінің жұрты – Тұяғымен аттың тасқа қашалып
Түркістан қалды, Сайрамым қалды. Тарихым қалды – айғағым қалды!...

...Төркінсіз тұлдың төсегі ылаң,
Көңілден қашан көшеді күмән?
Кемелің қайда, дерегің қайда,
Кесекті ерлер... кешегі Тұран?!... [102, б. 8-9] (Аударған И.Сапарбай)

Ақын жырларында лирика жанрының барлық түрлерін үйлесімді қолданып, өлеңдерін негізінен он бір буын, аралас буынмен жазған. Сонымен қатар, ақын мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс нәзира жанрында да қалам тербеген.

Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек халқының орта буын әдебиетшілері, қаламгерлерінің бастамасымен бірнеше әдеби-мәдени бірлестіктердің жұмыс істеуі, өзбек тілінде бірнеше газет-журналдардың жарық көруі, өзбек тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің дамуына зор ықпал етті. Соның бір айғағы, еліміздегі өзбек тілді жас буын ақын-жазушылар санының айтарлықтай көп болуы. Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген жас қаламгерлердің көпшілігі өлеңдерін екі тілде де (қазақ және өзбек) еркін жазады. Жас ақын М.Сапарова поэзияға шынайы ғашық, нәзік лирик. 2013 жылы ақынның «Аққу арман» (қазақ және өзбек тілдерінде) атты алғашқы кітабы жарық көрді. «Тәуелсіздік таңы», «Қазақ қызы», «Қазақ елі», «Теңдесі жоқ Астанам», «Елім дедін», «Ыбырай ата», «Жамбылға арнау», «Мұқағали Мақатаевқа», «Ұлы ақын Махамбетке», «Қазақ батырлары», «Өнерге әркімнің де бар таласы», «Қазыналы тарихым», «Махамбеті қазақтың», «Қазақ тілде жыр жаңғыртар қолда қалам», «Қасымның өмірі», «Отан үшін», «Абайға сыр», «Ауылым әнім», «Әдебиетті өрнектейін өлеңіммен», «Қозоғистоним», «Қозоғистон шунақа», «Иқоним – маконим» (103, б. 4-78)

т.б. жырлары ақынның Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінде туып, тәуелсіз елде өскен ұрпақ екендігін көрсетеді. Жас ақынның қазақ елінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін жетік білуі, қазақ халқына деген құрметі еліміздің егемендігінің арқасы. Еркін ой мен ашық түсінік, болашағы айқын тәуелсіз елдің ғана ұрпақтарына тән қасиет.

Акажан Иззатулла лақап атымен танылған жас ақын А. Иззатуллаевтің 2008 жылы «Соғиниб яшайман» («Сағынып өмір сүремін») атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Поэзияны дәріптеген ақынның жырлары негізінен махаббат, туған жер, ата-ана, дос-жаран тақырыптарында жазылған. Өзбек халқының тағы бір жас ақыны Ш. Молайханов. Оның жырларынан ұлттық рух, Отанға, өмірге деген махаббат, адамгершілік, мейірімділікті көреміз. Ақын «Қозоғистоним – онам менинг!» («Қазақстаным – анам менің»), «Қорабулоқ – она кишлоғим» («Қарабұлағым – туған ауылым»), «Ватан ягонадир» («Отан – жалғыз») атты жырларында жастарды, яғни өз замандастарын Отанды сүйеге, қорғауға шақырады. Шохмурод Молайханов бірқатар жергілікті және республикалық ақындар мүшәйрасына, жас ақындар байқауларына қатысқан. Өзіне тән ақындық сүрлеуі бар жас ақынның «Қозоғистон – элим менинг» атты өлеңінен туған жері үшін жаны құрбан жас ұланның бұлқынысын көреміз. «Жон элим, Қозоғистон, Томиримда оққан қон. Сенга фидодир жоним, Бағрингда шод хар оним. Бағрингдай феълинг хам кенг, Келмас сенга хеч ким тенг. Пойтахтим – гул Астанам, Мангу ёруғ кошонам». Аудармасы: «Жан елім, Қазақстан, Тамырымда аққан қан. Саған құрбан жаным, Бауырыңда бақыттымын, Ыстық кең құшағыңда, Саған ешкім тең келмейді. Басымдағы тәжім – гүл Астанам, мәңгілік мекенім», (сөзбе-сөз ауд. автор) деп жырлайды. «Ватан ягонадир» жырында жалғандағы жалғыз Отанының туып – өскен Қазақстан екендігін айтады:

Ота макон, она юртим Қозоғистон,
Яссавий бобом етган қадим Туркистон,
Ботирларинг айлагай сенга фидо жон,
Бу муқаддас заминда Ватан ягона...

Юртим, мадхинг куйловчи булбулингдирман,
Ўзин сенга бағишлаған жон – дилингдирман,
Қадринг кўтармоқчи шоир уғлингдирман,
Бу муқаддас заминда Ватан ягона [26, б. 161-162].

Аудармасы:

Ата мекен, ана жұртым Қазақстан,
Яссауи бабам өткен ескі Түркістан,
Батырларың етер саған пида жан,
Бұл қасиетті жерде Отан жалғыз...

Жұртым, мақтауыңды асырар бұлбұлыңмен
Өзін саған бағыштаған ғашық жанмын,
Қадіріңді асқақтатар ақын ұлыңмын,
Бұл қасиетті жерде Отан жалғыз... [26, б. 161-162].

(сөзбе-сөз ауд. Бүркітбаева Ш.)

Дилноза Рустамбекова – өзбек жас ақындарының қатарына өзіндік бағытымен келген ақын. 2011 жылы «Қалбим нидоси» («Жүрек наласы») атты кітабы жарық көрді. Ақын жырлары адамдар арасындағы қарым-қатынас, ғашықтық сезім, айрылысу, мейірім, адалдық, адамгершілікті жырлайды. Жас ақындар Бахтиёр Мирасулов, Темурхон Абдисаметов, Робия Нишонқулова, т.б. өлеңдері патриоттық рух, ұлттық бірегейлік, ел тыныштығы, туған жерге деген махаббат, қазақ еліне деген ризашылық сезімді жырлайды.

Әлем халықтары әдебиетінің қалыптасуы, даму жолы – адамзат дүниетанымының айнасы. Ұрпақтар жалғасуында адамгершілік қасиеттердің асыл сапалары эстетикалық-гуманистік тағылымымен игерілуі басты назарларда болып келеді. Адамдардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәлім-тәрбиелік игі дәстүрлерін сөз өнері шығармалары арқылы насихаттау, ұрпақтардың санасына ықпал ету, байыпты дүниетанымын қалыптастыру әлем әдебиетіндегі дидактикалық әдебиет мұраларының, оның ішінде поэзиялық шығармалардың мазмұны мен пішініне негіз болды. Әлем халықтары сөз өнеріндегі дидактикалық сипаттағы шығармалар ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасатын тәлім-тәрбиелік дүниетанымды қалыптастырады, дамытады. Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының дидактикалық-философиялық шығармаларының басым бөлігі адамның фәнидегі тіршілік сапары, өмір жолы туралы болып келеді. Мысалы, Қазақстандық өзбек ақыны Әбдірахым Пратовтың «Менің әлемім», «Адам», «Қайырымды адам», «Сыр», «Қанағат», «Мәңгілік пәлсапасы», т.б. өлеңдерінде фәни дүниенің тіршілік қозғалыстарындағы адамдар және әртүрлі қасиеттер саралана бағаланады. «Менің әлемім» өлеңінде көңілділік пен қайғы, мықтылық пен әлсіздік, сәтсіздік пен сәттілік, өмір сапарынан аман өту, адаспау мен адасу, адалдық, адамның өзі жасап алатын өз әлеміндегі сан алуан қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар, сапырылысқан өз әлеміндегі өз тағдырының күрделі қайшылықтарға толы болмысы жырланған. Ақын адамдардың фәнидегі тіршілікте тек қана алға ұмтылатын өршіл арманмен, құштарлықпен өмір сүретінін, фәнидің өткінші екендігін біле тұра араздасатынын, жауласатынын, бірақ өмір сапарында адамның бәрібір артына мәңгілік жалтақтайтын алаң көңілін де жырлайды: «...Пейіліме Періштелер жұмсаған, / Онда мені мазалайды мың сауал. / Мың сауалдан сана сазып, бас қатып, / Жамбасыма жатады ылғи тас батып. / Міркем дүние осы болар біз күткен. / Келбетіне келмей жатып үздіккен. / Көктеймін деп жер мен көктің арасын, / (Адам деген білмейді-ау өз

шамасын). / Тағдырыңның таба алмастан дауасын, / Бұл өмірден сен де кетіп қаласың. / опа жоқ, / Екі көзің тұрғанмен боталап...» [98, б. 13]. Адамдардың балалық, жастық және есейген, егделенген шақтарының барлығы да – өмір сапары жолының көрінісі. Өмір сапары жолдарының белестерінде, кезеңдерінде арттағы қалған жылдарды қимастықпен, сағынышпен еске алу, замандастардың үлкендеріне де, кішілеріне де жанжүйе толғаныстарымен үнемі қайырыла көңіл арнауларын жолдап жүру – саналы адамдарға тән қасиет. Егделенген сайын арттағы мен қазіргі және болашаққа жалғасқан өмір сапары жылдарының қуаныштары да, қиыншылықтары да сабақтасқан қозғалысына баға беретін адам көңілінің психологиялық болмысы айқындалады. Мұндай өлеңдердің дидактикалық-философиялық сарынынан адамдардың тіршілікті өркендету, дамыту жолындағы жанқиярлық-күрескерлік тұлғалары романтикалық өршіл сарындылығымен ұрпақтарға өнеге етіп ұсынылады.

Қазақстандағы түркі поэзиясы құрамында танылатын өзбек ақындары Әбдірахым Пратовтың « Мәңгілік пәлсапасы» (2009) [98, б. 33], Соатой Камалқызының «Өзіме есеп» (Сархисоб) (2016) [99, б. 11-12], Парпи Бобоевтың «Туртликлар» (2013) [100, 47-48], Ирисали Жумановтың «Бахор» (2012) [33, б. 31-32], Бердиёр Жумаевтың (Диёр Дилёр) «Шеърларим – дардларимни дерларим» (2012) [33, б. 19-20], Олимжон Дуржонбоевтің «Туртликлар» (2000) [98, б. 67-72], Майсара Сапарованың «Бақыт саған әркез күліп тұрады» (2013) [103, б. 33-35], Баходир Оташтың «Нега тақдир?» (2012) [33, б. 57-58] өлеңдерінде адамның фәни дүниедегі уақыт белестерінде атқарылатын сәтті және сәтсіз әрекеттерге байланысты ойлары түйінделген.

Уақыт пен кеңістік – ақындардың дидактикалық поэзиясындағы тұрақты жырланатын психологиялық желі. Аталған өлеңдердегі лирикалық қаһарман – автор атынан берілетін толғаныстар, түйіндеулер арқылы жалпы адамзатқа тән дүниетаным сипаты қамтылған. Адамдардың жүріп өткен жолдарындағы қиындықтарды жеңіп жүріп өткеннен кейін қазіргі және болашақтағы ұрпақтарға қарата есеп бергендей поэтикалық арнаумен жырлауы – романтикалық асқақ көңіл-күй иелеріне тән ортақ мінез-құлық психологиясын аңдатады. Ақын М. Сапарованың «Бақыт саған әркез күліп тұрады» [103, б. 33] атты өлеңінен лирикалық қаһарманның қиын өткелдерден өтсе де, шашы ағарған қиындыққа жетсе де жылдарға алаңдамаған, күш-жігерін жоғалтпаған, тек қана алға ұмтылған адамдардың романтикалық құштарлығын таныта жырлайды: «...Рухың мықты болса қарсы тұрасың, / Бұл өмірдің қысы менен жазына. / Жас келгенде еңіреп бір жылағын, / Алаңдама ем табамыз, шырағым!...» [103, б. 33-34]. Ақын С. Камалқызының «Онажон» өлеңінде де алыста қалған балалық, жастық шақтағы ойналған ойындарды, туып-өскен ортадағы тәлімді-өнегелі дәстүрлерді жанына демеу, тірек еткен арманшыл жанның өткеннің ізгі жолын жарқын болашаққа жалғастыратын жігерлі көңіл-күйі танылады.

Бақилық болған анасын аңсаған жанның қамкөңіл жағдайы, анасымен бірге бар балалығынан айрылғандай күй кешкен жанның уақыттың емші екеніне бағынған, болашаққа үмітпен көз салған кейпін көреміз. Дидактикалық-философиялық мағыналы өлеңдерде адамдардың тіршілік жолындағы мақсат-мұраттары, армандарының орындалу нәтижелері, жас кезеңдерінің, туған жердің, әлеуметтік ортаның қадір-қасиеті поэтикалық астарлары мағыналы өмір сүру мақсаты жолындағы қиындықтар, оларды жеңуге ұмтылған құштарлық, тіршілік қозғалыстарының үнемі ауысып, сабақтасып отыратын заңдылығы – бәрі де дидактикалық-философиялық дүниетаным аясында өріледі.

Барлық түркі халықтарына ортақ жыл басы – наурыз тақырыбына Қазақстандағы өзбек ақындары да кеңінен қалам тербеген. Жер бетіндегі тіршілік атаулыға жан бітіп, жер бусанып, мал төлдеп, мал-жан аққа қарқ болатын табиғаттың ерекше мейірімін төгетін осы бір мезгілінде адам баласының басындағы шат-шадман көңіл-күйді ақын С.Камалқызы былай жырлайды: «Бұлақтың суы еркелеп ағып, / Бұтаққа әрбір маржанын тағып. / Төңірек түгел қуанып, бағып, / Келе жатыр Наурыз-думан..., / ...Табиғат ғажап жыр жаза алған, / Сумалақ, эне, қайнайды қазан. / Жақсы тілектер айтылар азан, / Келе жатыр Наурыз – думан» [99, б. 38]. Ақын Туроббой Йулдошевтің «Наврўзим» [100, б. 5], Тилобат Пирназарованың «Наврўзим, сен келсанг» [100, б. 51] өлеңдерінде адамдардың мағыналы, мазмұнды өмір сүруі жолында өткен жылдардағы көктемдерді де, жаздарды да, күздерді де жарқын болашақ істеріне жалғасатыны уақыт шындығы рухымен берілген. Әрбір наурызды, жыл басын қарсы алған адамдардың тағы да алдағы жақсылықтардан үміт күтетін көңіл кеңістігі көрсетілген.

Уақыт пен кеңістік сабақтастығы – ақындар өлеңдерінің тәлім-тәрбиелік, ойшылдық бағдарын айқындайтын ерекшелік. Ақын Әбдірахым Пратовтың өлеңдерінде лирикалық қаһарманның толғаныстары арқылы адамдардың өмір жолдарының қуаныш пен қайғы, жақсылық пен жамандық қатарласқан сипаты, кезеңдерінің қайта оралмайтын өкініштілігі толғаныстармен өрілген. Туған жеріне мәңгі ғашық азаматтың даласына арналған перзенттік махаббаты «Атамекен», «Сайрамым» өлеңдерінде үйлесімді көрініс тапқан. Қандай қиындықтарға ұшыраса да өзі жүріп келе жатқан жолынан айнымайтын ар-намысын сақтайтын жанның күш-жігері тұлғасын ақынның «Қанағат», «Сыр», «Мәңгілік пәлсапасы» жырларынан байқаймыз. Фәнидің өткіншілігін білсе де, қайғылы жағдайларды сезсе де тіршілікті мағыналы өткізуге құштарлық («Алғаусыз ақиқат», «Өмір керуені»), Жастық шақтан басталған мағыналы өмір сүру арманын мәңгілік құштарлықпен аялайтыны («Жүрегім») – бәрі де адам өмір жолының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тағлымы екендігі поэтикалық көркем тіркестермен бағаланған. Өлеңдердегі лирикалық қаһарманның әрі арманшыл жігерлі әрі мұңлы-шерлі толғаныстары арқылы уақыт пен кеңістіктегі тіршілік қозғалыстарының философиялық-эстетикалық мәні

айқындалады. Лирикалық қаһарманның өмір жолдары туралы толғаныстары жеке тұлға мен қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық орта байланыстарының да күрделі сипатын байқатады. «Мынау жарық жалғандағы қағида: / Күн батады, таң атады тағы да. / Көкжиектен күн қанатын жайғанда, / Жұлдыз сөніп, әр қашады Айдан да. / Сезген сәтте дүниенің кеңдігін, / Тіршілікке құлшынасың сен де, ұлым..., / ...Көктем келмей қайта көктер күш кәні?- / Бір жапырақ жерге үзіліп түсті әні. / Алмағайып күз артында Ақпан бар, / Жердің бетін жабады әлі-ақ мақпал қар. / Кеңірдектен кешсең де өмір талқысын, / Тәңірің мен тағдырыңа тәнтісің...» [98, б. 40-41].

Түркі халықтары ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері халықтың тәлім-тәрбие көзқарастары негізінде жырланған. Адамдардың өмір жолдары кезеңдерінде жақсылық пен жамандық жалғасқан қарама-қайшылықтар әлемінде өмір сүретінін ақындар келер ұрпақтардың санасына сіңіруді ойлайды. Мағыналы өмір жолдарынан өтіп келе жатқан адамдардың отбасылық берекесі, дүниеқоңыздықтан аулақ болуы – өзбек ақындары жырларының көркемдік түйіндеулері болып төгіледі. Ақын С. Камалқызының «Ардақты әйел» атты өлеңінде де отбасының ұйытқысы әйелді дәріптеп, оның іс-әрекетін ерлікке теңейді, інісіңілі, бауырға арқа сүйер сүйеніш, тіреу болған, өз балаларына әке орнына әке, асқар тау болған ай мүсінді әйелді тау мүсінді тұлғаға теңейді: «...Балауса қызын қолына алып, / Бауыры – інісін арқаға салып, / Жас жүрегін қайғыға малып, / Жарын күткен жанары талып. / Сол сіз ғой ай мүсін әйел, / Тоқсанға келген тау мүсін әйел...» [99, б. 19-20]. Отбасындағы еркек пен әйел махаббаты, тұрмыстық қатынастардағы мінез-құлық психологиясы тәлім-тәрбиелік мәні зор мәселе. Қанағатпен қайырымдылықпен жұптасып, ар-ұят пен шынайы махаббатпен қызықты өмір сүру мәселесін айту – ақын жырының өзегі. Ақын Шоахмад Шопулатовтың «Қизим Зулфияға», Соатой Камалқызының «Ўғлимга насихат», М. Аматаеваның «Уғлим Зуфаруллога», Суннатулла Акрамовтың «Уғлимга беш насихат», М. Сапарованың «Әдептілік қағидалары», т.б. ақындардың осы сарындағы өлеңдерінде адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас, сыйластық, жауапкершілік, қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттерді бойларына сіңірудің маңызы дидактикалық насихат, ұлағат тағылыммен бағаланған. Түркі халықтары поэзиясындағы дидактикалық шығармаларда адамдардың ата-бабалық, діни-исламдық салт-дәстүрлерге адалдығы, сол жолға ұрпақтарды да тәрбиелейтін ұлағаты дәріптеледі [106, б. 87-88].

Қазақстандағы өзбек ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері адам өмірінің мағыналы, мәнді өтуі сипатын поэтикалық көркемдікпен сипаттайды. Ақындар жалпы тіршілік қозғалыстарының қарама-қайшылықтардан құралған сипатын философиялық тұрғыдағы толғаныстармен байыптайды. Лирикалық қаһарманның, ақынның жеке

тұлғасын даралай мінездеу арқылы мағыналы өмір сүру жолында шығармашылық шабытпен, романтикалық аңсармен фәнидегі ақырғы тынысына дейін туған халқына, жалпы адамзатқа пайдалы қызмет жасау жолындағы күрескер, адал адамдардың поэтикалық бейнесі жинақтала айқындалады. Бұл орайда, тағы да өзбек ақыны Әбдірахым Пратовтың «Жар бола гөр...» атты өлеңіндегі адамгершілік-гуманистік дүниетаным көзқарастарының эстетикалық тағылымын айқын көреміз: «Хақ тағала, жар бола гөр бір өзің, / Кімге ерсі, кімге емші мінезім..., / ...Жығылған да кездерім көп, сүрінген, / Түңілген де кездерім көп, тірілген..., / Жылаған да кездерім көп, құлаған, / Жаным бірақ, жаһилдіктен дін аман. / Тірісінде не көрмейді бұл адам, / Ада-күде жан да емеспін күнәдан..., / Ұят-аят, намыс-ождан, ар-иман-, / Өмірбақи өлмейтұғын қағидам. / Өлгеннен соң айырмам не Елестен, / Тек, өтінем, шығармашы мені естен!..»[98, б. 62].

Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының, оның ішінде біз қарастырып отырған өзбек ақындарының лирикалық, дидактикалық өлеңдері адамдардың фәни дүниедегі қалыптасу, өсу-өркендеу жолындағы тұрмыстық-әлеуметтік философиялық дүниетаным тұрғысында жырланды. Ақындар отбасынан басталған, тіршіліктің сан салалы тармақтарын қамтыған жеке адам тағдырының күрделі кезеңдерін, арман-мұраттарын уақыт пен кеңістік қозғалыстары болмысымен бағалайды. Бұл – көркем әдебиет дамуы үдерісіндегі шығармашылық тұлғалар арқылы қалыптасатын поэтикалық ерекшеліктердің көрінісі.

Қорыта келе айтарымыз, Тәуелсіз Қазақстандағы өзбек әдебиетінің қарқынды дамуына елдегі әдеби-мәдени бірлестіктер мен солар ұйымдастырып отырған әр түрлі байқаулар, құрылтайлар үлкен септігін тигізіп отыр. Өзбек ақын-жазушылары шығармаларын өзбек тілінде ғана жариялап қоймай әрдайым қазақ тіліне аударып ұсынуға тырысады. Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту жолында елдің болашағы үшін бәріне дайын өзбек халқы Қазақстанның гүлденуі үшін аянбай еңбек етуде. Қазақ елінің ұлттық ұстанымы «Мәңгі Ел» идеологиясын насихаттауға белсене атсалысуда. Бақытты, тыныш өмірдің кілті – Ұлттық бірегейлікте екендігін, қазақ жерінде мемлекет құрушы бір ғана ұлт – ол әр түрлі ұлтты бауырына басқан қазақ ұлты екендігін, сол ұлттың төңірегіне ұйысып, өзара келісім, ауызбіршілікпен өмір сүру керектігін жырлайды. Сондай-ақ, еліміздегі өзбек қаламгерлері Қазақстан әдебиеті құрамында әдеби, мәдени үдерістің дамуына атсалысуды өздеріне мақтан тұтады. Қазақстан әдебиетінің бір бөлігі ретінде бағаланатын өзбек әдебиеті де ұлтаралық және қоғамдық келісім мен жалпыадамзаттық құндылықтардың қазақстандық үлгісін насихаттауға бағытталған. Түбі ортақ, тілі туыс, діні бір өзбек пен қазақ қай жағынан болсын бір-бірімен үндесіп, келісіп жататындықтан Қазақстан жерінде өзбек ағайындар емін-еркін өмір сүріп жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түркі руханияты – жер жүзіндегі түркі тілдес халықтар тарихының ортақ кеңістігі. Түркі халықтарының тарихи дәуірлері, географиялық кеңістіктері, материалдық және рухани жетістіктері қазіргі Қазақстан Республикасынсыз танылмайды. Яғни, қазіргі Қазақстан Республикасы – мыңжылдықтар белестеріндегі түркі өркениеті құндылықтарының тарихи мұрагері, иесі. Сондықтан, қазіргі заманғы түркітану бағдарымен жүргізілетін жаратылыстану, техникалық және қоғамдық гуманитарлық ғылым салаларының зерттеулері, қазіргі Қазақстан Республикасының үлесінсіз жүзеге асырылмайды. Бұл орайда Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясындағы ұлттық бірегейлік пен ұлттық код ерекшеліктерінің өзектілігін алға тартуға болады. Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар, т.б.) поэзиясы – байырғы түркі өркениеті

фольклоры мен әдебиетінің көркемдік үрдісін жалғастырып келе жатқан рухани қазына. Ежелгі сақ, ғұн, түркі замандарында негізі қаланған лирикалық және эпикалық поэзия жанрларындағы мазмұн мен пішін жүйесі әлем әдебиетіндегі маңыздылығымен бағаланады. Қазақстан Республикасы мемлекеттігін құрушы негізгі ұлт – қазақ халқы. Өз кезегінде, қазақ ұлтының қалыптасу, даму жолдары түркі тілдес халықтардың тарихымен біртұтастықты құрайды.

Диссертациялық жұмыста Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиясы қазақ тілінде алғаш рет зерттеліп, жүйеленіп, поэзиялық шығармалары талданып, әдеби тұлғалары айқындалып ғылыми айналысқа түсті.

Зерттеу еңбектің кіріспе бөлімінде айқындалған мақсат-міндеттер бойынша келесідей қорытынды жасауға болады:

- тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы кезеңдерге бөлініп, жүйелеп талданды;

- Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орны айқындалды;

- Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгілік Ел» идеологиясына сай түркілік рух пен түркілік бірегейлік концепциясы талданды;

- тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабақтастығы салыстырылып зерделенді;

- ежелгі түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындарының шығармаларындағы түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамқор қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған жырлары талданып, зерделенді;

- Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясындағы әр этностың шығармаларына тән ерекшеліктері, басымдық берген тақырыптары мен қолданған жанрлары ашып көрсетілді.

Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетін қалыптастырған кезең – Алтын Орда мемлекеті дәуірі кезеңіндегі әдебиет өнері – байырғы түркілік негізділігін сақтай отырып, еуропалық және шығыстық әдеби ықпалдастық үдерісін күшейтуімен ерекшеленеді.

Алтын Орда мемлекетіндегі қазақ әдебиеті дамуы туысқан түркі тілдес халықтар әдебиетін тұтастандыра дамытқан ықпалымен айқындалады. Түркі халықтары поэзиясының тарихи негізді бастаулары қатарында Алтын Орда – Египет қарым-қатынастары (XIII ғ. ортасы мен XIV г. соңы) да ықпалды орын алады. Екі мемлекет қатынастарындағы

ортақ қыпшақ әдеби тілінде дипломатиялық іс-қағаздары, ақындардың лирикалық және эпикалық шығармаларындағы поэтикалық тектестік, үндестік түркілік жалғастықты сақтап, бірегейлікті нығайтты.

Осындай тұтастық, сабақтастық арнасында түркі халықтары әдебиеттері қатарлас, сабақтас дамыған аймақтарының (Алтын Орда астаналары орналасқан Еділ бойы, одан кейін Сырдария өзені жағалауы, Түркия орналасқан Анадолы атырабы, мәмлүк қыпшақтары билігіндегі Мысыр мен Сирия жері) – кейінгі жалпытүркілік дамуға негіз болғандығы айқындалады. Демек, Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы – сөз арқауында байырғы түркі өркениеті (V-VIII ғ.), орта ғасырлық ислам дәуірі (IX-XI ғ.), одан кейінгі Алтын Орда (XII-XIV ғ.), Египеттегі мәмлүк қыпшақтары мемлекеттері (XII-XV ғ.), Түркия мемлекеттері кезеңдерінде қалыптасқан әдебиет дәстүрін жинақтаған жалпытүркілік көркемдік сабақтастық пен жалғастықтың көрсеткіші. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының тарихи-әдеби даму үдерісін сақтауы, бүгінгі және болашақтағы ұрпақтарға жалғастыруы – табиғи заңдылық.

Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының – ұлттық бірегейлік бағыттағы көркемдік жалғастығын қалыптастырған аса маңызды тарихи кезең – Қазақ хандығы дәуірі (XV-XVIII ғ.). Қазақ хандығы дәуіріндегі түркі поэзиясы байырғы және кейінгі көркемдік үрдістерді байытуымен жаңаша тұтастандыра дамытуымен бағалы.

Қазіргі Қазақстандағы түркі халықтары (түрік, ұйғыр, татар, өзбек, т.б.) әдебиеті – қазақ сөз өнері шығармаларымен тарихи тамырластығын, поэтикалық үндестіктерін сақтай отырып, ұлттық-этнографиялық сипат өзгешеліктерімен дамуда. Қазақ әдебиеттануының көрнекті ғалымдары Ш. Уәлихановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Б. Кенжебаевтың, Ә. Қоңыратбаевтың, Ә. Марғұланның, С. Қирабаевтың, С. Қасқабасовтың, Н. Келімбетовтің, А. Қыраубаеваның, А. Егеубаевтың, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде Қазақстандағы түркі халықтары әдеби мұраларының өзекті мәселелері тұрақты сөз арқауына алынумен келеді.

Тәуелсіз Қазақстандағы түрік халықтары (түрік, өзбек, ұйғыр, татар, т.б.) поэзиясының дамуы, ұлттық бірегейлік және ұлттық сипат заңдылығының сақталуы қазақ мәдениетінің әлем өркениеті кеңістігіндегі тұғырын кеңейте және нығайта түсетіні ақиқат. Қазақстандағы түрік ақындарының поэзиясы – ұлттық және жалпытүркілік әдеби сөз өнері дамуының нақты көрінісі, айқын дәлелі. Қазақстандағы түрік қаламгерлері шығармашылығы X-XX ғ. аралығында Кіші Азиядағы Анадолы түбегінде орналасқан Түркияның тарихы әуелде қазақ жерінен басталған тарихымен сабақтастырыла бағаланады. Түркия Республикасының IX-X ғ. тарихи Отаны – қазіргі Қазақстан Республикасының аумағы.

Байырғы Тұраннан X ғасырда Анадолы атырабына қоныс аударған түріктердің тарихы, тағдыры қазақ халқының қамқорлығында болып келгендігі даусыз жайт. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы ахысқа

түріктері – ХХ ғ. 20-30 – жылдары болған саяси-қуғын сүргін зардабын тартқан халық. Тарихи мекендерінен Түркия, Грузия, Ресей мемлекеттерінің саясаты салдарынан ажыраған ахысқа түріктерінің Қазақстанда ғана баянды өмір сүру бақытына ие болғандығы – тарихи ақиқат. Қазақстандық түріктер қазақ халқын өздерінің сақталуындағы басты тірек санайды.

Қазақстандық түріктердің де өзіндік әдеби шығармашылығы бар. Ахысқа түріктерінің де жыраулық, суырып салма ақындық дәстүрі біршама сақталған. Қазақстан түріктері поэзиясын кұрайтын ақындар (ахысқа түріктері ақындарын «ашықтар» деп атайды. «Ашық» сөзінің аудармасы қазақ тіліндегі «жырау» сөзімен дәл келеді): Джеври, Меркуоглы, Чиркиии. Эмраһ, Гариб, Гүлалы, Хашими, Хаста Хасан, Исмайл, Иззет, Нури, Севдайы, Ташдемир, Алиев Пилош Мәһәммәт оглу, Хаста Хасан, Мамед Мүрсәлоглу, Алиев Бәчәт Мәһәммәт оглу, Хукиев Ибрагим Катибоглу, Бадалов Баһадүр Абдуллаһоглу, Караев Камал Караоглу, Мераев Әмірстан Берфаоглу, Бадалов Шыңғыс Ахметоглу, Ровшан Мамедоглу, Мамош Каһраманоглу, Ашық Гүлалы Кочалыоглу, Тельман Дямуршаев, Зейнул Фаһриоглу Йектайы, Асампалы Зияоглу Чалабов, Мұртаза Лебисли, Ашық Мәвлүт Ахмедов, Бекир Перишан, т.б. Түрік ақындарының (ашықтарының) лирикалық өлеңдері мұңлы-шерлі элегиялық сарынмен жырланған.

Түрік халқының туған атамекеніне, тарихи отаны Түркия мен Қазақстанға деген бауырластық, достық сезімді азаматтық-отаншылдық көңіл-күй сарынымен жырлаған Али Паша Вейселоглуның "Аспинзамға", "Ахысқа", "Қазақтарға ризамын", т.б. Бекир Перишанның "Тағы да Отан туралы", "Біз босқынбыз", "Олар", "Босқа кетті", т.б. шығармалары дәлелдей түседі. Түрік ақындарының дидактикалық-философиялық өлеңдері фәни мен бақи жалғастығын, адамгершілік имандылық ұлағатын дәріптеу сарынымен ерекшеленеді. Бұл – жалпытүркілік поэзияның ислам мәдениеті қалыптасқан ортағасырлық суфизм поэзиясы алыптары (Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұн, т.б.) шығармалары сарындарының жалғасындай сезіледі.

Бекир Перишанның "Адам деген жолаушы", "Қазылған ор", "Жыраудың алтын күмбезі", "Қызғанба", "Еркек пен әйел туралы", т.б. өлеңдері фәни дүниедегі адамдардың сан алуан қарым-қатынастарын, қасиеттерін әрі үндес, әрі қайшылықты сипатымен жырлаған. Адамдардың отбасылық берекесі, дүниеқоңыздықтан аулақ болу — түрік ақындары жырларының негізгі көркемдік түйіндеулері. Түрік ақындарының діни исламдық сарындағы өлеңдері (Б. Перишан «Құрбан айт күні», т.б.) де адамгершілік-имандылық қарым-қатынастарының ұлағатын ұғындыру мұратын танытады.

Түрік ақыны Баһадүр Абдуллаһоглуның («Не болды», «Отан»), Мүтиев Зейнулла Габбароглуның («Ауылдар аман бол!»), Хукиев Ибрагим Катибоглуның кітаптарындағы («Жүрек тілегі», «Ахысқа түріктерінің тарихы», «Тұран жұртым – Түркістаным», т.б.) өлеңдері («Жаратқан, сен

маған сабыр бер!», «Мен түрікпін», «Рухымызды көтеріңдер», т.б.) – жалпытүркілік дүниетанымдағы сарын жалғастығымен жырланған.

Мамош Қаһарманоглуның («Ардаһан өзеніне арнау»), Мусаев Амирстан Берфәоглуның («Халықпыз біз»), Караев Камал Караоглуның («Дұрыс танып, оң қабылда сіз мені»), Бадалов Шыңғыстың («Отан ойыма түскенде»), Фәһриев (Йектайы) Зейнул Фәһриоглуның («Күр өзені», «Отанымды мен ұмытпаймын», «Жараспас», т.б.), Дямуршаев Тельман Асланоглуның («Қадірлеймін қазақты», «Сыр елі», т.б.), Исмаилов Ровшан Мамедоглуның («Сүргін» дастаны), Ашық Гүлалы Кочалыоглуның («Отан сені», т.б.), Чалабов Асампалы Зияоглуның («Жанды жүрегім», «Айдаудағы жан сыздайды», «Ахыска түріктері», «Қазақстан», т.б.), Аһмедов Мәвлүт Нәбиоглуның («1944-те әмір берілді»), Лебисли (Намазов) Мұртаза Бәндәроглуның («Отан сөзі»), Тұрсынов Русланның («Арман»), Дәрікүлова Итибар Шарифқызының («Отан туралы – жылау-өлең», «Кавказ туралы еске алу», «Жылау»), Муссаддин Сейфаоглу Демитрадзенің («Отанмен қоштасу»), Наргиз Абдуллаевтің («Менің өлкем – менің өмірімнің жалғыз жұтымы») лирикалық өлеңдері – азаматтық-отаншылдық сарынды түркілік поэзия дәстүрінің поэтикалық жалғастығын аңғартады.

Түркі поэзиясының байырғы үлгілерінде ата-бабаларының байырғы қоныстарын ардақтау, сағыныш сарынын шығару мәселелері көрініс табады. Аталған түрік ақындарының азаматтық сарынды лирикалық өлеңдеріндегі туған өлкелері Кавказдағы атамекендері (Аспинза, Ахыска, Алипаши, Боржами, Ацхури, Балажан, т.б.) элегиялық-романтикалық әуендермен өрнектеледі.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы еліміздегі өзбек өкілдері ақындарының шығармашылығына да тың серпін берді. Жоғарыда «Өзбек ақындары шығармалары» бөлімінде айтып өткенімдей Кеңес үкіметі кезінде диаспоралар арасынан шыққан шығармашылық иелеріне қолдау жеткілікті дәрежеде болмады. Мәселен, Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзбек халқының өкілі өзбек тіліндегі өз еңбегін жарыққа шығару үшін Өзбекстан ССР – іне барып кезекке қоюуы керек болған.

Ал, Тәуелсіз Қазақстан диаспоралардың шығармашылық иелеріне ой еркіндігін беруімен қатар рухани және материалдық қолдау да көрсетті. Қазақстандағы өзбек әдебиетінің қарқынды дамуына елдегі әдеби-мәдени бірлестіктер, атап айтсақ «Чашма», «Чимкент», «Сайрам», «Исфижоб», «Шуъла», «Кудрат Хикмат», «Куккие илхомлари», «Камолот», «Карвон», «Атой», «Шамчирок» сияқты көптеген өзбек әдеби бірлестіктері мен солар ұйымдастырып отырған әр түрлі байқаулар, құрылтайлар үлкен септігін тигізіп отыр.

Қазақстандағы түркі поэзиясы құрамында танылатын өзбек ақындары Әбдірахым Пратовтың «Мәңгілік пәлсапасы» [102, б. 33], Соатой Камалқызының «Өзіме есеп» (Сархисоб) [99, б. 11-12], Парпи Бобоевтың «Туртликлар» [100, б. 47-48], Ирисали Жумановтың «Бахор» [33, б. 31-32],

Бердиер Жумаевтың (Диер Дилер) «Шеърларим – дардларимни дерларим» [33, б. 19-20], Олимжон Дуржонбоевтің «Туртликлар» [98, б. 67-72], Майсара Сапарованың «Бақыт саған әркез күліп тұрады» [103, б. 33-35], Баходир Оташтың «Нега тақдир?» [33, б. 57-58] өлеңдерінде адамның фәни дүниедегі уақыт белестерінде атқарылатын сәтті және сәтсіз әрекеттерге байланысты ойлары түйінделген.

Қазақстандық өзбек ақыны Әбдірахым Пратовтың «Менің әлемім», «Адам», «Қайырымды адам», «Сыр», «Қанағат», «Мәңгілік пәлсапасы», т.б. өлеңдерінде фәни дүниенің тіршілік қозғалыстарындағы адамдар және әртүрлі қасиеттер саралана бағаланады. «Менің әлемім» өлеңінде көңілділік пен қайғы, мықтылық пен әлсіздік, сәтсіздік пен сәттілік, өмір сапарынан аман өту, адаспау мен адасу, адалдық, адамның өзі жасап алатын өз әлеміндегі сан алуан қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар, сапырылысқан өз әлеміндегі өз тағдырының күрделі қайшылықтарға толы болмысы жырланған.

Туроббой Йулдошевтің «Наврузим» [101, б. 35], Тилобат Пирназарованың «Наврузим, сен келсанг» [101, б. 51] өлеңдерінде адамдардың мағыналы, мазмұнды өмір сүруі жолында өткен жылдардағы көктемдерді де, жаздарды да, күздерді де жарқын болашақ істеріне жалғасатыны уақыт шындығы рухымен берілген. Әрбір наурызды, жыл басын қарсы алған адамдардың тағы да алдағы жақсылықтардан үміт күтетін көңіл кеңістігі көрсетілген. Барлық түркі халықтарына ортақ жыл басы – наурыз тақырыбына Қазақстандағы өзбек ақындары да кеңінен қалам тербеген.

Ақын Ш.Молайхановтың «Қозоғистоним – онам менинг!» («Қазақстаным – анам менің»), «Корабулок – оно кишлогим» («Қарабұлағым – туған ауылым»), «Ватан – ягонадир» («Отан – жалғыз») атты жырларында жастарды, яғни өз замандастарын Отанды сүйеге, қорғауға шақырады. Ақын Ш. Шопулатов «Бу менинг Ватаним – Қозоғистоним» («Бұл менің Отаным – Қазақстаным») атты өлеңінде қазақ жерінде өзін бақытты, еркін сезінетін, өміріне риза жанның шынайы бейнесі суреттелген.

Ақын М.Сапарованың «Тәуелсіздік таңы», «Қазақ қызы», «Қазақ елі», «Теңдесі жоқ Астанам», «Елім дедің», «Ыбырай ата», «Жамбылға арнау», «Мұқағали Мақатаевқа», «Ұлы ақын Махамбетке», «Қазақ батырлары», «Өнерге әркімнің де бар таласы», «Қазыналы тарихым», «Махабеті қазақтың», «Қазақ тілде жыр жаңғыртар қолда қалам», «Қасымның өмірі», «Отан үшін», «Абайға сыр», «Ауылым әнім», «Әдебиетті өрнектейін өлеңіммен», «Қозоғистоним», «Қозоғистон шунақа», «Иқоним – маконим» [103, б. 4-78] т.б. жырлары ақынның Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінде туып, тәуелсіз елде өскен ұрпақ екендігін көрсетеді. Талантты ақынның қазақ елінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін жетік білуі, қазақ халқына

деген құрметі еліміздің егемендігінің арқасы. Еркін ой мен ашық көзқарас, болашағы айқын тәуелсіз елдің ғана ұрпақтарына тән қасиет.

Жас ақындар Бахтиер Мирасулов, Темурхон Абдисаметов, Робия Нишонқулова, т.б. өлеңдері патриоттық рух, ұлттық бірегейлік, ел тыныштығы, туған жерге деген махаббат, қазақ еліне деген ризашылық сезімді жырлайды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері еліміздегі өзбек этносы ақындарының шығармашылығы тың серпілістерге толы. Өзбек ақын-жазушылары шығармаларын өзбек тілінде ғана жариялап қоймай әрдайым қазақ тіліне аударып ұсынуға тырысады. Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту жолында елдің болашағы үшін бәріне дайын өзбек диаспорасы Қазақстанның гүлденуі үшін аянбай еңбек етуде.

Қазақ елінің ұлттық ұстанымы «Мәңгілік Ел» идеологиясын насихаттауға белсене атсалысуда. Бақытты, тыныш өмірдің кілті – бірлікте, ұлттық бірегейлікте екендігін, қазақ жерінде мемлекет құрушы бір ғана ұлт – ол әр түрлі ұлтты бауырына басқан қазақ ұлты екендігін, сол ұлттың төңірегіне ұйысып, өзара келісім, ауызбіршілік негізінде ғұмыр кешу қажеттігі жырланады.

Сондай-ақ, еліміздегі өзбек қаламгерлері Қазақстан халықтары әдебиеті құрамында әдеби, мәдени үдерістің дамуына атсалысуды өздеріне мақтан тұтады. Қазақстан халықтары әдебиетінің бір бөлігі ретінде бағаланатын өзбек әдебиеті де ұлтаралық және қоғамдық келісім мен жалпыадамзаттық құндылықтардың қазақстандық үлгісін насихаттауға бағытталған. Түбі ортақ, тілі туыс, діні бір өзбек пен қазақ қай жағынан болсын бір-бірімен үндесіп, келісіп жататындықтан Қазақстан жерінде өзбек ағайындар емін-еркін өмір сүріп жатыр.

Қазақстандағы әдеби үдеріске ұйғыр поэзиясы да өзіндік орынымен түркі халықтары ақындары қатарында бағаланады. Ұйғыр ақындарының лирикалық және эпикалық жырларында да азаматтық-отаншылдық көзқарастағы жалпытүркілік сарынның басым жырланғандығын аңғарамыз.

М. Абдрахмановтың («Қазақстан»), Һ. Искандеровтің («Егиз көктін нурлар құйып»), А. Мухәммәдийдің («Ечилмас көңлүм», «Яш журигим», т.б.), өлеңдерінде халық тағдыры, қазақ пен ұйғыр халықтарының ғасырлар сынағынан өткен достығы азаматтық рухпен байқалады. Өмәр Мухәммәдийдің «Ойлима», «Қайта жанармын», Һезим Искәндеровтың «Жолдар жасаймыз», «Қош, Сапаш!», «Көкек келіпті», Исмайил Саттаровтың «Кел, Жаңа жыл!», Махмут Абдрахмановтың «Адамның өтер жолы түп түзу сызық емес», «Жолдар», «Жан сырым», т.б. өлеңдері – философиялық-дидактикалық тұтастықпен жырланған лирикалық шығармалар. Ақындар өмір шындығы оқиғаларының құбылыстарынан поэтикалық түйіндеулер жасай отырып, тіршілік қозғалысындағы адамның рухани жан әлемі болмысына тән қасиеттер тағылымын байыптайды.

Қазақстандағы түркі поэзиясы құрамындағы ұйғыр ақындары өлеңдерінің басым бөлігі байырғы атамекен Шығыс Түркістан халықтың ұлттық азаттықты аңсаған арманы, Қазақстанның бауырмал көңілі, т.б. тақырыптар болып келеді. Мысалы, Илья Бахтияның «Отан туралы», Ана жұртқа хат», Хелиз һәмраевтың «Қазақстаным менің», «Отаннан жақсы жар болмас», Нұр Исрайиловтің «Хан тәңірі», Махмут Абдрахмановтың «Пәләк чәрхи», «Қазақ досыма», «Әссалам, уйғурум!», т.б. өлеңдерінде түркі халықтарының үзілмеген тарихи жолы, дербес мемлекеті болған халық шындығы, тәуелсіздікті аңсаған ізгі ойы, қазақ халқының аялы алақаны мен достық құшағы, т.б. сан алуан елдік, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер романтикалық-реалистік сарын тұтастығымен жырланған.

Қазақстандағы ұйғыр ақындарының табиғат лирикасын құрайтын өлеңдері де дәстүрлі көркемдік жалғастықты байқатады. Ұйғыр ақындары поэзиясындағы табиғат туралы өлеңдерде құбылыстар, көріністер, кейіптеулік-символдық астарлы-мегзеулі мағыналары мен адам ойының егізделген психологиялық хал-ахуалын білдіреді. Мысалы, Ө. Мухәмәдийдің «Гүлдер тердік», «Бұлбұл кепті», Һ. Искәндәровтың «Алатау», «Құстар», «Шарында күз», И. Саттаровтың «Тау», «Бақ», М. Абдрахмановтың «Бұлбұл», «Қызыл гүл», т.б. өлеңдері жалпытүркілік және ұлттық сипат дәстүрі тұтастығымен айқындалады.


Ұйғыр ақындарының эпикалық дастандары – жалпытүркілік әдеби дәстүрдің шығармашылық жалғастығы аясында бағаланады. Түркі өркениетінің ежелгі, орта, кейінгі ғасырлардағы тарихи поэтикасы өмір шындығы мен көркем шындық тұтастығымен жырлануды қалыптастырды. Ұйғыр поэзиясында ғашықтардың кездесуі, қауышу сәттері, шартты көңіл-күй толғаныстары, мұңлы-шерлі тебіреністері, өткен мен бүгінді, болашақты жалғайтын сағыныш мұңы, т.б. ерекшеліктері тұтасқан. Бұл – түркі, араб, парсы, үнді классикалық мұраларындағы дастандармен «Махаббатнама», «Жүсіп-Зылиха», «Сайфүлмәлік», «Мұңлық-Зарлық», «Таһир – Зуһра», тағы басқалармен үндестік көрінісі.

Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының құрамында татар ақындарының да шығармалары бар. Татар ақындары шығармаларының жалпытүркілік арнадағы жолының қазақ поэзиясымен тұтаса бағаланып келе жатқандығы татар ақындарының үлестерімен айқындалады. Қазақстандағы татар поэзиясының жалпытүркілік арнада танылуында Ғ. Тоқайдың, М. Жәлелдің шығармалары ықпалды орын алады. Қазақстандық татар ақындары дәстүрлі жалпытүркілік отаншылдық-ұлттық сарындағы азаматтық лириканы дамыта жырлады. Мысалы, Г. Хайруллиннің «Жамбылға», «Татармын». Ф. Әбубакированың "Менің Қазақстаным – Менің тағдырым», «Қазан, Қазан – Сен менің жүрегімдесің», «Осының бәрі біз туралы», «Мен татар екеніме мақтанамын!», Н. Юсимованың «Біздің тамыр Қазанда», «Қазан», «Татарлар», «Біздің бабалар», «Егер болса қанатым», «Мұқағали Мақатаевқа» және т.б. өлеңдерінде татар мен қазақ

